


Талғат ТӘЛЕГЕНОВ


12016  
3630к



ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЙҰЛЫ –  
ӘДЕБИЕТ СЫНШЫСЫ

12016/3630к

Талғат ТӨЛЕГЕНОВ



**ЫДЫРЫС  
МҰСТАМБАЙҰЛЫ –  
ӘДЕБИЕТ  
СЫНШЫСЫ**

МОНОГРАФИЯ

ЗОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 каз)

Т 65

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор, Б. Эбдіғазиұлы,  
филология ғылымдарының кандидаты С. Қосанов

Т 65 ТӨЛЕГЕНОВ Т.  
**ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЙҰЛЫ – ӘДЕБІЕТ СЫНШЫСЫ:**  
*Монография.* – Алматы, 2015. - «Palirta Press» 168 б.

**ISBN 978-601-7085-36-0**

Кітапта көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет зерттеуші, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлының (1898-1937) 1920 жылдардағы қазак әдеби сынны мен абайтану мәселелеріне катысты еңбектері сол кездегі саяси-коғамдық үрдіспен тығыз байланыста жан-жақты талданып қарастырылады.

Енбек гуманитарлық сала мамандары мен әдебиет зерттеушілеріне және жалпы әдебиет сүйер оқырманға арналған.

ЗОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3 (5 каз)

**ISBN 978-601-7085-36-0**

© ТӨЛЕГЕНОВ Т., 2015



## АЛҒЫ СӨЗ

**K**еңестік билік жылдары казақ әдебиеттану ғылымының нысанасы негізінен осы жүйе саясатына бағындырылып, соның өлшемімен қарастырылғандығы, талтық қалыпқа салынған кез-келген ұлттық мұрамыздың социалистік мұрагтарға катысы барлығына, әлде жоғына басты назар аударылғандығы, сөйтіп, казақ әдебиетінде актандактар кеңістігі барған сайын ұлғая бергендей мәлім. Осынан орай, казақ әдебиетінің тарихы қайта қаралып, жаңадан жазыла бастауына, әдебиет тарихынан елімізге танымал болған көрнекті тұлғалардың шығып қалуы, олардың шығармаларының аты да аталмауы, осы кезге дейін белгісіз болып келгенін атап кеткен жөн.

1920-жылдардың әдебиетін қысқаша шолып қарасақ, ондағы саяси ұйымдар мен ағымдардың әдебиет жайындағы көзқарастардың тапшыл қағидалары көзге анық түседі, әдебиеттен саясат іздеу, ұлттылдық іздеу, тек пролетарлық ұран ғана ұstemдік күрсын деген ой-түйіндер белен алды. Сонымен қатар, асығыстыққа салынбай таразыға салынған салиқалы, салмақты ой-пікірлер де болды. Мәселен, ұлт зияяллары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Садуақасов, Кошке Кеменгеров, Үйдырыс Мұстамбаев және т.б. әдебиетке саясаттың араласуына қарсылық танытты.

Міне әдебиет зерттеуші, филология ғылымының кандидаты Талғат Төлегенов осы құрделі жылдардағы әдеби даму үрдісін сол кездері жас қазақ республикасының жоғары лауазымды қызметтерін аткарғын кана қоймай, әдебиет мәселелеріне де жіті көніл беліл, біршама мәнді ғылыми мақалалар мен зерттеулер жазып қалдырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сынши Үйдырыс Мұстамбаевтың сыншылық шығармашылығымен тығыз байланыстырған «1920-жылдардағы қазақ әдеби сынны және Үйдырыс Мұстамбаев» атты монографиясын оқырмандар назарына ұсыныпты. Еңбекте монографияның негізгі мазмұны екі тарауға белініп сез етілген. Бірінші тарауда 20-жылдары қазақ әдеби сынның қатысқан көптеген қаламгерлердің, соның ішінде, қоғам қайраткерлерінің пікірлері сез болады.

Бұлар: Нәзір Төреқұлов, Габбас Тоғжанов, Смағұл Садуақасов, Мұстафа Қайыпназаров, Мәжит Дағлетбаев, Кошке Кеменгеров, Көлбай Төгісов, Тайыр Жомартбаев, Үйдырыс Мұстамбаев, Шаймерден Тоқжігітов,

Хамза Жүсіпбеков және т.б. Бұл есімдердің қайсысында тарихта осы күнге дейін атусті айтылып келсе, ал кейбіреулерінің тіпті атын атауға тиым салынғандығы ескерстін жәйт. Аталған еңбектеге әдебиеттегі айтыстардың бұрысы мен дұрысы туғел қамтылып әділ бағасын беру басты мақсат болған. Қенесстік ресми тарих мұлдем елемей келген, аты бірыңғай мансұкталған алаш азаматтарының бірі Үйдірыс Мұстамбайұлының қайраткерлік еңбегі, шығармашылығы көзес дәүірінде қалыптасқан танымға байланысты арнайы зерттелген емес. Гылыми әдебиеттерде Ы. Мұстамбайұлының есімі 20-жылдары «оңышыл бағыт» үстанған «байшыл», «жолбикелермен пікірлес» саясат адамы ретінде үстірт айтылды.

Ал, өткенге сындарлы қөзбен қарау мүмкіндігі туған шақта XX-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне айтарлықтай үлес қосқан, ұлы Абай мұрасы мен Мағжан шығармашылығын қорғап қалуда баға жетпес еңбек сінірген алаш қайраткері, әдебиеттің, сыншы Ы. Мұстамбайұлының ұмыт қалдыру дұрыс емес. Сондай-ақ, ұлттымыздың мұддесіне қатысты істерге белсендін араяласқан, рухани салада да зор иғі істер атқарған азаматтың мәдениест, әдебиет тарихындағы тұлғалық орнын ескермсү де қиянат. Осы түрғыдан келгенде Үйдірыс Мұстамбайұлының әдеби мұрасын зерттеудің өзектілігі айқын байқалады.

«1920-жылдардағы қазақ әдеби сынны және Үйдірыс Мұстамбаев» атты монографиясында 1920-жылдардағы қазақ әдеби сынныңда және Үйдірыс Мұстамбайұлының сын мақалаларындағы түбекейлі де, терен зерттеле қоймаған көркемдік-әстетикалық сипаттары сөз болады.

Бұл еңбектегі қазақ әдеби сынныңдағы танымдық тағылымдардың тамыры теренде екендігіне басты назар аударылады. 1920-жылдардағы әдеби-тарихи үрдіс контекстінде Үйдірыс Мұстамбайұлының сыншылық-зерттеушілік орнын айқындалып, әдебиет сыншысы болып қалыптасу жолдары аныкталады. Әдеби-сын еңбектері талданып, сыншының қазақ әдебиеттануына, абайтануға қосқан үлесі айқындалады. Оның Мағжан шығармашылығына араша түсіп, қорғап қалудағы еңбегі ашип көрсетіледі.

Автор өз алдына койған максатына жеткен. Кіріснеде тақырыптың зерттелеу деңгейі, өзектілігі корсетілсе, негізгі болім сол айтылған мақсатка қызымет етіп тұр. Негізгі тараулар бірін-бірі толықтыра келіп, Ы.Мұстамбаевтың қазақ әдеби сыннына, абайтануға қосқан қомақты еңбегін аша түсін. Пікірталастарды талдаудан туған ойларын тұжырымдан, түйіндел беру жағы да зерттеушінің жетістігі деп білу керек. Ол накты пікірталастарға талдау жасаумен бірге содан туган өз ойларын, ғылыми түйіндерін ұсына білген. Ы.Мұстамбайұлы қаламына тән срекшеліктерді саралау үшін XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің

көрнекті өкілдерінің шығармаларын тілге тиск етеді. Сыншының шеберлігін салыстыру нәтижесінде корсету орынды. 1920-жылдардағы қазак әдеби сынның жүргізілген зерттеулер мен көркемдік ізденистер жүйелей сараланып, танымдық талап тұрғысынан іріктеј талданып, таразыланған. ІІ.Мұстамбайұлының қазак әдеби сынның қатысты еңбектері тұнғыш рет арнағы зерттеу жұмысының өзегін құрып, оның әдебиеттанушы, сынны ретінде қалыптасу жолы, қазак әдебиетін зерделеуге қосқан үлесі жан-жақты, жүйелі түрде, біртұтас бірліктегі альныш, жеке тақырып аясында жарық көргөп жылдарына салыстырыла ыждағатты түрде қарастырылып, жаңаша бағамдалған. Еңбекте XX ғасыр басындағы қазак әдебиеттің зерттеген ғалымдардың еңбектері гылыми тұрғыдан жүйелі тұтас бірліктегі салыстырыла сараланып, сол арқылы қазак әдебиеттануындағы кезең қаламгерлерінің әр жылдардағы көзқарастарының қалыптасу жолдары айқындалған. 20-жылдардағы қазак әдеби сынның қатысты қазак әдебиетінің дауірлерге жіктеліп, ондагы бағыттар мен ағымдардың анықталуында ІІ.Мұстамбайұлы еңбектерінің маңызы зор, абайтануға байланысты гылыми мақалаларының құндылығы жоғары екендігі бағамдалып, оның 20-жылдардағы қазак әдеби сынның араласқан қазак қаламгерлерінің бірегейлерінің катарынан орын алатын ерен тұлға екендігі айқын дәлелденген.

Кеңестік биліктүсінде сөзі мен ісі биіктен табылған ІІ. Мұстамбайұлы қоғам қайраткері, заңгер, әдебиеттанушы, сынны ретінде елге кеңінен танылды. Жиырмасыншы жылдардағы қазак әдебиетіне саясат мәселеінің араласу себебі сл басындағы қоғам қайраткерлерінің көпшілігі әдебиетпен айналысқандығынан болса, бір жағы ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының озі әдебиетшілер еді. Сол себепті, саяси майданда да негізгі тақырыптардың бірі әдебиет мәселеі болды. Сол кездегі кейбір солакай саяси жағдайларға бей-жай қарай алмаган алаш азаматтарының бірі ретінде қоғам қайраткері Ыдырыс Мұстамбайұлы да белсene араласты. Семей қаласында откен атаман Анненковтың сотында қоғамдық айыптаушы ретінде қатысқан Ыдырыс шешендейтімен көзге түскендігі өз алдына, тіпті зулматты жылдардағы бірінші хатын болған Голощекинің де қаймықпастан өз пікірін айта білген, қашанда болсын ұлт мұлдесін бәрінен де жоғары қойған.

Ол әсіресе, 1920-жылдары көркем әдебиет жайлары болған пікірталаста өзінің құнды шікірлерімен козғе түсіп, әділ көзқарасымен танылды. Осы ретте сынны «Біздің таластарымыз» атты мақаласында көркем айтыс жайындағы өзіне баға беруден бастап, пікірталасқа қатысушылардың ойлау жүйесі мен ойыны жеткізу қабілетінің кай деңгейде болғандығын, олардың айтыс кезіндегі мінез-құлықтарына да баға береді. Мақаланың

«Ақының мінездері және Сәбиттің мінездері» атты бірінші бөлігіндегі Үйдірыс өткір болса да, Сәбит Мұқановтың айтыс кезіндегі бүкіл бет бейнесін ашып береді. Достық конілмен айтылған сындардан сабак алған Сәбит Мұқанов кейінірек оны шын конілмен дұрыс қабылданап, кейбір ағат кеткен ішкірлерін ескереді. Бұл жердегі басты себеп кейбір әдебиетшілеріміздің сол кездегі кызыл идеологияның жетегінде кетуінде еді. Олар өздерінің қарсыластарына тойтарыс беру үшін, сол жылдардағы реемі идеологияның барлық каруладын түгелдей дерлік лайдаланды, өздеріне сын айтқан адамдарға «ұлтшыл-байшыл» деген саяси айтып таға салуға дайын тұрды. Ал ол кездері халық баспасөз бетіне жарияланған макалаларға қатты сенетін. Дегенмен, жиырмасыншы жылдардағы қазак әдебиетінің тарихындағы әдеби пікірталастар тек әдебиеттің ғана емес, қазак қоғамының барлық саласына да өз асерін тигізді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы өзінің 1927 жылы жарияланған «Көркем әдебиет туралы» атты макаласында «казак елінің көркем әдебиеті қашаннан басталатындығы» туралы ішкір айтқан Сәбитке де. Кошкеге де қарсы шығады. «Ұлт әдебиеті 17 жыл өмір сүрді» деген Кошкенің сөзіне де, «казак әдебиетінің тарихы жүз жыл бұрын басталды» деген Сәбиттің сөзіне де қосылмай, нағыз ұлт әдебиетінің тууын Абайдан бастайды. Орыс әдебиеті Пушкинен басталса, казак әдебиеті Абайдан басталуға тиіс деген шешімге келеді. Сол кездегі әдеби ағымдар жайлы ішкірлерінен де өзгелерден өзгеше өзіндік көзқарасты анық байқаймыз.

Монографиямен танысу барысында Ы.Мұстамбайұлының көркем әдебиет, өнер туралы, жалпы мәдениет жайында жазған макаларынан оның жан-жакты терең білімді де нарасатты, алғыр ойлы, әділдік, шындық жолынан таймаған қажырлы, қайсар қайраткер екенін көреміз. Әсіресе оның абайтану іліміне сіңірген, ешқашан маңызын жоймайтын мол еңбегін баға жетпес құнды мұра дең білеміз.

Сайын келгенде. Талғат Төлегенов ұзак жылдар бойы әдебиет тарихының «актандары» саналып келген Ы.Мұстамбайұлы жөнінде шакты деректер мен ғылыми негізге сүйенген бағалы еңбек жазып шықкан. Мұның өзі XX ғасыр басындағы казак әдебиетінің белгісіз жайттарын толықтыруға негіз болатыны, жоғары оқу орындары мен жалпы білім берестін орта мектептерде әдеби сын мен абайтануга байланысты дәрістер мен сабактарға қажетті қосымша материал ретінде қызмет ете алғатыны сөзейіз. Жалпы алғанда, бұл енбектің бүкіл оқырман қауымға берер танымдық, тағылымдық жактары мол деп білеміз.

Серікказы КОРАБАЙ,  
профессор



## KIPICPE

**K**енестік дәуір тұсында казак әдебиеттің ғылыминың нысанасы негізінен сол кезеңдегі идеология саясатына бағындырылып, заман олшемімен қарастырылды. Таптық тұрғыдан қарастырылған кез келген үлттық мұрамыздың кеңестік мұддеге қатыстылығы қаншалықты екендігіне баса назар аударылды. Соңдықтан да, қазақ әдебиетіндегі актандектар кеңістігі барған сайын ұлғая түскендіктен, оқу-ағарту, ғылым білім тұрғысынан келгенде, белгілі бір мұддеге ғана бағындырылған мұндай саясаттың казақ ғылыми өркендетуге кедергісі көп болып, іргелі ғылым болуына бөгет жасады. Бірак та, бұл әділетсіздіктің ерісі қыска екендігі, мұндай жолмен кете бермесі ақиқат еді.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің даму ерекшеліктерін ескере отырып, сол кездеңі кейбір жайтарға түбебейлі зерттеу жүргізіле бастағанына біраз уақыт етті. 1917 жылғы Қазан тендерісінен кейінгі жай болашакқа апарар данғыл жол болып көрінгенмен, бұл кезең қазақ халқының өміріне, соның ішінде мәдениетіне де, әдебиетіне де орасан жаңалықтарын ала келді. Бостандықты, тенденкті жырлау керек болғанымен әңгіме тақырыбы негізінен таптық идеологияда болатын. Яғни, бұл бостандығы жок тенденкті болып шығып, оны аңғаратындей, байыптал қарайтындей жағдай болмады. Жаңа коғамдағы өзгерістерге байланысты әдебиет пен өнерде де өзгерістер пайдада болды. Гасырлар бойы жиналған рухани құндылықтар тәрік етілпін, жаңа үлгі орнатылып, сол үлгіде қалыптастыру жолға қойылды.

1920-жылдардың әдебиетін қарастырганда, ондағы кейбір саяси ұйымдар мен ағымдардың әдебиет жайындағы кезкарастарындағы тапшылдық көзге анық түсетіндігі, әдебиетте тек пролетарлық ұран ғана үстемдік құрсын деген ой-түйіндер негіз болуында еді. Алайда, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауғов, Мұхтар Әуезов, Смагұл Садуақасов, Қошке Кеменгеров, ҰДырыс Мұстамбаев секілді және т.б. әдебиетке саясаттың араласуына карсылық таныткан саликалы, салмақты ой-пікірлерін білдірген қайраткерлер де болды. Дегенмен, қазақ қауымында тап туралы пікірталас жиң болып тұрды.

Қазақстандағы жаңа коғамдық құрылыш Ресейдегі жағдаймен ұқсастира қарастырылғандастын, сол кездеңі таптық көзқарас үstem алғып, оның аяғы кәмпеске мен ұжымдастыру науқанына, қазақ халқы үшін нағыз наубет жылдарына айналды. Әдебиетте кеңестік ұран белен

алып, жаңа саясат барынша үстемдік құрды. Сол кездегі ақындардың көпшілігі халқының мұң-мұқтажыны, мұддесін жоқтағанымен тап тұрғысынан қаралып, осы тұргыдан шешілстін болды, басқа мұdde, басқа мақсат туралы сөз қозғалмады.

Кеңес өкіметі орнап, бейбіт дәуір басталғаннан кейін де, тап ұғымы жойылмады. Қоғамның тынысы ары карай тарыла берді. Ойдан, қолдан шиеленістірген тан күресінің нәтижесі қанша адамның жазықсыз жапа шегуіне алып келді. Осында жаппай құғын-сүргін кезінде де әдебиетте, мәдениетте бір қалыпта түсіріліп, біржакты дамыды. Саясатқа әбден жергіліп, әлемдік мағынадағы көркем ұғым, адамзаттық түсінік өз жайына қалды. Ал, шындығында саясатпен әдебиет жасауға болмайтындығын сол кезде көпшілік биле бермеді. Сол жылдары казак халқының өз басына тән рухани құндылықтары аяққа басылды.

Мұндай жағдайға алтын келгендегі негізгі себеп әдебиеттің партиялық идеологияның ықиалында және В.И. Лениннің әдебиеттің партиялығы туралы теориясының салдары еді. Алғашында төңкеріске деген шын жүректен туған әдебиет бірте-бірте таң тартысының қалыбына түсіп, жарамсақтықтың сойылын сокты да, саясаттың қолшақтарына айналды.

Сол 1920-жылдары көптеген ұлт қайраткерлері шығармашылықпен айналысумен бірге баспасөз бетінде, әдебиет, өнер жайында өз пікірлерін білдірді. Сынға, аудармаға катысын, сын-айтыстарға араласқан бұл қаламгерлердің өзіндік жазғандары көп болмаса да, олардың әдебиет ағымына тигізген әсері мол болғандыктан, бұлардан қалған мұралар зерттеліп, әдебиет тарихына спуде. Олардың қатарында: Нәзір Төрекұлов, Фаббас Тоғжанов, Смағұл Садуақасов, Мұстафа Қайынназаров, Үйдырыс Мұстарабаев, Шаймерден Тоқжігітов сынды қаламгерлерді атауга болады. Кеңестік дәуір тұсында бұл есімдерді атауга тиым салынғандығы белгілі. Бүгінгі таңда сол тұстағы әдеби айтыстардың бұрысы мен дұрысы түгел қамтылыш, әділ бағасын берумен біргес, оларды теренірек зерттей түсү басты мақсат болып отыр.

20-жылдардың сонына таман өткен кәмпескелеу, ұжымдастыру, әдебиетте көрініс таптағанын ескерсек, 30-жылдардың аяғы жаппай құғын-сүргінге ұласты. Ұлт мәдениетінің қайраткерлері түгелге жуық қамауға алышын, жазықсыздан жазықсыз құғындауға ұшырады. Жеке адамға табыну салдарынан болған бұл ауыр жағдай ұлттық мәдениетке орасан зор кеселін тигізіп коймай, ұлттық әдебиеттіміздің көркемдік дамуына кедергі жасады. Десек те, кезінде саясаттың ықпалында болған коркем әдебиеттімізді қазіргі таңда қайта қарастыруға мүмкіндік тұганы белгілі. Соңғы 10–15 жыл бедеріндегі сол мұраларымыз жаңаша бажайланып, ел иғлігіне жарапуда.

Рухани өмірімізде иман, ақиқат, шындық түбегейлі әділ қазы болып орын тепкен соңғы жылдары жүріп өткен жолымыз ақыл таразысына салынды. Кеңес билігі кезіндегі бар олқылық-кемшіліктеріміз, жіберілген қателіктеріміз кеңінен сөз етіліп, колға алына бастанды. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихынан қасақана аты өшірілген алаштың асыл азаматтарының, ұлт қайраткерлерінің есімі қайта жаңғырың, олардың әдеби мұрасы әдебиеттану ғылыминың зерттеу нысанасына айналды.

Қазақ әдебиеттің тарихының қайта қаралып, жаңадан жазыла бастағанына біраз жылдың жүзі болды. Оның себебі ретінде, әдебиет тарихынан елімізге танымаған болған көрнекті тұлғалардың шығып қалуын, олардың шығармаларының аты да аталмауын, осы кезге дейін белгісіз болып келгенін атап көткен жөн. Және де сол кездегі қаламгерлердің шығармаларына берілген сындық көзіргі заман тұрғысынан қарастыру көрсектігін айтпасқа болмайды. Оған басты себеп әдебиеттің кеңестік идеологияның ықпалында болуы, теорияның бірден-бір партиялық саясатқа бағынуы қөркем әдебиетке кері ықпалын тигізді.

Кеңестік ресми тарих мұлдем елемей келген, аты бірыңғай мансұқталған алаш азаматтарының бірі – көрнекті қоғам қайраткері, зангер, әдебиетші, сыншы Ұйдырыс Мұстамбайұлы. 1898 жылы туып, 1937 жылы репрессияға ұшыраған оның қайраткерлік еңбегі, шығармашылығы кеңес дәуірінде қалыптасқан тапымға байланысты арнайы зерттелінген емес. Кеңестік дәуірде қаламгердің есімі 20-жылдары «онышыл бағыт» ұстанған «байшыл», «жолбикелermen шікірлес» саясат адамы ретінде үстірт айтылды.

Ал, өткенге сындарлы қөзбен қарау мүмкіндігі туған шакта XX-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне айтарлықтай үлес коскан, ұлы Абай мұрасы мен Мағжан шығармашылығын қорғап қалуда ұлкен еңбек сінірғен алаш қайраткері Ұл. Мұстамбайұлының ұмыт қалдыру дүрыс емес. Сондай-ақ, ұлтымыздың мұддесіне қатысты істерге белсене араласқан, рухани салада да зор иші істер атқарған азаматтың мәдениет, әдебиет тарихындағы тұлғалық орыны ескермеу де киянат. Осы тұрғыдан келгенде сыншы Ұл. Мұстамбайұлының әдеби мұрасын зерттеудің өзектілігі айқын байқалады.

«20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» ұжымдық зерттеуі (1997) мен «Қазақ әдебиеті тарихының» 7-томында (2004) қаламгердің есімі аталғанмен, оның еңбектерінен талдау жасалған жоқ. Ұл. Мұстамбайұлының қазақ әдебиеттануы мен әдеби сыннына коскан үлесін саралау – бүтінгі әдебиеттану ғылыминың үлесі. Бұл сибекте 20-жылдары біліктілігімен көзге түсken әдебиет сыншысының әдеби мұрасы алғаш рет ғылыми айналымға түсіп отыр.

20-жылдардағы қазақ әдеби сыйны мәселелері С. Кирабаев, Т. Қекішев, Д. Ыскакұлы, Қ. Ергөбек, Д. Қамзабекұлы, Г. Орда еңбектерінде карастырылғанмен осы кезде белен алған әдеби тартыс кең көлемде арнайы зерттелген жок. Оның үстіне осы жылдары Абайдың коғамдағы орны мен ұлттың әдебиет тарихындағы роліне байланысты туындаған пікір-таластар да баспасөз материалдары көлемінде ғана айтылып, жеке зерттеу нысаны болған емес.

Ал 1920-жылдардағы әдеби тартыстың бел ортасында болған Үйдірыс Мұстамбайұлының сыйнышылық қырлары мен Абайдың акындық таланттың корғаудағы зерттеушілік кабілет-карымы әдебиеттанушы-ғалымдар К. Мұхамедханов, Б. Байғалиев макалаларында сөз болғанмен ғылыми тұрғыда арнайы сарапалған жок. Осы аспекттілер негізінде ҮІ. Мұстамбаевтың қазақ әдеби сыйнының қалыптасу, даму тарихындағы өзіндік орнын көрсетіп қана қоймай, абайтанушы және Мағжан Жұмабаев поэзиясын зерттеуші ғана емес, корғаушысы да болған кайраткерлік қасиетін пайымдан зерттеудің маңызы зор. Сол себепті 1920-жылдардағы казақ әдеби сыйнидағы Үйдірыс Мұстамбайұлының сыйн макалаларының орнын ашип зерттеудің ғылыми маңызы зор.

Еңбекте Үйдірыс Мұстамбайұлының шығармашылығын арнайы карастыруған алғашқы ғылыми еңбек болғандықтан, мұнда қalamгер-қайраткердің әдеби мұрасы тұнғыш рет ғылыми айналымға түсіп отыр. Сондай-ақ, бұл ғылыми еңбекте 20-жылдардағы әдеби процесті, соның ішінде әдебиетші, сыйны ҮІ. Мұстамбайұлының орнын бағамдауға мүмкіндік беретін Қазақстан архивтерінен табылған тын деректер, әсіресе Қазақстан Президенті жаңындағы мұрағаттан табылған Әмірбаяндық деректер Үйдірыс Мұстамбайұлы шығармашылығын дәүір кайшылықтарымен салыстыра зерттеуге жәрдемін тигізді.

1920-жылдардағы казақ әдеби сыйнының даму бағдарлары, сапалық деңгейі, проблемалық шешімдері жөнінде бұған дейін аринаулы зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен, осы жұмыстың тақырып ауқымын жаңа тұрғыда ашу маңызды. Монографияда осы кезеңдегі казақ әдеби сыйнына жүргізілген зерттеулер мен көркемдік ізденістер жүйелей сарапалып, танымдық талап тұрғысынан іріктей талданып таразыланған.

ҮІ. Мұстамбайұлының қазақ әдеби сыйнына катысты еңбектері тұнғыш рет арнайы зерттеу жұмысының өзегін құрады. Оның әдебиеттанушы, сыйны ретінде қалыптасу жолы, қазақ әдебиетін зерделеуге коскан үлесі жан-жақты, жүйелі түрде, біртұтас бірліктегі алынып, зерттеу еңбектері тәуелсіздік талантарына сай жаңаша бағамдалды.

Жұмыста XX ғасыр басындағы казак әдебиетін зерттеген ғалымдардың еңбектері ғылыми түрғыдан жүйелі тұтас бірлікте салыстырыла сараланды. Сол арқылы казак әдебиеттануындағы қаламгерлердің әр жылдардағы көзқарастарының қалыптасу жолдары айқындалды.

Зерттеудің нысаны ретінде 20-жылдардағы А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Н. Төрекұлов, Ф. Тоғжанов, С. Садуакасов, М. Қайыпназаров, М. Дәүлетбаев, Қ. Кеменгеров, К. Төгісов, Ш. Тоқжігітов, И. Қабылұлы, Ә. Байділдин және Ы. Мұстамбаевтың сын макалалары, Ы. Мұстамбаев өміріне қатысты материалдар мен макалар, естелік жазбалар алынды.

Еңбектің теориялық және әдіснамалық озегі Қазақстан ғалымдарының көркем әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, авторлық тұжырымдама, ұстаным жайлы еңбектеріне негізделгендейтін, казак әдебиеттанушы ғалымдары С. Кирабаев, Р. Бердібаев, З. Қабдолов, З. Ахметов, М. Мырзахметұлы, Р. Нұргали, Ш. Елеуқенов, Ж. Үсемғұлов, Т. Қекішев, Ә. Нарымбетов, К. Мұхамедханов, Б. Майтанов, Б. Ұбырайым, Д. Үскәқұлы, Қ. Ерғобек, А. Ісімакова, С. Дәүітов, Д. Қамзабекұлы, Г. Орда еңбектерін негізге алдык.

XX ғасыр басындағы қаламгерлердің казак әдеби сынны мен дәуір үніне қатысты әр жылдары айтылған ғылыми пікірлердің қызметі айрышка. 20-жылдардағы казак әдеби сынны мен қазақ әдебиеті дәуірге жіктелуде, ондағы бағыттар мен ағымдардың анықталуында Ы. Мұстамбайұлының еңбектерінің маңызы зор. Сондай-ақ, әдебиеттанушының әбайтануға байланысты ғылыми мақалаларының құндылығы жоғары, Магжан Жұмабаевтың қазақ әдебистіндегі мән-маңызын ашып көрсетіп, ақын поэзиясын қорғап қалуда Ы. Мұстамбайұлының еңбекі ерекше. Ол – 20-жылдардағы қазақ әдеби сыннына араласқан қазақ қаламгерлерінің бірегейлерінің катарынан орын алатын тарихи тұлға.



## I ТАРАУ

### 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН ЖӘНЕ ҮДҮРІС МҰСТАМБАЙҰЛЫ

**XX**-ғасырдың 20-жылдарындағы қазактың әдеби сынның сол кездегі қоғамдық сана мен коркемдік таным деңгейінде қарастырған жөн. Төңкерістен кейінгі жылдары ескіні қиарату, жаңаны орнықтыру үрдісі мейлінше қатты жүріп, патша заманында тыйым салынған ой-пікірлердің демократиялық негізде жариялануына мұмкіндік туды. Қазак әдебиетінде негізі енді қалана бастаған көркемдік таным тапсылдық, партиялық ұстанымды басшылыққа алды.

Сол жылдары коркем шығарманың қадір-касметін түсіну, эстетикалық деңгейін белгілеу тұрғысынан келгенде алаштырылған акын-жазушылар мен сыншылар кош ілгері болды. Соңдай-ақ, алаштылардың жетекші роль атқарғанын да атаган жон. Олардан тонкерішіл акын-жазушылар үйренуге ерікіз мәжбүр болды. Төңкерістен кейін бұқіл идеологиялық таным кеңес өкіметінің әдебиет саласында жүргізген саясатына тақылып, таптық мұдделермен тығыз байланыста болды.

20-жылдардағы әдеби айтыстар қазак әдебиетінің тарихында езіндік орын бар әдеби құбылыс қана болып қоймай, қазак қоғамының барлық саласына асері тиіп, қазак әдебиетінде сол кезде қалыптасқан жағдайды жаш-жакты ашып берді. Әдеби сын да негізінен үш бағытқа: біріншісі – озин пролетариат жазушысы санайтын, яғни әдебиетті тан күресінің бір құралы ретінде қарастыратындар, екіншісі – әдебиетті саясатқа бағындыруға қарсы, яғни оздерін бұқарашыл жазуны санайтындар, үшіншісі – әр мәселеге тарихи тұрғыдан қарауды ұсынатын, жазушылардың жікке болінбей, біртұтас үйім болуын қалайтындар деп болінді.

Бұл бағыттардың ініндегі бірінші топтағылар әдебиеттің дүркін дамуына байланысты пікірлерді айтта алмаса да, іс жүзінде женіп шықты. Екінші топтағылар кай жағынан болса да дәлелді пікірлер айтқандымен женіліс таитты. Үшінші топтағылардың айтқандары да іске аспай, «ұттыыл» деген атакқа ие болды.

20-жылдар қазак әдебиеті тарихындағы күрделі кезең болып, романтизм, сыншыл реалиzm секілді толын жатқан әдеби ағымдар орын алса, 30-жылдар әдебиеті нағария ықпалында болғандыктан, ұранышыл

әдебиет болып қалыптасып, көркем сөз саналы түрде саяси бағытқа бет бұрды. Қазак әдебиетінің көрнекті өкілдерін каралауға белсендегі араласқан әдебиет пайда болды. 20-жылдар әдебиеті қаламгерлері аз да болса тегеуірінді, көркемсөзді кадір тұтқан әдебиет болса, кейбір қайшылығына қарамастан 30-жылдар әдебиесті де тарихтан өз орын табатыны даусыз. Қөп жағдайда жаттанды сейлеп, жалтақтаған өскен әдебиеттің кешкен қасиretті қөп болғанымен, бұл әдебиетті социалистік реализм әдебиеті екен деп жоққа шығаруға болмайды.

Сонымен, қазак сынының қалыптасу үрдісі 20-жылдары әдебиеттің бір жанры ретінде қатарға тұрды. Жаңа заманның жетегіне ілесін, тілек-талаптарын айта білді. Төңкерістен кейін екіге жарылған жазба әдебиетіміздің қандай коркемдік тәсіл қолданатындығы талқыланып қана қоймай, әдебиеттің орісі қандай болмак деген мәселені шешті. Алашшылдардың көзқарасындағы ой-шілдерде бүкіл адамзаттық құндылықтың негізі сакталып, ортақ әдебиет жасау идеясына төңкерішілдер тапшылдықтың қатаң талаптарын карсы қойды. Кеңестік идеология мен большевиктер партиясы алғаш қозғалысына қатысқан қазақ зиялышарын күгін-сүргінге салу, жер аудару, қудалау арқылы «пролетарлық жеңісті» төңкерішілдердің найласына шығарды.

Қазан төңкерісінен кейін отаршылдыққа қарсы қазақ зиялышары қарсылық корсеткенімен, Кеңес оқіметі жеңіске жеткеннен соң үлттық даму тежеліп, халықтарды отарлықта ұстау саясаты жүргізілді. Отаршылдықтың жаңа түрі пролетарлық интернационализм идеясымен бүркемеленіп, айлалы саясат ұстанды. Бұл саясатқа қазақ халқына түбі қасірет әкелерін білген үлтжанды алғаш азаматтары қарсы шыкты. Мысалы, «Сарыарқа» газетіндегі «Большевиктер деген кімдер?» деген сұраққа олар: «Әдеттегі сауатсыз, қалтасынан озгені, тонаудан озгені білмейтін, көреокыр большевик халықты қалай бақармақшы» [1] деп жауап береді.

Большевиктік жолға түсken қазақ зиялышарының арасында халқымыздың рухани болмыссын тантық саясат арқылы түсіндіруге тырысқан адасушилықтар болды. Оларды Кеңес оқіметі қолдан отырды. Демократиялық бағыт ұстаған қазақ зиялышары «ұлтшыл» деген атқа ілініп, толығымен зұлматқа үшірады. Мәдени мұра болып саналатын халықтың рухани қазынасы кеңестік жүйенің қырына ілінді. Міне осындағы ересен бай мәдени мұраны бір гана тап, пролетариаттың мұддесі арқылы анықтаған, тантық саясатқа сай келетін тақырыпқа жазылғандар және ескі көрітартпа патриархалдық-феодалдық қоғам мұддесіне сай келетін тақырыпқа жазылғандар делініп, тарих сахнасынан аласталды.

Коммунистік партияның «мәдени мұраны» таптық түрғыдан талдауы пролетариат көсемі В.И. Лениннен бастау алады. Ол 1913 жылы мынандай маңызды теориялық тұжырым жасаған: «Әрбір қазіргі замандағы ұлттарда екі ұлт бар... Әрбір ұлттық мәдениетте, екі ұлттық мәдениет бар...» [2, 129]. Алайда Лениннің мұндай тұжырымдары қазақ халқының рухани өміріне мұлдем жат болатын. Өйткені, қазақ халқында буржуазия, пролетариат деген атымен болмағандыктан мұндай ұғымның ешқандай қатысы жоқ еді.

1917 жыл мен 1991 жылдар арасында «қазак совет әдебиеті» деген кезеңнің қалыптасқаны әдебиет тарихынан белгілі. Бұл да сол кезеңдегі жүргізілген саясаттың нәтижесі болатын. Бұл туралы белгілі ғалым, профессор Т. Қекішев: «... Мұхтар Әуезовтің де кеңес өкіметіне сенім білдірмесе де, ізет еткен тұстары барышылық, Сабит Мұқанов жөргегімде табым деп жылап жаттым десе де, халықтың тарихы, мәдениеті дегендे өзінің «қызыл» екенін ұмытып ақсақалдыққа салынып, өрелі ойлар тастаған тұстары көпшілікке белгілі. Замана соққан жел демекші, кеңес империясы, оның саясаты кімдердің басын игізбеді, кімдердің тізесін бүкілремеді» [3, 82] деп ой қорытқан.

Социализм жеңіске жеткен сайын тап құрсі күшіне береді деген Сталин теориясы Казакстанның ғылымы мен тарихына кесірін тигізіп, тарихтың бүрмалануына негіз болды. Бостандықты жырлаудың аяғы таптық идеологияға апарып тірелді. Таптық, пролетарлық әдебиет бірден-бір шынайы әдебиет ретінде насиҳатталды. Бұрынғы әдебиетке «байлар дәүірінің әдебиеті» деген атак тағылды. Қазақ халқының ғасырлар бойы жиған рухани байлығы жоққа шығарылды.

«Әдебиет мәселесі» деген макаласында Жұсіпбек Аймауытов: «... төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан уайым, қайғы, торығу кіргізді... Тап ақыны қазақта әзір жоқ...» [4] деп қожалық құрган, билеп тостеген ұstem таптың әдебиеті мен төмөншік, әлсіз езілген бодағ ұлттың әдебиеті бір болмайтынын айтады. Өйткені, «әдебиет – өнер болса, ал өнердің азды көпті еркіндікті тілейтіні» де рас. Ж. Аймауытовтың сол кезеңнің откір шындығын атап көрсетіп, көрегенділік танытқан осы макаласына жауап ретінде Жәкен Сәрсенбіұлы: «Қазақ еліне бұл төңкеріс өз тарихы тудырмаған жат төңкеріс еді... Қазақта төңкерісшіл, тапшыл жазушылар әзірге жоқ... Қазақ ақындары, жазушылары төңкеріске жолдан қосылған кімшеш ақындар...» [5] деп, өзіндік үн косып, дұрыс көзқарасын білдіреді.

Тап мұддесібасты назарда болғандықтан, әдебиеттің құрделі мәселелері біржақты қарастырылып, саясаттың ықпалымен алаштыл қalamгерлер

«ұлттылдар» деген атақ алды. Жеке басқа табыну салдарынан, өкімет басына Сталин келгеннен бастап, ұлт зиялыштарын жікке бөлу науқандары жүргізіліп жатты. Коммунистік партияның идеологиялық каруының негізіне айналған мұндай шаралардың кесірінен жиырмасыншы жылдардың екінші жартысында қазак әдебиеті тарихында қаламгерлердің жікке болу, әдебиетті саясатка бағындыра сөйлеу барған сайын белен ала бастады.

1925 жылы Қазақстандағы билік басына Ф.И. Голощекин келген соң, Қазақстаниң басшы орындарында бастапқыда «қожановшылдықпен» басталған күрес Қожанов Қазақстаниң кеткениен кейін Смагұл Сәдуақасовтың «жігімен» күреске ұласты.

Әдебиеттен саяси астар іздеген қаламгерлер өз арасынан «жік» іздеуге тырысып, төңкеріс жылдарында «алаш» партиясымен байланысты болғандардың бөріне «ұлттыл» деген айдар тағылды. Жүргізілген саясатқа байланысты әдебиеттегі өзгерістер жиырмасыншы жылдардың орта шенінен басталды. Саясатқа да, өнерге де өзіндік жеке көзкарасы бар үлкен жазушылардың әдебиеттен де, когамдық өмірден де күшпен аластатылуы басталды. 1932 жылы ВКП(б) өкілдерінен құрылған комиссия көп талқылаудан кейін, бірден-бір партиялық әдіс – социалистік реализм әдісін қабылдайды. «Коммунистік реализм», «пролетарлық реализм» деген ұсыныстар болғанмен кабылданбай, социалистік реализмді нығайтуға басты назар аударылады. Өнердің өз даму заңдарымен бекіген бүрінші класикалық әдебиеттегі классицизм, романізм, реализм, синтез-реализм дегендер қауымен орнықпай, социалистік реализм бір адамның яғни, Сталиннің қауымен жария етілді.

Әдебиетті саясатқа апарып танудың мұндай келенеңіз жағдайлары Қазақстан ақын-жазушыларып да бейтарап қалдыра алмады. Бұл пікірге жауап ретінде Қазақстан Кеңес жазушыларының тұнғыш съезінде I. Жансүгіров баяндамасында: «Жазушылардың бірсызырасы тереңдей алып, қызығып жаза алмады. Ал жазам дегендерді жалпылап сырттан сокты... 1930-32 жылдың ішінде әдебиетіміздің, есіресе өлеңдердің құнын арзандатып, сапасын төмендетіп алдық» [6, 11-17] деп атап көрсетті.

30 жылдардың бас кезіндес әдебиеттану ғылымында басым болған түрнайы социализм М. Өтемісов, Ш. Уәлиханов, І. Алтынсарин, А. Құнанбаев, С. Торайғыров т.б. көптеген ақындардың шығармашылығындағы идеялық және эстетикалық мазмұнды ғылыми түрғыдан ашын көрсетуге мүмкіндік берmedі. Осы кезде орыс әдебиетінің А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, И.С. Тургенев, Ф.М.

Достоевский, Л.Н. Толстой сиякты алыптарын «дворян» немесе «ұсақ буржуазия» жазушыларына жатқызды.

Бұл ретте бұлардың шыққан ортасы негізге алынып, жазушы қандай жерден шыкса, ол міндепті түрде сол есемметтік топтың мүддесін, қозкарасын білдіреді, сол таптың оқілі болады деп есентелінді. Осындаи «теориялар» қазактың ескі әдеби мұраларын игеруге біршама зардабын тигізді. Тіпті, ҚазАПП сынышыларының Қазан тоңкерісіне дейін казактарда жонді әдебиет те болмады деп асыра сілтеген кездері де болды.

ХХ ғасырдың басында Ресейде де айтарлыктай ірі оқыфалар, өзгерістер болып жатты. Ол жайында орыс әдебиеті тарихында: «Революционные события, сотрясавшие Россию, прямо опосредованно влияли на литературную и всю культурную жизнь русского общества. Если говорить о главном факторе, определяющем исторический процесс, то им, безусловно, было наведение в России социалистической революции. Накапливавшаясь гигантская революционная энергия трудящихся масс, руководимых марксистской партией рабочего класса. Мир вступал в период социальных катаклизмов, в период крушения одной общественной формации и возникновения другой – социалистической. Изменялась духовная и общекультурная жизнь страны» [7, 7] деп жазылды. Ресей тағдыры туралы, орыс мәдениетінің тағдыры туралы пікірталастар жи болып тұрды. Ресейдің келешегі жайындағы сын-айтыстар қызу жүріп жатты.

ҚазАПП сыны сол кездегі казак жазушыларының өздерін де әртүрлі «онышыл» топтарға жатқызды.

Бұрынғы кездерде омір сүрген казак ақындарының бәрі де ескі қоғамның жыршылары санағандықтан, олардың біздерге кажеті жоқ деген солақай пікір оріс алып, Абай, Сұлтанмахмұт сиякты классиктердің шыгармалары халыққа жат деп танылды. Мұның бәрі «шолақ белсенеллілердің» мәдениет пен әдебиетті жаңадан жасаймыз деген және әдебиеттану ғылымында 20-жылдар мен 30-жылдардың бас кезінде үстемдік құрған тұрпалай социализм сиякты теріс теориялардың нотижесінде туған жағдайлар еді.

Белгілі ғалым, жазушы Н. Рымғали «Эуезов және алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух» атты енбекінде: «Қазақ халқының ұлттық тамырына балта шабу үшін коммунистер ең алдымен осы қозғалыстың бастау көзінде тұрған Алаш көсемдерін. олардың ізбасар шәкірттерін бір қырып тастанды да, артынан большевизмді жактаган, совет өкіметін мадақтаған коммунист зияялдардың өзін де сыйырып әкетіп, көзін жойды. Аман-

есен қалған оқығандарды үнемі үркітіп-коркытып отырды, анда-саңда науқан жариялады, олардың ішінен де біреулерді жұлып алды, түрмеге тығып отырды» [8, 422] дег атап көрсете келс, алайда, Кеңестік жүйе қанышалықты каталдық жасап, қырагылық көрсеттім дегенмен, Алаш идеялары, ұлттық азаттық рух, тауелсіздік сарындары, есіресе әдебиетте, онерде, ғылымда жойылып кетпегенін айтады. Өйткені, партия қаулы-каарларымен ой нысанасын, тақырып жүйесін, бейне бағытын, әдіс тәсілін белгілеп берген Кеңес дәуірі әдебиетінің алғашкы өкілдерінін бәрі де Алаш ұранды әдебиет шығармаларымен ауызданған, жазу-сызуудың әліппін солардан үйрениген еді.

1934 жылы 10 қантарда «Қазақ әдебиеті» газетінің тұнғыш нөмірінде М. Әуезовтің «Сыннан не тілер ем?» [9] деген мақаласы жарияланып, онда казақ әдебиеті сынның алдында тұрган міндеттері жан-жакты талданады. 20-жылдардың бас кезінде казақ әдеби сынның ауыр жүтін көтеріскендердің ішінде, Г. Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» [10] деген кітабы 1929 жылы Қызылордада басылып шыкса, 1933 жылы М. Қаратасевтың «Мұхтардың тартысы және кейбір мәселелер» [11] атты мақаласы және 1934 жылы май айында болып еткен сын туралы арнаулы пленумда «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» [12] деген тақырыпта жасаған баяндамасы айрықша көзге түсті. Баяндамашы казақ әдеби сынның туын Абайдан бастап қарастырып, ҚазАПП сынның категілктерін жан-жакты терең анып көрсеткен. Әдеби сында көп уақытка дейін орын алғын келген әдістемелік теориялық кемшиліктерді сынап, сындағы келенсіздікті мінейді. Баяндамада көзірігі сынның жай күйін көрсетер жағдай ретінде Абай тоқириғінде болып жатқан әртүрлі пікірлерге көнірек токталып, сындағы көкейкесті мәселелерді әнгімелейді. Сынның ересі жетпей жатқан мәселелерге көніл боліп, сынның ролін күшеттүге катысты біркатор ойларын ортага салған.

1931 жылы орталық «Правда» газеті әдебиеттегі жікшілдікті катал сынаған мақалалар жариялай бастады. Бұларда РААП сынныңдағы кемшиліктер, ондағы жікшілдік өз ара сынның болмауы көрсетіліп, ұйымды қайта құру мәселесі қайта көтерілді. Әдебиет саласындағы саясат «Әдеби іс – ұйымдастын жоспарлы, біріккен социал-демократиялық, партиялық жұмыстың негізгі бөлімі болуға тиіс» [13, 31] деген Лениндік нұсқауларын негізге ала отырып жүргізілді. Сол жылдардағы белсенді сыншылардың бірі С. Мұқанов әдебиеттің сыннына, тарихын зерттеуге араласуы туралы: «...сол кезде ұлтшылдарға қарсы шыққан казақ совет әдебиетінің әрі аз, әрі жас кадрларының қатарына қосылып, ұлтшылдыққа сокқы беруге тұра келді. Мениң әдебиет тарихына,

әдебиет сыйнына араласу себебім осы еді» [14] деген пікірінен сол кездегі саясаттың ықназлын анық байқауга болады. Бұғы акын-жазушылардың шығармашылығының еркіндігіне нұқсан келтіретін, көркемдік сапаларға зардағын тигізетін ұран еді. Пролетариат әдебиетін тек «таза пролетар жазушылар ғана жасай алады» деген пікір де айтылды.

Соның дәлелі ретінде Әйтіке Мұсаұлы жазуны творчествосын бағалауда «ен алдымен біздің тексеретін мәселеміз кімнің қандай жазушы екендігі» дей келіп оған негізгі олшеу: жазушы әдет. салт-сана, әдет-тұрып туысында пролетариат болып туу бірінші шарт» [15, 56-63] деген жазды.

КазАПП 1932 жылы 18 май күні Қазақстан совет жазушыларының үйімі болып құрылды. Мемлекеттік кайраткері I. Қабылов «Маркс-Ленини әдеби сыйнының сабакты мәселелері» [16, 5-6] деген баяндамасында қазақ әдебиет сыйнының алдында тұрған мәселелерді айта келіп, кейбір шығармалар айналасында айтылған сыйндар төңірегінде пікір белгіліреді. Көркем туындының міндетті түрде көркемдік сапарларға не болуы қажет екендігіне тоқтала келіп, контеген шығармаларда ұшырайтын кемшіліктегірді сыйнга алған.

Ол жөнінде белгілі ғалым, академик Р. Бердібай быладай дейді: «I. Қабылов социалистік реализм әдісі тұралы теориялық пікірлер айтты. Сыйнишларды Маркс-Ленини әдеби сыйни қүштейтуге, оның негізгі принциптерін берік ұстануға үндейді. I. Қабылов 30-жылдардың орта түсінілдегі партиялық бағытта коркеюіне озінің сауатты, білікті мақалаларымен болысқан қабілетті сыйнишлардың бірі» [17, 177]. Алайда, саясаттың жетегіне еріп, қызыл идеологияның сойытын соғып аласкан жазушылар да болды. М. Қайынназаров Мәскеуде откен сыйнишлардың жиылдысында қазақ әдебиеті жайлыш сөйлеген сөзінде Абайды халықка жат тұлға деп мәлімдеген. Ол, М. Әуезовтің Абайдың шығармаларын жинақ, алтысоз жазып баспана ұсынуын үлкен қателік деп тапқан [18, 16].

Басна бетін көргөн кітаптардың ішкі рухани дүниесі, оқырманға зері сөз болмай, танық түркіздін жазылған-жазылмагандығы, Маркстің көзімен қаралған-қаралмағандығы бірден-бір олшем болды. Дегенмен, жазушыларымыздың бәрі бұған келісे берген жок. Зиялымдардың зрасындағы батылдары көркемонерді таңудағы ақылға сыйымсыз кисекшілдерді батыл сыйнады.

Бұл ретте алғашқылардың бірі болып, уи каткан Жүсінбек Аймауытұлының «Әдебиет мәселе»и, «Көркем әдебиетті саралға» [4] атты мақалалары жиырмасынниң жылдарданы әдебиеттануда аса зор

бетбұрыс болды. Бір қараганда, енді серпілуге ешкандай бөгет жоктай көрінсе де, шын мөнісінде бұл оте қын, құрделі іс болатын. Дәл осы кезде, көрнекті мемлекет және қогам қайраткері С. Садуакасұлының «Әдебиеттерді қалай сыйау керек?» [19] деген макаласы жарық көрді. Смағұл Садуакасұлы бұл макаласында сынды қалыптастыру, оның құрылымын жасау шараларына айрықша тоқталған.

Бұл макала қазақ әдебиетіндегі 20-жылдардағы әдеби айтыс-тартыстың барысында дүниеге келген біліктілігі жағынан айрықша сібек. Егер осы кезде біржакты сынның бағытын ұстанған оқимет идеологияның барлық тетік-буындарын қолына мықтап ұстағанын ескерсек, «әдебиет әнгімелері» санатындағылардың жазылышы, қоғамдық пікір тудыруы ергеден келе жатқан келіспеушілікті еске салады. Әкімшілік-әміршілдік жүйе осы қуресте кайшынан шыққаны белгілі. Дегенмен, Ж. Аймауытұлы, К. Кеменгерұлы, Д. Іскеқағұлы, А. Байтасұлы, С. Садуакасұлы, І. Мұстамбайұлы, Ж. Сәрсенұлы сияқты алаш азаматтарының әдебиет пен мәдениет, жалпы руханият дүниесі жайлы айтқан пікірлері өз мөнін жоғалткан жок.

Бұл жайында жазушы Р. Нұргали: «Әділіне келгенде Алаш козғалысына қатысқан азаматтардың бағыттың көшілілігі үшін мұддесіне арналған құнделікті аршынды іс, қарымды әрекеттермен айналыса жүріп, күғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, ғылым, аударма салаларында орасан бай мұра қалдырыды» [8, 423] деп, табиғатынан дарынды жаратылған бұл буын өкілдерінің қазақы тал бесікте тербеліліп, неламиның иманды бұлагынан нағылай, мұсылманиша хат таңып, одан кейін жәдидине, орынша оқып, орга, жоғары дөрежелі білім алғандағымен, Орынбор, Омбы, Семей, Алматы, Та什кент, Уфа, Қазан, Мәскеу, Нетербор шаһарларының тәрбиеін көргендігімен байланыстырады. Жоғе де олар мұғалімдік, инженерлік, зангерлік, экономистік, дәрігерлік екілді еан алуан мамандық нелері болуымен қатар, түркі, славяндың былай қойғанда, араб-парсы, ағылышын, неміс, француз екілді жеті жүрттывц тілін де мещерген еді.

Сол жылдардағы сынның жағдайын «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығындағы: «Абай, Алтынсарыұлы сияқтышар біраз қазақ әркінеліктерін ала кірген либерал буржуазияға айналады. Рае барлық Абай шығармасы ол емес. Ол бас кезінде, торғын жағында феодалдан шығып кең осыған қарағ ауысады... Абай шығармаларының қоғамдық-тәншіл мәнінде, магынасы, феодализмыңдаған қаниталындыққа қарағ басқан тантық алдыңғы либерал табының салт-санасын көреуге еайды қөледі» [20, 51] деп

аітылған пікірден де байқаймыз. Көркем шығарма бойынан таптық көзқарастарды іздеу, оларды тантық түркемде бағалау сол тұстағы әдеби сыйниң негізгі міндеттерінің бірі болатын. Абай мен Алтынсарин мұрасынан да осындай ерекшеліктерді іздеу осындай талаң-тілекten келіп тұганы анық.

Е. Тогжанұлы «Против национализма, обывательщины и комчванства в казахской литературе и критике» [21] деген мақаласында С. Седуақасұлының «Әдебиет және сын мәселелері жоніндегі үлтышылдық теориясынан айнымалыданығын» атайды, оны «Абайшылдықты, ахметшілдікті тудырығысы келеді» [11] деп сыйнаіды. С. Седуақасұлының әдеби сын жоніндегі ойларын, сынға алған мақалаларды Е. Бекенұлы «Көркем әдебиет туралы кім не үшін күреседі?» [22], Ә. Мұсағұлы «Көркем әдебиет мәселесіндегі айтыс туралы» [23], Е. Мүсірепұлы «Әдебиет айтысында» [24], Ә. Тәжібайұлы «Әдебиеттегі смағұлшылдық» [25] сынды қаламгерлер де жариялады.

1925 жылдың басында үлттық идеология торінсін жазушылардың бірін құштеп, екіншісін артүрлі айламен озіне тартқан ҚазАПП шықты. Оның оқіметте, оның жүргізген саясаты да барыша қолданап отыруына байланысты саясаттың сойылын соғушылардың бағы жаңып, олар ақылаға сымсыз екенін біле тұра, екіншінде Маркс пен оның жолындағылардың пікірін тықпалап, үшқары ойларын халыққа таңумен болды.

Тіпті, Г. Тогжанұлы 1928 жылдың бір мақаласында: «Смағұл әдебиет мәселелерінде ұстаптанған бағытына түбектейлі сенімді. Соңдықтан ленинизм, партия жолын міссе тұттайты» [21] деп жазды. Жиырмасынышы жылдардағы әдебиеттегі кокейкесті мәселенің бірі – әдеби мұраса деген көзқарас болып, оның ішінде Абай мұрасы айтарлықтай үлкен таластантырылған тұтызды. Абай мұрасы туралы ағзаңылардың бірі болып сөз көзғаңдардың бірі – Сабит Мұқанов. Смағұл Седуақасовтың жасаған «Аханың алдында» деген баяндамасы көніліне жақпаган Сабит Мұқанов «Кара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!» [26] деген белгілі мақаласын жариялады.

Сыйниң негізгі сипаты айтыс түрінде бояғандықтан, өз ара пікір таластыру, қарсы жауап қайтару, кон жағдайларда айтылған пікірлерді жоққа шыгару, ең әрісі бірін-бірі саяси жақтап айынтау сияқты жағдайлар орын алды.

Қазақ халқының табигатына, оның ішінде, қара олек сипатына жат олек олимпидері еніп, Маяковскийнен жазу, Демьян Бедныйша жазу керек деген есіре еліктеуілік орын алды. Бұның бәрі қазақ поэзиясының

көркемдік саласына орасан зиянын тигізіп, партияның науқандық шараптарына арналған жалаң үтіт-насихатқа толы туындылардың өріс алудына апарып сокты. Бұл бағыт проза саласында да орын ала бастады.

ҚазАПП-тың бүкіл ақын-жазушыларға, тек қана Демьян Беднийды үлгі етіп, Бедныйша жазуға шакыруы, «байлар әдебиетін басып озу» ұраны сияқты теріс қагидалар РАПП-тың теоретиктері ұсынған кәте нұсқаулар еді. ҚазАПП-тың басшылары бұл жалған ұрандарға ени көзімен қараудың орына, насиҳат жұмысын ұдете түсті. Мәсслен, С. Мұқанов «Блокшылдықтан Демьяншылдыққа» [27, 2-5] деген мақаласында «қазір орыс әдебиетінде құдікті блокшылдық емес, құдіксіз демьяншылдық үстем болып отыр» дей келе, қазақ қаламгерлерін Демьян Бедныйша жазуға үндесе, сол кездегі әдеби сын туралы өзбек жазушысы Р. Мажиди КСРО жазушылар одагы ұйымдастыру комитетінің 1932 жылы 30 қазанында болған пленумында «пролетариат, колхоз, батырақ» деген сөздер кездеспеген туындыларға тыйым салынатындығын» батыл сынға алады [28, 98].

Демьян Бедный «Звезда» және «Правда» большевиктік газеттерінің беттерінде мақалалар жазып, белсенділік танытты. Ол жайында орыс әдебиеті тарихында: «Поэзия Д. Бедного и по своей направленности, и по тематике, и по форме как бы непосредственно выражала мироощущение трудовых масс, осознающих свое право быть хозяевами жизни. Она была не только проинкутой пневматистю к существующему строю, верой в победу революции, но передавала часто с блестящим мастерством самый характер психики, склада ума пролетарских и крестьянских слоев» [7, 11] деп жазды. Д. Беднийдың шығармашылығы орыс әдебиеті тарихында зор беделге ие болып, оз замандастарының арасында тиесті бағасын алғын жатты. Ирі пролетар жазушы регінде көпестік поэзия жаңырын жаңырын дамытуда айтарлықтай үлес қосты.

«Айналып келгенде үлкенді-кішілі марқаскаларымыз түйіндеңен түйін біреу – «қазақ ұранды халық» қамы еді» дей келе, әдебиеттанушы-ғалым, профессор Ш. Елеуқенов «Маржан мен Мұхтар: ұлт тақырыбын дамытудағы ізденістер» атты зерттеуінде: «Кеңес әкіметі орындымен әдебиеттің екі дай болып болінді. Негізгі ерекес, талас әдебиеттің қаңдай бағытта дамуы мәселесіне байланысты жүрді. Маржан Жұмабаев, Жұсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов сынды ақын, жазушылар халықты беле-жармай тұтас ұлт мұңын жоқтады. Бұлар дүниетанымдары, әдебиеттикалық көзқарастары жағынан пікірлес, бағыттағас болды.

Қарсы топ (Сәкен Сейфуллин, Сабит Мұқанов т.б.) өздерін Кеңес әкіметінің оң көзі есанап, «байнын-ұлттыны» дейтіндермен аяусыз,

бітіспес күрес жүргізеді. Бұл күрестің мән-жайы жөніндегі бұрын да, қазір де аз жазылған жоқ. Сан кітаптар жарық корді. Сонғы жылдардағы басылымдар Мағжан мен Мұхтарды «байшыл», «ұлтшыл» дегенге қимады. Сол кездегі солақай байбаламды емес, нақты фактілерді, шындықты басшылыққа алуға шақырды. «Дұрыс ішкір...Әдебиет тарихын қаз-қалпында, шөп-шалам, қоқыстаң, боямадан тазарған түрінде оқуға не жетсін» [29, 168] деп әдебиет сыйнандағы қайшылықтарды ашып көрсете отырып, сол тұстагы айтыс-тартыстардың сырын ацуға тырысады. Қазак ақын-жазушылары бірі кеңес ұранын, екіншісі алаш ұранын жақтағанмен, олардың түптеп келгендері алдарына койған мақсаттары бір еді. Сәкен Сейфуллин. Сәбит Мұқановтар сол тұстагы коммунистік партияның тантық идеологиясын бетке ұстап, ауқатты отбасынан шыққандардың шығармаларының берін де жоққа шығаруды қөздеді. Ал, шын мәнінде коркем шығарманың бағасы оның авторының қандай отбасынан шыққандығына қатысты емес, оның көркемдік эстетикалық қуатына қатысты бағаланатындығын ескере бермеді. Бұл – сол тұстагы заман кемшілігі еді.

Жиырмасыныш жылдары қазақ әдебиеті сыйнаның өркендең қанаат жаюына қоғам қайраткерлері де оздерінің айтартылтай үлестерін қоса отырып, дарындары жағынан кәсіби қаламгерлерден кем түспейтін деңгейде көрінді. Олар – Смагұл Сәдуақасов, Ұйдырыс Мұстамбаев, Нәзір Төрекұлов, Илияс Қабылов, Сұлтанбек Қожанов, Шаймерден Токжігітов сыйнды азаматтар. Бұлар негізінен мемлекеттік қызметте болғандақытан синға жиі араласуға мүмкіліктері аз болды.

Солардың ішінен өзінің мақалаларының мәнділігімен, өміршенделігімен, терең ойлышымен жарқырай корініп, аса белсененділік танытқан, ірі қоғам қайраткері, әдебиет сыйнаны Ұйдырыс Мұстамбайұлының еңбектеріне ерекше токталуды жоң кордік. Ұйдырыс Мұстамбайұлы 1898 жылы Семей уезі, Заречная Слабодка (Алаш) елді мекенінде (қазіргі Жаңа Семей) дүниеге келген. Әкесі-Мұстамбай Жаугашұлы, шешесі Қолан сол жылдары Алексеевтердің жүн жуатын зауыттында жұмыс істеген. 6-7 жасқа келгенде Ұйдырысты ата-анасы мұсылманиша оқуға беріп, ол мұнда 13 жасқа дейін оқиды. Ұйдырыстың 12 жасында өкіле ауруынан анасы қайтыс болса, ал әкесі зауыттағы жұмысын тастан, етікшілік көсібіне ауысады. Осы зауытта ат айдауши болып жүрген ағасына, біржабы қолбала ретінде көмектесе жүріп, Ұйдырыс 1911 жылы Семейдегі екі қласти орыс-қазақ училищесінің 6 жылдық курсына оқуға түседі. Оның үш жылын зауыттаны тері және жүн кептіру жұмысында қол үзбей істеп жүріп оқыса, кейін қабілеттілігінің, зеректілігінің арқасында мемлекет

есебінен оқуға қабылданады. Интернатта жатып оқыса да, Ыдырыс жазғы демалысында да, зауытта жұмыс істейді. Еңбек ете жүріп, 1916 жылы аталған училищені үздік бағалармен аяқтап шыгады. Мұның ішінде әсіреле арифметика, геометрия, физика, тарих, жаратылыс тану, таза жазу, орыс тілі пәндерінен озық білімділігін танытады.

Ары қарай білімін жетілдіргісі келгенімен, Ыдырыс қаражаттың жетімсіздігінен осы жылдың көктемінде почта-телеграф мекемесіне өзелі үйренуші ретінде жұмыска кіреді. Жана мамандықка байланысты окуын Заречная Слабодка дағы почта-телеграф кеңесінде жалғастыра жүріп, аздал етікшілікпен айналысып, экесіне қөмектеседі. 1916 жылы күзде осы кеңсеге байланышы болып тағайындалғаннан соң, оқуға деген ықыласы қүшейген Ыдырыс өз бетінше іздене жүріп, Семей мұғалімдер гимназиясының курсына түсуге дайындалады.

1917 жылы төңкерістен кейін, ол кеңсе қызметкерлерінің одактық жұмысына белсене араласады. 1918 жылы Семей қаласында Кеңес өкіметі орнықканда, Бұқілресейлік почта-телеграф қызметкерлері одағының Губерниялық комитетінің атынан Семей Совдепіне делегат болады. Көп ұзамай сәуір айында Алаш (Заречная Слабодка) аудандық совдепі төрагасының орынбасары болып және Семей уездік Совдепі Төралқасының мүшесі болып сайланады. Сонымен катар, почта-телеграф мекесіндегі жұмысын да қоса атқарады.

1918 жылы маусым айының басында Семейде Кеңес өкіметі ауысып, Кеңес қызметкерлерінің жауапты адамдарымен бірге Ыдырыс та камауга алынады. Семейдегі төңкеріс алғашында қантөгіссіз бейбіт жағдайда өтеді. Тіпті 1918 жылы Колчак диктатурасын жариялаганда да одак жұмысы біраз уақытқа сакталады. Төңкерісті эсерлер мен меньшевиктер басқарады. Ыдырыс Мұстамбайұлы жақын достарының аркасында, солардың араласуымен камаудан босатылады. Алайда, бұрынғы істеген байланышы қызметіне кайта орналасу құқынан айрылып, жұмыстан босатылады. Қамаудан тамыз айында босаған Ыдырыс мұғалімдер гимназиясының 5-класына оқуға түсіп, оны өз қаражатымен 1919 жылдың казан айының аяғына дейін оқиды. Осы кезде ол өзінің ескі жолдастарының ұсынысымен Совдеп жұмысы бойынша көтерілісті дайындау жұмысы жөнінде астыртын іске кетеді.

1919 жылы 30-қараашадан, 1-ші желтоқсан айына қараган түні Семейдегі Плещеев хуторы, Затонның жұмысшылар ауданында болған көтеріліске Ыдырыс та катысады. Құндіз-түні, кым-қиғаш, атыс-шабыстан кейін, 2-ші желтоқсан күні қаланы көтерілісшілер басып алып, Кеңес өкіметін жария өтеді. Өкімет билігі бір айдың ішінде

көтеріліске жетекшілік жасаған жасырын ұйымның қолына көшіл, ұйым Облыстық әскери-революциялық штаб деп аталағын, азаматтық бөлімдерге бөлінеді. Ұйырыс та азаматтық бөлімге мүше болады. Көтерілісті бұрынғы эсер Құрмажин деген біреу басқарады. Бір айдан кейін Совдепке сайлауға дайындық жүргізуді бастап, біржагынан Омск арқылы Орталықтың өкілдерімен де байланыс жасайды. Қантар айында Омбыдан 5- Армияның саяси бөлімінен (жорықтық) Ревкомы келіп, Семей Губерниялық Ревкомы және РКП(б)-ның Губбюросы құрылады. Ұйырыс Губерниялық басқару бөлімінің менгерушісінің орынбасары болып тағайындалады.

1920 жылды акпан айының басында кандидаттық стажсыз-ақ партия қатарына өткен Ұйырыс, осы жылдың 20-шы акпанында Зайсан қазак бөлімінің менгерушісі болып тағайындалады, осы Зайсан уездік Ревкомының және жергілікті уездік партия бюросының мүшесі болып сайланады. Өмірінде Семейден ұзап шықпаған Ұйырыс 1920 жылдың тамыз айына дейін Зайсанда қызмет істейді, содан кейін Орынбордағы Кенестердің Бұқіл Қазактың 1-ші съезінде катысып ҚазОАК-не мүше болып сайланады. Зайсанға қайтар жолында Семейдегі РКП(б)-ның Губбюросы губерниялық деңгейдегі жұмыска алып калады.

1920 жылдың караша айында Кенестердің губерниялық съезінде Губаткомының мүшесі және губерниялық казак бөлімінің менгерушісі болып, сонынан губерниялық ұлттық бөлімінің менгерушісі болып сайланады, содан кейін 1921 жылдың казан айына дейін Губатком төралкасының мүшесі, губерниялық казак бөлімінің менгерушісі, губернияның азық-түлік жөніндегі комиссариаты төрағасының орынбасары, Губревтрибунал төрағасының орынбасары және басқадай жауапты қызметтер аткарып, БОАК мүшесі болып сайланады.

1921 жылдың 20 күркүйек айында екінші рет Орынборда өткен Кенестердің Бұқілказактық екінші құрылтайына шакырылып, ҚазОАК-ның мүшесі болып қайта сайланады. 1922 жылдың караша айында РКП(б)-ның Губкомының шешімімен бірден Оралға іссапармен жіберіліп, Орал Губаткомы мен Губкомының мүшесі, губерниялық басқару бөлімінің менгерушісі, аштыққа ұшырағандарға комек жөніндегі шекаралық ұйымының жаңындағы РСФСР өкілділігінін төтенше өкілі болып қызмет аткарады, одан кейін сол жылы 28 тамыздан бастап, 1923 жылдың аяғына дейін, губерния прокуроры болады.

1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың мамырайына дейін Ақмола губерниялық прокуроры, әрі губаткомының мүшесі, 1925 жылдың мамыр айынан 1926 жылдың желтоқсанына дейін Сырдария Губаткомының

төрағасы, 1926 жылдың желтоқсанынан 1927 жылдың қарашасына дейін Қазақ ОАК-нің нұсқаушысы, 1927 жылдың қарашасынан, 1929 жылдың тамызына дейін алдымен «Ет өнімдері» мекемесінің басшысы, сонынан «Союзмяса» мекемесінің аймақтық басшысының орынбасары қызметін атқарса, 1929 жылдың тамызынан қарашасына дейін аймақтық Темір жәрменкесін үйімдастырып және Жәрменке төрағасы ретінде оған басшылық жасайды.

1929 жылдың желтоқсанынан 1930 жылдың 20-шы маусымына дейін Республикалық жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссариатының сауда өнеркәсіп тобында аға инспектор қызметін атқарып, 1930 жылдың маусым айынан бастап Қазакстан жетекші партия үйімінен үйғарымымен Қазак ССР байланыс басқармасы төрағасының орынбасарлығына тағайындалады.

Ыдырыс Мұстамбайұлының өзі де түрлі зан, кеңес қызметінде лауазымды міндеттер атқарғанымен, әдебиет, мәдениет, саясат төңірегінде болып жаткан оқиғаларға сын тұрғысынан белсene араласып, соның ішінде әсіресе, Абай мұрасын үнемі назарында ұстап, сол кездің қасаң саясатынан қызғыштай корғады. Ұлы ақынды халық санасынан өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырысқан шенеуніктер мен кейбір қаламгерлер әрекеттеріне аяусыз тойтарыс беріп, дәлелді түрде қарсылық білдірді, ескі атаулы мен көне мұраға тыйым салған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе қаһарынан еш корықтай ұлы ақынның қазак әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Қайтпас кайсар өр мінезі үшін де «таймас қара» атанып, 1920-жылдардағы Абай төңірсіндегі әдеби айтыс тартыста ұлы ақын өмірімен шығармашылығы жайлы терең білімділігін танытып, биіктен көрінді.

Ариналы әдеби мамандығы болмауына қарамастан Ыдырыс Мұстамбайұлының Абайды құмартса сүйіп, ақындық мұрасына араша түсінің өзіндік себептері бар: 1. Ыдырыстың ата-бабасы қоныстанған жер ұлы ақын ауылымен көршилес болып, белгілі ақын Дулат, оның алдындағы Ақтамберді жырау мен Ақтайлақ би, айтыс өнерінің айтулы дүлдүлдері Тұбек пен Сабыrbай, Абайдың талантты шәкірті Эріп Тәсірбергенов сияқты дарын иелері шыққан орта еді. Осы жайдың өзі оның бала кезінен Абай өлеңдерімен сусындалған, Абай жайлы әңгімелермен қаныққандығын айқын білдіреді. 2. Ыдырыс ұлы ақын талай ат басын тіреген зияллылар ордасы – Семей қаласында дүниеге келіп, осы ірі ғылыми-мәдени орталықта білім алды, өмірге жолдама алды. 3. Ыдырыс Абайдың болашақ зерттеушісі, ұлы ақынды әлемге танытқан Мұхтар Әуезовпен етene жақын араласып, қызметтес, пікірлес болды.

Кезінде қайтпағас өр мінезімен «таймае қара атанып» өмірінің сонына дейін Ф.И. Голошекінмен ұстасып откен Ыдырыс Мұстамбайұлына партия тарапынан шүйлігү аз болмады. Мұны сол кездегі Қазак Өлкелік партия комитетінің хатшысы Әзмұкан Құрамысұлы мақаласынан да көреміз: «... Мұстамбайұлының істеген қатесі жеңіл-желтік кате емес. Мұстамбайұлы партиядагы он жылдық өмірінде алашорда туралы да адасты. Сәдуақасұлы Смагұлдың жігінде де болды, троцкийшіл де болды, переселен, қазақыландыру мәселелерінде де ауа жайылды» деп айыптағы келе: «Дұрысында ешиәрсе істемейтін, ешиәрсені ойламайтындар – партия жолынан аумаушылар, кейде біздің жағдайда өз бетімен білері жоқтар, айдағанға жүре беретін құт болып шығады. Бұл қателесуден де қауіптірек, біздің жағдайда белсенді шын коммунистер қателеспей тұра алмайды» [30] деген Ы. Мұстамбаевтың сөзін көлтіреді.

Бұл тізбектеліп кете беретін, шегі жок айыптаулар, Ы.Мұстамбайұлының «партия тазалауында», «мойынына алған» алты қателігінен шығып отыр еді, ал шын мәнінде ұлты үшін туған, біртуар азбал азаматтың «бұл қателері» сол кездегі қазак елінің мұддесін қөзлеген бірден-бір дұрыс саяси бағдар болатын. Ол осы ретте: «... Мен Сәдуақасұлының жігінде болғаңда, менін алты негізгі мәселелерде қателерім болды. Бірінші қатеміз: ұлтынылдық, ұлтынылдықка түскенімізде, біз қазақтың ұлтынылдықтың оқығандарын асыра бағаладық. Содан барып, оларға біргүрлі ымыранимылдық қылдық. Қазакстандағы Европалық коммунистерге қарсы болдық, отаршылдық саясатын жүргізді дедік. Екінші қатеміз: ауылда таң тартысын ұқпагандық. Ауылдағы бай, кедей арасындағы қайшылықты бүркегендік болды. Осыдан барып, қомпескенің дұрыстығына сенбедік. Үшінші қатеміз: Қазақыландыру жайында болды. Процентпен қазақылансын, партия комитеттеріне, басты мекемелерге қазак бастық болыны дегенді ұсындық. Төртінші қатеміз: Қазақстанда өнерлі көсіптің қүштейту жайында болды. Бұл туралы Смагұлдың «большевик» журналында мақаласы шықты. Мен де сол пікірде болым. Бесінші қатеміз: Өлкелік партия комитетінің басшытығына қарсы болғынан. Партия басшылығында қыстау бар, қүштеу бар дедік. Кейібір басты коммунистерді отаршыл, не жікшіл деп айыптадық. Алтыншы қатеміз: троцкийшілдік жігінде едік. Соның кейібір пікірлерін дұрыстадық. Осы қателерімді мойынныма аламын...» – дейді [30]. Кезінде «қателік» болып есептегінен осы алты негізгі мәселенің бүтінгі тауелсіз елдің талап-тілектерінен туындағаны сөзейіз. Сол «қателіктердің» казіргі уақытта дұрыс болып табылатынын ескерсек, бұлардың барлығы да қазак ұлтының мұддесін қоздегеннен туындаған болатын.

Онын: «казактың ұлтшыл оқығандары» деп отырғандары шын мәнісінде көзі ашық, сауатты ұлжанды азаматтар болатын. XX ғасыр басында қазак елі мен жеріне отаршылдық саясаттың жүргізілгені рас болса, сол отаршылдықка ұлтшыл азаматтардың алғашқылардың бірі болып қарсы тұратындығы да заман шындығы еді. «Кәмпескенің» дүрыс болмағандығын да кеңес өкіметі құлаған соң ғана айта бағадык. Отрықшылыққа үйренбекен көшпелі елдін бары да нары да мал болса, сол малды жаппай кәмпескеудің салдарынан отызыншы жылдары жаппай ашаршылық қыргыны болғаны тарихтан мәлім. Ендеше, Ы. Мұстамбайұлының бұл айтып отырғанының да кемшілік болып табылмасы анық.

Сол жылдардағы билік басындағы жағдайды Т. Қокішев «Сәксенің ұлтжандылығы» атты макаласында: «... Осы «тапшылдықтан» ушықкан ырду-дырдудың ен мықты көрсеткіші үкімет құрамы болса керек. Социалистік автономия алған Қазақстанда қазак халқының саны осы тұста 68-70 процент болғанына қарамастан 14 шешуші қызметтің тек тортеуіне ғана қазақтар не болды. Партия ұйымының билігі былай тұрсын. Халық Комиссарлары Кеңесінің, яғни партияның дегенін орындағытын жұмысшы органдарының терағалығы түгіл, орынбасарлығы да бұйырмады» – деп анық көрсеткен болатын [31, 224]. Ғалымның бұл пікірі өмір шындығын ғана емес, сол шындықты айтқаны үшін жазықты болған азаматтардың да ісін актап алары даусыз. Себебі, ғасыр басында шешімін таптаған, арты дау-дамайға ұласқан озекті мәселенің бірі де біргесій – осы ұлттардың өзін-өзі басқаруы болатын.

Көрнекті когам қайраткері Ы. Мұстамбайұлының сол кездегі қыстау, қүнітсудің болатынын атап көрсетумен бірге, басшылық тарапынан іске асқан асыра сілтеуілікті батыл түрде айыптап отырды. Ы. Мұстамбайұлының: «білсе де. білмессе де койдай шулап, дауыс беріп отырған көпті көріп, партия жолы дұрыс. Ленин басшылығы күшті десек – ұлken адасқандық болар еді» [30] – деп аңыз болса да шындықты батыра, ашына айтқандығы да сол елге, жерге деген шынайы маҳаббаттан туса керсек. Сол үшін де Үйірғыс Мұстамбайұлы «партия жолын бұлжытпай орындаушы жолдастарды қаралайды, ...партия басшылығын қаралайды, партия басшылығына сенбейтінін білдіреді» – деп синалған болатын. Мұстамбайұлының сол кездегі айтқан: «Партия жолынан аумаушылықтың астындағы шіріген істі білмессе, мұны ісі білмейтіндер ия өмір бойы бұғаудан арылмаған аурулар білмейді. Ерте ме, кеш пе оның шірігені білінеді, бірақ оған дейін ол өзінің шірігенімен тұрмай төңірегін бүлдіреді» [30] – деген пікірі араға жылдар салып өз нәтижесін көрсетті. Оны 70 жылдан аса өмір сүрген Коммунистік партияның күлі көкке

ұшуымен түсіндіруге болады. Қаламгердің айтып отырган «өмір бойы бұғаудан арылмаған аурулары» кешегі кеңестік дәуір тұсында тілі басқа тілегі бір кеңестік одақ құрамында болған кеңестік елдердің бәрінің ұлттық ерекшелігін жою саясатынан көруге болады. Орыстандыру саясатының бір шеті қазақ елін де жайлады. Ұлт тіліне қауіп туды. Ұлт тіліндегі балабакша, мектептер жабылып, жаппай орыстандыру саясаты көзделді. Бұл да сол бұғаудың астыртын жүргізілген жымысқы саясатының бір көрінісі еді.

Ұлтжанды азаматтың елі мен жерітің болашагын ойлап, сол үшін басын құрбандыққа тіккенің оның өмір жолы мысал. Оның бір қырын белгілі журналист Н. Шәкеевтің «Мұстамбаевты тергеу стенограммасы» атты мақаласынан көруге болады. Осы тарихи құжатта қаламгердің болмыс-бітімі, табиғи тұлғасы сомдалған. ІІ. Мұстамбайұлының ісін тергеуді Қазақ автономиялық республикасының жұмысшы шаруа-инспекциясы халық комиссариатының алқа мүшесі әрі осы мекеменің секретариат мінглерушісі Титов дегенінің жүргізгендін, тергеудің барысында қойылған сұраптардың күтүркілігі және соларға кайтарылған жауаптардың тереңділігі, өткірлігі әрі жауап беруінің дунистаным, ой-өрісінің кеңдігі аталмыш құжаттың тарихи мән-мағынасын арттыра түсетініне тоқталады. Жұмысшы-шаруа инспекциясы тараپынан жасалған бұл екі тергеу мәселенің әділін, оқиғаның барысын және ненің немен шатасып жатқанын айтқан ІІ. Мұстамбаевты соттаудың (1933 жылы), сейтіп артынан атып жіберудің (1937 жылы) алдын-ала жасалған амалы, Голощекиндік құғын-сүргіннің зұлымдық айласы болғандығын біле отырып, кей жерлерінен үзінділер көлтірелік:

«...Титов: – Жекелеген қай жолдастарды айтасыз?

Мұстанбаев: – Мәселен, Голощекиннің басшылық етуінде кемшілік бар, т.т.

Титов: – Жарайды, Голощекин дұрыс басқара алмай отыр екен, алайда үйімға Өлкелік комитет, Бюро, пленум басшылық жасап отыр смес пе ?

Мұстапбаев: – Бұл айтқапызызды түсінемін. Егер сіз Өлкелік комитеттің 7-8 адамнан тұратын Бюросын айтсаңыз, онда мен мұны тек арифметикалық сан ғана дер едім, ойткені бүкіл дерлік Өлкелік комитет бір ғана Голощекин.

Титов: – Диктатор деңіз.

Мұстанбаев: – Қалай десеніз, олай деңіз. Мүмкін диктатор шығар, мүмкін басқаларды жауапкершіліктен айрып, өз дегенімен жүргізуге көндіріп алған соншама құшті жолдас, иш партия қызметкері, т.т. шығар. Әйтеуір қай жағдайда да бүкіл Өлкелік комитет Голощекиннің ашса-алақанында, жұмса- жұдырығында тұр. ...

Дұрыстығын растап қол қоюшы Мұстанбаев» [32, 30-40].

Осы жауаптардан Мұстамбастың ел алдындағы борышын адал ақтай білгендігін көреміз. Ол кездे Голошекинге қарсы шығу – басты өлімге тігумен бірдей болатын. Ендеше, ол – елінің болашагы үшін басын ерлік олімге тіге білген қайраткер.

1926 жылдың маусымында ҚазАПП-тың құрылуына Мәскеуде пролетариат жазушыларының бүкілодактық ассоциациясының (ВАПШ) құрылуы себеп болды. Алайда, бұл үйім қазақ жазушыларының арасында іріткі туғыздырыны, олардың жік-жікке болініп, топ-топ болып бір-бірімен айтысуына тұрткі болды. Қазақ әдебиетінде де пролетариат әдебиеті атанған жаңа ағымның пайда болуы сол кездегі айтыс-тартысты одан әрі қызыдыра түсуге себіп тигізді.

Жиырмасыншы жылдардағы коркем әдебиет туралы айтысқа бірте-бірте Қазақстан басшыларының бірі Смағұл Сәдуақасов, бүкіл өлкелік партия комитетінің жауапты қызметкері Шәймерден Тоқжігітов, ірі кеңес қызметкері Үйдірыс Мұстамбаев та қатысады. Тек қазақ әдебиетіне ғана емес, қазақ халқының болашағына зор әсері бар бұл әдеби айтысқа бұлар белсene араласып, оз ойларын ортаға салды. Айтыс басындағы өзекті мәселелердің бірі «ұлтшылық» атанып жүрген ақын-жазушыларға деген көзқарас болатын. Бұл құрделі мәселе өлкелік партия комитетінің сол кезде өткегі 5-6 конференцияларында да көтерілген болатын. Соңдықтан да айтыска кейін қосылған сыншылар мәселенің осы жағына баса назар аударды.

Әсіресе, Смағұл Сәдуақасовтың ұлт, ұлтшылдық туралы: «...Қазақ елі социализм жасауға кірісіп, максатына жету үшін ең әүслі өзінің ұлт екенін біліп, ұлттығын танып алуы керек... Жүсілбек пен Мұқтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп» [20] деген батыл пікірі кеңес идеологиясы басшыларына ұнамады. Мұндай бірден-бір дұрыс көзқарас алашылғы азаматтардың көпшілігінің пікірлерінде кездесіп отырды. «Ұлтшылық» атанған әдебиет өкілдерінің коркем мұрасына араша түсү – сол тұстагы ұлттық рухани мұраларымызды сақтап қалудың бір белгісі еді. Қазақ әдебиетіндегі поэзия жанрының бастауы арыда жатқалымен, проза жанрының озық ұлгісін ұлт әдебиетіндегі қалыптастырған екі алып жазушының жоғары көркемдік эстетикалық талапқа сай жазылған мұрасын арашалау ол кез үшін оңай шаруа болған жоқ. Алайда, сөз қадірін түсінген озық ойлы азаматтар осы шындықты өздері ғана мойындағы қоймай, оның сырын ұқтыруға да бар күш-жігерлерін жұмсады.

Ұлтын құлай сүйгендігі үшін «ұлтшылық» атанған қайраткерлердің елі

үшін атқарған шаруаларын біз қалай бағалап жүрміз, оларды дұрыс түсіне алдық па деген сауалдарға академик К. Нұрпейіс «Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз ағайын?» деген мақаласында жауап берген болатын. Тарихшы ғалым: «...ол (А. Байтұрсынұлы – Т. Т.) өз халқын барынша сүйген ұлтжанды ұлы тұлға болды. Кеңестік кезеңде ол алғаш рет істі болып тұрмеге отыргызылғанда, 1929 жылғы 25 желтоқсан күнгі ОГПУ тергеушісінің: «Саяси көзкарасынызда өзгерістер бар ма?» – деген сұрағына, А. Байтұрсынұлы: «Бұрын да, казір дс саяси тұрғыдан айтқанда, мен ұлтшылмын, байларға байланысты мәселені айтпағанда, осы күнге дейін алаштық көзқарастан ауытқыған жокпны» [33] деген Байтұрсынұлының пікірін келтіреді де оған өз көзкарасын білдіреді. Жоғарыда келтірлген Ы. Мұстамбайұлы мен А. Байтұрсынұлының осы жауптарына қарап отырып, олардың өздері ұстанған жолдан ешқашан да бас тартпағандығын, оны әділ жол деп қабылдағандығын тануға болады. «Алаш» партиясының құрамында болған қайраткерлер ұлтшыл деген ұғымды «өз халқын сую» деген мағынада түсінді. Алашшыл азаматтардың ойынша ұлтшылдар бүкіл ұлттың мұддесін білдіруге тиіс, яғни ұлтшылдық деген тұтас ұлтқа бакыт пен жақсылық тілеу.

Алаш азаматтарының бұл іспеттес пікірлерін көтеп келтіруге болады. Мысалы, солардың бірі, Үйдірыс Мұстамбайұлымен жерлес, пікірлес, қызметтес болған Мәнен Тұрганбайұлы озінің «Ұлтшылдық» деген мақаласында: «...Қысқасы: ұлтишылдардың мақсаты әрбір ұлттарға мәдениет кіргізіп, бакыт таңының атуына себепші болмақ. Мәдениет күшейген сон өздері-ак кісішілдік пікірін тауып алады. Ұлтшылдар әр жүргітты шиеленістіріп, қырылыштыру, өз ұлты үшін басқаларды құрбан қылу деген ойдан жырақ» [34, 37] деп айтқан болатын. Ал, осы мақаланың авторына ұлтшылдың біртуар асыл азаматтарының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы «Ұлтишылдық туралы» атты мақаласында ұлтшылдық туралы өз ойын былайша білдірген: «Абай» журналының скінші номірінде жарияланған ардакты Мәнен бауырмызыдан «Ұлтшылдық» деген мақаласына бір ауыз сөз айтқымыз келеді. Менің үғуымша ол кісі: «Ұлтшылдықтан мәдениет, мәдениеттен адамшылық туады» дейді. Бұған дәлел керек кой?! Көріп отырмыз, ұлтшылдық пен мәдениеттің ен жоғарғы басқышындағы Европа, олар адамшылық қылып отыр ма? Менің ойымша, әлі күнге шейін, асса ұлт, қалса өзімшілдіктен оза алған жоқ. Себеп не? Ұлтшылдық мәдениетті туғызса да, ақ жүрек тұгыза алмайды; Ақжүрек дегеніміз «Ұждан» (әмма жаңға маҳаббат, шапағат, ғаділет), қазақша тәмам адам баласын бауырындей көріп, жаны ашып, әділет куу. Осы айтылғандай ақжүрек кобеймей тұрып, адамшылық

жесе алмайды. Ұлтының кемшілігін толтыру, артыкты өзгелерге зиянсыз жолмен табу, ақ жүрек (ұждан) ісі. Оны істеп отырған кім бар? Және Мәнен бауырымыз: «Партиялардың бәрінің көздеген мақсаты дұрыс» – дейді. Қата қылса да енді дұрыс демесе, ақиқат біреу-ак емес пе? Менің ойымша, осы XX ғасырдың өнсер елдерінің – білімі қылған ісінен, біле тұра нәпсісіне құлдығы зор сықылды. Қорытқанда «ақ жүрек» қайтсек табылады? Қайткенде соны таба аламыз? Бар мақсат енді сонда болу керек кой. Қайса Гамның: «Пәлендей істі қылмасаң, пәлендей істен тиылмасаң, аспан патшалығына жете алмайсың» дегені әммаға бірдей ақ жүрек кой...» [35, 39]. Бұқіл шығармашылығына:

«Мейірім», «Ынсан», «Әділет»,  
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»,  
Тұп казығы: «Ақ ниет» –  
Бұл жетеуін ел қылу [237]

– сынды мәңгілік құндылықтар категориясын арқау еткен ақын адамгершілік, адамшылық категориясын жоғары қояды. Осы айтылған пікірлерге қарап отырып, алаш азаматтарының «ұлтшылдық» деген терминнің астарына үңіліп, оған өз пікірлерін білдіріп отырғанын аңғаруға негіз бар.

Ұлтшыл атанған казак зиялышарын ғасыр басында алаңдатқан өзекті мәселенін бірі – рухани мұра. Ұлттық рухани мұрамыздың үбігіні мен ертеңі жөніндегі салиқалы ойлар мен тиянакты тұжырымдарды да сол тұстағы мерзімді басылым беттерінен молынан кездестіруге болады. Сыншы, журналист Шәймерден Тоқжігітов сол кездегі саясаттың ықпалымен әдебиеттің партиялышы деген мәселелеге айрықша көңіл бөліп, әдебиет пен саясатты бір-бірімен байланыстыруға ұмтылғанымен, таза әдебиет мәселелерінде аса білгілік танытады. Шәймерден Тоқжігітовтің: «Әдебиет мәселелері» деген мақаласында еңбекшілер жазушысы, жолбике жазушы болып бөлінгенмен казақ әдебиетіне зияннан басқа пайда жоқ екендігін айта келіп: «Бұлайша бөлек іріктелудің жөні жоқ. Үйым жалпы болу керек» [36] деген нақты пікірі жузеге аспады. Оның ескі мұраларды пайдалану, оларды қазіргі кезеңнің пайдасына жарату жөнінде айтқан пікірлері де Смағұл Сәдуақасұлының ой-пікірлерімен үндестік тапкан. Ескінің жақсысынан үрлену керек, одан үлгі алу керек екендігін қаламгерлер баса айтты.

Рухани мұра жөніндегі айтыска да Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің «Көркем әдебиет туралы» [37] атты мақаласымен қомақты үлес қости. Аталған мақаласында Ы. Мұстамбайұлы көркем әдебиет туралы айтыста

ерекше көзге түскен Сәбит Мұқанов пен Кошке Кемеңгеровтің баспасөз бетіндегі айтысына тоқталып, оған төрелік айтады. Ол: «... сөздерінің басын айтыс басталғанда мұқату, кекету секілді нәрселер болмауы керек деп бастап, аяғында бір-бірімен ұрысуға айналыш кеткендігін...» айта келіп, «айтысушылардың бірін-бірі түк білмейтін мылқаусың, сенімен айтысып әуре болмаймын деп, ия болмаса сен контрсың, ойлаған ойының бәрі арамдық деп кекетіп ұрыса берсе елдің айтысудан да көңілі қалатындығын, дұрыс пікір бұғып ел алдына түспейтіндігін» [37] ескертеді. Әділ сынның болуын, бір-бірінің жеке басына емес, олардың шығармаларын сөз ету керек екенін қаламгер баса айтады. Сәбит пен Кошкениң айтысунан жеке баска тиісідің кең етек алғанын тілгс тиек еткен қаламгер оның зиянды жақтарын да санамалап көрсетеді. «Бізде Белинский, Добролюбов секілді сыншылар жоқ. Белинский болмағанымен де әркім пікірін айту керек. Пікір таласа келе шындық шығады» [37] деген пікірінен әділ сынның пайдалы екендігін түсіндірген қаламгер өз замандастарын сын шын болсын дегенде шақырады. Әділ сынды дұрыс қабылдау керек, сын айтқан адамның жеке басына тиісідің кажеті жоқ екендігін қаламгер баса айтады. Сынды қабылдау мәдениеті қалыптасқандаған сын шын болатындығын да қаламгер жадында ұстап отырған.

Ы. Мұстамбайұлының бұл пікірлерінің казіргі күнге дейін маңызын жоғалтпағанын, осы күнгі белгілі сыншыларымыздың көзқарасында да ұшырасатынын атап өткен жөн. Белгілі сыншы-ғалым, академик С. Қирабаев «Сын туралы сөз» атты мақаласында: «Белинский де, Чернышевский де, Добролюбов та таза сыншы болмағаны белгілі. Добролюбов: «Сын – ең алдымен, дүниеге азamatтық көзқарастың қазіргі кездегі өмір құбыльстары мен әдебиеттегі корінісін ашып, оны жүйелі түрде іске асрыру» дейді. А.І. Писарев: «Өмірдегі, ғылым мен әдебиеттегі басты құбыльстарды бағалап, содан туатын белгілі бір көзқарасты үнемі және жүйелі түрде тарату – біздің сын деп айтатынымыз осы» деп жазғандығын айта келіп, сын туралы ойын: «Бір жағынан, «дәүірдің философиялық санасы», екінші жағынан, «жылжымалы эстетика», міне, Белинскийдің айтуынша, сыншының кос қанаты осы болуы керек. Біздің қазак сынинда осы касиеттер әлі толысын болды деп айту қиын. Сыншының бойында осы екеуінің бірі болса, екіншісі жетпейді. Сондықтан біздің жазғандарымызда жеке шығармаларды талдау негізінде әдебиеттік немесе қоғамдық дамудың заңдылығы дәлелденбейді» [38, 134] деген болатын. Бүтінгі қазак сыншыларының бойынан қоғамдық даму мен әдебиеттану ғылыминың бірлестігі табыла бермейтіндігін сыншы баса айтады.

Бүгінгі сын деп отырғандарымыздың көпшілігі сыйыра мақтауға ден алып бара жатқандығы да жасырын емес. Мәселен, F. Мұсірепов «Қазақ батырын» жазып болған соң сол шығармаларға айтылған сындарды түгел кабылдап, кейін оны «Қазак солдаты» деп жазып шыққандығын баса айтуға болады. Осындай мысалға M. Әүесовтің «Абай жолы» романы да мысал. Қеңестік дәуір тұсында жазылған шығармалардың дәні осындай сындардың салдарынан көптеген өзгерістерге сингені әдебиет тарихынан белгілі. Ендеше, әділ сынның ақын-жазушылардың қаламын үштап, канатын қатайтуына қөмегі зор екендігін сыншы дұрыс көрсете білген.

Әдебиеттің айтылған мәселелерге кеңірек тоқталу, тереңірек талдау жағы бізде ойдағын болмай, көңілден шықпай жататыны рас. Бұл жерде сыншының білімділігімен қатар, оның дүниежүзілік әдебиеттен те хабардар болуы шарт.

Жиырмасыншы жылдар әдебиеттің дамуына сыншыл реализмнің ықпалы болғанымен, кеңес өкіметі тарағынан шықкан сыншыл реализм әрі қарай басқаша дамыды. Белгілі кеңес теоретигі Л. И. Тимофеев: «Сыншыл реализм – дамудың капиталистік стадиясына тән, ол қоғамның тарихи қайшылықтарын зерттең, коркем бейнелейді, оның сюжеттік, характер жасау, тақырыптық дәрежесі де солармен байланысты болады» деп жазған болатын [39].

Сондықтан да қеңестік заманда ескілікті сынай жазған шығармалардың өзін төңкөріске дейінгі реализмнің үлгісімен салыстыруға болмайды. Мүмкін, бұл сыншыл реализмнен үлгі алған болса да, нағыз сыншыл реализмнің өзі емес.

Дегенмен, сол кездегі сынға қойылатын талаптың көптігінен оның дұрысы да, бұрысы да кездеседі. Кейде әдебиеттің нәрсіздігін сынмен де байланыстырады. Сынның қоғамдық жоғарғы деңгейі, ең алдымен, әдебиеттің сапасына да қатысты.

Академик С. Қирабаев сын туралы өрелі ойын былайша жеткізеді: «Сын – жүйелі жазылған әдебиет тарихы емес. Сондықтан да ол әдебиет фактының бәрін қамтып, оған баға беріп үлгере де алмайды. Қазіргі басылып жатқан кітаптардың молдығы сын мүмкіндігімен сәйкес емес. Сондықтан сыннан бәрін күту, барлық кемшілікке сынды қінәлі санау ойға кона бермейді» деп, «әдебиет сияқты, сын да рецептеннән жазылмайтынына» [38, 128-129] назар аударады. Өйткені, сын негізінен әдебиет пен өмірдің бір-бірімен озара байланысын тағдай отырып, шындықты ашуға, осы жолдағы әдебиеттің әдістемелік, теориялық негіздерін дамытуға үлес косуы тиіс.

20-жылдары қазақ әдебиеттің сыншылары кімдер екендігі, кандай бетті әдебист үстем болатындығы туралы пікірталасқа әркім өз

көзқарасын білдіріп жатты. Сәкен Сейфуллин бұған: «Қазақ әдебиеттің көркемсөз жазушылары қандай болса, сыншылары да сондай...» [40, 189-190] деп жауап бере келе, соңғы бір екі жылға дейін қазақ әдебиетінде ұлтшылдық, байшылдық бет зор болып, үстем болып келгендей түсінік күйінде.

Сондай-ақ, С. Сейфуллин көркем әдебиеттің келешегінде көз жібереді. Ол: «Қазақтың көркем әдебиеттің болашағы кімдікі?» деген саяулға өзінше жауап беруге тырысады. «Қазактың көркем әдебиеттің болашағы еңбекші таптікі. Еңбекші тап үкімет нығайған сайын еңбекші тап партиясына кіруге сұранушылар, совет құрылышының катысушылар көбейіп келеді. 1917 жылы большевиктердің кекетін сөгушілер, енді большевиктер басқарған еңбекші тап үкіметі күштеген сайын большевик партиясының ықпалына жүгірудің көбейтіп келеді» [40, 189-190] деген пікірінен оның біржакты таптық тұрғыдағы қозқарасы анық антарылады. Бұл – әрине, сол тұстағы әдебиеттің шындығы. Көркем әдебиетке талап пен шектеу күштегенне! кейін қазақтың акын-жазушылары еріксізден большевиктер партиясының сойылышын соққаны мәлім.

Сол кездегі саясаттың ықпалымен бұрынғы омір сүрген казак ақындарының шығармалары халыққа жат деп танылғандыктан, жиырмасыншы-отзыншы жылдардың бас кезінде «пролеткультшылардың» мәдениет пен әдебиеттің жаңадан, тыңдан жасаймыз деген теріс теориялары қалыптасты.

Алайда, сын туралы онды пікірлер де айттылып, өздерінің көзқарасын дұрыс жеткізе білген сыншылардың да болғаны белгілі. Смағұл Сәдуақасов: «Сын мидың жануы. Сын ойларды қосып, адамның пікірін кайрап отырады. Сынсыз жазылған сөз, қайралмаған пышақ сықылды» [41] – дейді сын туралы пікірінде. Қаламгердің бұл пікірі әділ сынның шығарманың көркемдік сапасын арттыра түсуге көп ықпал ететіндігін анғартады. Осы ойын ол сынды қайракқа балай отырып түсіндіреді. Дерексізде деректі затпен корсете отырып, сынның атқарар қызметін жеткізе білді. Ендеше, ақын-жазушыларын қаламын ұштайдай түсетіп де сол сын екендігі анық.

Әділ сын туралы енді бірде ол: «Бұқара қазақ өз алдына, біздің жазушыларымыздың көбі сыныңды карсылық сөз деп үфады. Егер біреуге бірсе сын жазса ол екеуі араз екен, кас екен дейді. Әрине, бұның бәрі жете білмегендіктің белгісі» [42] – дейді. Оның осы пікірлерінің өзі-ақ әдеби сынның атқарар қызметі мен көтерер жүгін аша түсері даусыз. Әдеби сынды дұрыс кабылдай білмегендіктен де Сәбит пси Қошке бірінің жеке бастарына тиіспіл, сынның кадірін кашырған болатын. С.

Садуақасұлы қазак ақын-жазушыларының сыйнды дұрыс қабылдауын талап етеді. Көркем шығарманың куатын көтерстін сүн екендігін де ол кайта-қайта еске түсіріп отырады.

1920-жылдардағы кеңестік идеологияның құрсауында болған қазак әдебиетіндегі идеялық-көркемдік ізденістер мен бағыттарды беғлістік атаулар, атап айтқанда, байшыл, ұлшыл, буржуазияшыл, ескішіл, алашишыл дегендей толып жатқан даттаушы атаулармен бірге тапшыл, төңкерісшіл, марксшіл, және т.б. атауларды қолдану орын алды. Осының бәрі, сол кездеңі жүргізілген солақай саясаттың ықпалымен туындағаны тарих дәлелдеді.

Қазақсовет әдебиетінің негізін салушы Сәкен Сейфуллин де тоңкерісшіл ақын есебінде ұлттық әдебиетке тұнғыш рет жаңашылдық рух кіргізін, қазак әдебиетінде лениндік ұстанымдарды ұстанды. Бұл бастаманы Б. Майлин, И. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов т.б. шығармашылығы толықтыра түсті. Сол дәүірдегі қазак кеңес әдебиеті туралы академик С. Кирабаев: «Жұмысшы табының мұдесіне қызмет ету совет әдебиетін коммунистік партияның халықтың азаттығы жолындағы құрес туының астына тоғтады. Әдебиет Ленин көксең партиялық істің белінбес белігіне айналды. Кеңес жазушылары казір партияны коммунистік қоғамның жаңа адамын тәрбиелуе ісіндегі көмекшілері саналады» [38, 11] дей келе, бұл пікірін 1954 жылы кеңес жазушыларының екінші съезінде кеңес жазушысы М.А. Шолоховтың айтқан: «Біз туралы, совет жазушылары туралы шетелдердегі өшіккен дүшпандар бізді партияның айтуымен жазады дейді. Мәссле одан ғері басқашалау, біздің арқайсымыз өз жүргіміздің айтуымен жазамыз, ал біздің жүргіміз партиямыз беру тұған халқымыздық» [38, 11] деген сөзімен сабактастырады.

Коммунистік партияның әдебиетке деген ықпалын Сәбит Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» деген мақаласынан да кездестіреміз: «Қазақта жігі ашылған екі таптың жазушылары бар. Бірсүі – еңбекшілер, екіншісі – байшылдар. Бұл екеуі біріне-бірі өмірінде косыла алмайды. Байшылдардың азырақ есі барлары олөтінін біледі де, шірс-шөрелікке айналып, бізге жақындейдайды (Жұсінбек сықылды) қысқасын айтқанда, қүшейіп келе жатқандар да, келешегі қүштілер де қазақтың еңбекшілерінен шыққандар» [43, 196] деп, әдебиет ұйымынан ғері партия үйымдарының қүштілігіне сенім білдіреді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы да әдебиет туралы пікірталастарға белсене араласып, саясаттың ықпалымен айтылған кейір көрітартпа сыйндарға тойтарыс бере отырып, өзінің саяси сауаттылығын танытады. Әдебиеттануда да оның терең белімділігі, аса парасаттылығы, дүниестанымының кеңдігі байқалады.

Соңғы мезгілде айтыс қозғаған кейбір қателері мен кемшіліктеріне тоқтала келіп, Үйдірыс Мұстамбайұлы, ең алдымен «Қазак елінің көркем әдебиеті қашаннан басталады?» деген сұраптан бастайды. «Бұл күнге шейін бұл саяул қақында бір жерге тоқтаған пікір жок. Әке-шешесі. тарихы жок әдебиет бола ма екен! Елдін әдебиеті болса да, көркем әдебиеттің кандай дәуірін алсан да, өзінің жеке тарихы болады. Кошкенің сөзінің ішінде көмекі жері көп» деп, алдымен К. Кеменгерұлының «Көркем әдебиет туралы» макаласындағы [44] пікірлеріне тоқталады.

Кошке Кеменгеровтің қазактың бұрынғы халық ауыз әдебиетінің жайын айта келіп «орыстың отаршылығына карсы ұлт әдебиеті туды» және «ұлт әдебиетінің 17 жылдық дәуірі бар» деген пікіріне өзінің келіспейтіндігін білдіреді. ІІ. Мұстамбайұлы ұлт әдебиетінің бастауы ауыз әдебиетінде жатқанын анық аңғарады. Ол сол үшін де К. Кеменгерұлының ұлт әдебиетінің 17 жылдық тарихы бар деген пікіріне карсылық білдіреді. К. Кеменгерұлының айтып отырганы Қазан тоңкерісінен кейінгі казак кенес әдебиеті екендігі де рас. ІІ. Мұстамбайұлы сол үшін де бұл пікірге келісе алмайды. Ол: «... Кошкенің бұл сөздері қазак әдебиетінің ұлтшылдық дәуірінен 17 жыл дегені ме, жок ұлт әдебиетінің барлық тарихы 17 жыл дегені ме, анық емес, жок болмаса қазактың көркем әдебиетінің өзі ұлтшылдық арқылы туады ма... Анығында Кошкені туисуң қыын» [37] деп өз пікірін ашық жазады. Ол Кошке мен Сәбиттің макалаларын талдай отырып, Сәбиттің де пікірлеріне косыла бермейді. С. Мұқанов көркем әдебиетіміздің басы жүз жыл бұрын басталатынын айта келіп, қазактың соңғы жүз жылдағы әдебиетіне өзге халықтың әсіресе он тоғызынышы ғасырдың аяғы, жиырмасынышы ғасырдың басындағы орыстың төңкерішілдерінің әсері болғандығына тоқталады [37].

С. Мұқановтың пікірін келтіре отырып, Үйдірыс Мұстамбайұлы оған қарсы: «Сәбиттің бұл сөздерінің бәрі де жаңылыскандық... ұлт тарихының болсын, не көркем әдебиет тарихы болсын, мөлшерлеп айтуға болмайды, не нәрсенің болса да тарихын тексергенде шұбаландағып 100 жыл, 200 жыл деп дәлелсіз құрғак сөздерін айта берсек, онаи тарих та шықпайды, диалектика да табылмайды» [37] деп жауап қайтарады.

Үйдірыс С. Мұқановтың қазак әдебиетінің санын жүзге толтырып койғандығына баяғыда мұнан жүз жыл бұрын жер ауып айдалып келген Зелинский деген поляк ақыны қазак туралы, қазактың халин ойлап өлең жазғандығымен байланыстыратындығын айтады. Екеуінің де пікір таластырып отырғандары қазак ауыз әдебиеті де емес, көркем әдебиет туралы болып отыр.

Кошке мен Сәбит арасындағы дау тудырган мәселенің бірі – поляк ақыны Г. Зелинскийдің «Қазақ», «Дала» поэмалары туралы болғаны

белгілі. Кошке ол шығармалардың казак өмірінің көркем шығармадағы көрінісі десе. Сәбит онда казак тұрмысынан ештеме де жоқ деп келіспейді.

Поляк ақынының осы шығармалары жөнінде әдебиеттер байланысын тұралты зерттеген әдебиеттанушы ғалым Ш. Сәтбаева: ««Поляк әдебиетінің тарихындағы» Г. Зелинскийдің өміrbаяны мен творчествосы туралы бөлімде оның «Қазак», «дала» поэмалары арнайы зерттеліп, идеялық көркемдік қасиеттері жоғары бағаланды. Онда «Қазак» поэмасының сәтті де әсерлі шығуы «ең алдымен материалының сонылығы, пейзаждары мен тұрмыс белгілерінің жаңалығы, кейіпкерлерінің іс-әрекеттері мен негізгі конфликтінің (махаббат пен қанды қек парызы) дәлелді, кейіпкерінің – қазактың, даланың бостандық сүйгіш ұтының, сезімдерінің шынайылығына байланысты» деп көрсетілді. Варшаваның «Роланса» баспасы шығарған Г. Зелинский жинағының «Қырғыз» және басқа халықтар өлеңдері» деп аталуы да ақын творчествосында казактар туралы жазылған дастандардың қаншалық бағасы барын көрсетсе керек» [45, 79] деген болатын. Ғалымның осы пікіріне қарағанда поляк ақынының шығармасына казак тұрмысы арқау болғаны анық. Бірақ, бұл шығарма казактар туралы жазылған поляк ақынының туындысы болғандықтан оны казак әдебиетіне алып келіп қоса алмаймыз. Кошке мен Сәбиттің осы шығарма туралы келісе алмағанын білген Ы. Мұстамбайұлы да сол шығарма жөнінде өз пікірін білдіреді.

Әр халықтың ауыз әдебиетінің тарихын айыру оцай емес. Өйткені, әр халықтың ауыз әдебиетіне басқа көршілес елдердің әдебиетінің зор әсері болады. Ол жайында Үйдірыс: «Бірақ, біздің халық әдебиетімізге келсек бұған көбінесе әсер берген орыс әдебиеті де емес, XIX-XX ғасырларда болған орыстың тәңкөрістерінің де әсері аз. Біздің казак әдебиетімізге коп әсер берген күншығыс елдер әдебиеті. Орыс әдебиетінің, не орыс ішінде болған тәңкөрістердің тіпті әсері болмады деп айтпаймын, бірақ күншығыс елдерінің берген әсеріне қарағанда тіпті аз. Бұл күнге шейін казактың не бір ертегісінде, не бір олеңінде айтылмай жүрген орыс ішінде болған көтерілістер қалайша әсер берген болады» [37] – дейді. Ұлт әдебиетінің бастау көзі туралы Ы. Мұстамбайұлы пікірі көнілге конымды. Ол осы пікірі арқылы Кошке мен Сәбиттің пікірлеріне төрелік білдіреді. Шындығында да, Ы. Мұстамбайұлы айтқандай, күнбатыс елдерінің өркениетке жетуіне күншығыс елдерінің әсері аз тимегені бүтінгі күні мәлім болып отыр.

Күнбатыс және күншығыс елдері туралы 20-жылдары көркем әдебиетте Смағұл Садуакасұлы да қalam тартқан болатын. Смағұлдың «Күнбатыс Һәм Күншығыстың бостандық жолында күрестерінің

тариҳы» атты Еуропа мен Азия елдерінің ұлт азаттық көзғалыстарын талдаған ғылыми танымдық туындысы 1923 жылы «Жас қайрат» газетінде жарияланған [46].

Смағұл Садуақасұлының аталған макаласы жайында ғалым, профессор Д. Қамзабекұлы өзінің «Смағұл Садуақасұлы» атты еңбегінде қаламгердің Күнбатыс елдерін соғыс өртін тұтандырушы отарышы ретінде, Шығыс елдерін езілүші, отаршылдықка карсы тұрушу елдер катарында қарастыратынын, оның пікірінше, Күнбатыстың бостандық жолындағы күресі таптар арасындағы күрес, яғни әлеуметтік тенденция үшін күрес, ал Күншығыстың бостандық жолындағы күресі – отаршылдарға карсы күрес, ұлт азаттық жолындағы тәуелсіздік үшін күрес екендігін. екеуінің арасындағы айырмашылықты ашып талдағанын айта келіп. С. Садуақасұлының сезінен мысал келтіреді: «Күншығыс баяғы есқіғасырлар заманындағы дәүірінен айырылған сон. соңғы уақыттарға шейін кемдік көріп келді. Оя қорлыкты, зорлыкты көбіне батыстан көрді. Сондыктан Күншығыстың зорлықка карсы күресі өзінен-өзі Европага карсы күрес болып цыкты. Күншығыстың күресі – ұлт күресі, ұлт бостандығын алуды үшін тартыс болды» [47, 194].

Бұл туындыда Күншығыстың күресін баяндағанда, Жапония, Кытай, Үндістан, жақын Күншығыс, оның ішінде Түркия елдеріндегі әлеуметтік жағдайларына жеке-жеке тоқталады. Аталған әр мемлекеттің ұлт азаттық көзғалысынан айтарлықтай мағлұмат береді.

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Көркем әдебиет туралы» [37] атты макаласында қазақтың халық әдебиетінің тарихы Зелинскийден де бастилмайтынын, әр елдің ауыз әдебиеті озімен бірге туын өссетінін, тек біздің есқі әдебиетіміздің жиналмaghanдығын, көбі жоғалып кеткендігін шарапта ала отырын, Сабиттің пікіріне былайша тоқталады: «Енді көркем әдебиетке келсек мұнның тарихын неғұрлым әрман аластаратып 100 жылға апарып қойғысы келген Сабиттің бір инеті болмас па? Сабиттің айтқан сөздерінде басқа долел жок, әдебиет смынына шеберлік керек. Әдебиет жайында шорқақтың бірі өзіміз. Сойтес де біреудін катесін көрген сон түзегіп, үсініе беруді мойынға алдық. Қате адамның бәрінде де болады. Сонда да осын арада Сабиттің катесін зор десек. Сабит аныланбае» [37] деп ыдырыс өзінің таза иғызымен сүи айттып отырғанын билдіреді.

Ыдырыс «біз тұтіл орыс елін алеақ олардың ұлт әдебиетінің тұғанына Пушкиннен бастағанды міне жаңа ғана 100 жыл туын келеді» деп әдебиеттің әр түрлі дәуірі беңтілі күшті акындардан басталып саналатындығын атап отеді де, «... Сондыктан біз қазақтың ұлт әдебиеті Абай заманынан басталады деп айтудың жолдастарға қосыламыз» [37] деп

өзіпің шакты көзкарасын білдіреді. Эдеби сынга қатысқан қаламгерлердің «ұлт әдебиетін кімнен бастаймыз?» деп көтерген өзекті мәселесінің негізі казак жазба әдебиетінің көшбастауын кімнен алу екендігі аян. Олардың ұлт әдебиеті Абайдан басталады деп тошылаулары да сондықтан. Абайдың аржагында жатқан жыраулар поэзиясы мен ауыз әдебиеті үлгілерінің мол екендігін білгенмен, олардың қисынын келтіре алмаған қаламгерлер ұлт әдебиетін Абайдан бастауды жөн санайды.

Сондықтан да Ы. Мұстамбайұлы: «... Қалайша Абайдан басталады, басқа біреуден неге басталмайды. Абай сондай акын ба еді, Абайдан бұрынғы әдебиет қандай еді, әдебиетімізге берген Абайдың әсері қандай?» деген сауалдар тастанады. Ол сол сауалдарға шама-шарқынша жауап беріп те көреді: «... Абайдың акындық жағын алсақ, қазак слінің тұғыш шын акыны Абай. Онан бұрынғылары «Көжебайлар». ... Абайдан бұрын көркем әдебиетіміз қандай екені елге мәлім. Бір ауыз сөзден жоқ деп жауап беруге болады. Бар болса тек әр түрлі қиссалар не әлде әдебиетке қосыла алмайтын Көжебайлар болатын» [38]. Осы пікірінде ол көркемдік эстетикалық талапқа сай дүниелердің бастауы Абайда жатқанын баса айтады. Оның аржагында да әдебиеттің болғанын білгенмен, таза көркемдік талапқа сай дүниелерді Абай шығармасынан ғана таба білгені анық. Сондықтан да Абай қазақ поэзиясының негізін салушы болып саналады.

Сәкен Сейфуллин көркем әдебиетке жалғыз-ак Маркс қағидасын, еңбекші тап жолын тұтынған адам ғана дұрыс баға бере алатынын, «әйтпесе кез-келген қолына қалам алғып, сөздерін ептең сырлаған болып жаза берген кісі тұрмыстың түрлі түйіндерін, оның ішінде әдебиет түйінін дұрыс шеше алмайды» [40] деген көзқарасты ұстанады.

«Қазақ әдебиеті қалай туып, қалай осіп, кімнен ұлті алғып келеді?» деген риторикалық сұрап бере отырып, оған өзі былайша жауап кайырады: «Қазаққа хат үйреткен Мұхаммед діншілері, шеттеп келгін мұсылман саудагерлер. ... Бері келе тұрмыстың өзгеруіне қарай, ноғай халқы мәдениет ретінде талпына бастап, ұлттық сезімі зорайды. Қазақ тұрмысының, казақ шаруасының өзгеруіне қарай және 1905 жылғы тоңкеріс дүмпуімен казақ әдебиеті де, аздаң болса да, ұлттық әдебиеті де, оған мысал ретінде «Міржакыптың «Оян, қазағындағы», – «казақтың қандай еді маныншаты ... мағрипatty, рахаты», дегендегі, «Әпендей» дегендегі, Магжаниның «Шолпанындағы» Тоқаевқа еліктеп жазғандары бұған долел» екендігін көлтіреді.

С. Сейфуллиннің ойынша қазақ орысқа бағынған соң-ақ сарт, ногаймен қатар, қазақ әдебиеті орыс әдебиетінен де нұсқа ала бастаган, бірге-бірте

орыс мәдениеті қазақ халқына жайылған сайын орыс әдебиетінен үлгі алу күштеген. Келе-келе орыс үкіметі қазақтың тұрмыс билігін алғып орыс мәдениеті үстемдігін зорайтып, сарт, ногай молдаларын тықсырып, қазақ арасынан тайдыра бастаған. Орыска алдымен жанаасқан қазақтың билері, ақсүйек дүмділері болғандықтан, орыс әдебиетінен ең алдымен Абай тәрізділер нұсқа алған. Яғни, қазіргі қазақ әдебиетінін үлгісі орыстікі болып саналады.

Ал, Ыдырыс Абайдың әдебистік ессеі мол болғандығына толығырақ тоқталады: « ... «Оян, қазақ» деп, «Сары маса» деп бастап соңғы барлық белгілі ақындарымыз үлгіні Абайдан алды. Кейінгі ақындарымыздың көбі орыша оқығандардан шықты. Эрине, олар да ниеттің негізгі жолдарын, әдебиеті бай орыс жүртynан көріп үйренді. Бірақ қазақтың сұлу тілімен өлең жазуды Абайдан үйренді. Жас жазушыларымызға пішін, сұлулық жағынан Абай әлі де болса үлгі болады. Көп жолдастар Абайдың атын бүркей береді. Бұл тарихи қиянат. ... Ұлтшылдар Абайды жақсы көреді деп Абайды, Абай демеуге бола ма? Ұлтшылдар «Күн козғалмайды, жер айналады деп айтады еken деп бізге жер айналмайды деу жон бе? Екінші, Абайды жуан атадан деп үркетіндер бар. Бұл бізге ұт. Абайдың тұмысы бай болғаны, оның ақындығына таңба сала алмайды» [37]. Каламгердің осы пікірі оның көркем шығарма табиғатына терең бойлай білгендейгіне мысал бола алды. Ол Абай шығармасына таптық тұрғыдан қарауга басы ашық қарсы. Ол ауқатты ортадан шыққанмен, оның ортасы көркем шығармаға кедері бола алмайды деп сол тұстагы солақай сыншыларға батыра соккы береді. Рухани мұра, Абай мұрасы туралы көреғар пікірлердің өршіп тұрған шағында айтылған Ы. Мұстамбайұлының осы бағасы – көркем шығармаға сол тұста берілген әділ пікірлердің бірі. Абайдың қазақ поэзиясын мазмұн мен түр жағынан байытканын саралай білген қаламгер оның қазақ поэзиясына алғып келген жаңашылдығын тілге тиек етеді. Абай шығармаларының көркемдік кестесін тани білген қаламгер өзінің білікті де білімді пікірін мойындана білді.

Орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский жалпы ақын туралы пікірін былайша таратады: «... Кімде-кім жаратылысында дарынды, талантты болса, сол ақын болады. Бірақ ақындық таланттың да шама-шарқы бар, ол әркімде әр түрлі, әр дәрежеде болады. Бір ақынның таланты, шабыты шампан шарабы сияқты құлпырып, быжылдан, кайнап, көбіктенеді, адамды тез есіртіп, тез басылады.

Екінші ақынның таланты, шабыты жиектері жайнаған көк орай шалғынды таза, мөлдір өзен сияқты ағып жатады.

Үшінші ақынның таланты, шабыты Ниагр ұшан сұы тәрізді тулас, толқындаپ, сарқырып, көбік шашып атқылап тұрады.

Төргінші ақынның таланты, шабытты киыры жоқ, түбі жоқ, бетінде күмбез аспан дүниесі: ай мен құн, жыптырлаған жүлдүз, түнерген, нажағай атқан бұлт бейнесі көрініп тұрған, толқындары әрқылы қайықтарды, алып кемелерді айдаң бара жатқан, тұңғының, жұмбақты түбі неше тұрлі, іріл-уакты жәндіктер дүниесіне, інжу, маржан ормандары мен ақық, седеп тауларына толы, мейлі жайшылықты болсын, мейлі дауылды болсын, әрі заулем, әрі салтанатты шалқып жатқан мұхит тәрізді» [48] дейді.

Белгілі абайтанушы Б. Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» атты еңбегінде, Абайды сынышы В.Г. Белинскийдің тортінші ақындары қатарына жатқызады: «Абайды, ойланып тұрмай-ак, ұлы сыншы келісті етіп бейнелеген төртінші ақын қатарына жатқызуға, Абайдың ақындық таланты, құші, поэзиясы сол ақын құрамадас деп айтуға болады деп білеміз» [49, 68].

В.Г. Белинский ақындықтың басты ерекшелігі туралы: «Ұлы ақын озі туралы, өзінің жеке басы, «мені» туралы айтса, ол жалпы көшілік туралы, бүкіл адам баласы туралы айтқаны; өйткені ұлы ақынның тұлғасында жалпы адам баласына тән қасиеттің бәрі де бар, болады» [50, 148] деп жазады.

Белгілі ғалым, профессор Мекемтас Мырзахметов М. Әуезовтің жиырмасынышы жылдар басында-ак өз зерттеулерінде Абай мұрасының рухани нәр алған үш саласы жайлы жаза бастағанын, 1945 жылы ұлы ақынның жүз жылдық мерей тойында Қазақстан Жазушылар Одағының салтанатты пленумында жасаған баяндамасында: «... асыл ойдың жемісі болған ақын мұрасына қарасақ, ол бір қазақ халқының көп ғасырлық қасиетін бойына жиған ерекше бір қазынадай. Онда дана ақынның өз халқының және жалпы адам баласының өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп төркіні барын байқаймыз.

Бұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып сақтап, өсіріп келген өз даналығы...

Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен нәр, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті ...» [51] деп өзіндік байламды ой қорытқанын айтады. Міне, абайтанушы ғалымдардың осы пікірлері ХХ ғасыр басында Абай мұрасы жөнінде Ы. Мұстамбайұлының айтқан пікірінің дұрыстығын растайды.

Ыдырыс өзінің «әдебиет – тап құралы» деген қисынды жақтайтынын білдіре келіп, «Көркем әдебиет туралы» деген мақаласында Кошкенің бұл мәселеде ашып ештеңе айтпағанын, оның мақаласының ішінде:

«таптар ісінің қаруы» деген пікірге жанасатын бір сөзі жоқтырын, басқа мысалдардан келтірсе де бұл пікірден шегіншектей жүретіндігін сөз қылады. «Анығында Жүсіпбек те, Қошке де Маркстің шаруашылық негіздерін шолып айтқан (экономическая теория) сөздерінен мысал келтіріп отыrsa да, бірак, Маркстің пәлсапасының ішіндегі тап тартысы жайындағы айтқан төңкерісшіл қисының (теория революции) білмейді, ескермейді. Не білсе де, айтпайды. Танығысы келмейді» [37] дейді. Қаламгердің осы пікірі – оның философия, әдебиеттану ғылымдарын тен игергейніе, теориялық білімін практикамен ұштастыра білгеніне айғақ.

Ал, Сәбиттің акын кім, оның таланттын қалай анықтау керек деген мәселеде нактылы пікір айта алмағаның, тақырыптан ауытқып кете беретінін сөз етеді: «...Сәбит керекеіз сөздерді айттып кетті. Сәбиттің қателері мынау: Сәбиттің талант туралы, талант органың жемісі деген сөздері дұрыс, бірак, сол пікірден шығып мынандай сөздерді айтты: «ақын сөзіне ақын болса, ақынға былғары илеп беретін иші өзінің илейтін иіне ақын, арбаши әшабаттын ағашына ақын, техник салатын үйіне ақын, Маркс шаруа ғылымына ақын, қойшы кой бағуға ақын, егінші жыртатын жеріне ақын» мұның алдында айтатыны «ақынның бар қасиеті сөзді ажарлай білуде, жалғыз ажары сөз берін тіршілік етуге болмайды».

Сәбиттің қателіктерін көрсете келіп Үйдірыс «Сәбиттің бұл сөздеріне қарсы көп дәлелдер керек емес. Рас ақынға үйрету, тәрбие көру керек шығар, Маркс шаруа қоғам тұрмысының ақыны шығар: Бірак, ішінде кең бұқарашибылық, нағызындық жолымен жазылған нәрсе Қартқожа» [37] дей келе, сынның кемшілігіне тоқталып өтеді. Ы. Мұстамбайұлының осы пікірінен оның Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығына әділ баға бергенін атауға болады. Жазушының «Қартқожасының» қазақ әдебиеті үшін қаңдай табыс болғаны соғығ он-он бес жыл бедерінде жап-жақсы айтылды. Өмір шындығын шынайы бейнелей білген бұл шығарма – сол тұстағы қазақ әдебиетінің негізгі табысы еді. Ы. Мұстамбайұлы эпикалық ұлғіде жазылған шығарманың көркемдік кестесі мен оның қазақ әдебиетіне алып келген жаңалығын тащи білді. Сонымен бірге Үйдірыстың әдеби ағымдарды жіктеудегі көзқарастары да көңілге қонымды. Ол «бұқарашибылдық» және «кедейшілдік» бағыты жағынан Қошкеге жақындаі түседі.

Осы тұста козғе түскен мәселенің бірі – қазақ әдебиетіндегі саяси бағыт туралы пікірлер. Бұл мәселе жөпінде де әртүрлі пікірлер айтылып жатты. Сәкен Сейфулин «казақ әдебиетінде саяси бетін – байышыл, ұлтшыл және енбекші, тапшыл» деп екіге бөледі де, байышыл, ұлтшыл бетті әдебиетшілер, мәселен: А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев,

Ә. Бекейханов, М. Әуезұлы және басқаларды, ал еңбекші, таңышыл бетті әдебиетшілерге Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, сыншы ретінде Әбдірахман Байділдин, Фаббас Тоғжанұлы және басқаларды жатқызады.

Әдебиеттің бұл екі айқын бетті жазушыларының арасында бірен-сараң шөре-шөре жазушылар бар екендігін айтқан оның, олар жөніндегі пікірін толығырақ көлтіргенді жон көрдік: «Бұларда айқын бет жоқ. Кейде о жаққа, кейде бұжакқа ауысып жүреді. Бірақ, бұл азғантай шөре жазушылар жыл санап еңбекші тап жағына үйіспө келеді. Әсіреле, осы күні әбден еңбекші тап жолына түскен шебер акын Мәжит. ... Ал біразы октябрь толғағынан туғандар. Мәселен Сәбит, өлген Шолпан қызы және басқалар. Ал, көбі әуелде октябрьді мақұлдамай. октябрьге сенбей соңынан октябрь әміріне мойынсұнып келгендер. Және бұлардың кейбіреулері әуелде октябрьге қарсы әрекет қылғандар, бірі октябрьге әуелде қатыспай шеттеп қарал қалғандар, бірі ә дегенде октябрьге түсінбей қатып, теріс ізге түсіп кетіп барып, тұра жолға келгендер» дейді [40]. С. Сейфуллиннің осы пікірінен оның жіктеуі тікелей таптық тұрғыда болғандығы көрінеді. Ол ауқатты ортадан шыққандардың бәрін де ұлтшыл әдебиет өкілінә жатқызады. А.л. еңбекші таптың әдебиетін кедей, шаруа отбасынан шыққандар гана толықтырады.

С. Мұқановтың да қазак әдебиетіндегі саяси бағыт туралы пікірі С. Сейфуллиннің пікірімен үндес: «1. Еңбекшілдік бағыт. Бұлар қазактың еңбекші табын сүйеді. Кенес үкіметін, кәмөнес партиясын жақсы қореді. Ұлтшылдыққа да, отаршылдыққа да қарсы. Кенес үкіметі мен казак еңбекшілерінің тағдыры байланысты...

2. Кенес үкіметінә қарсы бағыт. Қазакта тап бар деп түсінбейді.

3. Шөре – шөре. Оларда тиянакты пікір жоқ. Құш кімде болса, оның тілегі сонда. Кенес үкіметін тамағы тойса, жақсылайды, тамағы ашса, жамандайды. Бір күн байды жырласа, бір күн келейді жырлайды. Әрине, бұлар оншыл, ұлтшылдардан көп пайдалы... Жақсысын аламыз. Жаманын тастаймыз» [43, 189]. Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың саяси бағыт туралы пікірлері ортак. Олардың екеуі де кенес үкіметін жактаушылар мен оған қарсышарды скі топқа беледі де арасындағыларды «шөре-шорелер» деп айдарлайды.

Қазіргі қазак әдебиетінің жай-күйі қандай? Оның ұстанған бағыты қандай болу керек? – деген сауалдарға Ж. Аймауытов та өз пікірін білдіреді. Ол: «қазак асарын асан, жасарын жасаған, мәдениеті көпей ел; табиғат сырына ақылы жетін болмаған, бақташи, диханши ел; дін тұманынан әлі арылмаған ел; жан жүйесі, ой жүйесі, рух әлемі жана қалыпта әлі қалыптанып жетпеген ел ұлтшылдық сезімі кемеліне

келмеген ел; тапшылдық әлеуметшілдік інірін жаңағана естіл отырган ел. Өткендеі хандарын, билерін, батырларын жырлаған, ақыл-ой ертегімен, қиссамен, қиялемен суарылып келген ел; ескі оқиметтің зорлығын көріп, жерінен, еркіндігінен айрылған ел; сондыктан казак әдебиетінің бұл қүнгі бағыты көбінесе, сарындаамалық, кала бересе, нағыздық бағытта болуга тиісті, осы қүнгі азды-көпті әдебиеттегі табыстарымыз осыны көресетеді (мысал келтіріп жатуға орын тар), бұл бағытта ешкім кесін-пішіп бермейді. Ешкім мына бағытты алсын деп күштей алмайды, оны түрмые, тарих ағымы өзі белгілейді. Сыншының міндеті: барды бар, жоқты жок деу; бұлай болса тәуір болар еді деп, тузеу, жөн сіятеу, жазушыға жөрдемдесу» [52, 247] – деп сыншыға міндет жүктейді. Ол сол тұстагы казақ елінің әлеуметтік жағдайының көркем шығармада шынайы корініс табатынын айта келіп, ақын мен жазушыға бағыт беру, оларды тұзу жолға салу әділ сыннын, сыншының міндеті екендігін баса айтады. Ақын-жазушыларға тиім салуға болмайтынын, олардың нені қалай жазатындығы шығармашалық еркіндіктеріне байланысты болатындығын ескертеді. Ж. Аймауытовтың осы пікірінің шынайылығы XX ғасыр басында жазылған шығармалардың дені отаршылдыққа қарсы жазылғандығынан байқалады. М. Дулатов «Оян, қазақ!» деп жар салеа, өзі «Маса» болып ызындаған сол тұстагы бұқара халықты қалың ұқықдан оятуға тырыскандығына олардың шығармалары мысал бола алады.

Ыңдырыс Мұстамбайұлы жаңа буын жазушылардың да өсіп келе жатқандығын айта келіп, солардың ішінен Сәкен шығармашалығына ерекше токталалды: «...Сәкениң «Қызыл сұнкарлары» мен «Тар жол, тайғақ кешу» заманиның қалпымен ақынның оскен оргасын салыстырып тексеруге бір жеке сын керек. Мұның өзі де тәуір ұлken сібек. Бұлардың жоғарғы айтқан түрде көп кемшіліктері де бар. Бірақ соңғы жазылған журген «Тар жол, тайғақ кешуде» жақсы жерлер де бар. Соңғы жазылған «Қара жер», «Сабаныш», «Күзді күні далада», «Ананың қаны» тарғы бақсалары. Әсіресе «Ақкудың айырылуы» деген олеңдердің бөрі де жақсы көркем сынға кай жағынан болса да толық. Әр ақынның өзіне лайық (лирикасы) болады. «Сыр сандық» деген олең осындағы жатады. Мұның да көркемдігі алдыңғылардан кем емес... «Советстан – от арба» деген секілді олеңдер қала журген кедейлерге, қалада оқып журген жастарға әбден мағыналы. Бірақ бұл айттықа қатынасқандағы мақсатымыз: осы қүнгі әдебиетіміздің друірін тексеріп, әсіресе тілекті, мақсатты жерлерді айтып отпек еді» деп өзіндік бағасын береді [37].

Ы. Мұстамбайұлы тізге тиек еткен осы тұындылар жөнінде ғоуелсіздік тұсында жазылған С. Қирабаев «Сәкен Сейфуллин» атты

жергүеүінде былай дейді: «Сәкен табиғатты ел байлығының символы ретінде пайдаланады. Бұған «Экспресс» жинағындағы көп өлең дәлел бола алады. ... Осы кітапқа кірген «Жазғы далада», «Күзді күні далада», өлеңдері де сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің өзгерістерін көрсөтуде және жана дауір адамының сезімін танытуда маңызды. ... Тұған даланың сұлу табиғаты мен адал маҳаббатты бірліктे алып жыртауда Сәкеннің «Аккудың айрылуы» поэмасының ерекше маңызы бар»[53, 192]. Фалымның осы пікіріне сүйенсетін болсақ, Ы. Мұстамбайұлы акынның шығармаларын орынды саралай, саралтай білген. Ол – көркем шығарма табиғатына терен бойлан, өз тұжырымдарын, пікірлері мен ойларын сол тұста айта да жаза да білген білкіті қаламгер.

С. Сейфуллиннің «Асая тұттар» атты өлеңдер жинағына Нәзір Төрекұлұлы сын макала жариялады. Ондағы: «Бір жақтан порнография жазған, бір жақтан Азия мен Европаны айыра алмай, басындағы ботқасын жүртқа үлестіріп берген, бір жақтан өзінен шығарып жазуга келгенде білімсіздігін интернационализм кылыш көрсеткен кісін революционер акын деп айта алмаймыз» [54] деген жолдардағы сыншының тым асыра сілтеп айтқан пікірлері әлебі қауымның сынды дүрыс қабылдаудына кедергісін келтіріп қана қоймай, сол жылдардағы әдеби сынның дүрыс қалыптасуына да біраз зиянын тигізеді.

Алайда, Н. Торекұлұлының пікірлерімен көліспеушілік білдіріп қана қоймай, оған қарсы макала жазған қаламгерлер де табылды. Солардың бірі Сәбит Мұқанов «Сынға сын» атты макаласында: «Сәкеннің кім екенін. Нәзірдің кім екенін қазак еңбекшілері жақсы біледі. Октябрь төңкерісіне кімнің шын, кімнің отірік катынасуы да оларға мәлім. Байлар байшікештерге Сәкеннің ұнамайтынын білеміз» [55] – дейді. С. Мұқанов Нәзір Торекұлұлының артық айтқан пікірлерін сынай отырып, саясатка бұрын кеткенін де байқамай қалады. Жалын ағанда, ол кездегі әдеби-айтыстарда әдебиет пен саясаттың арасына шек қойылмай арашағын жүргестінін анық байқауға болады.

Сәкен Сейфуллин Қазақстан үкіметін бақарған жылдары айтарлықтай ітті істер атқарды. 1923 жылы «Қазакты қазак дейік, катені түзетейік» деген макала жазып, орыс тарихында, тілінде қыргыз, киргизия болып келген елдің 1925 жылы «Қазакстан» атын алғанына Сәкеннің үлесі де болды. Ол туралы белгілі сыншы, профессор Т. Қәкішұты өзінің макаласында: «Біздің қазак коммунистерінің кейбіреуі қазақ тілі туралы қатты кірсеге біреу «ұғыттыл» деп айтады деп бой тартады. Бірақ, ол – құлық, бұл – коммунистік құлық емес, ол – жарамсақтық, жағымпаздық ...» деп қазак тілін кеңсеге кіргіземін деп жүрген белсенді адамдарды айып таққаша сескенбеу керектігін айтканынан мысал келтіреді [31, 9].

Шындығында, С.Сейфуллиннің қазак халқы үшін қыруар іс атқарғаны рас болса, оның шығармашылығы жайында да оң пікір айтқандардың болғапы да даусыз. Н. Төрекұловтың «Тар жол, тайғақ кешу» туралы бір екі сөз» дейтін мақаласы 1928 жылдың 28 желтоксанында шығып, Сәкениң роман-әсесе сынға алынғанда, редакция оз тарағынан жазған түсіндірмесінде «Нәзірдің Сәкен кітабынан түк пайда жоқ де кале. Нәзірдің сын жазғандығы бет алысы дұрыс емес. Қанша көтөлөрі, теріс пікірлері болғанмен де, Сәкениң «Тар жол, тайғақ кешуі» қазак жүртішілігі, қазақтың саяси тұрмысы жағынан бірінші кітап. Рас, Сәкен кітабы тарих емес. Бірақ тарих болмағанмен тарих жазушыларға пайдасы бар кітап» деп тапқанына қарамастан мадақтау мен қаралау процесі алма кезек жүріп жатты.

Н. Төрекұлов сын мақаласында «Тар жол, тайғақ кешуді» әдебиеттің қай жаирына жататындығын айырудын қындығын айта келе, Сәкениң өзін де: «Сәкен – баяты Сәкен. Сәкен өзінің ту баста таңдал түскен жолында...» [56] деп түйреп отелі. Алайда, ақын шығармасы туралы екі үдай пікірлер болғаны рас.

Кейінрек Әбділда Тәжібаевтың «Тар жол, тайғақ кешу» мен Нәзірдің «сыны туралы» үлкен мақаласы шығып, кітап туралы сынында: «Кітаптың саяси маңызы күшті. Қазақ тарихының кобі содан табылады. «Тар жол, тайғақ кешу» реализм, шының қолымен жазылған суретті шығарма. Кітаптың жаңа орбіп келе жатқан жастарға жол бағыттылығы мол. Нәзір қанша жамандаганмен де «Тар жол, тайғақ кешудің» қадірі енді күшіне бермек. Кітаптың суреттілік жағы күшті, тілге де бай. Ал, Нәзірдің сынны тоłyқ сын емес, қыңыр, бір жакты сын, бет тырнау» [57, 122] деп сында артық айтылуан пікірлердің барын жазады. Осыған қаралғанда біреулер Сәкениң қара басына тиісін жатқанда, енді біреулер оның жеке басын да шығармасын да арашаңа жатты.

Сәкениң ақындығы жоніне келгенде сыншы Т. Қекішев мынадай тұжырым айтады: «Сәкен ұлы ақын, тоңкеріспіл, дауылпаз ақын. Қазақтың жаңа жазба әдебиеттің негіз қалаған Абайдың жаңашылдық рухы, дірессе Сәкенге жүккән. Сәкенде күшті. Тілеілік мейлі, тілемейлік мейлі, Сәкен қазақ көңес әдебиеті дең аталатын бағыттың негізін қалаушы болды, соның ұраншысы, жыршысы болды. Ол кале болған күннің өзінде де тарихи құбылыш екенін қысыр тілеулілердің өзі жокқа ишігара алмайды.

Диалектика заңын өзгертуге ешкімнің дөрмені жеткен емес, жетпейді де» деп нақты козқарасын білдіре келе, созіне жауапты, бағана сараң Ғабит Мұсіновтың пікірін коса келтіреді: «Сәкениң өзі үлкен ақын.

Әсіресе жазғанынан төрі өзінің жапы үлкен ақын адам болатұғын... тұла бойы тұнып тұрган ақындық еді, кара тырнағына шейін ақындық үшін жаратылған жан еді. Мен Сәкеннің өлеңдерінен кейде ыргақ жагынан болсын, ой мен түр жағынан болсын кемшілік таба аламын осы кезде, бірақ Сәкеннің кісілік жаратылысында бір кемшілік жоқ деп ойлаймын. Сондыктан мен Сәкенді басқалардан ерекше бағалаймын» [31, 10-11]. Ы. Мұстамбайұлы Сәкеннің шығармаларын тегінен тегін сөз етпегеніне жогарыда келтірілген мысалдар дәлел бола алады. Ол Сәкеннің ақындығын тани да, оны таныта да білді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы «Коркем әдебиет туралы» мақаласында Бейімбет Майлин поэзиясына да назар аударып, ақын өлеңдерінде аса үлкен кемпілік жоқ болса да, қала мен ауылды салыстырып жыртауда үлкен ілгерілеушілік барын атап өтеді. Оның «Жазғы кеш», «Бұлтты құн», «Ауыл», «Айт, шу ала атым», «Елдегі екпінді істер», «Ленин үлгі» тегінің басқа аздын жақсы өлеңдеріне жақсы баға берे келіп, Бейімбеттің заманмен бірге өзгеріп өсіп келе жатқан ақын екендігіне тоқталады. «Бірақ, жоғарғы айтқан сынаржақ бола ма деген каяп бар» деп айта келе «... Біздің жас жазушылармызға, кедейшіл ақындарымызға айтатынымыз жалпы саяси тілек бөлек. Бірақ, «Батыр Баянды», «Қартқожаны» оқы. «Қартқожа» секілді романды сен де жаза алатын бол дейміз» [37] деп Магжанды. Жүсіпбекті үлгі етеді.

Қаламгер М. Жұмабайұлының «Батыр Баяны» мен Ж. Аймауытұлының «Қартқожасын» тілге тиек етіп кана қоймай, қазак ақын-жазушыларына өдан үйренуді міндеттейді. Осыған карағанда ол шығарма табиғатын бойлай білген. Себебі, «Батыр Баян» сол тұстағы қазак поэзиясының қол жеткізген табысы болса, «Қартқожа» қазак прозасындағы үлкен жетістік еді. Аталған шығармалар тек гасыр басының ғана емес, қазіргі қазак әдебиетінің елеулі де құнды дүниелері екені анық. Ы. Мұстамбайұлының ақын-жазушыларға осындағы озық үлгіде жазылған шығармаларды үлгі етуі де тегінен-тегін болмаса керек.

Әдеби сыйниң осы үлгісі К. Кеменгерұлының «Көркем әдебиет туралы» [44] сінбегінен де корінеді. Ол «ұлттылдардың коркем әдебиеті көп басылып кетті» деген, Сәбіттің уайымына карсы дау айтады: «Ұлттылдар» газетке кінәлі болса да, басылған кітаптарға кінәлі емес шығар. Магжанның 4-5 өлеңін кесе көлденен тарта берудің жөні жоқ. Магжанның ол өлеңін жазуында тарихи себеп бар шығар. Өзі ұлтшыл болғанымен, бұқара кедей жұмысын жазатын болса не айып шамы бар? Жүсіпбектің иесаларынан, «Қартқожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанымен ұлттылдықтың нісін таба алmas Мұхтардікі де осындағы [44] дейді.

Жүсінбек Аймауытов романдары қазақ әдебиетіндегі М. Дулатов шығармасынан кейінгі роман жанрындағы алғашқы ұлғілердің бірі екенідігі әдебиет тарихынан белгілі. Сәкениң «Тар жол, тайғак кешүшін» көркем роман ұлғасынан гөрі мемуарлық сыйнаты басымдығын ескересек, Жүсінбекке дейін қазақта колемді проза болмағаны да мойындауга тұра келеді. Жүсінбек қазақ әдебиетінің бастауында тұруымен ғана емес, әр жанрдағы ізденістерімен жаңа жанрлардың дүниеге келуіне, олардың әдебиетіміздे орынғына үлесін қости. Роман, повестерімен қатар ол жазған пьесалар, сын, көсемсөз мақалалары осыған дағел.

Қазақ прозасын озық ұлғіде жазылған шығармаларымен байыткан Ж. Аймауытұлы шығармаларының коркемдік эстетикалық жетістігі туралы: «Жүсінбек шығармаларындағы образдар жүйесінің байлығы, тіл көркемдігі, сурет, портрет, мінездеу, психологиялық пірімдер, ішкі монолог пен диалог – түгелдей әдебиеттің классикалық ұлғілерінен үйренуден, оны жаңа топыракта оз жолымен дамытудан тұган жаңа қылыштар. Оның шығармаларындағы кейір композициялық босандық, қайталаудар да алғашки ізденістерінің жетістеп жатқан тұстары. Ең бастысы – осы шығармаларымен Жүсінбек қазақ әдебиетінің халықтық позициясын коргады, соны дәлелдеді. Оның көзқарасы образ жүйесінен ғана емес, әркілші орта мен адамдардың іс-әрекеттің, мінезін, қылышын суреттеуден танылады» деген болатын оның шығармасының зерттеуші ақадемик С. Қирабаев [58, 144]. Жүсінбек – қазақ романының алғашқы авторларының бірі. Оның «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1928) романдары – қазақтың ұлттық әдебиетінде тұрғын рет еуропалық романдар ұлғасымен жазылған туындылар. Ол аталған романдарымен дәуірдің көкейтесті мәселелеріне үн косып, жаңа заманиның кесек бейнелерін ұлт әдебиетіне алып келді.

С. Қирабаев «20-жылдардағы қазақ прозасы» атты зерттеуінде «Қартқожа» романы туралы: «Қартқожа» – қазақ өмірін, оның алеуметтік ариалыстар кезіндегі күрделі тағдырын кең колемде алып суреттейтін шығарма. Онда қазақ ауылшының тоңкеріс алдындағы және алеуметтік шиеленістер тұсындағы тіршілігі, одаи кейінгі ұмтылысы шыншылдықпен корсетіледі. Әсіресе, жазушы оң-солын айырмaghan ауыл жастарының тарыстарап талқысында алеуметтік жіктер мен таласты түсініп, қоғамдық әділестеіздіктің себеп-салдарына ой жіберуін нағымды ашады. Роман тарихтың осындай бір кезеңді, шытырман оқнагаларға толы тұсындағы қазақ ауылшы өмірінің жалын тағдырын жұмсағаршай кең тұрғыда суреттей алуымен бағалы» [53, 82-83] деп айшықты тұржырым жасайды. Шыншылдығында, Жүсінбек Аймауытовтың бұл романы – сол тұстагы заман шыншылдығының нағынайы бейнелеген кесек туынды.

Сол кезеңдегі саясаттың ықпалынаң шықпағандардың бірі Әблірахман Байділдин екендігін мақаласынаң байқаймыз: «...Ұлтшылдық пен байшылдыққа қарсы құрес аштық. Біраз ақындарымыз бүрінгісінан горі бағытын сұрыптаپ, бірталай терендеңтті» дег, мысалға Сабиттің «Октябрьдің откелдері» деген олеңін, Сәкеннің «Советстан», «Жалышылар қорғаны» атты өлеңдерін, Бейімбеттің соңғы кезеңдегі бірлі-жарым олең, әңгімелерін. Жақан, Қалмакан сыйылды жастардың кейбір өлеңдерін мысалын алады. Ұллардың еңбекке үндейтінін, партияның жолына түсуге шақыратынын айта келіп, әдебиеттегі «жолбикелерге» де тоқталып отеді: «...Жолбикелерде өзгеріс көп емес. Олар әлде болса, бірде олай, бірде бұлай бұлтақтайдындаған құтыла алмай келеді. Әйткенмен олар, кай жагынаң болса да, «стоқсаншылдардан» анағұрлым «иманжүзді». Олар соңғы кезде бірталай маңызды нәрселерді де шығарды. Мәселен, Жүсінбектің «Қартқожа» деген романы, бірталай кемшилігі болса да, әдебиетіміздегі көп олжаның бірі. Ұдан басқа да олардың тәп-тәуір өлеңдері, әңгімелері шығын жүр» [59] дейді.

Сол жылдары Маркс-Ленин жолымен синауға айрықша коңіл болініп, әдебиетке тап көзімен қарап синауға баса назар аударылды. Дегенмен, таптық тұрғыдан талдауға қарсы болған, оны мойындаған ақындар да болды. Олардың айтуынша, жұмыскерден, жалышыдан ақын шықлады, әдебиетті оқығандар ғана жасайды. Алайда, олардың пікірлерін әшкерелеп жазғандар да табылмай қалған жок.

Жүсінбек Аймауытовтың озі де 1920-жылдардағы әдеби сынға катысты айтыстарға үн қости. «Талқыға» дег жазған «Әдебиет мәсслесі» [4] деген макаласында Жүсінбек Аймауытов: «Қазак әдебиеті қазір қашдай дауірде: күйректік (сентментализм), сарындалмалық (романтизм), сапашылдық (идеализм), нағыздық (реализм) дауірінде ме? Тұрмысқа, заманға қайсысы қатысады? Қазак әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі болды ма, енді бола ма?» деген риторикалық сауалдар коя отырып, оған жауап іздейді.

Оның пікірінше қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндөу кіргізсе, екінші жактан уайым, қайғы, торыгу кіргізген. Тап ақыны қазакта әзірге жоқ, демек, қазақ жазушылары, ақындары төңкеріске жолдан қосылған. Олардың бір қанаты төңкеріс рухымен сугарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған. Сондықтан да, ұлтшылдық сезім тез заманда кала қоюы мүмкін емес.

Ал, «тоңкеріске, коммунизм жолына корінеу қасақылығы жоқ болса, ұлтшыл ақындарды пайдалануға болады... Қожалық құрган, билептестеген үстем таптың әдебиеті мен төменишік, әлсіз, езілген бодан

ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің ұлы орыс әдебиетінен айырмасы бар, әм болмақ» деген ойын білдіре келіп, Жүсіпбек Аймауытов әдебиет туралы ойын: «Әдебиет – онер. Өнер азды-көпті еркіндікті тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсіп, гүлденсін десек, жалаң тал көзімен, не саясат көзімен қарап сынارжақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін колданып) сынай керек» [4] деп тұжырымдайды.

Осы макалага жауап ретінде Жәкен Сәрсембіұлы «Әдебиет мәселесі туралы» [5] деген мақаласында: «Қазақ елінс бұл төңкеріс өз тарихы тудырмаған жат төңкеріс еді. Соңдықтан төңкерістен кейін қазақтың ақын-жазушылықта талаптанғандары келе жатқан бетінде кез келгенде ағызып кете берестін тасқын судай төңкерістің табиғи занымен кетті. Осы секілді қара бұқарасын былай тастан төтеден төте пролетариат әдебиетін орнатамыз деген ағым орыс әдебиетшілерінде де болды. Бұл төңкерістің алғашқы кезінде еді, әл де бар» деп қазақта төңкерісшіл, тапшыл жазушылардың әзірге жоқтығын, қазақ ақындары, жазушылары төңкеріске жолдан қосылғандығына тоқталады.

Бұл жерде Ж. Аймауытұлы мен Ж. Сәрсембіұлының төңкеріс туралы, тап жайында айтқан пікірлерінде үндестік бар. Бұлар қазақ әдебиетінде төңкерісшіл, тапшыл ақындардың болмағандығын айтады. Өйткеп мұндай ұғымдар қазақ әдебиетіне жат болатын.

Осы іспеттес макала, пікірлер 1920-жылдардағы әдеби сында оте көп. Бәрі де сол тұстағы әдебиет жайынан терең әңгіме козгайды, болжамдарын айтады. Дегенмен, қазақ әдебиетінде тапшыл ақындардың бар екендігін жокқа шығармайтын сыншылар да кездеседі.

Мәселен, Габбас Тоғжанов «Көркем әдебиет туралы маркешілдер не дейді? Жүсіпбек не дейді?» [60] деген мақаласында: «Өнер (оның ішінде коркем әдебиет те бар) дегеніміз кашанда болса да, белгілі бір таптың ойын, сезімін көрсетеді. Белгілі бір таптың көзқарасын (тілегін) білдіреді ...казактың надан екені рас. Бірақ мұның бәрі надан қазакқа надан маркешіл болуды міндет кылмайды. ... Бай-кедей бір болмаса, қазақта тап ақыны да жоқ деуге болмайды. Бай-кедей бар тұрмыста ақын да осы тұрмыстан күрық алып кетпейді» [60] –дейді. Ф. Тоғжановтың осы пікірінен оның коркем онерді таптық тұргыдан түсінетінін коруге болады. Оның пікірінше бай мен кедей болған жерде әдебиет те таптық болады дегенге саяды.

Алайда, Габбас Тоғжанов келесі «Мағжан совет тұсында» [61] деген мақаласында Ахмет Байтұрсынов еңбегін жогары бағалайды да, «Абай, Ахмет сықылды өз тұсында ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ» деп түйеді.

Сол жылдары «Алқа» жағындағы қаламгерлер 1925 жылы 12 маусымда күрылған ҚазАПП-пен ымыраға келе алмағаны рас. Өйткені ҚазАПП-тың алдына қойған үш мақсатының біріншісі – «әдебиеттегі байшыл-ұлттылдыққа қарсы қуресті қүшайте тұсу, ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қоздырып, байлардың, байшылдықтың да таптық сиронын айқындай тұсу, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өшпендейділігін қүшайту» болса, бұл үйымның кешікпей адасатынын, ұлттық ой-аңсарды ойсырататынын қазақ зияялары жақсы түсінеді.

Осы шақ туралы Бейімбет Майлиниң «Екі окушыға жауабым» [62] атты мақаласында: «Мениң жақсы нәрселерім болса, оны аякпен ысыра салған секілденіп, бұдан 15-20 бұрын жазғандарым болса, соны сүйреп әкеп, додаға салу басталды. Бұл – ҚазАПП-тың қыспағының үдең тұрған кезі еді. Мен сол кезде көзге шықкан сүйел сықылданым» [62] деп жазғаны біраз жайға көз жеткізеді. Ұлттыл қаламгерлердің ҚазАПП-қа мойынұсынбауының негізгі себебі – оның көркеменерге жат, теріс бағыты еді. ҚазАПП-тың осы кемшіліктегі жөнінде академик С. Қирабаев: «ҚазАПП өз қызметінде көп қателіктеге жол берді. Жікшілдік, әдебиетті төрешілдікпен басқаруға тырысу, сынға қысым жасау сияқты қылықтар бұл үйымды әділдік жолынан тайдырды. ҚазАПП сыйны «сойып салу», «әшксерлеу» сыйны болды. Осы жағдайда партия «Көркем әдебиет үйымдарын қайта құру туралы» (1932) қаулы алып, Кеңес жазушыларының біртұтас одағын құруға шешім қабылдады» [53, 51] – дейді. Осы айтылғандарға қарап отырып, ҚазАПП-тың сол тұстағы өрескел қателіктегін пайымдауға болады. Осындай келеңсіздіктерге жол берілген соң ақын-жазушылардың шоғырланған ортасы Ташкентте олар «Алқа» үйымын ашуға бел байлады.

Осы үйимның бағдарламасын жасаған М. Жұмабаев туралы Д. Ысқақовбылай дейді: «Нәтижесінде өзінің атына айтылып жатқан сындарға жауап ретінде, Қазақстанда коркем әдебиет туралы жүргізіліп жатқан реєсми саясатқа қарсылық ретінде атақты «Алқаның» айқындашын жазды. Кезінде баспасөз бестінде жарияланып ұлғірмеген бұл бағдарламаны Ә. Бекейханов, С. Қожанов, М. Әүзсов, Ж. Аймауғитов, С. Сәдуақасов, Е. Омаров, Ж. Тілеулиев, т.б. қолжазба күйінде оқып, қуаттаған» [63, 117]. Бұл үйимның бүкіл бағдарламасы жасалып, зиялды қауым тараپынан колдау тапқанмен сыртқы қүштердің тежеуінен жұмысын іске асыра алмай, қағаз жүзінде ғана қалды. Мұның өзі Мағжан сыйны Мәскеуден білім алып, әлемдік әдебиетпен сусындаған қазақ ақын-жазушыларының сол тұстағы ҚазАПП-тың ісіне қарсылығын аша түсті.

Смағұл Сәдуақасұлы 20-жылдардағы әдеби сын еңбектерінде «Алқаның» идеяларын негізгі ала отырып, оларды ел арасына кең

таратуды басты бағытта ұстанады. Қаламгердің осы бағыттағы туындыларының бірі, 1925 жылы шықкан Б. Майліннің өлеңдер жинағына деректеме ретінде басылған «Бейімбеттің өлеңдері» [43] деп аталатын. Мақаласын автор қаламгердің акындығының қыр-сырын, өзіндік ерекшелігін ашуды көздеген. Сыншының: «Сыншылардың көбі кейде акындарымыздың затын сыйнамай, атын сынап жүр» деген пікірі – 20-жылдары әдебиеттапудағы солакайтықка берілген бағасы болатын. Сондай-ақ, қаламгердің өзі айтқандай, қазак акындарының шығармасы топталып, жиналыш кітап болып шықпауы олардың шеберлігін «толық сипаттауға» кесірін тигізетіндігін алға тартып, басы-аяғы құралған Майліннің «нашары да бар, жақсысы да бар, тіпті жақсысы да бар» өлеңдерін табиғи қалыпта осіп келе жатқан қазак әдебиетінің үлесі ретінде қарастырған.

С. Садуакасұлы, жоғарыда айтқандай, қазактың ертеден келе жаткан арманы – ұлттың тұғастығы еді. Б. Майліннің шығармашылығын сөз еткенде де, оның осы пікірі байқалып отырады. «Бейімбет сықылдылар – сол болашактың ұйытқысы. Болашак деген осы күнгінің өзгергенін айтамыз. Бүгінгі күнсіз ертенгі күн жоқ» [43] деген сыншы тұжырымы әдеби үрдістегі өзгерістердің заңды құбылыс екенін түсіндіру мақсатында айтылған.

Ол жөнінде профессор Д. Камзабекұлы «Смағұл Садуакасұлы» [47, 59-61] атты еңбегінде: «Жаңашын да жаңасы бар. Тұсында әдебиетімізге жасанды ендірілмек болған түрлі «изм» сүренидерінен акын-жазушыларымыз да, әдебиетшілеріміз де бойын аулак салғаны мәлім. Ауылға келген өзгерісті жалаң жырлап, темір-терсек аспап-саймандарды санамалап кестетін өлең-жырларға қазак оқушылары тіпті сол шактак-ак үркे қараған-ды» [47] деген сол кездегі әдебиетке баға бере келіп, алайда Б. Майліннің өлеңдерінің заты бұзарға үш қайнаса сорпасы косылмайтынын айтады. Өйткені, оның осы саладағы шығармалары қазақ әдебиеті тарихында класикалық үлті болып қалған әнгімелерімен рухтас еді. Ал, Смағұл сынини ретінде Бейімбетті жазып-сызып жүрген замандас жиырма қаралы акын-жазушының арасынан тауып алыш, әдебиетшілік корегенділік жасады. Осы кабілеттің арқасында ол Бейімбетпен катар Жұсіпбек пен Мұхтарды таңып, кешікпей-ақ бұларды баспа жүзінде жүртшылыққа мәлім етті.

Академик С. Қирабаев Бейімбет Майліннің жазушылық онері туралы: «Жасынан еңбекші халықтың тұрмысын, отаршылдық пен ішкі езгінің қабаттасқан ауыртшашибілігін көріп өскен ол қажу танытпай, болашакқа сеніммен қарай білді... Қоғамға осындағы үлкен сенім арта отырып,

Бейімбет шындыкты боямаламай, жаңаның бәріне бас шұлғи бермей, реалист жазушы есебінде омірде орын алған ұнамсыз күбылыстарды, халық үмітін алдауга құрылған шындықтың көлеңкелі жақтарын өз шығармаларында үнемі ашып көрсетіп отырды» [64, 151] деп жоғары баға береді.

Б. Майлиниң жазушылығының ерекшелігі – оның өмірдің шындығын шынайы суреттеуінде. Оның шығармалары, көбінесе, очерк тектес болып келеді.

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Көркем әдебиет туралы» [37] макаласын аяктай келе, Кошкенің пікіріне тағы да тоқталып, өзіндік көзқарасын білдіреді: «... Кошкенің «Оян қазак» пен «Горе от уманы» салыстыруы да кате. Бастап шыккан уақытта «Оян қазактың» казак еліне әсері үлкен болғанымен «Горе от умаға» тәцелмейді. «Оян казак», «Знободневый» бір үгіт кітапша еді. «Горе от ума» орыстың көркем әдебиетінің бір жүрнегі және де «Бақытсыз Жамал» мен «Бедная Лиза» екеудің бірдей емес. Карамзиннің сезімшілік негізімен жазылған «Бедная Лизадан» «Бақытсыз Жамалды» біз артық деп ойлаймыз». Сәбит пен Кошкенің айтысына көнірек тоқталған Ы. Мұстамбайұлы олардың екеуінің де артық, кем кеткен тұстарына мейлінше талдау жасайды. Кошкенің тілге тиек еткен «Горе от ума» мен «Бедная Лиза» шығармаларын казактың «Оян, қазағы» мен «Бақытсыз Жамалымен» салыстыруга келмейді дейді. Каламгер осы тұста атаптап шығармалардың көркемдік эстетикалық жетістіктеріне үніле отырып ой түйеді. Ол «Бедная Лизадан» «Бақытсыз Жамалды» артық санайды. «Бақытсыз Жамал» жазылған тұста казак мәдениеті мен әдебиетінің жай-куйі қандай еді дегенді баса айтады.

А. Байтұрсынұлы әдебиеттегі пікірталас туралы: «Талас-тартыс – табиғаттың негізгі заңы. Тілеусіз, мақсатсыз адам болмаган соң, толассыз, тартыссыз әз адам жок» [65, 294] десе, Ә. Бекейхан «Роман не нэрсе?» [66] атты макаласында роман жайында: «Басқа халықтарда роман не ғасырлардан бері тамыр жайып, күннен күнге, жылдан жылға ілгері басып сабасына толып тұрған кездे, біздің казакта ең бірінші көрінген романды озық жүрттармен салыстыруга еріне болмас. Біз өз бойымызга лайықтап, мұны қазақ әдебиетінің тауір қызметіне санаймыз» [66] деп жазған.

Академик К. Жұмалиев «Социалистік реализмнің қазақ прозасындағы калыптасуы» [67] атты зерттеуінде роман жайлы: «Роман мени ұзак әнгіменің арасындағы шекараны, өзгешелікті дәл мынау деп үзілді кесілді айта кою қын. Айырмашылығы ұзак әнгімелер негізінде бір, не екі сюжеттік линияға негізделеді, өмір күбыльсі романдарында оныша

терең суреттегімейді» деп пайымдама жасаса, академик М. Қаратаев: «Орыс ойшылы Белинскийдің «Роман – ұлты өмір кітабы, әңгіме содан жұлып алған нарак, повесть – сол кітаптың тарауы» [68, 235] деген пікірін таратып айтты.

Академик С. Қирабаевтың: «Эпостың ең үлкен түрі роман сөздің сибир үлгісі... Онда бірнеше сюжеттік линия катар орістеп, сол негізде халықтың көптеген жан-жақты образы жасалуға тиіс... Ал повесть – шағын бір, екі сюжетті дамытып, соған қатысты геройлардың азгана тобын алдыңғы кезекке койып көрсете алады» [69, 19-20] деген ғылыми нақты тұжырымы мен академик З. Қабдолловтың: «Ұзақ әңгіме яки повесть – орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі... Мұнда шағын эпостағыдай бір емес бірнеше оқиға: адам омірінің бір, не бірер эпизоды ғана емес, бір алуан кезеңді құбылыстары кеңірек біраз дамытыла суреттеледі. ...Роман – кең көлемді эпикалық түр. Эпостың бұл түрінде жазылған шығармалар адам мен көғам тіршілігін мейілінше кең қамтып алуан-алуан даму кезеңдерімен біртұташ жүйелен, толассыз қымыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды» [70] деген анықтамасы повесть пен роман табиғатын тапуға темірказық бола алады.

Әдеби сында, есіресе «Екеу» деген бүркеншік атпен «Көркем әдебиет туралы» [71] деген мақаланың алатын орны айрықша. Сабит Мұқановтың айтуыша «Екеу» Даңиял Ыскаков пен Абдулла Байтасов болса, соңғы кездегі зерттеушілердің айтуы бойынша екеу Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтердің бүркениң аты. Бұл қаламгерлер саясаттың күшімен әдебиеттің жасалмайтынын ескертпін, акын-жазушылардың ойлау еркіндігіне сырттай кол сүгуға болмайтынын айтады. Жоңе де олар әдебиет халықтың әлеуметтік тұрмысына тәуелді екенін, пролетариат әдебиеті болу үшін ең алдымен соны жасайтын пролетариат табы болу керек деп түйідейді. Тіпті пролетариат диктатурасын өтпелі құбылыс деп танылған бұл мақала зор кеменгерлікпен жазылған, қазақ әдебиетінің келешегіне бірден-бір дұрыс бағыттағы макала еді. Бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоймаган бұл макалада тек әдебиетке ғана емес, халық тағдырына қатысты ой-пікірлер де айтылған еді.

Алайда, соң кездегі Сабитке бұл макала ұнамай. Қошкеге қайтарған жауабындағы «Байідың толғағы» [72] деген мақаласында, сол кездегі «Социализм орнаған сайын тап күресі күшінеді» деген рееси қисынды негізге ала отырып, Екеудің мақаласын бай табының сойылын сөгип, жырын жырлайды деп сыйнайды. Екеудің мақаласындағы: «Ұсақ ұттардың қалың бұқарасы тәнгерімей түрғаңда, ұлтшылдық жойылмайды» деген сөзін түсіндірген С. Мұқанов: ««Бұл сөзден қазақ халықы әлі ұлтшылдық

жолмен барсын» деген сөздің иісі анкып тұр» деп жазды. Осындай теріс түсінік Кенсс өкіметінің ақырына дейін үстемдік етіп келді. Шәймердеи Тоқжігітовтің жазушылар үйімі туралы жазғап пікірлеріне Сабит Мұқанов «Әркім «өзінше» ойлайды. Шәймерден мен Үдьрыска жауап ретінде» [73] деген макаласында қарсы шығады. Шәймерденнің «үйімға коммунист болсын, болмасын» деген тұжырымына Сабиттің берген: «... үйім деп бірін-бірі іреп-соймайтын, алауыздық жасамайтын, жаңығанын түзететін, бір пікірлі, бір жерге адамның косылған басын, жиналған күшін айтамыз» деген жауабы, оның түсінігінше үйімға кірген адамдардың бәрі бір пікірде ғана болуы керек сыйылды.

Осы макаласында Сабит Мұқанов Үдьрыстың пікіріне ерекше тоқталып, жауап қайтарады. «Көркем әдебиеттің санын жүз жылға ашарып отырған Сабиттің бір ниеті (?) болмас па?» [37] деген Үдьрыстың пікіріне, С. Мұқанов былай дейді: «Менің ниетімнің әлде неге шауып отырғанын Үдьрыс білмей, мені Абайды жалмап қойғысы келіп отыр ма деп зәресі ұшқан көрінеді. Мен Абайды жалмамаймын. ешкім-ешкімді жалмамайтын. Бұл арада не ниет болсын. Дәнене де жоқ. Менің жазғаным өз басыма келгей ой.

Өзінің түсінігі жөнінде адам-адам болғалы құрестен көз ашпағаны, адам тарихы таш тартысының тарихы екендігін, тарих ондаған жылдарды аттаң барып, қазығын бір туїйп ажырататынын, олай болса Пушкин де. Абай да орыс пен казак әдебиетін бастан жаратқандар емес, туїйп туїйп қорытатындар екендігін айтады. Яғни, Абайдың ар жағында да казақтың жақсылы-жаманды әдебиеті болғаңдығын, сол әдебиеттер сарқылып келіп, Абай заманында бір казық қағып өткендігінсө тоқтала келіп, «Осының кезеңінде Абай кез келген соң даяр табақтың иесі. даяр тоқиқтың ұрушысы, даяр тарихтың қагушысы болды да жүре берді» деп тұжырым жасайды. Тіпті, «оқиғаның зорының әкесі Октябрь ғонкөрісі болса, оның да «коктен түсе қалмаганын», «...неше жылдан бергі таң куресінің туїні» [73] екендігін айтады.

«Әзер болса «Америка аштың» – деп Үдьрыс тағы міне түсер. Абай байшыл табының ақыны. Неге? – деп шошымаңыз» деп алып. Мұқанов былайша ой сабактайтын: «...Қысқасы баға аталаға емес, байга берілетін заманың басы басталады. Соңдықтан Абай бір жағынан болысты жамандау, байды жамандау, биді жамандау деген әдетке салынып ескінілдерді сөкті...»

Екіншісі – елді өнерге, окуға шақыру. Бұл екесінде де жаңашыл-байшылдықтың өркендеуге бет алған кезінде басталатын жұмыстар. Абай қиялтыл, қиялнылдықтың өзі байшылдықтың үлкен тірегінің

біреуі. Бұл жағынан да Абай байшылдықтан қашса да құтыла алмайды. Оңдап зерттелген кісіге байшылдық ұлтшылдықтың түп қазығы» [73]. С. Мұқановтың осы пікірінен оның біржакты қозқарасын аңғаруға болады. Olsen Абайдың бай, төрелерді сынағанын көре тұрып оны байшыл деп сөгеді. Оның негізгі кемшілігі де осы еді. Olsen үшін аукатты жерден шыққандардың жазғандары да солардың сойылын соғатындай көрінестін. Абайдың оқу, білімге шақырғанын көре тұра оның өзі сол байшылдық, ұлтшылдық сынды тар күрсаудан шығарғысы келмейді. Olsen үшін Абай не айтса да сол байшылдықты көздел отырған тәрізді. Қиялшылдықтың өзін сол байшылдыққа апарып телитін Сәбит әрине, қателікке бой алдырды. Оның пікірінен бай баласы ешқашан кедейдің сойылын соға алмайды деген ой аңғарылады. Бұл – сол тұстағы тапшылдықтан туған ой еді.

«Абайдың молдасы Пушкин мен Лермонтов» деп тапнитын Сәбит Мұқанов «...Абай кедейге көріне карсы жазған жоқ. Бірақ кедейшіл емес, байшыл. Олай болса, өзіне-өзі (объективно) кедейге карсы болып табылады» [73] деп одан әрі, қозқарасын нықтай түседі.

Дегенмен С. Мұқанов, өзінің артық айтқан жерін де: «... Мен бұл арада әдебиет тарихын жазайын деп отырғаным жоқ. Қисыны кеслген соң айтыла салынды. Меніңше Абай жаңашыл. Онысында дау жоқ. Өз заманында пайдалы адам болды. Әлі де пайдасы бар. Онысында дау жоқ» деп мойындаған отырса да, «...Ахан (Байтұрсынұлы – Т. Т.) сықылды. Абайды да орынсыз көтеретіндер бар. Olsen дұрыс емес» [73] дес, әркімнің тарихта өз орны бар екендігін, одан артық сыйды тарих көтермейтіндігін айтады.

Сәбит пен Кошке арасындағы айтыстың бір шешімнің табылуына Екеудің (М. Әуезұлы мен Ж. Аймауытұлы) «Көркем әдебиет туралы» [71] мақаласының айтарлықтай әсері болды. Бұл қаламгерлер Кошке мен Сәбит айтыстарының маңызды жерлері: «қазақ әдебиетінің есу, еспеуі, қандай адам жазушы, акын болуы, казақ жазушыларының казіргі бағыттары жайынан көрінетіндігін» айта келіп, кейбір басты-басты пікірлеріне пікір жазатындығын ескертеді. Бұл мақалада Кошке пікіріне келіспеушілік атымен жоқ, олар осы мәселе төнірегінде сөз жазған Ә. Байділдаұлының да кейбір пікірлеріне қосылмайды. Ал, Сәбит Мұқановтың пікірлеріне қарсы дау айтулар бар.

«Ұлтшылдықты отаршылдық туғызығанына Сәбиттер талааспайтын болар. Бір күнде отаршылдық та, ұлтшылдық та жоғалып кетпекіп емес. Бірі қалғанда, екіншісі де қалады» [71] дей келе Екеу С. Мұқановтың әдебиетті техникаға тіркеп, Байтоқ жыраудың өлеңімен дәлелдемек болғандығын, бұл тым ожар батылдық, бірлі-жарым жаман олеңмен де, жақсы өлеңмен де бір дәүірге баға беруіне сын айтады.

Сәбит Мұқанов «ұлтшылдар туралы» ойын «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» [43, 189-190] атты макаласында жан-жакты ашып сабактайды.

Қошке Кеменгерұлы А. Байтұрсынұлы мен Абай туралы сондағы пікірінде қалатынын айта келіп, 1923 жылдың март айында шыккан «Еңбекші қазақ» газетінің 69-санындағы Сәбит Мұқановтың «Қара тақтайға жазылып қалып жүрмендер, шешендер» деген мақаласына тоқталады. С. Мұқанов ондағы айтыс мәселесі Ақаңың әдебиет қызметі туралы екендігін, «Ақаңың әдебиетке, тілге қызметін ол кезде бағаламайтынын, әлі де бағаламайтынын», оған себеп «Ақаң Қеңес үкіметіне, коммунист партиясына қосыла алмайды» дейді де. оның дәлелі ретінде «Еңбекші қазақ» газетінің 1921 жылы, 8 іюльде шыккан 29 санындағы А. Байтұрсынұлының: «Бауырмал қазақ қалам кайраткерлері бибауырмал (интернационалист) бола алмайды. Сыртын бояса да, ішін өзгертуейді. Бибауырмал үкіметке еріп қазақ елін пісіріп жегізе алмайды» [74] деген мақаласын мысалға алады.

Ары қарай Сәбит Мұқанов ұлтшылдардың бағыты туралы, диалектика туралы түсінігін айттып өтеді: «Мен бастапқы мақаламда «ұлтшылдар да жыл санап өсті» дег Міржакып пен Мағжанның екі дәүірлерін мысалға алып едім. «Шолпан» мен «Оян, қазакты», «Көже» дедін, диалектиканы білмейсің» дег Қошке маған үрсипты. Қошкенің диалектикасы басқа бір жақтан алып келген диалектика болмаса, мен көрген диалектикада менің сөзім дүркіс сыйылды» [43].

Сәбит Мұқановтың талдауы бойынша әрбір коріністің құбылыстарыш бақайшағына шейін зерттеу, өткені мен қазіргісін салмақтау, қалай оскендігін талдау, яғни, ұлтшылдардың жақсы жазғанын жақсы, жаман жазғанын жаман деу. Ары қарай, сыншы әдебиет туралы ойын саясатпен байланыстырады: «Батыр Баянды» көркемдік жағынан мен «Көже» дегенім жоқ. Оған біздің таласымыз – саяси беті туралы. «Бүркіт тегі» де сондай. Ал «Оян қазақ» туралы сол пікірім, пікір. Плеханов пен Міржакыптың арасында жер мен көктей айырма бар, Плехановтың жақсы, жаман болсын, социал-демократ деген аты бар» [43] дейді.

Үйдірыстың әдебиетке деген көзқарасында сол кездегі реиси көзқарасқа тәуелді жақтары байқалып тұрса да, ұлттық рухани мұра туралы сөз болған жерлерде, әсіреле Абай мұрасын қорғауда жаңын сала кіріспіл, өзінің батыл пікірлерін тарихи тұрғыда талдау жасауға, дәлелдеуге тырысады. Әсіреле, сол кездегі айтыстың белсендісі Сәбит Мұқановтың кейбір ұшқары айтылған пікірлеріне үнемі тойтарыс берे отырып, оған өзінің сын тұрғысынан достық ниеттегі ойларын білдіреді.

Ыдырыс Мұстамбайұлы «Біздің таластарымыз» [75] деген комақтысыни мақаласында Сәбит Мұқановтың сол кездегі саяси-қоғамдық бітім-тұлғасына жан-жақты мінездеме береді.

Аталған мақалада, Ыдырыс Мұстамбайұлы көркем әдебиет тұрасындағы айтыска баға беруден бастап, сол кездегі айтыста қызу пікірталас тудыруға себеп болған Сәбит Мұқановтың көзқарастарына толық тоқталып сыйнайды.

Оның «Ақындардың мінездері және Сәбиттің мінездері» атты алғашқы тарауында: «Ақын жырлайды, сүр тұрмысқа бедер салады. Ақынның сезінің сұлулығына, маңызына қарап, ақынның әлеуметшілдік саяси тілегіне қарап, ақынның әлеудерінің көпшілік бұқараның мұнына үйлесуіне қарай жұрт ақынға баға беруши еді. Бұл айтқандардай ақынның сөздерінің бағасы болса, ақынның қанша дұшпандары болсын (бар дұшпандары болсын, жок дұшпандары болсын – бәрібір) оған бөгет болып жолында тұра алмайды, ақын орлеп жүре береді, жұрт оны танымай қоймайды» [75] деп бастаған, «егер де ақынның дүмбілез болса, біраз заман аты аталағып жүрсе де, бара-бара жок болатынын, атағы өшетінін» айтады.

Өйткені, ақын өзінің кім екенін, тілегі, мұны не екенін өзінің сезінде білдіреді, ал ақынның жырына қарап оған бағаны жұрт береді. Ақынға өзін-өзі ақтап жату, өзін-өзі мактап жату керегі жок нәрсе және лайықсыз. Біреу оған өтірік пәне жауын жатпаса, «мен былай дедім, менің асылымды ұқпадындар» деп ақынға таласып отыру қысынсыз. Оған мысал ретінде Ыдырыс Мұстамбайұлы Гоголь, Тургенев, Достоевский, Салтыковтар да өздерінің көздері тірі отырган күндерде де әркім әртүрлі деп жатқанда үндемей көбінесе шыданап отырғанын, олардың кейбір әңгімелері 4-5 жыл, біреулері 10 жылдай созылып жазылып жүргендігін, соншама сары майдай сактаған, көзінің карашығындағы күтіп, барлық тілегін, барлық пікірін кіргізіп, қанша еңбекпен, қанша сабырмен жазып шығарған нәрселерін әркім әртүрлі баға беріп, «ірсп-сойып» жатқанда, кейбіреулерден орынсыз сөғіс естіп жатқанда бұлар шыданап отыра бергенін, ақырында бұлардың әрқайсысы әдебиет жүзінде тиісті орнын алғандығын айтады [75].

Ж. Аймауытов та сын туралы пікірталасқа араласа келе, казактың ұлтшылдығы үстемдігі, бағындыруды қөксеген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық еместігін, алдымен бас корғауға, жансауға қылуға, жетс алса тендік алуғаталынған тіленші ұлтшылдық екендігін, казақжұмыскерлері шын мәнінде пролетари еместігін ашық айтады. Ол: «Әдебиетті, өнерді оқығаннаның өнерлісі, оқымағаннаның самар оттары жасайды» [52, 256] деп өзінің саяси сауаттылығын, даналық көрегенділігін танытады.

Ыңдырыс Мұстамбайұлы мысал ретінде дүниежүзінің әдебиетін алады: «Дүние жүзі әдебиетінің ескі мұраларының біреуі «Фаусты» жазған немістің атақты ақыны Гете өлгелі жүз жылдай болса да, «Гамлетті» жазушы Англияның Шекспир дейтін ақыны өлгелі 300 жыл болса да, бұлар туралы әлі де талас-тартыс, дау біткен жоқ. Бұл айтылған әдебиет мұралары 100-300 жылдан бері талай батыр сыншыларды көрген. Бұлар Белинскийді де, Плехановты да, Марксті де, Ленинді де, қала берсе Троцкий мен Воронскийді де көрген. Бұлар шыққаннан бері тарих талай құбылған» [75] деп сынның өміршендігін, қашаңда болсын әдебиет бар жерде сынның да катар жүретіндігін айтады.

Ж. Аймауытов та өзінің нақты қозқарасын «Ақын бір жағынан өз табының, әлеуметтің жоғын жоктап. мұддесін көксеп журсе, екінші жақтан оның бір артықшылығы – өзгеден тәжірибешілдігінде, өзгеден өмірді анық, жете білуінде» дей келе, Луначарскийден мысал келтіреді: «Ақын біршеше таптың, бірнеше топтың ар елегінде болуға мүмкін. Ақын тестігі көп машина тәрізді. Тургеневтің ақсүйектердің ақыны, солардың уәкілі деуге бола ма? Болмайды! Тургеневтің тұсындағы барып тұрган аксүйектер адам құлданып, құлдың енбегін жеп, дәурен сүргенді дұрыс деп білетін еді. Тургенев мұжықты құлдануға қарсы болды. Ол тұмысы аксүйек болса да, еркіндікті сүйеттің аксүйек еді. Ақынның кім екенін үғу үшін оның шығармаларын тексеріп, зерттеу керек. Зерттесек кейде бір тап емес, әлденеше таптың мұддесін көксеген ақындарды да табамыз» [52, 147].

Жүсінбек мысал ретінде. Лермонтовты, Шекспирді алып, олардың бір белгілі үгіт айтпағандығын, таптың жырын жырламағандығын, оларға сырлы, коркем соз шығару, айқын перне түсіру максұт болғандығына тоқталады. «Олар бір әдемі суретті, болмаса адамда болатын бір сезімді, болмаса белгілі адамдардың жаңында болған тартысты алады да, кияльна келген нәрсени суреттейді» [52] дейді. Жүсінбектің бұл пікірі бірден-бір дұрыс. әділ пікір еді.

Ыңдырыс та Гамлет шыққан заман мен бүгінгі заманды салыстыра отырып, ол уақыттағы адам баласының мәдениеті мен бұл күнгі мәдениеттің, салт-санасының арасы қазекенің арбасы мен автомобильдің арасындей скенін, түйс мен аэропланың арасындей екендігін айтады. «Сонда да бұлар ескі әдебиеттің ең көркем нәрселері. Дүние әдебиетінің ең бағалы мұралары болып есептеледі. Бұларды әркім-ақ бақайшылына шейін қалдырмай талқыға салған, талайлар іске жаратпай шығарған. Сәбит екеуімізді былай қояйық талай дәулер бұлардың «жәйін тауып», іске жаратпай шығарған» деп сын туралы

теренірек талдай түседі. Орыстың атақты ақыны Тургенев «Гамлеттеп» ешбір мағына таба алмай, жынданған адамның сөзі, жай бір «қырту», оны жазған жазушы Шекспир де көкеп деп кеткендігін, алайда Тургенев өзінің заманына қарай көркем әдебиетті Сәбит екеуінен жақсы танитындығын мысалға алады.

Ары қарай Үйдірыс: «Егер де бұларда Сәбиттің сынына салсақ, корқамын: бір тыныға жаратпас еді. Себебі бұлардың ішіндегі әңгімелер өншең патшалар, корольдер, жын-шайтандар, не аруактар туралы болып шығады. Сәбит не демейді? Бірақ сол жалғыз Гамлет туралы күллі жер жүзінде, неше жұз тілде шықкан сындар да жинал қаласа, бір кішкене үй салуға болар еді. Соншама сындарды тапжылмай бір кісі үнемі оқып отырса бірінші ол адам жынданып кетер еді. Екінші оған 100 жыл жасау керек болар еді!» [75] деп сонша пәлені көрген, сонша заманин өткен, тарихтың түрлі құбылысын басынан өткізген «Гамлет» пен «Фауст» ескіріп баяғының ертегісі болып қалмагандығын, патшалардың, жын-шайтандардың әңгімелері еken деп карамастан, КСРО-ның күллі мемлекет театrlарында қойылып отырғандығын атап өтеді.

«Жер жүзіндегі қаламға шебер талай кеменгерлер қырық-пышак болып қырылысып жүрген екі әңгіменің жазушылары өздерін-өздері әктап бір ауыз сөз айттып па?» деп, Үйдірыс риторикалық сұрақ қоя келе, оған өзі былайша жауап береді: «Жок, керек десе «Гамлетті» жазушы анық кім екені даулы. Оны жазушы Шекспир емес деп таласушылар да көп. Бұлар ескі ақындардың мінездері» [75].

Көрнекті мемлекет және когам қайраткері Нәзір Терекұлов та дүниежүзлік әдебиет туралы пікірінде, Еуропага еліктеудің онша коркынышты еместігін, өйткені Еуропа мәдениетіміздің бір асылы екендігіне токталады. «Абай әдебиетіміздің атасы, бұл жолдың коркынышсыз, біздін үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін араб, парсы жолы да ашық еді...» деп, өзіндік пікірін былайша түйіндейді: «Енді өздік жолымыз қалды. Бұл жолға түспестен бұрын өте даярлануымыз керек, ұлт әдебиетімізді майданаға шығармақ үшін ен әуелі өз тұрмысымызды білгіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жиып, тәртіпке – белгілі сарынға салмағымыз, өз жұртымызды әр жактан білмегіміз керек. Қазақ зиялыштары бұл күнге шейін бұл туралы не қылды? Ештене... Бізге ұят: халқымыздың бай әдебиетін, оның ертегілерін, макалдарын, қүйлерін, жырларын ... білуге, жинауға құштарлығымыз жок. Оларды көңіл койсақ жио қынш емес. Әрбір оқып-жаза білстін кісінің көтінан келстін жұмыс. Егер халық аузынан жазып, бір жерге жинасак, оларды тәртіпке салсақ, әдебиетіміз,

ғылыммының үшін бір пайда шығара алғатын кісілер табылып қалар еді» [76]. Н. Төрекұловтың осы пікірінен онын рухани мұраға деген камкорлығын көруге болады. Ел ішінде ауыздан-ауызға тарат жүрген каншама жауһарларымызды қағаз бетіне түсіретін уақыт келгендігін ол баса айтады. XX ғасыр басында көтерілген өзекті мәселенін бірі де сол рухани мұраға деген камкорлық еді. Осы мәселе араға бір ғасыр салып XXI ғасырдың басында заңды жалғасын табуда. Елбасының бастамасымен жүргізіліп жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы да сол ізгі істердің заңды жалғасы болып табылары даусыз.

Ж. Аймауытов К. Кеменгеров пен С. Мұқанов айтыстарының маңызды жерлерінен, казак әдебиетінін есу-өспеуі, қандай адам жазушы, ақын болуы, казак жазушыларының қазіргі бағыттары жайына токтала келе, «акын да, арбашы да, койшы да... өз орнында ақын...» деген үшқары пікірлерге батыл тойтарыс береді.

Жұсібек Аймауытов «солшыл» жазушылардың ішінде мұндай көптің ұғымына қарамай өз зерттеуімен жазып кетушілікті Сәкен Сейфуллиннен табады. «Онын «Экспресс», «Аэроплан», «Так-так-так-рудзутак»... сықылды өлеңдері көпке, онын ішінде, еңбекші казакка қандайлық ұғымды, жұғымды болар екен» дей келіп, ойын былай түйіндеді: «Қазак былай тұрын, зертле орыста да жалшы әдебиетші жок деп білгіштер жазып отыр. Троцкий сияктылар: байлар мәдениетіне, байлар өнеріне жалшы мәдениетін, жалшы өнерін карсы қоям деу түбінен дұрыс емес. Жалшылардың мәдениеті де, өнері де тегінде болмақшы емес, ойткені жалшылар тәртібі уақытша өткінші тәртіп. Онын пікірін дұрыс емес дейін десен, төңкерістің бас қайраткері біздің Сәбит: «Шөрешерлерде тиянакты пікір жок. Құш кімде болса олардың тілегі сонда, кеңес үкіметін тамағы тойса жақсылайды, тамағы ашықса жамандайды. Бір күн байды жырласа, бір күн келейді жырлайды» деп отыр» [52, 253]. Сол жылдары ұтшылдық бағытпен катар, тапшылдық, төңкерісшілдік және жолбикелік бағыттар туралы пікірталастар болып отырған.

Сондай-ақ жаңа ақындар туралы Жұсібек Аймауытулының ойын Үйдірыс Мұстамбайұлынан да көруге, екеуінін арасындағы үндестікті анық байқауға болады. Үйдірыс өз ойын былайша таратады: «Ал енді жана ақындарды алайық. Горький туралы төңкерістен бұрынғы айтылған пікірлерді коя тұрайық. Дәл совет үкіметінің заманында Горький туралы қанша түрлі пікірлер болды. Луначарскийден бастап, марксшіл сыншыларымыздың әрқайсысы әртүрлі деп жүрген жок па? Горькийге Лениннің берген бағасына қарамай кейбіреулер өзінше соғысып жүрген жок емес пе? Горький отыра қалып бәрінен жауап жаза бастаса, шашы

ағарар еді. Айтыстан басқа түк бітірмес еді. Жазу далада қалар еді. Жаңа әдебиеттің басқа ақындарынан Пильняк, Иванов, Маяковский, Сейфуллина және баскалар туралы не айтылмай, не жазылмай жүр? Бұлар құр шокпарын қолына алыш, бір біріне тұра ұмтылып: «Мен мың сөзімнің ішінде еңбекші деп жұз рет айттым, сен бес-ақ рет айтысың» деп неге жүргісіп жүрген жок? Өздерін актап бір газеттің бетін толтыруға олардың да күйі бар» дей келе. өзіміздің әдебиетке ауысады: «Ал біздің ақындарға келсек, өздері ақын, өздері сынши. Бірін бірі мақтайды, бірін-бірі боктайды. Айтысқанда сөздерін сипатты, дәлелді ету үшін «мерез» деген сөздерді коса салады, ол не сүмдик? Әлде калмай жүрген жікшілдік кеселдері ме екен? Жабайы кісілердің, әсіресе, оқып жүрген жастардың біздің айтысымыздан мың қататын болды» [75]. Ы. Мұстамбайұлының орыс әдебиетінен мысал келтіру арқылы оларды қазак ақын-жазушыларына үлгі етеді. Қазак әдебиетінің максаты – еңбекші, бұқара, кедей деңен сөздерді қайта-қайта айту емес, олардың мұддесін жоқтау екендігін қаламгер түсіндіре білді. Сонымен бірге ол қазак ақын-жазушыларын бір-бірін мінеп, отыrsa, көпшілік бұқара халық кімге сенелі деуі де орынды. Жеке басқа тиіс кетстін айтыстараптардың қоптігі сонша, сол тұста коркем әдебиет туралы айтысқа тек ақын-жазушыларға емес, сөз қадірін түсінер мемлекет, қоғам қайраткерлері де белсене араласканы мәлім.

Сын қоғамдық-философиялық мәселелерді терен талдауга катыса отырын, өзінің әдістемелігін жетілдіреді. Ал, гылыми-қоғамдық тұжырым жасау үшін сын бүкіл әдебиет ағаулықдан хабардар болуы керек. Сынши бүкіл қоғамдық ой-пікірдің тарихын жете білуге тиіс. Атақты сынши Белинский жөнінде академик С. Кирабаев «Сын туралы сөз» [38, 134] енбегінде: «Белинскийдің «Әдебиеттік армандар» атты мақаласын жазған кездің озінде, лүннегүзілік әдебиетке, Шекспир, Гете, Байрон шығармаларына тұрақты қалыптасқан көзкарасы болғанын білеміз. Ол европалық классицизм мен романтизм тарихын жақсы білген. Сыншының осы күбылыстар жөніндегі пікірлері аталған жазушыларға берген мінездемесі дәлдігімен және талқырлығымен бағалы. Сол дәүірдегі орыс әдебиетін оя адамзат мәдениеті көтеріген европалық биіктен қарап сынайды» [38] деп ұлы орыс сыншысына нақты қозқарасын білдіріп, әділ бағасын береді.

20-жылдардың басында қазак әдебиетінде кенестік идеологияның жетегіне ерген ақын-жазушылар өздерінің ұстанған бағыттарының әділдігін дөлеңдеп, ұлттық бағыттың «кері кеткен», «зиян» екендігін

әшкерелеумен қатар, олар орыс әдебиетінде жүріп жатқан тұрпайы айтыс-тартыстардың көрігін казак әдебиетінде де қыздыруды қалады. Сол жылдардағы қазак әдебиетінің ауыр жағдайына жаны ауырған Ж. Аймауытұлы «Көркем әдебиетті саралау» [4] атты еңбетінде: «Төңкерістен кейін қазак өлеңшілері, жазушылар көркем сөздің не екендігін білмегендіктен, әйтпесе онері жетпегендіктен не болса соны баспаға түсіріп, көркем әдебиеттің құнын түсіріп барады. Төңкерістің алғашқы екпінінде айғай сөз, үгіт жарастықты еді. Сөн болып еді. Төңкеріс сабасына түскен заманда алғашкы айғаймен жүре беру келіспейтін кінәратты нәрсе. Дәмсіз, кенеусіз сөзбелі қандай әдебиет болса да туғыза алмаймыз» [4] деп жазды.

Қазак төңкерісінен кейінгі казак әдебиетінің жай-күйі Ж. Аймауытұлы айтып отырғанындағы күй кешті. Бұл тұста қазак ақын-жазушылары непі қалай жазу керек екенін білмей дағдарып қалды.

Алайда, Жүсіпбек сынды сыншылардың жанайқайына «төңкерісшілдер» құлақ аспады. Ғалым М. Базарбаев айтқандай, олар «акыр сонында тап деген бір ғана тақ-тұқ тақырыптың аумағынан аса алмай қалды» [77].

Сәбит «Көркем әдебиет туралы корытынды пікірім» [43, 190-191] деген мақаласында «еңбекші жазушылар туралы» ерекше токталады: «Қазақтың еңбекші жазушылары – еңбекші табының тілі. «Тап бар елден таптаң тыңқары шығатын ақын болмайды» деп Богданов жазды. Еңбекші таптың екі түрлі дәүірі бар. Біреуі санасты оянибаған, байға ішінен кас болса да, сыртына шығара алмаған кезі. Екінші – таптың міндеғін сезініп, құреске белін буып түскен кезі» деп қазакта тап бар деген сөзге дау болып, пікірталас туғандығын айта келіп, өзінің тұжырымында: «Қазакта тап бұрыннан бар-ды. Бірак тапшылықтың сезімсіз дәүірінде жүрген. Октябрь төңкерісінде мылтық алып жәрдем көрсетпегей – сол нағандығы» деген байлам жасады. Алайда, «қазақтың бай табы, кедеймен салыстырганда, анағұрлым санауды» деп мойындаған Сәбит Мұқанов интелигенция туралы ойын: «... Партия еңбекші тапты көтеру ісін баса істеп еді, табандары тайғанақтап, партиядан шығып отырды. Тағы да бәлшебекті жамандады. Жамандаганда, құлайды деп ойладап жамандап еді. Құламады. Сондықтан (өсіресе, Жүсіпбек) бетін қайтадан бұрып отыр... Біздің «еңбекші жазушылар» дегендеге нысанаға алатындарымыз: не коммунистің бағытынан қайтиай қалған ескі оқыған ақындар, болмаса, Октябрьден кейін туғандар» [43] деп анықтаған-ашық білдіреді.

Ғалым Д. Ыскаков «Әдеби мақалалыңың сыр-сипаты» [78] макаласында Тұрар Рысқұловтың казак интелигенциясының екіге жіктейтінін атап

көрсетеді: «Біріншісі артта қалған қазақ ортасынан шыққан әртүрлі кезеңдегі Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Гази Уәлиханов сиякты орыс әкіметтің ықпалы кезіндегі қазақтарды Европа мәдениетіне жақыннатуға ұмтылуышылар; екінші интелегенттер түрі қазақ халқын мұсылмандық шығыс мәдениетін тарату арқылы агарту жолына түсіруге ұмтылуышылар...» [78] деп жалпы білім алу жайына қарай жіктеген.

РКПБ Орталық Комитетінің 1925 жылы 18 июнь күнгі «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясат туралы» қаулысында: «Құбылыстарды кең ауқымда қамтудың барлық құрделілігі бір зауыттың шеңберінде не болмаса цехтың әдебиеті ғана емес яғни соңына миллиондаған шаруаларды еріткен ұлы тал жолындағы құресушілердің әдебиеті болуында» [79] дес, көркем әдебиеттегі ролін аныктап берген.

Үйдірыс «Біздің таластарымыз» [75] атты мақаласындағы бірінші тараудың соңында Сәбит Мұқановтың мінездерін де сынға алады: «Сәбіттің мінездері тым қызық: 1. Барлық жаңа әдебиеттің иегізин жалғыз өзі корғап отырған секілді болады. Өзгелердің бәрі Сәбит басқан таңбамен жүруі керек.

2. Сәбит тым тәқаппар, басқа дүниеде өзім білмесін тесік қалған жок деп лепіреді де отырады. Екі ауыз ақыл айтып Сәбитке қатесін көрсеткен адам пәлеге қалады.

3. Сәбит тым қылжан, қазап бұзар тентек. Қылжаңдан келіп ұлықсатсыз келіншектің бетін ашып қалады. «Бұл қалай?» деп біреу сұраса, мен редактормын дейді. Айтқанға түсінбей жатып байбалам салады. Біреумен айтысын отырып, скінші адамды косакабат беталды түйрек салады».

С. Мұқановтың жеке басының кемшилігі ретінде көрсетілген бұл сындар оның сол тұстағы келбетін аша түседі. Расында да Сәбіттің ойынша ақын-жазушылардың бәрі де оның айтқанынан шықпау керек тәрізді. Біреуін байшыл, енді біреуін ұлтшыл деп таныған Сәбит қазақ ақын-жазушыларының бәрінін де жазғандарын іске алғысыз етіп тастанады. Оның пікіріншес кедей отбасынан шықкандар ғана бұқара қамын ойлайтын еді. Сәбіттің кемшилігін көрсетемін деп жақпай қалғандардың бірі – Қошке Кеменгерұлы. С. Мұқанов оның айтқан сынын дұрыс қабылдамай жеке басына тиіскеп белгілі. ІІ. Мұстамбайұлының көрсетіп отырган үшінші міні де С. Мұқановтың бойындағы шынайы мінездің бір кырын ашар сын. Қаламгер Сәбит Мұқановтың бойындағы осындағы орынсыз қылыштарды сынау арқылы сол тұстағы қалам қайраткерлерінің осындағы мінездерден арылуды талап етеді. Себебі, мұндай мінездердің қазақ әдебиеттің өсіп-өркендеуіне келтірер зияны көп еді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы екінші тарауына «Паңдық па, я қоқірек пе?» деген тақырып коя отырып осы күнгі әдебиеттегі айтыстарға тоқталады.

Сол жылдары әдебиет айтыстарында қызу талас тудырып келген «Ақын кім? Ақынды қалай бағалау керек? Ескі мұраларды қалай пайдалану керек? Кімнен үлті алу керек? Осы күнгі ақындарымызға үйрену керек пе, жоқ па? Олардың қандай кемшіліктері бар? Жолбикелер кім? Олармен арамыз қандай болу керек?» деген маңызды сауалдарды коя отырып, Үйдірыс оған Сәбит Мұқановтың ой-пікірлерін қатыстыра отырып жауап береді: «Осы айтылған мәселелерге былтырғы жылы шыққан «Қызыл Қазақстан» журналында (1927 жылғы февраль-март айларында шыққан екінші саны) мен оз пікірлерімді айтып оттім, көбінесе Сәбиттің кателерін көрсеткемін. Бұларды қайта жыр қылып отыруды артық таптым, өйткені Сәбиттің кейінгі шыққан «Әркім өзінше ойлайды» мақаласында дәлелді жауап таба алмадым. Жоғарғы айтылған мақаласында Сәбит жолдастың қайтарған бір дәнді жауабы жоқ, бос қызу сөздер не болмаса жала.

Мәселен: «Мен Абайды, оның идеологиясын тал тартысынан тыскары таза идея деймін (өңшең осындай қотыр сөзді Сәбит жолдас кайдан табады?). Мұндай сөзді Сәбит жолдас шатасып, не айтқанынды андамай қалып жазып отыrsa жон гой, тек ермек үшін жаза бере ме деп коркамын. «Жаза берсе қағаз байғұс шыдай береді» деген сөзді амалсыздан кісі осындайда айтады екен гой» деп, ренішін білдіре келе: «Әркімнің де тиісті бағасын білеміз. Егер де мен біреуді «қазақтың камқоры» деп араша туғе алатын пигыл болса, мен Абайдан басқаны көрер едім. Баға беруге келгенде кімге болсын, Сәбит болсын, басқа болсын деп, ешкімнен әлі ығысқанымыз жоқ» [75] деп озінің әділ бағасын береді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы Сәбиттің мақалаларына сынғана жазып коймай өзінің достық ақыл-кенесін де ұсынады: «Сәбитке біздің айтатын ақылымыз бірінші, Сәбит енді өзін-озі мактаудан кішкене тоқтасын. Сәбит өссе, ақындығын өлецімен көрсетсін. Сәбит жаңа әдебиетке негіз салушы болса, оны байқап қалатын жұрт тағы өсіп қалады. Екінші, Сәбитке әлі де коп үйрену керек: кемшілігі, білмейтін нәрселері тым көп. Қазақ әдебиетін тегіс актарған болса, оナン еш қадірлі нәрсे таба алмаса не болмаса, сінді мұнан былай Сәбитке қазақ әдебиетінен аларлық дән табылмаса, орыс әдебиетін қарастырысын. Өнер, әдебиет, мәдениет адам баласының құллі тарихының толып жатқан ескі мұралары бар. Сәбит соларды тексерсін. Құранмен қатар «Иллиада» мен «Одиссеяны» қарастырысын. Мекке мен Әзірет сұлтанның зиратымен қатар орыстың Иван патшасы салдырып кеткен Кремльдің қасындағы шіркеуді салыстырысын. Болмаса Мадонна деген сл шулап қоймайтын құдай қатын бар. Сәбит оны да біліп қойсын.

Ленин мен Марксті быттай кояйык. Плеханов, Мартов, Каутскийлермен катар бізге Сократ, Аристотельге шейін біту керек. Ворошилов, Буденный, Фрунзелермен қатар бізге Македонский, Цезарьларды білу керек. Крупская мен Колантаймен қатар бізге Клеопатра, Орлеанская Деваны білу керек. Үйрену деген міне қандай болады. Бәрін үйрену керек, бәрін білу керек. Әрине, көргениң, оқығанның бәріне құл болып, мойынсұнып кетпесу керек. Коммунистің өз ойы өзінде болу керек» дей келе, «Сәбит үйренбеймін демейді-ау ауызша айтқанда үйренемін, үйреніп жүрмін дейді. Бірақ сезінің түрі қөбінесе сепдер маған жөн айтпай-ақ койындар, өз білгенімнен артық маған дәнсөне ақыл коса алмайсындар деген көкірек болып кетеді» [75]. Қаламгердің осы пікірінен оны әлем әдебиеті мен оның тарихынан мол хабары бар екенін көруге болады. Ол Сәбитке де соларды біту қажет екендігін айтады. Қазакта ештеге жок болса, онда әлем тарихы мен әдебиетіндегі озық үлгілерді карасын дегеніне карағанда ІІ. Мұстамбайұлы Сәбитке жанашырлық танытып, оның білімін толыктыру керек екендігін, оқып, үйрену керек екендігін талап етіп отыр. Осы үйрену мәселесін Сәбиттің өзі де құпталды.

Сәбит Мұқанов «Капиталистердің өнерінен де үйрен» деген Лениннің сезін мысалға ала отырып, үйрену туралы өзінің пікірін былайша талдайды: «Қошке мен менің талас мәселем «үйрену» туралы еді... Мағжан тұтіл Абай да үйренген, Абай да еліктеген. Абайдың күшті ақын, үлгілі ақын болуына себеп болған – жер аударылып барған орыс (атын ұмыттым). Егер де ол орыс болмаса, Абай мұнданай күшті ақын болмас еді. Абай сол орыс арқылы орыстың Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Толстой сықылды адамдармен танысып, елеңінің ажарын үйренген. Абай елеңінің ең сұлуы – «Теректің сыйы» – Лермонтовтікі» [75]. Қазактың Абай, Мағжан сынды ақындарының орыс әдебиетінен үйренгенін, олардан үлгі алғандығын айта келіп, орыстың ақын-жазушалары әлем әдебиетінің озық үлгілерінен үлгі-өнеге алғанын тілге тиек етеді. Үйрену деген мәселені қолдаған Сәбит оны ісімен көрсетуге келгенде шорқақтық танытады. Ол өзі ешкімнен үйренгісі келмейді. Онымен тұрмай елдің жазғандарын біржакты қарап синауға құмар-ак.

Көркем әдебиет туралы айтысқа араласқандардың бірі – Эмина Мәмет келіні. Ол «Көркем әдебиет туралы» [80] атты зерттеу мақаласында: «Көркем әдебиет деген нәрсе де қоғам тұрмысының түрлерінен келіп туған көп тілектиң біреуі. Соңдықтан ол сол қоғам тұрмысының зарын зарламай, мұндын мұнданамай, өз бетінше жайылып кете алмайды» десе, көркем әдебиет туралы пікірсайыстың бірден жанданып, куат алғып кетуіне С. Мұқанұлының «Көркем әдебиет туралы» [81] деген мақаласы

себеп болды. С. Мұқанұлы макаласында таптық ұстаным тұрғысынан келіп, пролетариат әдебиетін дамытуды ұсынады. Оның кейбір пікірлеріне каламгерлердің қөшілігі қарсы шығып, пікір таластырады.

Әдебиет мәселелері туралы айтыста белсенділік танытқан каламгерлердің бірі Шаймерден Тоқжігітұлы «Әдебиет мәселелері» [36, 51-52] макаласында үйрену туралы мәселеге көп коніл бөле отырып, Сәбиттің пікіріне қарсы шығады. Үйренуге келгенде дос, дұшпан демей кімде жетістік мол болса содан үйрену керектігін, сынның саяси жағынан да, адемілік жағынан да әділ болу жағына токталады. Расында да, сынның орынды айтыудына көніл бөлу керек деген сөздің жаңы бар. Осы айтысқа қатысқан келесі білікті әдебиетші Смағұл Сәдуақасұлы «Әдебиет әңгімелері» [20] макаласында ескі мұра жайлы айта келіп, Мұхтар мен Жусіпбек жөнінде де оң көзқарасын білдіреді [20].

Сол кездегі заман талабына сай еріксізден F. Токжанов төмендегіше жазуға мәжбүр болды: «Осыдан соңшалыкты көп емес, 3-4 жыл бұрын, біздің ұлтшылдар өнер соның ішінде әдебиет саясатқа бағынбайды, азғантай ғана таптың қызығы жат нәрсе және казак көркем әдебиетінін өзіне ғана таптан тыс «жалпыұлттық» мәні бар делінді. Казак ұлтшылдарының идеологтары – Эуезов, Ыскаков, Аймауитов және К... (Кеменгеров). Сәдуақасовтың өзі де біздің советтік әдебиетімізді ұлтшылдарсыз – Эуезовсыз. Аймауитовсыз және Кеменгеровсыз ойтай алмайды және ұлтшылдар секілді, оның өзі де ұлттыл жазушылар казак енбекшілері үшін ұлтаралық қатынастар тақырыбында өте пайдалы дүниелер береді деп әбден сенеді» [21].

F. Токжановтың бұл пікірі сол тұстағы байышыл, ұлтшыл атанған жазушылардың шығармаларын біржакты бағалаудан туғаны анық. Бұл – сол тұстағы зымиян зиясаттың колдан жасаған кедергілері еді. Ол ұлтшылдар әдебиетіне жаппай топырак шашу науқаны басталып та кетіп еді. Оның соны 1930, 1937 жылғы жаппай күғынға алып келді.

Пікірталас кезінде қаншама кайшылықтарға тап келсе де, Үйрекшілік Сәбитке деген таза көңілін былайша білдіреді: «Сәбит үйренбессе, талаптанбаса, құр айтыспен құрықпен жүре берсе, ертегі күні өзінен басқаның асып кеткенін білмей калады. Соңда Сәбитке біреу болмаса біреу: «Дұрыс, жігерлі, пікірі катты ортақшыл азамат екен» дейді. Бірақ таласын, айтысын жүріп үйрене алмай қалыпты, ақындығы кем екен, не все алмай қалыпты дейді. Я, болмаса пәленше ақыннан кем дейді. Егерде сол өскең еңбекшінің, сол еңбекші бұқараның маркешіл, нағыз бір Плеханов секілді сыншыларының біреуі осы күнгі Сәбит құрық салып кайтарып жүрген ақындардың ішінен, не жолбикелер деп

жүргөн ақындардың ішінен біздің нағыз үлкен ақын мынау деп Сәбиттөн басқа біреуді тауыш алеа, тірі масқара емес не? Мұны да Сәбит ойлауы керек» деп, және мұны: «Мұның бәрін Сәбитке нағыз достықпен айтып отырмын, жау көрсө өзі білсін. Бұл жалғыз Сәбитке айтылған сөздер емес, бірқатар жаңа ақындарға да айтатын создеріміз осы» деген, шын көңілден айтылған достықсын екенин айта келіп, келешектегі жас ақындар туралы ойын былайша түйіндейді: «Жас ақындарымыз қантан кобейіп келеді, осіп келеді. Кемшіліктөрі көп болса да, олардың міндеті зор, жүгі ауыр, соган қаран, оларға баға беру керек. Олар жаңа әдебиетке негіз салушылар. Бірақ оған қарап кемшіліктөрін айтпай отырууга болмайды. Енді мұнан былай әдебиет мәселелерінде тиіп-кашты қылып, бүйректен сирак шығармай, айтысты ұрыс-талаас, жаңжаша аудармай, әрбір ақынды жеке алып қарап, негізгі мәселелерге кірессек жөн» [75] сынның дұрыс жолға қойылуына назар аударады. Келешектегі жас ақындарға сын айтып, кемшіліктөрін түзеу үшін де, жан-жақты білім алу керектігін ескереді.

Әбіш Кекілбайұлының: «Сәбит Мұқанов – суреткерлік таланттымен де, азаматтық карымымен де, адамгершілік болмысымен де, жеткен бақытымен де, шеккен азабымен де, алған атағымен де, естіген нақағымен де өз халқымен, ұлттық руханияттымызбен, төл тарихымызбен ешкім ешкашан ажыратып ала алмастай болып, бір тұтас бүтін бол, біте қайнасып кеткен ерен тұлға.. Ол – аталмын кезеңде кеңестік кеңестікте тірілік кешкен іргелі суреткерлердің кез келгені сияқты шын мәніндегі трагедиялық тұлға. Бұл жаңынан озінің Макеим Горький, Алексей Толстой, Александр Фадеев, Михаил Шолохов еңяқты әйгілі замандастарын ерікіз еске салады» [82] деген пікірінен Сәбит Мұқановтың арқалаган жүгінің женіл болмағандығы байқалады.

С. Мұқанов «Есею жылдары» атты мемуарлық романында озі жасаған қате-кемшіліктерді айта келіп: «Мен ол кездегі идеологиялық майданда «солақай» аталатын адамның бірі болдым. Өзім қанауыш таптың семьясында туып, октябрь революциясына дейін қанаған жағдайда өсken адам болғандыктан, «қанауыш тап» дегенде, «қанауыш таптан шықты деген адамға» ош болатынын» [83, 371]. Кеңестік жүйеде білім алып, саясат ықпалында болған Сәбит Мұқановқа да кіна таға алмайсыц. Яғни, бұл қателікті оның кемшілігі ретінде қарастырмаған жөн.

С. Мұқановтың қателіктөрінің бірі «кімнен үлгі аламыз» деген озінің қойған сауалына берген жауабынан да коруге болады: «Ұлттылдардың, кейбір коммунистердің алдымызыға «үлгі ал» деп тарта беретіні – қазақтың ұлттылдарының әдебиеті. Ұлттыл, еңбекшіл деп болмей алғанда, жалпы казак әдебиеті өзінен өзі үлгі алатын дауірге жеткен

жок. Соңдықтан бізге көрші өнерлі елден өнеге алмай болмайды» деге келе, мысал ретінде. Илехановтың «Қай халық болса да, көршісіен үзгі алады. Қай халық болсын корші отырып әсерін тигізетін қоғам болмай коймайды» [43, 194-195] деген сөзін келтіреді.

Сөйтіп, С. Мұқанов «казактың соңғы ғасырдағы халық азында айтылып жүргетін олешдерінің пішініне (форма) ұлтшыл ақындары озгеріс кіргізе алған жок» [43, 194-195] деген кесіп айтта келе, тек мазмұн жағына жаңағын кіргізгенін, алайда, ол мазмұнмен жазуға да карсы шығады. Яғни, ұлтнің казактың ұлтшылдарынан алудың керегі жоктығын, корші отырган орыс еңбекшілерінен алу керектігін айтады.

Ыңдырыс Мұстамбайұлының «Біздін таластарымыз» [75] мақаласының үшінші тарауы «Тарих пен ақын» деген атапады. Бұл тарауда да Сәбит Мұқановтың гарихқа қатысты әдебиет туралы ой-пікірлеріне жан-жақты талдау жүргізеді.

«Сәбиттің былтыргы айтканы мен биылғы айтқанының арасында жер мен көктей айырмасы бар» деген басталатын бұл тарауда, отken жысқарды жазылған макалалардан үзінділер келтіріп, ары қарай былайша ғалттайды: «Тарихтың жүрісінің бұнын айыру оте кын, тарих тұтасын отырады дейді Бухарин. Ұлтшыл әдебиеттің басын кесіп, 17-ақ жыл деуге болмайды» ... «Қазақ ұлтшылдары өз бетімен өркендеп кетті дегенде мен карсымын. Орысқа бағынғаннан бастан біздің оскен ортамыз (срела) жашины Ресей өкіметі болды. Қазір де солай, казактың өзі жеке орта емес...» «Зелинский деген нозяк ақынының «Қазак» («Киргиз») деген өлеңі бар...» «...Күлдікка шіріген казак, тағдырдың жауыз тырнағына ілінген қазак деген бастанайтын. Ол алең жазылғанына биыл 96 жыл. Олай болса, орыс түгіл Күнбатыс Европа төңкерісінің салқыны қазакқа бұдан жүз жыл бұрын тигеніне Кошке калай караїдьы...» деген Сәбиттің жазғанына ыңдырыс былай жауап қайырады: «Ал, енді осы айттыңған сөздерден тұтас бір пікір тұтызуға болға ма? Тарихтағы оқиғалардың бәрі бірімен-бірі жалғасып отырады. Жон. Біздің ортамыз жеке орта емес. Біздін гарихымыз жалпы Россия тарихымен байланулы. Жон болсын. Жалпы, Россия да жеке орта емес, онын да тағдыры бақалармен байланулы, бақса жер жүзінде болып жатқан оқиғалардың салқыны мұнда да болады» деген Францияда, Германияда, Австрияда тоңкерістер болғандығын, құнныңын елдерінде де қозғалыс бастанғандығын мысалға ала отырып, кесімді жауабын былайша береді: «Бірінші, көркем әдебиетіміздің тарихын айыру кын: Екінші, көркем әдебиетіміздің басы жок, аяғы жок үшінтеңіз бір наре...» деген, ыңдырыс Сәбиттің кейбір пікірлерімен келісе келе жауабын былай береді: «Сәбит жолдаска айтатын жауабымыз: рас,

тариҳтың буындарын айыру қыны, тарих тұғасын, қайтадан отырады. Бұл диалектика, материализмнің жолы. Бірақ диалектиканың өзі тарихты дұрыс тапу үшін керек...» [75] дейді.

Ұлдырыс не нәрсенің болса да тарихын тексергенде шұбалаңдатып, 100 жыл, 200 жыл деп, далеліз құрғак сөздерді тізе беруге кареси шығып, Сабиттің былтырығысын биыл түзеткенін, диалектиканы дұрыс түсінуге шыққанын айтады.

Алайда. Ұлдырыс «дұрыс деп тапқан» С. Мұқановтың макаласының соңындағы тұжырымына келіспеушілігін белгайша білдіреді: «Ал сол макаласының аяғын әкеліп белгай деп койған: «Абайдың ар жағында да қазактың жассылы-жаманды әдебиеті болған. Сол әдебиеттер сарқылып келіп, Абай заманында бір қазық қағып етті. Осының кезеңіне Абай кез келген соң, даяр табақтың исесі, даяр токпактың ұрушысы, даяр қазықтың қағушысы болды да жүре берді...». Жөн-жөн Сабит!!! Онан да казақша: «Абай арамтамак» деп бір-ак айтсанышы. Көп сөз сөйлем әуре болып жататын не бар? Елдің бәрі мұндай қысқа еткір тілге он-аңай түсінеді ғой. Етікші де ақын, балташы да ақын деген сөздерге мұндан былай ақын дегендегер тек тарихтың жасап бергенін ішіп-жеп көтегін «арамтамактар» десек те болмай ма? Ойлаймын Сабит жолдағас біраз заманинан кейін бұл қатесін тағы түсінер, тек мені мұқату үшін қызу үстінде айта салған болар» [75] оның қателігін мінезінен көреді.

Сондай-ак. Ұлдырыс: «Тарихта жалғассыз ешнорең жоқ. Қазактың бұрынғы кәкір-шүкір әдебиеті болсын, орыс әдебиеті болсын Абайға азық болды, олар барып Абайды тұтызды. Абай болған соң, Һайтұрсынов болған соң бұл қүндері Сабит шықты. Орыс әдебиетінде Ломоносов, Державин, Карамзиндер болған соң Пушкин шықты. Әрине, алдында бұлар болмаса Пушкин екі аяғы салактарап аспанинан түспес еді. Пушкиненіз, Гогольсіз, Достоевскийлер де. Некрасовтар да аспанин жауласа еді. Бұл айтылғандар болмаса, арамтамак болып, біреудің даяр дастарханына Толстой мен Горький отыра қалмас еді» [75] деп Сабиттің қателігіне жауабын нақтылай түседі.

Ы. Мұстамбайұлының осы іікіріне қараганда ол қазақ поэзиясындағы дәстүр және жаңашылдық мәселесін де сөз ете білген. Олай дейтініміз, Абай өзіне дейінгі қалыптасан дәстүрлі қазақ поэзиясынан үлгі алса, оның қазақ поэзиясына алғын келген жаңаша түр үлгісін кейінгілер жалғастыра білді. Оның Абайға дейін қалыптаспана поэзия болмаса Абай қайдан шығады деген пікірі осыған саяды. Сонымен бірге ол осы мәселеге орыс әдебиетінен де нақты мысалдар көлтіреді. Қаламгер олең жазғаның бәрін ақын деп тануга болмайтыны да баса айтады. Ол

жөнінде ол ойып былай сабактайды: «Бірақ ақын ойыншық емес. Ақын арамтамак емес. Қазақша айтқанда ішуде біреу ғана тарихтың жүргін котереді. Сондыктан ондай адамдарды жалпы бұқарамен арапастыра алмайсың. Екінші бірі Марке, Ленин болмайтыны секілді, екінші бірі үйренсе ақын болып кетпейді. Адам баласының тұмысында бір-бірінен артықшылығы болмаса, дүниеге туган соң, көрген соң, жүрген соң, ортасына, заманына қарай әртүрлі болады. Ірі адамдардың бөрі тарих, тұрмыс таңдал альып, морін басып, белгі салып кеткесі адамдар. Коммунизм заманында ғана ел бәрі теп-тегіс бірдей ақылды, бірдей ақын болтар онан бері де Абайдың аты Абай болады. Толстойдың аты Толстой болады, Лениннің аты Ленин болады. Сәбиттің тарих жүзінде белгілі орын алып қалған адамдарды арамтамағарға ұқеатуына мейіншіе қарсымын. Сәбит жолдастың кісіге айттиаган пікірді жабыстырып коятыны бар. Сәбит жолдас бұл мінезді қалдырмаса тұбі шатқап болады» деп оған, біраз мысалдар келтіреді: «Маселен: Жанеүтірұлына жағтап Сәбиттің жауабында [84] мен Абайды тап тартысынан тыскары қылмы койыптын. Және де соңғы осы көз қылып отырған макаласында Сәбит «ұттышылдық» деген бөлімінде былай дейді: «Тап тартысынан тыскары болмаса, Үйдірыстың Абайды: «Абайдың заманы-казактың кең-байтак заманы, ұттышылдық дәуірі тумаған, байдың пісіп қатаған (бай да шикі бола ма екен?!) заманы болатын» дегі қалай. Абайдікі алде әдебиет емес не? Әдебиет болса, ол тап тартысына неге жанаспайды?» деп Сәбиттің өзінің макаласындағы көлтірген сөздерді өзіне айтатынына тоқталады.

Ілдырыс ары қарай ақын кашпа дана, данышпан дегенмен де ақынга екі үлкен тіректін қажеттігін атап отеді: «Бірінші, ақын үйренуі керек. Үлкен білім керек. Қандай атакты зор ақынды атсақ та, білім деген үлкен азығы болған, үйреніп, тәжірибе коріп барып орлекеи.

Екінші, ақын заманымен, тарихпен қатар отыруы керек. «Жынысан айрылған баксыдаі» деп қазак айтқан секілді заманы өткен, қожалығы кеткен таптың ақыны да жыр жырлай алмайды. Оның ақындығы сарыңдама, сарыуаіым, жоқтау болып шығады» деп өзіндік ой пікірін быттайша аяқтайды: «Ақын кім, көркем әдебиет не деген сауалшарға кейібір жолдастар Белинскийді колденен үстай береді. Белинский әдебиет жүзінде Пушкинмен бірдей адам. Коркем әдебиеттің сынның кобінесе Белинскийден үйрену жарайды. Бірақ сол Белинскийдің өзін де байқап отырмаса болмайды. Белинскийдің сындарының өзінде де екі түрлі із бар.

Бір уақытта Белинский немістің Гегель деген философына бас үрши, идеализмнің нағыз атасын соккан. Белинскийдің бастаны сындарында

«Онер-өнер үшін, көркем әдебиет саясат, тұрмыс тартысынан тыскары, өзімен-өзі жасайды» деген пікір үстем. Ол уақытта Белинский романтизм, идеализм ағымындағы Шекспир, Гетелердің құлы болып жүрген. Артынан барып Белинский көркем әдебиет, өнер деген нәрсelerге жолбағынан бір неғіз болу («Идеинос искусство») керек деп бұрынғы пікірін озгерту керек. Ол уақытта нағызыңық жолындағы Гоголь екінші адамдарды артық көрген. Белинскийдің сындарында Пушкин екілдің ақындар туралы екі түрлі пікір табасын. Сондықтан Белинскийден көркемдік жағын үйрену керек. Бірақ жоғары айтылғандар еске алынып отырмаса ақын кім, әдебиет не деген мәселеғе келгендеге марксизмге үйлестіре алмай қалып жүрерміз» [75]. ІІ. Мұстамбайұлының ақынға қойған тіретінің бірі – үйрену болса, екіншісі – өзі өмір сүріп отырған қоғамның жырын жырлау. Бұлардың екеуі де құптарлық дүние.

Кеңестік заманда қашама қудалауға ұшырап, ауыр азап, қиянат көрсө де қазак әдебиетін шығармашылығымен әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп кеткен, ұлттының ардакты ұлдарының бірі Магжан Жұмабаевтың алғашкы кітабы «Шолпан» 1912 жылы он тоғыз жасында басылып шықкан. Сол кездің өзінде Мағжаның беделі зор болатын, оның шоқтығы биік өлеңдерін жұрт ізден жүріп оқитын, ойын-сауыктарда жатқа айттын. Оның өлеңдері әдеби сында да тиесті бағасын ала бастады.

Мағжаның шығармашылығы жайлы алғашкы пікірлерді «Екеудің» «Абайдан соңғы ақындар» [85] атты мақаласынан көздестіреміз. Авторлар «Абайдың суретшілдігіне жеткен елі ақын жок» деп келеді де одан кейінгі ақындардың ішінен бірінші Мағжаның атын атайды: «Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілдігі бар – Мағжан» [85].

Смағұл Садуақасов «Қырғыз (Қазак – Т. Т.) әдебиеті» [86] деген көлемді мақаласында қазак әдебиетіне жан-жақты талдау жасай келіп, А. Байтұрсынов, М. Дулатовгармен бірге М. Жұмабаевқа да оң баға береді. Ақынды қазак поэзиясындағы жаңа бағыттың басы деп бағалаган. Абай шығармашылығымен салыстыра отырып, өлеңдегі нозіктік, шынайылық, көркемдік жағынан оған жетер ақын жок деген пікір білдіреді.

Мұхтар Әуезов өзінің 1920-жылдары жазған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында қазак ақындарына тән ортақ кемшиліктерді көрсете отырып Мағжан шығармашылығы туралы: «Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілдігі бар – Мағжан» деп оның лирикасының ерекшелігін аттай отырып, «Жояда» өлеңнің кемшилігін де тілге тиек етеді. Қаламгер ақын өлеңдерінің түріне қарај оларды екі топқа беліп сөз етуді жөн санайды:

«1). Сезімге әсер берелік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың өлеңдерінде

өзгеше бір сарын бар. Жүргегінің сезімін суреттейтін, жағастырып ажеттің артықша бір маныз бар. Бұлар – сырсыл (лирика) ақындар.

2). Екінші жіктің өлецшілдері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбіт Дөнентаев, Шаһқорім, Бекет Өттөліеуов. Бұлардың өлеңі сырты төі ішген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, окуына жеңіл, тәтті... Бұлар – халықшыл ақындар» [87, 93] деп жіктейді. Әуезовтің Мағжан шығармасын бөле соғ етуйнің де өзіндік себептері бар. Кейінгі жылдары жазған «Қазак әдебиетінің қазіргі дауірі» атты мақаласында да ол Мағжан шығармаларына ерекше токталады [88]. Лирикалық кейіпкер бойындағы терен сезім мен нәзік сыршылдықтың мысалы ретінде Мағжан шығармаларын атайды.

Кейінрек таптық ұсташымды негізге алған саяси билік үшін құрес Мағжанның ақындық тағдырына айттарлықтай қауіп төндіріп, қазак жастарының ұлттық мактандына айналып келе жатқан ақынға түрлі саяси сыйнадар тағызып, әдебиетімізден аластатыла бастады. Ақын туындыларының басым жактары – сыршылдығы, ұлттық, халықтық сипаты – оның үлкен міндеріне айналып, ақын кудалауга ұшырады. Алайда, Кеңестік жүйенің каттез саясатынан қаншама қасірет шекес де халықтың арасында Мағжанның мерсій одан сайын үстем бола берді.

Жұсінбек Аймауытұлы «Мағжанның ақындығы» [89] атты мақаласында, Мағжанды қазак поэзиясындағы алғатын орнын көрсетti, оны Абайдан кейінгі ұлы тұлға дегендегі. Оның ұлттық өлеңгө енізген түрлік, коркемдік жаңалықтарына тоқтала келе, өзіндік мектебі бар жана бағыт деген сапаиды. Жұсінбектің қазақ әдебиеті Мағжаймен мактандыны болады деген пікірі қаншама жылдан кейін шындыққа айналғанын өмір үзелдең отыр. 1925 жылы кыркүйектің 12-еі күні Мәскеудін жіберген екінші Ф.Н. Голоцекин Қызылордаға келгеннен бастап, Қазақстанда «Кінің оқтабы» жасауға кірісті. Ұлтшылдарды саяси жағынан «әшкерелу» жағдайда сипат алғып, әсіресе мәдениет, әдебиет майданында аяусыз тергеу жүргізілді. Төңкерістен кейінгі қазақ әдебиетіндегі басты моселе – Мағжанның шығармашылық бағытын айқындауға да айрықша көңіл болынды.

Мағжанды сынауышылар әсіресе Жұсінбек Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы» [89] туралы мақаласына қатты шүйлігеді. Ғаббас Торжанов та осы мақалага қарсы көркем әдебиет туралы «Маркешілдер не дейді? Жұсінбек не дейді?» [60] атты көлемді айтыс мақаласын жазып бастап аяқ Аймауытовтың пікірлерін теріске шығара келе. Мағжанның ақындық бағытына құмән тудырады. Мақала авторын, М. Жұмабаевты белгілі бір таптың ақыны етіп көрсетпейді деген айыптап, Мағжанға «Ол

байшыл, ұлттыл ақын» деп баға береді. Дегенмен, Мағжанды «стапшыл» емес деп айынгаса да оның ақындық қуатын, көркемдігін жоғары бағалаған F. Тогжановтың Мағжан туралы айтқан нақты бағасын 1928 жылы мамырдың 6 күні Мәскеуде өткен казак әдебиетінің халы туралы пікір алысуда баяндамашы Әбдірахман Әбділдиннің сыйнына берген жауабынан көруге болады: «...Мен әлі де айтамын – Мағжан көркемдік жағынан артық. Сондай көркемдікті біздің жазуысыларымыз да үйренуі керек. Сәкеннің көп әнгімелері мылжың, ешкім оқымайды. Сойтіп жүріп біз мазмұнды жақсы етсек болды, гүрді орыс жазушыларынан-ақ үйренеміз дейді. Мағжаннан үйренуге несіне арланады?» [90, 34]. Қызыл империялық саясат Мағжанды жау қылыш көрестіп бакса да, ұлттық мәдениеттің келесегін ойлаған қазак зияялары ақынның поэтикалық құдіретіне бас ііп, мағжантандың іргелі сүрлеуін саяси қауіп-қатерге қарамастан ілгері жалғастыра тусты.

Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқышы» [91] атты ұлken еңбегінде Абай мен Мағжаннның олendezдерінен кобірек мысалдар келтіріліп, Мағжанның өлendezдері казак әдебиеті класикалық үлгілерінің бірі ретінде бағаланып, ақынның ұлттық сипаттағы өлеңдеріне жан-жақты талдаулар жасалынған.

Қазақстанға Кремльдің колишқиары Ф. Голощекин кезден бастап «халық жауларын әшкереleу» ерекше сипат ала бастады. Төңкерістен кейінгі әдебиеттің болашақы қалай болуы керек деген пікір алысулар енді кімнің, кай таптың, топтың ақыны екендігін анықтау басты назарға алынды. ҚазАПП-тың 1926 жыны қарашаның 4-де қабылдаған 12 баптан тұратын бағдарламасында бынай дег атап көрестілді. «Салт-сана майданындағы мықты құралдардың біреуі – коркем әдебиет. Соңдықтан қазактың пролетариат, қара шаруа жазушылары жасының казак сәбекшілерінің салт-санасын тәрбиелен, бұкараны социалдық дауірге жетектеуге, сәбекші таитын мақсатына теріс пікірлермен құресуге партияға көмектес болулары керек» [92, 196]. Сойтіп көркем әдебиет ашық түрде саясін құрес құралына айналдырылды.

Ш. Елеуkenов XX ғасыр басындағы ұлт әдебиетінің хал-ахуалы туралы: «Шеберлік, мазмұн мен түр сәйкестігі, мұрага козқарас, дәстүр мен жаңашылдық, әдеби шығармалардың осы замандағы (современность литературы) секілді мәселелер откен XX ғасырдың жынысынни жылдары қызу талқыланды. Үкімет қолдауына сүйенген ҚазАПП сыйны бәрін саясатка, Кеңес өкіметінің досы, қасы мәселеейне тіреп бас бермеді. Көркем әдебиеттен, әсірессе Мағжан шығармаларынан «керітартпа, зиянды» шығармалдар көптеп табылады. Мағжанға жасалған қиянат бұл ақынның өз басына ғана емес, туған әдебиетімізге жасалған қиянат екені

еніді анықталып отыр» [93, 282] дейді. Ғалымның бұл цікірі сол тұстагы ел омірінде болған, қолдан жасаған істерге берілген әділ баға екені даусыз. Ол – сол тұстагы көркем әдебиетке біржакты қөзқарастаң туған солишил шікір еді. Жиырмасынышы жылдары көп сынға іліккен ақынның бірі – Мағжан Жұмабаев. Сол тұстагы баспасоз бетінде жазылған рухани мұра жоппіндегі мақала авторларының дені Мағжан ақынның шығармаларын тілге түск етті.

Әдебиеттің ұстанымын іске асыруда С. Мұқанов айтартықтай белсенділік танытып «Терен қарауды тілейді атты мақаласында» [94] әдебиетті таптық тұрғыдан қарастыруды ұсынып: «Өлецдерді жариялау кезінде аса байқампаздық керек. Мысалы, Мағжан сияқты ескілікті көздейтін байшыл-ұлтшыл ақындардың олецдерін жарияладамау керек. Бұл халыққа дұрыс тәрбие бермейді. Мағжан сияқты ақындарды жақтаушылардың мақалаларын да қабылдамау керек» деп жазды. Бұл дауірде мылтық алып куреспегенмен, пікір жүзіндегі құрестің алі жалғасатының айтады. Мағжанның олецдерін саяси тұрғыдан талдан, халыққа жат деп корсетеді де, «Шолпан» жинағын «көже олецдер» деп бағалайды. Соңдай-ақ Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов те байшыл бағыттағы қаламгерлер қатарына жатқызылады.

С. Мұқановтың осы мақаласындағы пікірлерге Қошке Кеменгеров «Көркем әдебиет туралы» (44) атты мақала жазып, ақынды «ұлтшыл» деп айынтауға қарсылық білдіреді. Мағжанның асқан дарын несі екендігін, оны қадірлеп, бағалай білуге ойын ашық білдіреді: «Мен де (мактаның жіберейін) бір қазактың баласындағы орыс әдебиетімен таныспын, олец жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбанасам да Мағжандай бола алатын емесін. «Кім би болғысы келмейді, бірақ бола алмайың» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ таланттыңда кемістік болатын шығар...» [44]. Сабит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» [43] атты колемді мақала жазып, Мағжанның жырларына Қалмақан Әбдіқадіровтың олецдерін қарсы кояды: «Қалмақан ұлтшылдардың көзіне нағыз «жер астынан жік шыққан, екі құлагы тік шыққан» шала хат танитын, шын жалишының озі». «Тұрмыстың ең күшті поэзиясы – осы (социалистік құрылые – Т. Т.). Бірақ оған Мағжанның тілі келмейді. Мағжанның тілі келетін тақырып – байларды, хандар мен бектерді мадақтау, күні отіп, өлін бара жатқан өмірді мадақтау. Ал біздің Қалмақандарымыздың жаңа өмірді жазуға тілі әбден келеді» [43]. Мағжанның ұлт ақыны екендігіне күмән көлтіргендей болып Мағжандармен біз «біріге алмаймыз» деп, ақынды қазақ әдебиетінен аластагысы келеді.

С. Мұқановтың бұл макалалары әдебиет туралы айтыста қызу пікірталас тууына итермелен, пікір алысуга әдебиетшілер гана емес, Смагұл Сәдуақасов, Шәймерден Тоқжігітов, Ұдырыс Мұстамбаев сияқты нағария, кеңес қызметкерлері де белсендін араласты. Қазак әдебиетінің ұлттық дәстүрі аяқ асты стілін, Мағжандай атақты ақындары «ұлтшылдықпен» айналылған жатқанда, бойында ұлттық намысы бар қаламгерлер қарағ қалмады. Кокіреті ояу, ұлтжанды азаматтардың барлығы дерлік Мағжанға ара түсегі.

Солардың бірі Ж. Аймауытов Мағжаниң ақындығын жан-жағсты талдай келс. өзінің терең ойларын, қозқарасын білдіре отырын, әділ бағасын береді: «Мағжаниң ақындығын сынауга білеміз, күшіміз көміл жетеді деп айта алмаймыз; тонық сынау үшін, оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарарлық сегіз қырлы, негізді білім керек... Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт олғен соң біледі. «Алтының қолда барда қадірі жоқ» [52, 144-145].

Замандастары, тұстастары заманынан қаймықкандастықтан жүрекжарды пікірлерін ашық айта алмады. Алайда, өлтүрлі мазмұндағы баяндамалар пайдаласыз да болмады. Орыстың Пупиниң сынды, Гоголь сынды ақындары бар заманда, атақты сыншы Белинский әлі орыста әдебиет жоқ деге кайғырған. Әдебиет сынмен көркейеді. Сондықтан да, буыны бекіп, бұғанаес қатпаған қазак әдебиетіне әлі де альыбаган асулар коп еді.

Қоғам кайраткері, сыншы Смагұл Сәдуақасов та: «Мағжаниң жұмбағы, дағдарысы болды. Бірақ тогыз жыл төңкеріс Мағжанға текке кеткен жоқ. Оған күд – оның соңы жазғандары. Мағжанды қайтсе де жақсылайын деген ойдан мен сіра аулақыни. Бірақ барын бар. Жогын жоқ деу керек. Мағжанды күйідіреек біз бәрін күйідіреміз. Қайткенде де мен Мағжанды «доңыздатын, қоңыздатушыларға» қарсымын» [19] деген, қасқая қарсы тұрғын ақынды ұр да жық, солақай іікірлерден қорғап сындаушыларға тойтарыс береді.

Қазак поэзиясын мазмұн, түр жағынан байытқан Мағжан ақынның табиғат, махаббат лирикасындағы сырныыл сезім ұлттық поэзиямызға қосылған тың үлес еді. Оның қаламынан тұган:

Сүй, жан сөулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләzzаттың бір минутын бермеймін  
Натша тағы, бүкіл дүние малына,

– деген сықылды жыр жолдары оған дейінгі қазак поэзиясында мүлдем болған жоқ. Адамзат баласының мәңгілік құпидылықтарын поэзия тілімен

көтере білген ақын адам бойындағы нәзік сезімдерге жаң бітіре білді. Осындаі бейнелі жыр жолдары мен жаңа тіркестерді ақын поэзиясынаң көптен көлгіргүте болады.

Қазак әдебиетінің жай-күйі, бағыты туралы айттысқа қатыса отырын, бірнеше колемді мақалалар жазған Ыдырыс Мұстамбайұлы да үлгініл атаптаған ақын-жазушыларға әділ бағасын бере келе, бәрін айынтаї беруге каревілық білдірді. Тарихи жағдайдаң әсерін ескеруді ұсынып, олардың шығармашылығын зиянды деп жоққа шығаруды қолдамайды. Керісінше Абай, Мағжан, Жүсіпбектерді үлгі тұтады: «Біздің жас жазушыларымызға кедейшіл ақындарымызға айттынымыз – жалпы саяси тілек бөлек. Үірак «Батыр Баян», «Қартқожаны» оқы. Үлгі ал» [37].

Әзіне қарсы бағытталған саяси шаралардан сескенген, заманың ағымының байқаған Мағжан «Токсаның тобының» [95] жазып «мен тоқсанмен біргемін» деп мәлімдейді.

Бұл олециң шығуы ақын туралы екі ұдай пікірталасты одан сайни оршіте түсті. Біреулер «Бұл Мағжанның шын сөзі, енді бұл әнгімені қойып ақынды қатарымызға алайық» десе, бақалары «жоқ, ақын бізді алдаған отыр, оған сенуге болмайды» деп өзөуреді. С. Мұқанов бұл ретте де айрықша белсенділік корсетеді. Белгілі партия қызметкөрі, сол кезде «Еңбекші қазак» газеті редакторының орынбасары Шәймерден Тоқжігітов Мағжанның «Токсаның тобының» шығуына байланысты өлкелік партия комитетінің тапсыруымен арнағы мақала жазды. Шәймерден осының алдындаған әдебиет айттысина қатысып онда ақын туралы «Мағжанның қазіргі жолға наидасына зияны көп. Мағжанларды пікірінен айыруға әлі де болса коп уақыт керек. Ол пікірінен айырыла қазар дерлік дәлеліміз де жоқ... Мағжанның ақындық жөнінде ғүзене қалғанында алі көргеніміз жоқ» [36] деген пікір білдірген болатын. Мына мақаласында да осы сарын байқалғанмен де ақынға бүйрекі бұратындығы корінеді. «...Мағжан ұлтшыл ақын еді... Қазак ұлты деп кокірекі қаре айрылып, алаш туын көтергендермен де бірге болды. Солардың ішінде болған Мағжан да бірге адасты» [96] дей көліп ақынды біраз сыйнаган болады. Енді «Мағжан адасқанын айтады. Мен қазақ елі деп түгел анын едім, енді білдім, тоқсанниң он садаға «мен тоқсанмен біргемін» деп отыр» [96] деп ақынды қорғауға тырысады.

III. Тоқжігітов бұл мақалалы сол кездегі өлкелік партия комитетінің уақытына хатынды Ораз Жандосовпен келісіп жазған болатын. Олардың ойынша бұл материал Мағжанның «Токсаның тобына» партия жауабы, партия пікірі ретінде басылғанымен, кейіннен мақала авторы III. Тоқжігітов сынының астында қалды. Әсіресе, Әбдірахман Байділдин

жазушылардың түрлі жыныштарында, баспасоз бетінде [97], Мажданда оған жылтын иштеп танытқан Шәймерденді де сынға алғып, скеуін де «ұлттыл», «партия бағытына қарсы» деп дөлелдеуге күш салып бақты.

Олжелік партия комитеттің осы жылы откен алтыншы конференциясында баяндамапы Голоцекин «Мағжаннның «Тоқсанын» маңданып жүргендер де жоқ емес. Бірақ соған алдануға болмайды» деп ақын шығармашылығына, оған пікір білдірген Ш. Тоқжігітовтің мақаласына да өзінің көзкарасын білдірді. Міне осындағы жағдайда Ш. Тоқжігітов озінің мақаласына, Мағжантың ақындық саяси беті мәселеесіне қайта оралуға мәжбүр болып, пікірталастыру түрінде жазылған бұл мақаласында ол тағы да «Мағжаннның бұл өлеңі жана өлең, жана бет екені рас» [98] деп бүршігы пікірін тағы да ныктай қадап айтты.

Ж. Аймауытов Мағжаннның әдебиеттегі орыны, ерекшелігін: «Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаган. Пушкин, Лермонтов, Байронға, Шекспирге еліктеген... Абай Лермонтов, Пушкинге еліктеп жазған... Мағжан еліктегенде орыс, казак, татар, араб деп талғамайды. Кімнің сөзі қоңліне жақса, соған еліктеп жазады. Сондықтан Мағжаннның алғашқы кездердегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне (символист) еліктесе, ішкі рухында күйректік, жылауықтық (сентиментализм) романтика болады... Мағжаннның ақындық құші, сөзге еркіндігі, суреттілдігі «Баянда» толық корінді. Абай айтқан «сөз патшасы» «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дүрье көлтіру, биге – бише, батырга – батырша, ханға – ханша бага беріп, өркайсысының аузына оздеріне лайық сөз салуы, сұлуды, махаббатты, батырды, соғысты, олімді суреттеуі өмірді туғе білгендейгін корсетеді. «Баян» – казак әдебиетінде бола бермеген табыс. Әсіресе «Баяннның» басқа бөлімінде сурет, шиенендік толғау, күй тогіліп кеткен. Соңғы болімі солғында шыққан. Соған қараганда Мағжан азықса шабатын сыйнилдақ жүйрік емес, шыға салма, ағынның жүйрік деп айтуга болады» [52, 159-170] деп сипаттайды.

Күшті ақын озғелерді өзінє сөркебеттің, соңынан шәкірт еретінің алдына, «бір кезде күшті болған ақындарымыз, Мағжанға үстаз болған ақындарымыз бұл күнде олең жазса, баяны шәкірттің еліктейтін болыпты» [52, 159-170] дейді Жүсіпбек Аймауытов. Фасыр басында да өзінің әділ бағасын алған ақынның осы поэмасын ғалым И. Елеуkenов: «Поэмаларының ішіндегі ең шоктығы биігі – «Батыр Баян». Құрылымы, сарыны өте-моте күрделі түүнди. Ұзын олең, шалқырапан дариядай поэманның бас алғатын бұлагы – ожет саяси лирика. Уақытына айтатын

сыны тым уытты. «Сұм омір» (бүгінгі тілмен айтқанда тоталитаризм заманы) – саналыға «Абакты», «Қызыл тіл, көлім емес, кісепдеуіл» деп бірден ширығып түнереді. Кеңес заманына алғаш айтылған азы да болса әділ, дөлшіл сын..» [93, 315] деп бағалайды. Кеңестік дәуірде де тәуелсіздік тұсында да жоғары бағаланған бұл шығарма – көркемдік естетикалық жетістігімен құнды.

Бүгінде ақын шығармашылығы туралы әдебиеттанушы ғалымдар түтел дерлік сөз етті деге болады. Солардың бірі академик С. Қирабаев «Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны» [38, 134-135] атты мақаласында: «Мағжан ақындығының құлиясы оның өз тұсының шындығын дәл бейнелеудіңде ғана емес, олеңінің сиқырлы қүшінде. Ақын оны кітаптан емес, өмірден, табиғаттың өзінен алады. Өлең – оның өмірі, өмисс рухы, жаны. Ол бірде өмірдің құлқісіндегі қуанышты бейнелессе, бірде жылаған, қайғы тұтқан қазақтың жан сезімін көрсетеді, ақын ойындаі алмасып, ауысып жатқан дүниенің бір сәттік қозғалысын көз алдыңа әкеleді және ол лып етіп оте шынады. Мағжаниның ақындық жолының күрделілігі де осында» деп нақты қозқарасын билдіре келе: «Мағжан көтерген проблемалар совет өкіметі жүргізген саясаттан әлдеқайда білік еді. Ақын таң көлемінде шектелмей, жалпы адамзатқа, қалса түркі текстес ұлттарға ортақ ойлар айтады. Ел жайы, оның болашағы, агарту, өнер іздеу жайизарына да ол осы жалпыхалықтық тұрғыдан қараады. Адамды адамыңа қанауын ол капиталистік Европаның момын, әлі оянып болмаған шының халықтарын өзін сорған отаршылдық саясаттай корген еді. Мұнда тұрган ешқандай ұлтшылдық жоқ. Жазыны сәзілген халықтардың бейнесіндегі Азияны, тойымсыз отыршылдықтың бейнесінде Европаны алып суреттеу – ол кезде жалпы әдебиетте жіп көтерілген тақырып. Оған кезінде Сокен де («Азия», «Алтай», Ілияс та «Дімалай») үн қосты. Мағжаниның осы тақырыпқа ариаган олеңдерінің бұлардан айырмашылығы – шынысты жалпы алмай, түрік деп алып, ер түріктің жауынгерлік дәстүрлерін аша, көтере жырлауында. «Түркістан», «Орал», «Ақсак Темір», «Күншіның», «От» тағы басқа олеңдердің ерлік рухы бұл тұрғыда айрықша бағалы» [38, 134-135] деп тұжырымдайды.

Соңғы жылдардың жазылыштарында ақын осындаі зерттеуден ақын поэзиясының мәңгілік құндылықтарын аңғаруга болады. Кеңестік идеология қания теріске шығарғанмен бағалы да, құнды дүниеслердің уақыт оте келе жарқырай түсері даусыз. Осындаі құнды дүниеслердің катарагынан Мағжан поэзиясы да орын алғанының қазақ әдебиеттанушы ғалымдарығының түрде дөлелдей берді.

Смагұл «Әдебиеттерді қалай сыйнау керек?» [42] атты мақаласында соң шақтағы мәдениест майданының нысанасы болған Мағжан ақынды

коргайды, «Ақындық – ауызға салып беретін алма емес, өнермен, енбекпен табылатын нәрсе» деген тұрғыдан келіп, оның шеберлігін дәлелдейді. Орыстар амалын тауып С. Есенин, Б. Пильняктардың әдебиетке қосқанын қаламгер қазақ әдебиетшілеріне үлгі етеді. Мағжандар жөніндегі осындағы бағыт ұстауға шақырады.

Ресейде азамат соғысы жылдарында поэзияның ролі зор болды. Ресей ақындары қоғамдағы жүріп жатқан оқиғаларға, өзгерістерге бей-жай карамастан белсene арапасты. Олар туралы орыс әдебиеті тарихында: «Именно в творчестве Д. Бедного, Маяковского, Блока, Есенина, Брюсова, плеяды пролетарских и крестьянских поэтов, при всем своеобразии и разнице дарования, эстетических позиций и даже наличии заблуждений у каждого из них, мы видим те новые тенденции и принципы, которые станут в дальнейшем характерными для советской поэзии» [7, 39] деп атап етеді. Олар кеңестік поэзияда шығармашылығы арқылы өз колтаңбасын калдыруды.

«Қазак әдебиетің кандай жолмен дамуы керек?» дегеп төңіректегі айтыска ақын жазушылардың көвшілігі қатысты. С. Сейфуллин де бірнеше макала жазып өзінің «байшыл» әдебиетке қарсы, «кедейшілер» жағында екендігін атап көрсетті. «Әдебиетті бағалау және құлдық санаң тексеру» атты көлемді макаласында «әдебиет – тап құралының бірі», «ең түрлаулы жақсы – пролетариат бағытындағы әдебиет шығармалары», «байлар табының мақсатына құрал болатын әдебиет шығармаларының жоқ емес екендігі – байлар табының мақсаты жақсы емес» деген негізгі қағидаларды басшылыққа ала отырып, сол кездеңі әдебиетке баға берді. «Алашордашылдық» ісі аңқыған әдебиет шығармаларын, басынан құйрықына дейін «алашорданың дерпті сіңген» М. Әуезов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов шығармаларын қолдан жүргендерді сыйрайды. «Жұмабайұлы Мағжанның пролетариат бағытына карсы өлеңдерін арам, жұмбак, шұబәлі тіпті коркемдігі жоқ ертектерін де дәріптең басып, шығартып жүрмедин мә?» [95] деп ұлы ақынның шығармашылығын жоққа шығаруға дейін барады.

Белгілі ғалым Айгүл Ісімакова «Возвращение плеяды» атты зерттеуінде алаш азаматтарының еңбектеріне арнайы тоқтала келіп: «Накопившийся таким образом историко-литературный материал нуждается в теоретическом рассмотрении. Нам нужно понять истоки этой литературы, объяснить уникальную художественность, достигнутую в «Акбилик» и «Карткожа» Ж. Аймауытова. Откуда и куда восходит лирическая проза поэта М. Жумабаева? Почему именно М. Дулатова

явился автором первого казахского романа? Как его призыв «Оян, казақ!» восприняли современники в чем ответили на это? Что для этого поколения было важным и ценным? На что они ориентировались и чем дорожили? В чем отличие казахов в изображении Ш. Кудайбердиева, М. Дулатова, М. Жумабаева, Ж. Аймауытова и в этом контексте – М. Ауэзова? Почему они вкладывали в понятие национальности не биологический, а духовный смысл?

При этом мы руководствуемся двумя моментами: учетом имманентного, внутренне присущего процессу развития литературных эпох, и исследованием собственной структуры того или иного произведения» [100, 4] деп талдау жүргізе келе, өз ойын: «Феномен казахской прозы 1920-х годов убеждает в том, что у филологии существуют свои имманентные моменты, которые расширяются в ту или иную историческую сторону. Анализ рассказов «Елес» Ж. Аймауытова, «Грех Шолпан» М. Жумабаева, «Судьба беззащитных» М. Ауэзова убеждает в том, что литературное произведение – категория уникальная и неповторимая» [100, 4] деп тұжырымдайды.

Жалпы алғанда, әдебиеттің бастау көзі ауыз әдебиетінде, фольклорда екендігі даусыз болса. ол туралы дағылым А. Ісімақова: «Казахская проза 20-х годов является исторически детерминированной, она находится в живой связи как с соответствующей эпохой, так и с предыдущим литературным процессом, и со своими фольклорными истоками. Развитие казахской прозы и были возможно в силу актуализации фольклорных устойчивых элементов, их переосмысления согласно эстетическим потребностям нового литературного контекста» [100, 5] деп ой түйеді.

Ә. Тәжібаев осы кез туралы кейіннен: «...бірақ біз оған сенбедік, сол кездегі он сегіздегі бала мен «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Ғаббас Тоғжановтың тапсыруы бойынша «Токсанның жырын тоқсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңмен жауап жазды. «Еңбекші қазақ» газетіне ол да басылып шықты, бұл менің де мені тәрбиелеп сейлеткен ағаларымның да тарих алдында кешірілмейтін күнәсі еді» [101, 12] деп жазады.

Сол кездегі қазақ қаламгерлерінің басын біріктіріп, шығармашылық жұмыстарға жұмылдырып отыруға тиіс болған ҚазАПП үйімін көрініше дау-дамайды жандандыра түсті. ҚазАПП-тың бағытын жүргізіп, айтыстың қак ортасында жүрген С. Мұқанов бұлай деп жазады: «ҚазАПП үш мәселеге ерекше көніл бөлді: бірінші – әдебиеттегі байшылдық, ұлтшылдық бағытқа қарсы күресті қүшайте тусу. Ол үшін әдебиет майданында жүріп жатқан айтыстарды қоздырып, байлардың

да, байшылдыктың да таптық сырын айқындаіт түсү, сөйтіп тап жауына еңбекші таптың өшпендейділігін күшейту» [102, 262].

Шынында да, жиырмасыншы жылдарда әдебиет туралы жүргізілген айтыстардың мақсаты – Мағжанды басты нысанана ала отырып, «ұлтшыл» атанған Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Сұлтанмахмұт. Мұхтар сынды ақын-жазушыларды қазақ әдебиетінен аластау болатын. Мағжанның ескі, өтіп кеткен заманды қөксердің деген пікірлер баспасөз бетінде жарияланып жатты.

Кейінгі жылға дейін ұлтшылдық, байшылдық әдебиет үстем болды, жалши бағытындағы әдебиетіміз солардың көлеңкесінде көтеріліп өсе алмады, пролетар әдебиетіне бет бермеді, өріс алдырмады деген пікірлер жалғасын тауып жатты.

Мағжан одан қалды ұлттық сипаттағы бүкіл қазақ әдебиеті «ұлтшылдықпен», «байшылдықпен», «ескішілдікпен» айыпталып бүл туралы жылы сөз естудің өзі киынға айналып бара жатқанда Үйдірыс Мұстамбайұлының «Джумабаев и «Девяносто»» [103] атты макаласын жариялауы үлкен азаматтық көрініс еді. Макала бастан аяқ Мағжанды қолдап, ақын шығармашылығының күрмеуі күрделі қырларына ойлы көзбен қарауға шақырады дерлік. Партиялық басылым бетіне орысша жазылғанын ескере отырып автордың негізгі пікірлерін тоқтала кетейік.

«Біздің баспасозімізде бір саяси құбылыс еленбей қалды. Әңгіме Жұмабаевтың – «Тоқсан» өлеңі жайында болып отыр. Бүл өлеңді Голощекин жолдас та өзінің бір жарыссөзінде «Қазақстан қазан сынында» деп аталағын Қазанның тоғыз жылдығына арналған кітапшасында бүл өлеципің біз үшін манзызы зор. Себебі ол Қазакстандағы социалистік құрылыштың жетістіктерінің жоғары екендігін көрсетеді және оны біздің кешегі дүшпандарымыз, ұлтшылдардың косемі ақын М. Жұмабаев та мойындаған болатын деп, жоғары бағалаған» деп бастаған сөзін Үйдірыс Мұстамбайұлы сондай ақынға өз бағасын береді: «М. Жұмабаев ұлттық түрмис ұлгілерінен романтика жасады. Ақын олендерінде басы артық қоқыс нәрсе жоқ. Ол – ешкімге үқсамайтын ақын. Оның қарсылығын казіргі тарихи жағдайдан іздеу керек. М. Жұмабаевтың лирикасын «мәдени идеалист» болған дала еркесі ақынның тебіренистері деп ұққан жөн. Революцияға дейінгі ақындардың ішіндегі көриектісі осы М. Жұмабаев.

Бізге әлі М. Жұмабаевтың «Тоқсанға» деген ықыласы және қазан идеясына берілгендейдігі дәлелденбегендігімен, «Тоқсаның», жасанды жалған еместігі ойландырады. Өлең біздіңше автордың бастан кешкенін немес ауыр қасіретін, терең психологиялық шұғыл озгерісті және жан

жарасын шын күйіндс береді. Бұл жерде ол адад, әрі бұлтартпас дәлелді. Адаңдығы, тікті қасіреті, өлеңнің ырғакты ұйқасында да сөзінде де, мазмұнында да сезіледі. Өлеңнің барлық жерінде де басы артык нота жоқ. Блок та мистикалық түріне қарамастан қатаң сынға алынған «Он екі» деген поэма жазып, дәуір поэмасы және жоғары-көркем шығарма болып табылған. «Тоқсан» өлеңі де бұл мағына да қызықты күжат болып табылады. Біздің ойымызша «Тоқсан» шын жүректен жазылған» [103] деп өлеңнің мән-маңызын түсіндіреді.

Ыңдырыс «көркем сөзде жауларды талқандау рухында қатаң ұстамдылық көрсету, осы бағытта ұмтылушыларды біздің жағымызға тарту және достарды біріктіру» саясатын жақсы түсіне отырып, оны ұлттық мұрамызды сақтау жолында шебер пайдаланады. Ол мұндай жағдайда сынның «шартты қалыптан және ескішіл көзқарастардан еркін болуы тиістігін» баса айтады. Яғни, «акын үшін жалаң идея ешкандай күш-жігер бермейтіні» өз алдына, «акын дағдарысты бастаң кешуі мүмкін» дейді Ыңдырыс. М. Жұмабаевтың екі жылда бар жоғы екі өлең гана жазып, үндемей қалғанын айта келіп, Ыңдырыс: «М. Жұмабаев шығармашылығыныңегізі – буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың жемісі. Оның идеологиясы бізге жат. Бірақ бұл шығармашылықтың үлкен тарихи мазмұны бар. Оның откен өмірінде болған он жақтары, біз үшін де кейбір маңызды орны бар. Дегенмен М. Жұмабаевтың тәңкереіске қаптайды бір адасуы немесе қылмысы болмасын, оның соңғы кезде жазғандары – ешкандай ұсақтауга келмейтін батыл екпін, маңызды оқигалар бар. Біздің бұған парасатпен қарап және мұндай құбылыстарға көніл койып тыңдаудымыз қажет. Ақын қашаша адасқанымен біздің қоғамға қажетті контеген коркем, тарихи қызықты да, көнілге тоқырлық құндылығына байланысты М. Жұмабаевтың шығармашылығын сыннан өткізіп және пайдалану қажет» [99] деп акынды ішке тартады.

Осылай дегенмен де, Ыңдырыс казақ қаламгерлерін Мағжаннан үйрепнуге шақырады: «Біздің қазіргі әдебиетіміз өсу үстінде. Сейфуллин мен Майлін тіл жүйесі жағынан ксмеліне жетті. Тоқмағанбетов пен Мұқанов та үлкен шеберлікке еркін жетті. Бірақ та, оларға әлі де тілге қатысты, түр және шеберлік жағынан Жұмабаевтың зор пайдасы тиоі мүмкін, оларға өлең құрылышы, техникасы жағынан М. Жұмабаев үлгі бола алады.

P.S. М. Жұмабаевтың «Толғай», «Қасірет» немесе «Ойлар» атты екінші өлеңін кейбірсулер көрітартпа шығарма деп ойлады. Эрине «Толғай», «Тоқсаннан» томенірек, талтых куреске қатысты алғанда М. Жұмабаевтың «Толғай» өлеңі таза халықтық тұргыда жазылған: біз М.

Жұмабаевтан жуз пайызды марқстік көркем шығармашылық талап ете алмаймыз» [103] деп аяқтайды.

Ақынның осы шығармалары туралы Д. Ысқакұлы: «Тоқсанның тобы» мен «Толғау» – поэмадан гөрі толғау жанрына жақындау сияқты. Мұны екіншісінің такырыбы да айтып тұр» [63, 43] – деген болатын.

«Толғауда»:

Жапанда жалғыз күніреніп,  
Мен ойыма ергенмін...  
Қайда барсам көр көрдім.  
Айдарлысы құл болып,  
Тұлымдысы тұл болып,  
Еңіреген ел көрдім...

«Тоқсанның тобында»:

Мен мұндымен мұндастым,  
Адассам ел деп адастым,  
Жырладым елді жалпылап,

– деп келетін өлең жолдарынан толғауга тән белгілерді қөруге болады. Екеуі де бірінші жақтан лирикалық кейіпкер атынан айтылады. Кептің мұнын мұндарап, жырын жырлап отыратын шығармалардың халықтық сипаты басым. Сонымен бірге бұларға тән ортақ коркемдік компонент – дамыта жырлау (градация).

1929 жылы партия қызметкери Үйдірыс Мұстамбайұлының мұндай мақала жариялауының өзі ерлікке пара-пар болатын. Осындаі пікірлері үшінде Үйдірыс кейін «халық жауы» атапып жазықсыз жазага ұшырайды.

Алашорда қозғалысының бетсенді мүшелерінің бірі, саяси, әдеби-эстетикалық көзқарастары жағынан Мағжанмен бір бағытта болып, оған «Алқаны» құруға оның бағдарламасы «табалдырықты» жазуға көмектескен Мұхтар Әуезовтің де саяси кудалаудан көз ашипай жүрсे де 1929 жыты Мағжан туралы пікірін былайша жеткізеді: «Бұдан (Абайдан – Т. Т.) соң Мағжанды сүйемін. Европалығын жарқыраған әшекейін сүйсмін. Казақ ақындарының кара кордалы ауылында туып Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп, сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы келісімі мен күйшілдігіне қарағанда бұл бір заманының шегінен аскандай. Сезімі жетілмеген казақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ

түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерлеп кеткен ақын болады. Әдебиет – әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондыктан, бұғынгі күннің бар жазушысының ішінен келешекте бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сез – Мағжанның сезі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [104].

Пікір әділдігімен күнды бұл жолдардан Мұхтардың жалпы әдебиет, сез өнері жайлы түсінігінің сол кездегі реесми бағыттан мүлдем озгеше екендігі осыған орай Мағжан поэзиясына берген бағасының аса жоғарылығы, оның жарқын келешегіне сенетіндігі айқын көрінеді.

1930 жылы Мәскеуде шықкан «Әдеби энциклопедияның» төртінші томына Мағжан туралы мақалада А. Байділдин Мағжанды әдеби тұрғыдан емес, саяси тұрғыдан бағалап, біржақты кеткен. Онда «...Мағжан өзінің өлеңдерінде, фелетъондарында, жекелеген публицистикалық мақалаларында ұлтшылдық идеяларды уағыздайды. Октябрь революциясынан кейін Мағжан нағыз пантюркист болып алды. Ақынның саяси бағыты «Шығыс», «Тәнірі», «Бостандық», «От», «Жаралы жан», «Жолдасқа» деген өлеңдерімен «Ертегі», «Батыр Баян», «Қорқыт», тағы басқа поэмаларында айқын көрінген. Мұнда Жұмабаев казақ халқының откен күнін, ескі тұрмысын ұлті тұтады; Шығысты идеял көріп, батыска қарсы қояды» [105, 202] дең жазылған. Ал, тәуелсіздік дәуір түсіндағы қазақ әдебиеттің ғылымында айтылған шығармаларға мүлде басқа пікір берілді. Мағжан шығармаларын жете зерттеген ғалым Ш. Елеуkenов «Бостандық» өлеңі туралы: «Бостандық» өтепінде революция мифологиялық бейнеде суреттелген. Өлеңде түсінбейтіндей бұлдырып ештene жоқ. Әуелі қырғын соғыстан астан-кестені шығып. қанды қөбігі аспанға шашын, Інжіл мен Құранды жыртқан, жүргөрі қара тас, қанға мас безер дүниесі сазарған түрінде кез алдында тұра калады» [93, 311] – деген болатын. Фалымның осы пікіріне қарағанда Мағжанның аталаған шығармалары өмір шындығын шынайы жырлай білгендігі үшін де теріс бағаланғаны анық.

Сәбит Мұқанов сын туралы көзқарасын былайша білдіреді: «Сын болсын, бірақ марксшілдер Маркс көзімен сынасын»... Өсу жағынан келгенде, жалғыз Сәкен мен Бейімбет емес, бізде өсіп келе жатқан талай жазушылар бар. Бірақ көнілдегідей өсіп болғамыз жоқ» деген пікірін білдіре отырып, партия жолын ұлтшылдардан тазарту туралы: «Алғашкы аласапыран кезінде байлардан, кулардан партияға кіргендер жоқ емес, оларды біз қазір де тазарттық. Әлі де болса, бірен-сарандар бар шығар. Олар да тез бітпек...» [43, 196] дейді.

Сондай-ақ, Сәбит Мұқанов тақырып жайларын: «Біздегі қазіргі тақырыптардың ең күштісі, ең керектісі – еңбекшілердің таптық сезіміне әсер беріп, тез оятатын тақырыптар... Бірақ тілін біліп жазу керек. Оған Мағжанның тілі келмейді. Мағжанның тілі келетін тақырыптары – байлар, хандар, батырларды мадақтау. Өліп бара жатқан өмірді суреттеу. Біздің «жер астынан жік шыққан» Қалмақандарымыздың бұларды жазуға әбден тілі келеді. Олар ондаң жаза алады» [43, 196] деп сабактайды.

Осындай керагар, солақай пікірлер Әбдірахман Байділдиннің мақаласында да көзігеді: «...Мағжан анау-мынау емес әдебиетіміздегі ұлтшылдық бағыттың кейінгі кездегі атасында болған ақын, ол енді: «Сонау оннан мен аулақ, мен тоқсанмен біргемін» деп отыр. Соңғы кезде әдебиет туралы жазған мақалаларында Қошке де осы сарынның шетін көрсетіп, «бұқарашибылдық» дегенді көп айттып отыр. «Екеу» де осыған жуықтауға тырысқан. Басқа ұлтшылдардың да шығармаларынан да осы байқалады. Бұларға не болды? Бұлар шынымен кенес жолы, пролетариат бағытына түсті ме? Болмаса, басқа бір себебі бар ма?» деген риторикалық саялдар қоя отырып, оған озі: «Біздің ойымызша, бұл өзгерісте шындық аз. Мұның айрышка себептері болуга тиіс. Оған сеііп, ұлтшылдық жойылды деуге болмайды. Ол жойылу түгіл «бұқарашибылдық», «тоқсаншибылдық» түнін жамылдып, түсін бояп, коркынышты түрге айналып отыр... Олай болса, бұған Хамза айтқаңдай, «байдың толғағы» деп карауымыз керек, «қайырымды» Шәймерденше карауға болмайды. Бұрынғы Мағжан мен қазіргі Мағжанның арасында жер мен коктей айырма бар... Көп тексеріп, синаудың керектігін ескерту керек еді» [59, 184-191] деп сенімсіздік көзкарасын нақты білдіреді.

Сол кезде орыс әдебиетінен оріс алған жазушылардың бәріне «Ескіше емес, жаңаша Демьян Бедныйша жазу керек» деп үндеген ұранға байланысты Сәбит Мұқанов «Блокшылдықтан Демьяншылдыққа» [27] деген мақала жазады. Мұнда, Мағжан туралы «...Жаратылыстың көркем кескінін еңбекпен байланыстырмая Блокшылдық оның шәкірті Мағжаншылдық, пролетариат жазушысы одан сақтануы керек... Блок – Мағжанның көркемдігі кобінесе... таза табигат құбылыстарында болады... Қазір орыс әдебиетінде күдікті Блокшылдық емес, күдіксіз Демьяншылдық үстем болып отыр» [27] деген жолдар бар. Алашордашыларды «теориялық түрғыдан» талқандау мақсаты алға қойылды. Бұл ретте С. Брайнин мен Ш. Шафиро айрышка еңбек сінірді [106]. Олар туралы профессор Т. Қекішев «Ақыл парасатқа азаттық» [108] атты макаласында: «Екі автордың «алашорда тарихынан очерктері» [107] алдымен, кейіннен Мәскеуде жеке монография болып басылып

шықты. Кітапта ұлт-азаттық козғалыс, ұлттық әдебиет (ішінде Мағжан да бар) – барлығы да халыққа жат деп танылды. Осындай ізденістердің нәтижесінде «жеке адам», «алаш» партиясы былай қалып сінді бүкіл қазак халықының, сөбекші бұқаранын патша үкіметі мен империализмге қарсы шыққаны, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы революцияларға қатысқаны түгелдей караланды, бәрі де «антимаркстік, антиленининдік» болып шыға келді. Бүкіл ел теріс жолмен жүріп оның кайраткерлері қысастықтан басқа ештеңе ойламаған жандар болып шыға келді» [108] деп атап көрсетеді.

Осы кез туралы Мағжанның өзі: «Сонғы жылдары ештеңе жазған жоқпын, әдебисттен мүлдем сырт қалып шеттеп барамын... Бакытсызыдығыма қарай, сол кездегі қазак әдебиетінде ауа райын жасал жүрген кісілер аямай әдебиетте аластатуға тырысты, Ә. Байділдин, Ш. Токжігітов дегендер нағыз каныпезер екен, соныма түсіп күн көрсетуді қойды. Осынау шағын топ басылым бетінде шу көтергені соншалық жазуға қолым бармай, сал адамдай сансырап қалғаным рас. Тері бір емес, екі емес, өне бойы ізіне түсіп, тырнак астынан кір іздел, шулыган жасай берген соң жазушылар ортасынан қашады скенсің. Әдебиет табалдырығынан жаңа аттаған бозөкпе жастан бастап, ата сақалы аузына түскен жасы үлкеніне дейін жүрттың назарына ілігуі үшін менің есімімді жіктеп, септеп, сын айтуды әдетке айналдырып алды. Олардың ойынша, мені сынаса ғана жоғарыда отырған лауазымды кісілерге ұнаймыз, көзіне түсеміз, жаксы аталамыз дейтін секілді. Большевиктік қырағылықты солай танытпақшы... Ал менің әдеби карсыластарымның «Мағжан байшил», «Мағжан бектер мен хандарды жазады» деп жүргені – бекер айтылған тайраттар сөздер, олар – шығарманың көркемдік шындығын іздеуден горі тақырыбын ғана оқып, байбалам салып жүргендер» [109, 269-270] деп жазынты.

Ел өміріндегі әдебиеттің орны туралы М. Жұмабаев: «Тәнкөріске шейін жаңа оянған жас баладай елімізді әдебиеті алдынан тәй-тәйлап жетектеп келе жатты. 15-20 жыл бүрін еліміздің көзі жасты еді: әдебиетіміздің де көзі жасты болды. Бірақ алдында келе жатқандығын ақтап, жұбата білді. Соңғы 10-15 жылдарда елімізге елдік сезімі кіре бастады. Алыста үміт слестей бастады. Сондықтан әдебиетіміз де екпінді, отты міnez алды. Көкті көкссей алыстағы «үмітті жырлай бастады» [110] деген пікірі ескеруге, құнттауға құптарлық.

1920 жылдың Қазақстаниң автономиялық республика болып жариялануын Мағжан жатсынбаса да, таптық принцип дегенді қабылдамады, қазақ ұлтын екіге жарып, бай, кедей деп қырқыстыруға барыша қарсылық көрсетті.

Ол «тоқсанның жағындағын» деп, кедейге шын жаны аштынын ашық жариялап, сонымен бірге «айрылдық аузынан уыз тогілген байлардан» деп оларға да ара түсті. Қазак бай, кедей деп қан төгіспесін, қыркыспасын, ұлт мұддесін бәрінен жоғары қойсын деп талап етті. Қазакты тапқа, топқа, руга жіктемей, алаш туын желбіретken Мағжан ақынды біз ұлттық ақын дейтініміз сондыктан. Ол көптеген Қеңес жазушыларында (Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, т.б.) тек пролетар жырын ғана жырлаған жоқ, кедейіне косып тұтас ұлт мұңын мұндасты, қазак жоғын жоқтады.

Мағжанның түрікшілдігін кезінде Жұсіпбек Аймауытов былай деп түсіндіруге тырысты: «Бір жағынан үй-іші – өкеге, әлеумет-рубасыға бағынған тапқа, жікке болінбеген, казак ішінде туып осқен болса, екінші татар медресесінде оқып, түрікшілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші – патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазактың ұлтшылдық сезімін ояткан дәуірдің ұлы болса, төртінші – орыс зиялышарының қаймағы бұқарашибіл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші – батыстың қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм) жаңашылдық школынан сабак алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығуы керек. Сөз жоқ Мағжан ұлттышыл, түрікшіл, санашил. дарашибіл ақын болып шығуы керек. Олай болып шықпауды мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманының жағдайы солай» [89]. Екіншіден большевиктер бұл жағдайды ескерусіз қалдырыды. Ол ол ма. Коммунистік идсолология түрікшілдікті (пантуркизм) фашизмнің улы жапырағы деп жариялауга дейін барды.

Мағжан түрікшілдігінің бір сырны қазақ қеңес әдебиетінің жетекші жазушыларының бірі Сәбит Мұқанов та қазбалап көрген. «Мағжан шынында түрікшіл емес. Оның түрікті бауыр қылуында, өз мақсатына сәйкес ойы бар. Біз жоғарыда Мағжан қазактың ескі күнін көксегенде, баяғы хан дәуірін қайта орнатпақ емес, қазіргі қазактың көзіне ескі, еркін өмірін елестетіл, басын көтертпек. Басын көтертіп алғаннан кейін болек республика құрмак дедік. Мағжан «түрік» деген сөзді белгілі максат үшін ғана керек кылды. Түріктің ерлігін айта келіп, қазакты отаршыл үкіметкес қарсы қайрап салғысы келді» [111, 224] деп жазады С. Мұқанов.

Мағжанға бейне бір күнэ арқалату үшін жазылған бұл сөздер бұрын да екі үдай естілтін. Өйткені С. Мұқанов аңғармай айтсын, әдейі айтсын қазактың бұрын еркін өмір сүргенін мойындаған. Соңан соң С. Мұқанов «отаршыл үкімет» деп патша өкіметін де, Қеңестік Ресейді де атауы мүмкін. Біздіңше, Мағжанның түрік тақырыбындағы өлеңдері қазақ халқын, жалпы түріктерді ұлт-азаттығы күресіне қамшылайды.

Түрік тақырыбы Мағжан поэзиясында, Жұсіпбек Аймауытов пен

Сәбит Мұқановтар айтқандай, «Медресе Ғалияда» жүргенінде емес, одан да ертерек басталған. Өйткені Мағжанның 1905 жылдан бері қарай Қызылжардағы Мұхаметжан Бегішов медресесінде окуы онын дүниетанымына көп ықпал еткен. Медресеге ұстаздық етуші Бегішов кезінде Стамбул қаласындағы Түрік университетін бітірген адам. Ол да Мағжан поэзиясында түрік тақырыбының ерте басталуына себепші болды.

Мағжан Жұмабаев казак ұлтының қайтқанде азаттыққа колы жетеді деп көп ойлап, армандаған ақын. Өзі өмір сүрген тарихи жағдайда азаттық колға оқайлықпен түсे қоймайтынын сезген ол ер түріктен тараған туыс елдердің үйымдастып, бірлесіп, тізе қоскан құресі ғана отаршылдықты Қазак елінен, басқа бауырлас елдерден аластауга мүмкіндік туғызады деп есептеген. Сондықтан ақынның түрік тақырыпты өлеңдерінде бұл идеяның ең өзекті идеяға айналуы табиғи нәрсе.

Мағжан поэзиясындағы түрік тақырыбы жөнінде Ш. Елеуkenov: «Мағжан поэзиясында түрік өлеңдерінің өрістеуіне әлденеше себептер бар. Ең бастысы – отаршылыққа қарсылық, дүние жүзіндегі ұлт-азаттығы қозғалысының құрескерлерімен бірлесу, тізе қосу. Қазак сол ынтымак-бірлікті ту етіп ұстаса, ежелгі тұныстырып бекіте түссе деген ақын тілегі «Түркістан» өлеңінде мақтаныш пен масатқа толы:

Тұранда түрік ойнаган ұсап отқа,  
Түріктен басқа от бол жан туып па?  
Көп түрік енші алып тарасқанда,  
Қазакта қара шаңырақ қалған жок па?

– дейіді [93, 320]. Галымның осы пікірінен ақынның тек казак баласы ғана емес, түркі әлемінің бірігуін мақсат еткенін айқын аңғарамыз.

Үйдірыс Мұстамбайұлы «Сын мен баспасөз туралы» [112] мақаласында сол кездегі «өзара сынды қүштейтудің бір жолы баспасөз арқылы істеген істіп жөнін айтып еңбекшілер жұртшылығының алдына салып таныстырып отыру» екендігін айта келіп, қазак газеттерінің кемшіліктеріне тоқталады: «Біздің ішімізде қазак газетінің аттарын білмейтіп «сабаздар» да жок емес. «Менің білгенімнен артық нені жазады» деп қазак газеттерін оқымаітынын «мақтаныш» қылып, «білгендігін» көрсететіндер де табылып қалады. «Мені біреу не мақтап, не боктап жазған, болмаса, менің мақалам басылған санды жіберіндер» деп жүрстіндер де табылады... Қазақша білмеймін ғой, орысша жазайын деп өтінетіндер де бар. Тіпті кейде сол орысша жазғандарын орыс

газетіне бере салып, ертен онда басылып шаққан соң, «ана мақаламды аударып басыңдар» деп қолқа салып түстен кейін мөңіретіндер де бар... «Өз тілін өзі ұмытып кетіп, қазақша сауатын ашуды міндегім» деп білмейтін сауатсыздар да бар. Керек десе, жарнама байланыстарын орыс газетіне ғана бастырып «ұнем» қылатындар да бар. Баспасөзге қатынасу – жұртшылықта қатынасу... Бұл жұмысымызға кіресерде мұндай қылыштарды жіпкес тізе айта отыру керек» дей ксле, «не көп газетке басылып жатқан жолсыздықтар көп» [112] екенін айтады.

Ж. Аймауытов та баспасөз туралы ойын былайша білдіреді: «Рас, газетке не болса, соны баса беруге болмайды. Газет елдін келесіне, жалпыға керекті сөзді басады. Сәрсембайдың аттан жығылғаны, Бейсембайдың үйкесырағаны, Жұмабайдың арап ішкені тәрізді, кара су ұрттағаны күрлү жұртқа пайдасы жок сөздерді газет баса алмайды. Газет шамасы келгенше, копке өнегелі болған уақиғаны, шын сөзді басуға тырысады. Бірақ қайғы сол: біреудін біреу ер-тоқымын ұнатпаса да, элеумет жұмысымен шатастырып, «өтірікті шындей, аксақты тындей» мәлдіретіп, газетті адастырады. Сөйтеді де газетшіге өкпелейді. Өтірік айтса, жала жапса, жауапты болармын деп жұрт ойламайды. Қыншылықтың бір үлкені – осы» дей келе, газетке не жазу керектігінсөн тоқталады: «Тіршіліктің тұтқасы – шаруа. Шаруасыз күнелтуге болмайды. Оны бәрініз білесіз. Өнер, ғылым, саясат, әдебиет, адамгершілік... бәрініц шығатын жері де, қоятын жері де шаруа. Шаруа оңалмай, басқа игілік те орнамайды. Ендеше, жұрт алдымен шаруа жүзіндегі мұддесін жазу керек» [52, 180] деп тұжырымдайды.

Ідірыс сол жылдардағы газет басқармалары не болса, соны ойдан шығарып, не біреуді мұқату үшін, корінген хабарды қойып қалып отырмауын, тілшілердің жазғанын, қолға түскен мәліметтердің сөлін алып отырып жазуын, басуын ескертеді. Үездік, губерниялық, өлкелік газеттердегі жолсыздықтарды атай келіп «бұл шен сыйлағандық салдары» екендігін баса айтады.

Орыс еңбекшілері жұртшылығының істерін мысалға ала отырып, әсіреле, газет басқармаларының жұмысына орынсыз жерден кірісе беру болмау керектігін айта келіп, неге көніл аударуды көрсетеді: «... ұзын-ырға сөздің қысқасы-біздің казак коммунистерінің ішінде, әлі де болса да, казак баспасөзінің маңызын түсінбейтіндер бар» екендігін, «соның салдарынан казактың белсенді коммунистерінің, баспасөзге жөндеп қатынаспайтындығын, газетке басылған ірі хабарлар аяқсыз қала беретіндігін, айыбы айнаға түскендердің де басқармаларға орынсыз өкпелейтіні бар» [112] екендіктерін айтып, қынжылады. Газет

басқармалары орынсыз жалтақтықты қойып, партияның көрсетіп отырған жолынан бұрылмауды, «көңілге, орынға» қарамауды басты назарға алып, Үйдірыс: «Бұл арада туралық керек. Бет керек. «Тура биде туған жок; туғанды биде иман жок» дейді қазақ мақалы. Мәймәңкені қойып, кімді болса да сынның астына алу бүгінгі міндеттіміз» деп тілегін білдіреді.

Үйдірыс сын туралы пікірінде: «Сынның жөні осы екен деп не болса соны жиып–теріп кісінің кара басына ғана барлық пәлені үйіп-төкпей істелген істің катесі не, оның жөнделу жолы не, сынағанда соны қатты ескеру керек. Қатты ескеріп қою ғана емес–ау сол мақсаттан бет аудармау керек. Сын деген де біреудің ісін қазып орнынан түсіру керек деп жорымай керек. Истің кемшилігін көлтесіп–көмектесіп көрсетіп түзелуін, дұрыс істелуін ғана көздеу екенін ұмытпайық» [112] дейді.

Қазақ мәдениет жүзінде ерте туып, кеш қалған халық екендігін айта келіп, Жұсіпбек Аймауытов оның себебін: «жер, тұрмыс, ғұрып, әдет, надандық, жалқаулық, діні адасқандық (фанатизм) саяси біліктік болмағаны. Телкі көргендік, жасқаншактық партия, өтірік, мактан – міне бізді ілгері баstryмаған осы сиякты себептер». Ал халықтың өнерлі болып, жетіліп кетуіне көп шарттың бірі – «баспасөз: газет, журнал, кітаптардың көбеймелі, баспасөздің қандай керек екені газеттерде талай жазылып келеді» [52, 120] деп түсіндіреді.

20-жылдардағы баспасозде қазақ әдебиетінің өсуіне белсene араласқан «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттері, «Шолпан», «Сана», «Таң» журналдары. Оның кейбір үлгілері туралы Әбдірахман Байділдин: «Соңғы жылдарда әдебиет туралы сөз козғалғанда қойылған сұрауға көбінесе, қазақ әдебиеті қазір романтизм дәуірінде деген жауап беріліп жүр. Көбінесе бұл жауапты ұлтшылдық бағыттағы оқығандар беріп жур. Олар әдебиет туралы сөйлегенде романтизмді қайырылуы қаршығасындей колына қоидыра сөйлейтіп болып жүр» [113] деген болса, М. Әуезов: «Жазба әдебиетінің Абайдан бергі ұзак дәуірін алғанда жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі, бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан нағызылдық (реализм) сарыны осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр қүйіне айналып келеді. Мұның белгісі Мағжан Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Коркыт» сиякты өлеңдерінде бар ... Сыршылдық дәуірі қай жүрттада болса да, әуелгі кезінде ескі ертегі жын, пері, жалмауыз, жестыринақ сиякты жаратылысы тұманды, қараңғы заттарды жыр қылумен басталған» [88] лейді. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетіндегі аңыз, ертегілерді қайта жандандыру, оларды коркем шығармада пайдалану сынды көркемдік

ерекшеліктерді де әркім әр түрлі қабылдады. Біреулер оны жөнсіз деп тапса, екінші біреулер көркем әдебиеттегі мұндай ерекшеліктерге арнағы көңіл бөлді. Ауыз әдебиеті үлгілерін жеке шығармашылықта орнын таба қолдану – сол тұстағы қазақ әдебиетінің көркемдік ерекшелігінің бір қыры. Қазақ әдебиетіндегі қалыптаскан дастурді жаңа қырынан байытуда көзге түскен ақынның бірі Мағжан Жұмабаев болды. Ол ауыз әдебиеті үлгілерін жеке туындысында шебер жымдастыра білді. Аныз, ертегілерге жан бітіріп, оларды окушы қауыммен қайта табыстыруды.

Сол тұста елді алаңдатқан мәселенің бірі – қазақ баспасөзі. Ол туралы Жұсіпбек Аймауитов: «Ал халықтың өнерлі болып, жетіліп кетуіне де әлгідей көп себеп, көп шарттар бар. Көп шарттың бірі – баспасоз: газет, журнал, кітаптардың көбеймелгі, баспасөздің қандай керек екені газеттерге талай жазылып келді... Жамандыққа салынған білімдіден білімсіз артық. Білімді орнына жұмысататын не? Ол – тәрбие. Тәрбис көрмеген білімді жауыздық надан жауыздан зияны жүз есе артық. Мұны өмір жүзінде көріп отырмыз... «Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасын жазықты» – деп Абай айтқан» [89] деп жазады. Қаламгердің бұл пікірінен ғасыр басындағы баспасөздің атқарған қызметін тануға болады. Қошшылік оқырманның сауатын ашуға, олардың сл өмірінде болып жатқан жайтардан хабардар болуында баспасөздің атқарар міндетті мол. Сол үшін қазақ зиялыштары баспасөз қызметіне де ерекше назар аударды. Қалай айтылса да, 20-жылдардағы баспасөзде біраз пікір бостандығы болғаны тарихи шындық. Ұлттық әдебиет пен мәдениетке, көркемөнерге көніл бөлгөн зиялыш қауым өз ой-тошылауарын қошшылік талқысына салып, баспасөз бетінде жариялад отыруы да осы айтылған мәселелерден туындаса керек.

Бұл кезеңде бірте-бірте әдебиетке ықпал еткен қағидалар: таптық қысын, идеологиялық, партиялық мазмұн-таларап, кейін, 30-жылдар басынан билеп-төстеген социалистік реализм. Мұның бәрі айналып келгенде ақыл-ойдың бәрін тас құрсауда ұстап, халық санасын бір тізгінде ұстая талабынан шыкканы анық. Әрі-беріден сон көркеменерге де, көркемсөзге де шектеу койылтып, тек бірынғай сарында болсын деген жарлық та шыкты.

М. Базарбаев «Замана тудырған әдебиет» [114] еңбегінде мұны: «Өйткені басқаша уи, бағыт революция идеясын әлсіретеді, оның түпкі, пролетарлық мақсатына нұксан келтіреді деп ұғылды. Соナン барып әдебиет пен өнер өзінің бүкіл адамзаттық, бүкіл дүниежүзілік ізгілік мән-мағынасынан айрылды» [114, 68-69] деп түсіндіреді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы туралы алғаш рет «Үйдірыс Мұстамбаев» [115] атты шағын мақала жазған Жекен Жұмаханов мақаласының басын:

«1927 жылдын жазы». «Зайсанда атаман Анненков қолға түсіпті» деген хабар Ертіс бойында ауыздан ауызга көшті. Семейде, осы күнгі Киров атындағы клубта, Анненковқа ашық сот болды. Сол жолы қырдан келген шаруаттар мемлекеттік айыптаушы, аскан шешен жігіт, казақ Ыдырыс Мұстамбаевты саҳна төрінен көргендес, төбелері көкке жеткендей болысты. Бес күнге созылған сот Анненков пен штаб бастығына жазаның ең ауыры – өлім жазасын кесті... Осы ашық сотқа қатысқан халық, адамдарды аяусыз қыргынға ұшыратқан жендертерді айыптаған Ыдырыстың мол білім, биік парасат, алғыр ой, қарсыласын талжылтпас берік логикасына аса риза болып тараасты» деп бастайды.

Енді, осы сот барысында қоғамдық айыптаушы ретінде сөз алған [116, 27-28] Ыдырыстың айтқандарынан мысалдар келтірейік: «Мен қылмыстық кодекстерді білмеймін, және де жекеленген баптар бойынша айыпталуышының істеріне баға беріп жатпаймын. Бұл прокурордің ісі, тек ол айыпталуышының қылмыстарының тиісті сипаттамасын таба біледі... Атаманның ұstemдік жүргізілген кезіндегі елді мекеннің көрген қорлығы мен сұмдықтарын айтып жеткізу мүмкін емес» деп бастаған, Ыдырыс Мұстамбайұлы оны Дутовпен, Семеновпен және басқа да атамандармен салыстырғанда істеген жауыздығы мен катігездігі жағынан олардан асып тусетіндігін айтады.

Ары қарай Ыдырыс былайша жалғастырады: «Азамат соғысы тарихында не түрлі зұлымдықтар мен жексүрүндық болды. Қызыл әскердің қолдарының терісін сыптырып бес саусакты қолғап істеген жағдайлар да болды. Алайда, Анненковтің істері одан да соракы. Жалынға оранғап ауылдар, тірідей өртеген адамдар, найза ұшына ілінген балалар, зорланған әйелдер, бұның бәрі көрген түс те емес, аңыз да емес, кешегі күндердің кайғылы шындығы болатын. Бұл оқиғалардың жарасы элі жазылған жоқ; оның каны элі күнгө дейін тамшылап тұр. Бұл қанды оқиғаларға күә болғандар егер де ол туралы айтар болса толқымай тұра алмайды» дей келе, Ыдырыс Анненковтың саяси сауатсыздығы үшін, оның монархизмді көксейтін идеясы үшін сотталатынын айтады. Ресpubликада осы кезге дейін қандай да бір Николайды қүтетін азды-көпті монархист шалдардың бар екендейгіне тоқтала келіп Ыдырыс: «Мейілі өмірінің соңына дейін күте берсін. Бүкірді тек көр ғана түзсіді... Мәселе монархиялық көзқараста емес, Анненковтың бүлдірген істерінде болып отыр» дейді.

Ары қарай Ыдырыс Анненковтың саяси тұлға туралы айтылғандығын, оның жақтастары мен достары оны ұлттық батыр, әрі қосем ретінде суреттеп корсетуге тырысқандығын, алайда бәрі керісінше болып шыққандығын айта келіп: «Жолдастар әрбір халықтың тарихында, өзінің

ұлттық өмірінде белгілі қызын қыстау кезендері, өзінің ұлттық батырлары болды. Олар бізде де болды. Мұндай ұлттық батырлардың есімдерін әркашан да аса құрметпен еске алып отырамыз. Олардың есімдері тиісті орындарына қойылады. 300 жыл ұлттық езgi, 300 жыл ұлттық корлау біздің қоғамды әрбір халықтың ұлттық өміріндегі қызын қыстау кезендерін құрметтеуге және бағалауға үйретті. Жолдастар өз Отаны үшін қан төккісі келген, өз Отаны үшін шын жан қиғысы келгендіктеріне қарамастан, азамат соғысы кезінде адасқан адап ұлттық элементтер көп болды. ... Алайда да өз Отаның қорғаумен бірге олар интервенцияның идеясын таратушылар, немесе атаманшинаның жемі болып қалды» дейді. Ұйдырыс Анненковтың Славгородтан бастап атакты «Орлиного гнездаға» дейнгі қимыңдарының барлығы да тұтастай қылмысқа толы зұлымдық екендігін, ұлттық мұддеге қасақана істелінген корлау мен киянат екендігін айта келіп, Анненковтың ұлттық батыр емес, керісінше басқесер болғандығын атап өтеді.

Анненковтың жекесүрүн бейнесін Ұйдырыс былайша береді: «Қандай ұлттық мұдде үшін тұтас ауылды талқандауға барды, каријаларды өлтірді, қазақ әйелдерін корлады? Анненковшылардың айуандықтарын еске алғанда, орта ғасыр тарихындағы Корфагеннің құлау дәүірі еске түседі, және дс жиырмасыншы ғасырдың басталуына сәйкес Цезарьдың жер қайысқан қалың қолы пайда болды ма екен деген ой келеді» деп, тілті қазақтарға патшаның да қажеті жоқтығын айтады. Сөз сонында Ұйдырыс, «Ушараптың қамысында және атакты «Орлиного гнезда» анғарында болған қанды оқиғаны еске түсіргенде, дүниежүзілік тарихта аты қалған тоғызыншы қаңтар оқиғасы мен Варфоломей түні ойға оралатындығын» айтЫП, кайғы қасіретін солармен салыстырады. Алдыңғы айыптаушылардың пікіріне косыла отырып, Ұйдырыс Мұстамбайұлы ен қатан үкімді талап етеді. Сөз сонын Ұйдырыс: «Егер сот қандай да бір кешірімділік танытатын болса, онда ол қазақ елді мекені үшін түсініксіз болады» деп аяктайды.

Нұрм Сансызбайұлының «Тұманды жылғы тұлғалар» айдарымен берілген «Голошекиннің сөзіне косыла алмаймын» [117] атты мақаласында Смағұл Сәдуақасұлы туралы «...ол көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері, жазушы, сыншы, публицист қана емес, бәрінен бүрін қазақ халқының тұнғыш экономисі еді...» деп атап көрсетеді [117, 210].

Ол кездегі алаш ұлдарының қазақ ұлтының мұдесіне қатысы бар қандай ірі мәселелер болмасын, бел шеше араласып, белсенділік танытқанын қазір көптеген зияллыларымыз жазып, зерттеп жатыр. Солардың бірі, Смағұл Сәдуақасұлының айнымас серігі, ұлтының біртуар азаматы Ұйдырыс Мұстамбайұлы да өзінің «Түркістан – Сібір жолы» [118, 2] атты

еңбегінде сол кезде жүргізілген ірі құрылыштың бірі «Түркісібке» жанжакты экономикалық талдаулар жасайды.

«...Түркісіб тез бітсе екен деп күтіп отырмыз. Бір километр ілгерілеген сайын қуанамыз. Бірақ Түркісібтің алдындағы қынышылыктарды білмейміз. Оның кемшіліктеріне көзіл бөлмейміз» дей келе, оларды атап өтеді: «...ең бір үлкен қынышылық жолдың салуындағы тығыздық, асығыстық. Мың километрден артық жерге жол 1930 жылы салынып бітуі керек. Жалпы одактың шаруасы саяси жайы Түркісібті осы айтылған срокке бітірумен байланысты болып отыр» деп, алдымен айтылатын кемшіліктің бірі бұл күнгө шейін алдағы істелетін жұмыстарға уақытында жасалған жобалар, проектілер, пландар, сметалар болмағандығын алға тартады. «Бұрынғы істелген жұмыстардың көбі плансыз жобасыз басталып, ақырында көбінен техника жолына сыйымсыз кемшіліктер шыққандығына» [118] қынжылады.

Үйдірыс, басқа да кемшіліктерді атай келіп, баспана мәселесінде арнайы тоқталып өтіп, құрылғыс материалдарын үнемдеуге, тиімді жақтарын карастыруға да көп көніл бөлген.

Сондай-ақ, тағы бір кемшілік мынау деп Үйдірыс: «Жұмыста ешқандай жүйелілік жок екендігін, колда бар құрал жабдықтарды, техникалардың дұрыс пайдаланылмайтындығын, жұмыстың өнімсіздігін, оның себебі қолдағы барлық нәрсенен есебін білмегендік» екендігін, оның барлығының атасы «бассызыздық, тәртіпсіздік» [118] деп тұжырымдайды.

«Қандай шаруашылық болмасын, есіресе Түркісіб секілді үлкен өндіріс жұмысында есеп жұмысының тәртібі нығаймай іс өнбейді. Акша ұсташа мәнісі де осындей» деп Үйдірыс істің бетін аша отырып, заңсызыздыктарға тоқталады.

«Балық басынан шіриді» демекші, енді Үйдірыс «Түркістан-Сібір» темір жолының басқару әкімшілігі ретіндегі, кеңсе тәртібіндегі кемшіліктерге баса назар аударады: «Ендігі бір кемшілік Түркісібтің жоғарғы орындары мен төменгі орындарының қатынасы нашар... Жоғарыдан төмен қарай қағаз әмірі, телеграмм бүйріғы көп... Жиналған мамандардың, техниктердің білімдері тексерілмейді, яки олар қолынан келмейтін қызметкө ойланбай отыра салады. Осы күнте шейін дұрыс жасалған соңынан түзетілмесен, бір илан, бір проект жоқ. Мамандардың, техниктердің елу процентті істеп жүрген қызметтіне жарамсыз, жалғыз мамандар смес, шебер жұмысшылардың көбі ретсіз алына салған. ...Қызметкерлер шақыру ретінде орынсыз артық расходтар болған» [118].

Көп кемшіліктердің ішінде еңбек дауының көп екендігі, себебі мұндаиды дауды шешетін еңбек соты Алматыда, я Шымкентте, еңбек комиссариатының инспекторы болса Әулиеатада екендігін,

рабочкомдардың жұмыстары өтө нашар скендігін өндіріс ісіне олардың көрсеткен жәрдемі аздығын, партия орындарының ісі көңілдегідей еместігін тізе келе. Ұйдырыс бұл жолда алдымен қолға алатын шаруаларды атап өтеді: «1. Түркісібтегі партия жұмысын қүшейтіп, өндіріс ісіне партия орындарының көсемдігін орнату; 2. қасіпшілер одағының ұйымдарын еңбек комисариатының, бакылау комисариатының орындарының жұмысын қүшейтіп, еңбек тәртібін орнату. Бұқараушылық негізін, жұмысшылар жұртшылығын нығайту. 3. Басқарушылық жұмысына талапты, пысық коммунистерді кірістіру» [118].

Қазақ елінің келешегі үшін, барлық істерге бел шеше кірісіп, халқының болашағы жолында жан аямай еңбек еткен елінің нағыз ұлтжанды ұлдарының бірі ҰІ. Мұстамбайұлының қай енбегі болмасын терен зерттелініп келешек ұрпаққа ұсынылуы тиіс. Өйткені оның қазіргі таңдағы экономикамыз үшін маңыздылығы, құндылығы жағынан да кымбат екендігі даусыз. 20-жылдардағы казақ әдебиетіндегі сынни пікірталастарға кеңестік идеология қаншама араласып, өзіндік ықпалын жүргізіп бақса да, Ұйдырыс нағыз зиялды ретінде ұлт мұддесін барынша корғап бақты.

Әдебиет сыншысы ретінде Ұйдырыс Мұстамбайұлы ақын-жазушылардың ойшылдығы туралы пікірталасқа да белсене араласып, өзіндік ой-талғамымен терен білімділігін таныта білген тарихи тұлғалардың бірі.

Сыншының 1920 жылдардағы әдеби айтысқа белсене қатысып, батыл пікір білдіруінен оның үлкен дайындықиен келгенніне қоғамдық ой мен әдебиет ғылымина мол хабардар скендігіне оның «Н.Г. Чернышевский» [119] деген мақаласы айғақ бола алады.

Ұлы ойшыл, сыншының тұғанына жұз жыл толғанына ариап жазылған бұл макаланың бас жағында: «Біздің бар нәрседен кенже қалатын мешелдігіміз бар ғой, сонда да жас жұртшылдығымызға Чернышевскийдің кім екендігін, азырақ болса да. тойға карсы айтуымыз қажет» деп алдып, жалпы Чернышевскийдің өмірбаянына шолу жасаудан бастайды: «Орыс мәдениетінің тарихы, орыс елінің салт-санасының, өсіп-өнуін Россияда болған өзгеріс толқындары Россия елінің қоғам тұрмысының күйіне қарай, дәүірге бөлінеді» деп алдып, былайша жіктейді: «Откен XIX ғасырдың 40-30-ыншы жылдарында Николай I патшаның зор қысымшылдығына қарамастан жаңа туын келе жатқан жас жұртшылдықтың косемдері болған Белинский, Гоголь, Пушкиндер. Бұлардың ізін басып, бұлардан соңғы жаңа дәүірде жас жұртшылдықтың косемдері болып 40-60 жылдарда Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Бакуниндер шықты», дей келе солардың ішінен «Бұларға бас көсем болған адам, бұл 60-шы жылдардағы

және онаң кейінгі өзгеріс толқындарына да марксизм негізі тарағанша, ту болған адам Чернышевский» деп, Чернышевскийге ерекше тоқталады.

Ары қарай сыншы өз ойын: «...біз үлті алатын адамның бірі Ленин, Плехановтан кейін осы Чернышевский... Толстойдың пәлсапа жайындағы сөздерінің кобі Чернышевскийдің касында мылжың десе де болады...» деп нақты көзқарасымен баға беріп, өзінің де терең білімділігін, біліктілігін көрсете кетеді. Сонымен бірге «Чернышевский туралы толық марксийлік пікірді білгісі келген, орысша тіл білетін, жолдастарды Ленин мен Плехановтың кітаптарына сілтейміз, бірақ ескертетініміз тарих көзімен қарағанда Чернышевский хақында Плехановтан гөрі Лениннің пікірі дұрыс» [119] деп. әркімнің енбектеріне жеке-жеке талдау жүргізгендігін, өзінің сынни шеберлігін білдіреді.

Академик С. Кирабаев Н. Чернышевскийдің орыс әдебиеті өкілдері ішінен, әсіресе Л.Н. Толстойды ерекше бөліп қарағанын және оның келешегінен үлкен үміт құткендігіне тоқталып, екеуінің ойларынан үндестік табатындығын айтады. Толстойдың ескі адамның рухани тіршілігіне риза еместігі, қанауышыны жақтамауы ұлы революционердің шаруалар революциясы жайындағы ойын толықтыра түскендігін, жазушының екінші басты спрекшелігі есебінде Чернышевский оның суреттеуіндегі адамгершілік сезімінің тазалығын атағандығын айта келіп, Толстой жөніндегі мақаласынан үзінді келтіреді: «Граф Толстойда ақиқат талант бар. Мұның магынасы сол – оның шығармалары көркем ягни шығармаларының арқайсысында жазушының айтпақ болған идеясы толық көрінеді. Ол сашастан орынсыз нәрсе айтпайды өйткені олай ету көркемдік шарттарына қайшы болар еді» [38, 201-202]. Толстойдың жас кезіндегі алғашқы туындыларына қарап айтқан Н. Чернышевскийдің бүгін сөздерінде (1856 жылы жазылған) оның үлкен болашағын болжаған данышпандығы жатыр.

Ідірыс Н. Чернышевскийдің идеалы, кияльна жасынан үлкен әсер берген нәрсес 1793-1848 жылдардағы Франция да болған ұлы төңкерістер екендігін және ииетінің – тілегінің барлығы төңкерісшілдер жағында болғандығын баса айттып, күнделігінен мысал келтіреді: «Король сайлауга, Конституция жасауга байланған әңгіме аз. Әңгіменің бірі қоғам тұрмысының күйіне де, бір тап екінші таптың қанын соратын тұрмыста» бұған қарағанда, Чернышевский тап-тартысын ерте сезгендейдін білесін» [119] деп түйіндейді.

Бірақ Н. Чернышевскийдің өзінде де адасқандық болғандығын, киялышыл социалистер күсап, Н. Чернышевский де басында мемлекет құрылышының түріне аса үлкен мағына бермей жүргендігін, мемлекет құрылышының түрлі монархия болып отырса да, қоғам тұрмысының

жалын тегістік негізінен салуга болады деген киялшыл социалистердің (социалисты-утописты) пікірінде Чернышевский біраз заман жүргендігін, жоғарғы айтқан сөзінде де бір жағында тап күресін байқап отырғанымен, екінші жағынан Чернышевскийдің бұл катесі көрініп отырғандығын айттып өтіп, осында мемлекет құрылышы тап қолындағы шоқпар екенін терен байқамағандықтан шықкан Чернышевскийдің бір үлкен катесін байлайша атап көрсетеді: «1861 жылы Александр II патшаның өлгені қараشهкпендерге бас бостандық бергенде де, Герцен секілді Чернышевский де Александр патшага қатты риза болып, Александрдың саясатын жалпы тегістік жұмысымен тенестірген. Чернышевскийдің бұл катесі Сен-Симон мен Фурьелерден алған сабагы. Бірақ Чернышевскийдің Фурьелерден артық жері бұл катесін артынан өзі сезген. Артынан өзге реформатор деген айтыс полемика түрінде жазған кітабында Чернышевский күрессіз ешнәрсе тумайтындығын дәлелдейді. Үкіметпен берекелесіп отырып бұқара сыйбагасын ала алмайтынын айтады» [119].

Н. Чернышевскийдің бұл пікірін Герпенге де жазғаны туралы хатынан үзінді келтіреді: «Сен дүниенің бәрін берекемен тындырмақ боласын, бұқараның сыйбагасын ынтымак жолымен әпермекшісің, одан дәнене шықпайды, онан бұрынғы талай үміт, талай тілек бос киял болып шыққан. Бұрынғылардың катесі де жеткілікті. Енді елді адастырып бітімге шақырмай, дауға шақыру керек; елге аттан салу керек, елге – «қолыңа балта ат» деп ұран шақыру керек. Балтасыз да не дәнeme бітпейді» [119].

Бірақ, Ыдырыс «Бұл сөздің Чернышевскийден бұрын өткен киялшыл социалистердің сөзіне ұксамайтынын, «бізге бостандықты ешкім бермес, патша да, бай да, батыр да» деген еңбекшілдер табының жырына ұқастығын» айтады.

Адам баласының тарихы еңбекшін капитал дәуірінде келіп, бұл сксуінің тап күрессі басталғанын Чернышевский өзге киялшыл социалистерден гөрі анығырақ түсінгенін» білдіреді.

«Бірақ Чернышевский өзінің ұстазы болған киялшыл социалистерден озып күрессіз, таласыз ешнәрсе өнбейтінін, қогам тұрмысы негізінде тап күресі барлығын білседе, пролетариаттың тарихи жолын анық байқай алмағандығын, бір жағынан Чернышевскийдің дүниеге идеалшылдық көзқарастан сау болмағандығын да» сынап өз көзқарас түрғысынан баға береді.

Ыдырыстың ойынша пролетариат деген кесепат орнап алады деп үркіп жүрген халықшылдар (народники) осы община арқылы, басқа елдің көрген азабын тартпай, пролетариат деген кесепатқа ұшырамай жалпы тегістікке жетеміз деп көп сандалған. 90-жылдарда туши келе

жаткан сибекші елдін жұртшылығының бастыктары Ленин, Плеханов, Мартовтар халықшылдардың бұл пікірлерімен таласып көп айтысқан, әсіресе Ленин Россияда да капитал тұрмысы орнап, пролетариат туғанын ендігі оған тұрмысының күйі осы екеуінің тартысына байланысты екенін жақсы дәлследеген.

Енді бұлардың қателіктегіне Ыдырыс былайша тоқталады: «Бұлардың барлығының катесі – бұл мәністі баптай алмағандығы. Чернышевский диалектиканы жақсы білген, Гегельдің құбылмалы диалектикасымен отырып, Чернышевский де өзімілдік заманында (собственность) капитал тұрмысын тарихтың бір даусы деп қате қараған: Чернышевскийдің бұнысы да зор даналық. Бірақ Чернышевскийдің катесі бұл дәуірдің мөлшерін, маңызын тым қысқартып, женілдетіп жіберіп общинаның күшине сеніңкіреп кетіп, келешекті анық болжай алмай қалады. Бұған себеп Чернышевскийдің бір жағынан идеалшылдық пікірінен шыға алмағандығы» [119].

Ыдырыс Мұстамбайұлы Чернышевскийдің тарихи мәселелердің барлығын да идеалшылдық пікірінен шыға алмағандығын, «О причинах падения Рима» деген кітапшасында тарихи оқигалардың көбін идеалшылдық пікірімен тексеретіндігін, сөйтсе де, Чернышевскийдің Россияның келешегі жайында айтқан пікірлерінің көбі халықшылдар пікірінен бөтепдігін атап өтеді.

Жер мен ортақтасып пайдалану мәселесінде Чернышевскийдің қателері болса да, Россияның келешегі туралы: «Көзді жұму керек емес; сауда шаруашылық жүзінде артта қалса да соңғы уақытта Россия еліне бұл тұрмыстың заңы орнап келеді. Жақында бізді де сауда тұрмысының талас-тартысы (конкуренция) заңы қайтадан кернейді. Еріксіз, қайтсек те, біз тез арада басқа мәдениетті елдердің тұрмысына көшеміз» деген пікірін келтіре отырып Ыдырыс: «Міне, мұның барлығы Чернышевскийден соңғы заманда тараған марксшілдік пікірмен әбден үйлес. Бұл сөздерінен Чернышевскийдің үлкен қырағылы көрінеді. Егер де Чернышевский осы пікірін әрі сүзіп алып кетсе Маркстен кейінгі бір адам болар еді» десе, академик С. Қирабаев мынадай пікір айтады: «Өзінің қоғамдық және социалистік көзқарасы жағынан Чернышевский Маркс дәуіріне дейінгі бүкіл европалық философтар мен социалистердің бәрінен де жоғары тұрады...Чернышевский еңбектерінің осы қасиетін кезінде Маркс танып бағалаған. Герман Лопатинмен әнгімесінде ол «қазіргі экономистердің ішінен тек жалғыз Чернышевский шын мағынасындағы ойшыл болып табылады, калғандары компиляторлар ғана... оның шығармалары тың пікірлерге, терең және қажырлы ойларға толы» [38, 71] деген».

Бірақ Чернышевскийлердің қателері болса да, заманына қарай

сөзсіз ірі кісі екендігін, Чернышевскийдің пікірін тексеру үшін Маркс әдейілеп орыс тілін үйренгенін, Маркс Чернышевскийдің ірілігін айтып бұрынғы пәлсапашылардың көбінен артық коріп мақтап кеткенін айта келіп, Чернышевскийдің Маркстен бұрын өткендігін, Фейербахты. Гегельді әбден жақсы білгендігін, бұлардан тәлім алғандығын, әсіресе өле-олгенше Чернышевский Фейербахтың шәкірті заттылдық негізін қолдағандығын ескереді.

Халықшылдардың біруақытта Чернышевскийді өздерінің ұстазы қылып, өздерінің жолына ту қылып жүргендігін басты назарға ұстанған Ыдырыс Чернышевскийдің жеке өзіне: «60-жылдардан бері Россияда болған өзгеріс толқындарға, марксизм орнағанша, туы болған адам – Чернышевский. 90-жылдарда Плеханов, Лениндер шығып, пролетариат жүртшылығы туғаша бұрынғы жүртшылықтың айнасы болған адам – Чернышевский.

Әдебиет мәселелерінде Чернышевский Белинскиймен қатар адам. Чернышевский Белинскийдің келіп тоқтаған жерінен ары шығып озып кеткен адам. Чернышевскийдің әдебиет мәселелеріндегі ең үлкен пікірлері «Эстетические отношения искусства к действительности очерки Гоголовского периода литература» деген кітаптарында. Чернышевский өзінің заманындағы өнер үшін болған өнер таза нәрсе, өнер рухтың (дух) жемісі дейтін пікірден аулақ болған, содыктан да, ескі профессорларға ұнамай университетке оқытуши бола алмады» деп баға береді.

Өз ортасынан озық шығып, өз заманындағы ұлы тұлғалардың біріне айналған Чернышевскийдің философиялық еңбектерімен қатар, әдебиет мәселелеріндегі туындылары да құндылығымен бағалы.

Академик С. Кирабаев Чернышевскийдің Пушкин мен Гоголь туралы ой-пікірін былай таратады: «Сыншы XIX-ғасырдағы көрнекі орыс жазушыларының патриотизмін бағалай келіп, олардан Пушкинді артық қояды. Оның себебін Пушкиннің патриоттық сезімін тәрбиелесген 1812 жылғы отан соғысы мен декабристер козғалысынан, ақынның өз шығармаларында азаттық, теңдік күрес идеясын кең жырлауынан іздестіреді. «Пушкин өзі өмір сүрген дәуірдің ең басты және маңызды мәселелеріне жауап берді, – дейді Чернышевский. – Ол әдебиетті ұлттық сананы тәрбиелеудің аса маңызды құралына айналдырды... қөшілілкі әдебиетті суюге, сыйлауға үйретті, әдебиетшіні орыс оқырмандарына қажет және пайдалы нәрсе туралы жазуға тәрбиеледі» [38, 199-200].

Ы. Мұстамбайұлы «Жандосұлы Ораз жолдастың мақаласына жауап» [120] атты мақаласының басын: «Жандосұлы жолдастың «Ауылдағы таптар» [121] деген мақаласы басылғандығын, оның ауылдағы таптар туралы жаңа қисын шығарғандығын, бұл мақаланың ішіндегі кейір

пікірлер ленинизмге, марксизмге үйлеспейтінің, бірақ мақала басылып шыққаннан бері бірқатар уақыт өтсе де Жандосұлының қателерін көрсетіп ешкім жауап жазғанбағандығы» айта келіп, бұл мақаланың әлде болса да қате жерлерін атап өттіді жөн көреді.

О. Жандосұлының мақаласынан: «...1) ауыл пролетариаты; 2) ауыл кедей; 3) ауылдағы ұсак шаруа; 4) ауылдағы орташалар; 5) дәүлестті шаруалар; 6) ірі байлар мен ақсүйектер... Октябрь төңкерісінің арқасында ауыл тұрмысына көп өзгеріс кірді. Ақсакалдық, бектік дәүірінен қалған бірсыныра сасықты теріс әдептер жойылды және де: «мұның арқасында байлардың ел бастаған «жақсылардың» беделі кеміді» деген пікірін мысалға алып, Ыдырыс оны былайша талдайды: «Октябрь төңкерісі ауылдағы бұрыннан келе жатқан ақсакалдық рулық тұрмысының ыдыратқаны рас.

Бірақ біздің ескерттестініміз қаймағы бұзылмай отырған ақсакалдық тұрмыс бұрын да жоқ болатын. Октябрь төңкерісінен бұрынырак-ак, осы үстіміздегі 20-шы ғасырдың басынан бастап, яки онан да ілгерірек капиталдың сатарман дәуірі ауылға сіне бастағаннан бері, ақсакалдық дәүірінің іргесі босай бастаған. Октябрь төңкерісі ауылдың тұрмысын обден жаңалады. Ал, жолдас Жандосұлы қас пен көздің арасында бір-біріне үйлеспейтін екі бірдей пікір айтады» десе, Ораз Жандосұлы былай дейді: «Қазақ елінің шаруашылық элеумет құрылышының өзгешелігіне қарағанда қазақ ауылын өзгерістен бұрынғы орыс ауылымен теңеуге болады. Энгельс пен Ленин өзгерістен бұрынғы орыс ауылымна қандай сын берсе, қазіргі қазақ ауылымна сондай сын беру керек» [121].

Ал, Ыдырыстың пікірінше «Лениннің жазып, айтып артына тастан кеткен мұрасында, ең ұлы мәселелердің бірі: жер мәселелері, ауыл шаруашылығының жайын және оның әр замандағы қоғам тұрмысының әр түрлі құйларі, енбекші қара шаруа мен пролетариат табының арасы» [120, 82].

Ыдырыс О. Жандосұлы айтқан «кедей шаруаларының», «ұсак шаруалардың», «орта шаруалардың», «дәүлестті шаруалардың», «аксүйек, ірі байлардың» тізімін жасамақ болғанына қарсы шығады» [120, 85].

Ыдырыс Ораз Жандосұлының: «Біз іздел жүрген орта шаруа ауылдағы кәдімгі дөңгелек шаруа». Көшпелі елдегі дөңгелек шаруаның орташа есеппен малы мынадай: «екі-үш түйе, үш-төрт сиыр, екі ат, бес-алты бие, жүз-жүз слу кой» – «мұндаидар шаруалардың ішінен сатарман егін, пұлды мал өсіріп, сатып дәүлесттенген ұсак байды, базар мен араласы көп есکі жолмен шаруа істейтін артта қалған шаруаны айыра белу керек» деген пікірін мысалға ала отырып, өзінің жауабын былайша таратады: «Алты бөліктің ішіне тарап, бытырап қылдай ұялаган Жандосұлының

орташалары тағы былай бөлшектелсө енді не қалады. Жә, орташалар бұлай болып шыққанда, ауылда не болып шығады? Жандосұлынша қазіргі біздің ауылда: 1. «Кедей деп жүргеніміздің бірсыпырасы қәдімгі ауыл пролетариаты – жері бар жалшы» деген тап бар. Бұл бұрынғы орыс ауылындағы пролетариат; 2. «Кедейде ия көлік, ия сауын, ия болмаса екеуі де жок болады, мінс осыны кедей дейміз» – сөйтіп «кедей» табы бар; 3. «Ауылдың ең көбі, ең маңыздысы – ұсақ шаруа ... бұлар қазақ ауылында бұған дейін кедей тізімінде болып келді» – осымен ұсақ шаруа деген тап шығады; 4. Жоғарғы айтылған орташалар; 5. Дәулетті шаруалар табы; 6. Ирі байлар мен ақсүйектер табы. Мұндай таптар Жандосұлының миына сиятын шығар, бірақ ауылды білестін қазақ коммунистіне дұрыс демес. Молотов айтқандай бұл түрде орташалардың жоғалып кететін жөні бар. Көп жолдас ауылда кедей бар, бай бар деп орташаларды аттап жүре береді. Мұны Жандосұлы жолдастың өзі де айтыпты ғой. Ауылдағы малы жок тақыр кедейлерді қояйық, жалшыларды қояйық. бұларды пролетариат демей ауылдағы батырак деп атасақ та болады. Аты жок, егіншілерге көлігі жок, жалданып құн көрстін жалшылар орыс ауылында жок па екен? Орыс ауылының қазіргі халінде бұларды саны «жігі» біздің ауылдағы батырактардан көп емес. Бұлар ауыл пролетариатына қосылып жеке тап бола калатын орын жок [91].

Бұл пікірталасқа Басқарма өз тарапынан былайша жауап береді: «Жандосұлы жолдастың ауылда 6 тап дегені қате. Мұстамбайұлы жолдастың да кателері бар. Мәселе: ауыл мен деревняның ешбір айырмашылығы жок дегені секілді. Бұл екі макаланы айтыс ретінде басып, басқарма бұл мәселе туралы басқа жолдастардан да пікір күтеді. Басқарма бұл туралы жиылған пікірлерді корытып барып өзінің толық пікірін кейін айтпак».

Ауыл дүнистанымын жеткі білестін қазактың оқығандары социалистік идеяға бірден берілді. Бұл зиялды қауымның адасуы еді. Большевиктер әкелген социализм өзінің қанды тырнағын 1928 жылы қазақ байларына салғанда, жаппай колективтендіру жүргізіле бастағанда көкірегінде сәулесі бар ұлт зиялышылары кателескендерін кеш болса да ұқты. Басында ұқсас болған қауымдық-рулық меншік пен коллективтік-социалистік меншік бір-бірінен жер мен көктей айырмашылығын көрсегті.

Корыта айтқанда, әдебиеттің көркемдік әдісі, бағыты, келешегі туралы болған әдеби-айтыстардың негізгі мазмұны нағызынылдық арқылы еңбекші жүртшылықтың тілек-мақсатына қызмет ету дегенге сайды. Соңдай-ақ, бірінші тарауда әңгіме болған әдеби сыннан қазақ қаламгерлерінің эстетикалық таным-блігінің дәрежесі жайлы мол хабар алуға болады. Қазақ әдеби сынның тек айтыс-тартысменен ғана

өспегендігін, әдебиет тарихы мен теориясы саласындағы ізденістер де демсү болған еді. Және де, таза теориялық, шығармашылық жолмен бірге, сол кездегі тапшылдық қозқарасты өршітуге партия-кенес қомегіне сүйенген сыншылық ой-пікір ықпалын тигізгені белгілі.

20-жылдардың алғашкы жартысында болған әдеби сында әдебиеттің жалпы мәселелерінен ғөрі, қаламы ұшқыр қаламгерлердің күш-қуатын, алған бағытын, ұстанған мұратын айқындау төнірегінде пікірлер көп айтылып, ағым өкілдерінің шығармалары сарапқа түсіп отыратын болса, екінші жартысында марксизм-ленизм іліміне сүйенген қозқарас басым түсে келіп, адамзаттық денгейде қарастырылатын мәселелер тыскары қалып, әркілі ағымдардың пайда болуына себепкер болды. Идеялық шығармашылық мақсатына қарай екіге жарылған казак әдебиеті бұрынғы тұтас күйдегі халық әдебиеті аумағында дамудан қала бастады. Елдің арман-тілегін тұтастай жырлауға дең қойған алашшыл қаламгерлер мен тапшылдықты жақтаған төңкөрісшіл ақын-жазушылардың араларына жік түсіп, қозқарастары бірікпеді.

Дегенмен де, казак әдебиетінде соны ізденістердің, салмақты ой-пікірлердің пайда болып, сын өнері қосіби жанр ретінде қалыптаса бастады. Патшалық Ресейдің цензурасы тыйым салған ой-пікірлер жарық көріп, қаламгерлердің біразының сөз еркіндігін пайдалануына мүмкіндіктері болды. Ұлттық әдебиетімізге жаңа өлшемдер еніп, әдебиет дамуының бағыт-бағдары, келешектегі міндеттері туралы кен көлемде пікірлесу өріс алды. Қаламгерлердің қалаған тақырыбына шығарма жазуына колдары жетті.

«... Әдебиет – сөз өнері. Оны терсөн ұғынбай, әдеби шығармаға баға беру кын. Жаңа зерттеуде бұл қатты ескерілуі тиіс. Әдебиеттің өзіндік зандарамен өмір сүруі, көркемдік ерекшеліктері басты назарда болуы керек. Әдебиет адам баласына ой саларлық, көркем ғибрат берерлік мектеп болса, өз міндеттін орындағаны. Кенес тұсында да осы міндетті ақаруға тиіс еді, бірақ белгілі бір ықпалдың күшімен таза идеологияға көбірек бой алдырды. Көркемдікпен ұғылатын дүниелер тікелей үгітпен жасалды. Әдебиет шығармаларын талдау үстінде мұны да ойға ұстаған азбал» [122, 6]. Шындығында да, бүгінгі әлемге танылған әдебиетімізге кенестік дәуірдегі әдебиеттің де ықпалы болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Сондай-ақ, 20-жылдардағы әдеби сын-айтысқа қатысқан коғам қайраткерлерінің ішінде Ыдырыс Мұстамбайұлының да озінің терсөн білімділігімен, асқан парасаттылығымен әдебиет тарихында орын алуы тиіс деп ойлаймыз. Оның көркем әдебиет туралы жазған құнды мақалаларымен бірге, басқа салаларға арналған мақалаларының да қазак әдебиеті тарихынан өз орнын табары сөзсіз.



## II ТАРАУ

### АБАЙ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ АЙТЫС ЖӘНЕ ЫДЫРЫС МҮСТАМБАЙҰЛЫ

**Ж**ана бағыттағы қазақ әдебиетінің көшбасшысы, ұлы ақын Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу ісі XX ғасырдың бас кезінде қолға алынып, 1905-1920 жылдар аралығында қазақ баспасөзі беттерінде және жеке жинақтарда Абай өмірі мен ақындық таланттына байланысты ірлі-уакты жиырмаға жуық мақала жарық көрді. Бұл зерттеу жұмыстарының басында Абайдың қайтыс болуына байланысты «Семипалатинский листок» газетінде 1905 жылы жарияланған қазанама-мақаласымен алаштын біртуар перзенті, көрнекті коғам қайраткері Әлихан Бекейханов тұрса, «Абай» журналының 1918 жылғы №2 санында «Екеу» деген бүркеме есіммен «Абайдың өнері, хәм қызметі» деген мақаласымен жазушылық жолға жаңа түскен болашак үлкен дарын иелері Жұсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бүкіл өмірін Абайды біліп тануға, насиҳаттап жариялауға, бүкіл жер жүзіне танытуға сарп етіп, абаитану атты казақ әдебиеттану ғылымының жаңа бір саласының негізін қалады.

Көрнекті ғалым, академик З. Ахметов ««Абай және Әуезов» атты еңбегінде Абай мен Әуеззов арасындағы үндестік туралы ойын былайша таратады: «Олар екі дәуірдің перзенті болуымен катар, бірін-бірі қайталамайтын, біртуар өзгеше дарын екендігі де, әрине, есте тұту шарт. Абай ойшыл, философ, сазгер, ағартушы, екені рас, бірақ ең алдымен – ақын. Ақын болғанда, ұлы ақын, классик ақын. Әуезов ақын емес, бірақ шебер прозаик-суреткер, драматург ретінде ақынға жақын. Әуезовтің прозалық шығармаларында да, драмалық туындыларында лирикалық сарындар, лирикалық сезімталдық айқын көрініс беретін тұстар аз емес. Бірақ ол – алдымен кең құлапшты романист-жазушы, эпостық жанрдың асқан шебері және оқиғаны шиеслісken таластартыс, қақтығыстармен көрсете белетін драматург» [123, 10] дег М. Әуезовтің шығармаларында Абайдың ақындық өнерімен астаса алатын

бұл айтылған жайлар бірін-бірі ешбір жокқа шығара алмайтынын дәлелдейді. Сондай-ак, академик З. Ахметов өнер салалары, қырлары әр алуандығын, арасында пышак кесті жік жоқтығын айта келіп, «тек Абай поэзиясындағы кейбір сарындардың Әуезов прозасынан, айталық «Абай жолы» роман-эпопеясынан көрініс табуды үлкен ізденісті, жаңаша көркемдік шешім табуды қажет еткенін байыптаپ түсінsek болғаны» [123, 10] деп атап көрсетеді.

Абайтануды дербес ғылым дәрежесіне көтерген Мұхтар Әуезов болғандығын, М. Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылым саласының мызғымас негізі болып табылатындығын баса айтады [119, 10].

Жұсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов бірлесіп жазған мақаладан кейін ксес заманы тұсында Абайдың ақындық мұрасы жайлы алғашқылардың бірі болып қалам тартқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Үйдірыс Мұстамбайұлы болатын. Абайдың кайтыс болғанына жиырма жыл tolуына байланысты жазылған Үйдірыстың «Ұлы ақын – Абай» атты мақаласы 1924 жылы Семей губерниялық «Қазак тілі» газетінде (қазіргі «Семей таңы» газеті) жарияланды [124]. Сыншының бұл мақаласы ұлы ақыннан қалған бай мұраны іс жүзінде ғылыми жүйеге келтіріп, жан-жақты зерттеу, жарыққа шығару жұмыстары шындал қолға алуға мұрындық болды.

Үйдірыс Мұстамбайұлы өзі де түрлі лауазымды қызметтер атқарғанымен Абай мұрасын үнемі назарда ұстал, сол кездің қасаң саясатынан қызығыштай қорғады, ұлы ақынды халық санасынан өшіріп, шығармаларын жокқа шығаруға тырысқан, кейбір қаламгерлер әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Жас ғалым ақын шығармаларын талдай келіп, Абайдың ұлылығын таныды, батыл түрде алғаш рет «Ұлы ақын» деп жариялады. Абайды байшылдық әдебиет өкілі деп қарап жаңылыс баскан Сәбит Мұқановтың «Әркім өзінше ойлайды» деген мақаласына жауап ретінде жазылған Үйдірыстың «Абай» атты көлемді зерттеу мақаласы [125] «Жаңа әдебиест» журналында жарияланды да, сол жылдардағы әдеби өмірде үлкен қозғалыс туғызып Абай шығармашылығын зерттеуге жаңа серпін әкелді.

Қазақ әдебиетінде өткеннің әдеби мұраларын зерттеуде Абайдың шығармашылығы туралы айтыс орталық мәселе болды.

Ұлы ақын туралы пікірлер жиырмасыншы жылдарда-ак айтыла

бастаған болатын. Б. Кенжебаев «Абай» атты мақаласында [126] Абайды «халық ақыны» деп дәлелдеген болатын.

Бірақ, кейіннен әдебиеттану ғылымында тұрпайы социализмнің өріс алудың байланысты ақын шығармашылығы жайында біржақты солакай пікірлердің бой көрсеткен кездері аз болмады. Отзызыншы жылдардың бас кезінде Абай туралы жазылған мақалаларда ақынның шығармашылығы көбіне оң бағасын алмады.

Абай «жуандардың» арасынан шықты, сондыктан да ол органның өкілі деген іспеттес көртартпа пікірлер басым болды. Мысалы, 1930 жылы Мәскеуде шыққан «Әдеби энциклопедияның» 1-томында Абайға мынадай баға берілген:

«Абай қазақ халқының өткенін идеалға айналдыра отырып, туындал келе жаткан жаңа қоғамдық қатынасқа карсы құрескен. Бертінде Абай жаңа экономикалық жағдайға бейімделіп, жаңадан пайда болған казақ буржуазиясының идеологі болды» [127, 5-6].

1933 жылы шыққан Абай шығармаларына жазған И. Жансүгіровтің кіріспе сөзінде де, ҚазАПП сыйның ықпалы құшті байқалады. «Абай сөзі, деген жазады Ілияс, бізге тарих, тарихи мұра. Абайдан бізге жаңа сөз табылмайды. Абай сөзі бізге ескі, кешегі көшкен жүрттағы қалған қойма сықылды. Абай өз заманына қаншалық жақалық айтса да, қаншама маңызды келешек мензесе де – оның барлығы да бізге ескі. Бізге көртартпа» [128, 67-68].

Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына байланысты ҚазАССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының ариаулы қаулы қабылдауымен [129] байланысты ақынның әдеби мұрасы кең ауқымда талқыланып, пікірсайысы қүшейе түсті. С. Мұқанов «Абайтану жолындағы пікірлер» [130] еңбегінде ақынның шығармашылығы жайлы 1934 жылы болып өткен пікір алысада Абайдың өмір сүрген тұсын феодализм дәуірімен байланыстырып, ақынды феодал табының ақыны деген пікірін нықтай түседі [130]. Дегенмен, Сәбит Мұқанов ақынның әдеби мұрасының озық жақтарын да атамай өте алмайды: «Қазақ окушыларын, казақ бұқарасын орыс әдебиетіне таныстырған осы Абай, «Осылар (Белинский, Герцен) орыс әдебиетінде қандай орын алса, Абай да қазақ әдебиетінен сондай орын алмақшы», «Абайды кейбіреулер қазақ әдебиетінің үлгісі (классигі)» дейді меніңше бұл дұрыс».

Сыншы Қ. Өтепов «Абай капиталшыланған феодал ақыны» [131] деп бағаласа, И. Жансүгіров «Абай жапаланған ақсүйек ақын» [132, 45]

екендігін, ал Әзімбай Лекерұлы «Абай бір жағынан қазақ феодализмінің соңғы доуірінің ақыны болса, екінші жағынан қазақ буржуаздық заманының алғашқы ақыны» [133, 63] деп екі таптың өкіліне бірдей жаткызса да негізінен жаңа туып келе жатқан буржуазияның идеологі деген тұжырымға келеді. Е. Тоғжанов та осы іспеттес пікірлердің ұшығын білдіреді [134].

М. Әуезов Абайды қазақ әдебиетінің классигі деп атады. Ол Абайды ақындық бұлағының үш түрлі қайнардан – шығыс, батыс, қазактың дәстүрлі әдебиетінен нәр алғандығы жайлы құнарлы тұжырым жасады [135].

Мұхтардың осы пікірлерін Құдайберген Жұбанов «Абай қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласында терендете түсті [136, 43]. Абай жайлы жазған мақалаларында Ә. Мәметова [137, 64-79] мен М. Сильченко да бір бағытта болған. М. Сильченко Абай феодал табының ақыны деген пікірдің дәйексіздігін көрсетіп, «Абайдың мұрасы пролетариаттікі» деген ойын дәлеңдең шықкан [138, 80].

Сәбит Мұқановтың ««Әркім «өзінше» ойлайды» (Шәймерден мен Үдірыска жауап ретінде)» атты мақаласына [73] қысқаша токталып шолу жасап өтелік. Үдірыс Мұстағайұлының «Көркем әдебиет туралы» [37] мақаласындағы: «...біз қазақтың ұлт әдебиеті Абай заманынан басталады деп айт羞и жолдастарға қосыламыз. Көркем әдебиеттің санын жүз жылға апарып отырған Сәбит жолдастың бір ниеті (!?) болmas па» деген жолдарды мысалға ала отырып, оған Сәбит Мұқанов: «Менің ниетімнің әлденеге шауып отырганын Үдірыс білмей, мені Абайды жалмап қойғысы келіп отыр ма деп зәресі ұшқан көрінеді. Мен Абайды жалмамаймын, ешкім-ешкімді жалмамайды. Бұл арада не ниист болсын. Дәнене де жок. Менің жазғаным өз басыма келген ой» деп жауап берсе келс, өзінің ойын былайша талдап жеткізеді: «Адам, адам болғалы күрестен көз ашкан жок. Адам тарихы – тап тартысының тарихы. Тарих жылда корытынды шығара бермейді. Ондаған жылдарды аттап барып, қазығын бір түйіп отырады» деп бұл пікіріне, Париж коммунасы 1905 жылы Февраль, Октябрь, Қытай оқиғасы тағы басқалар – осылардың бәрі де сол басталған күні туып отырған жок, ар жағынан келіп шиеленісіп келген оқиғалар екендігін мысалға алады. Яғни, оның ойынша жоғары аттары аталаған уақыттарда түйінін түйіп, неше жылдық күрестен бір корытынды шығарып отырған, бұлардың бәрі де окиғаның басы емес, корытындысы.

Сонымен катар, Сәбит Мұқанов Абайды қазақ әдебиетінің негізін

салушы деп санамай оны арғыдан келе жатқан әдебиеттің тек «түйінін туюші» деп бағалайды.

Сәбит Мұқановтың кейбір кезде Үйдірыс Мұстамбайұлының макаласында айтылған пікірлерімен санасатындығын да мына үзіндіден көруімізге болады: «Қазақстан поляктік орысқа бұрын қол салып, қырғын табуына себеп, полякта орыс капитализмімен бірге жарысып келе жатқан капитал тұрмысы болды» дейді Үйдірыс, және «Марксизм жолы бойынша қоғам тұрмысынан тап тартысынан тыскары өмір сүрген әдебиет жок» [37] дейді. Екеуіне де қол қоямын. Дұрыс» [73].

Алайда Сәбит Мұқановтың макаласынан: «...әзер болса «Америка аштың» - деп Үйдірыс міне түсер. Абай байшыл табының ақыны... ...Абай қиялшыл, қиялшылдықтың өзі байшылдықтың үлкен тірегінің біреуі. Бұл жағынан да Абай байшылдықтан кашса да құтыла алмайды. Ондап зерттеген кісіге байшылдық-ұлтшылдықтың түп қазығы... ...Ақаң сыйылды Абайды да орынсыз көтеретіндер бар. Ол дұрыс емес. «Қара құс қайырғанмен бүркіт болмайды, қара су сапырғанмен іркіт болмайды». Әркімнің тарихта өз орны бар. Одан артық сыйды тарих көтермейді» [73] деген тым ұшқары айтылған пікірлер де кездеседі.

Ғалым, профессор Ш. Елеуекенов «Абай мен Мағжан» атты еңбегінде: «Көркем әдебиет құбылыстан, оқиғалардан яки талант иелерінен бас құрайды. Солардың біреуі ауызға алынбай қалса, орны үнірейіп тұрады. Ал бізде бір емес, талай тарланадар акталды. Ақтандық дейтін кесел фольклор екеш фольклорға дейін жайлады. Нәтижеде казак әдебиетінің тарихының ит жыртқан терідей ту талакай шыкты. Тілті қыза-қыза келе, Абай төңірегін тып-типыл етіп жалаңаштап таstadtық. Мұның абаитану ғылымына зардабы аз тиген жок» [139, 98-99] деп көркем әдебиеттегі солакай, керітартпа пікірлердің абаитануға қаншалықты зардаптарын тигізгенін атап корсетеді.

Әдебиеттегі пікірталастар салыстыру арқылы анықталатын болса, Абай ақындығын, төңірегін, шәкірттерін бір-бірімен салыстыратын Шәкәрім, Ахмет, Міржакып, Мағжан секілді алыптар әдебиет көгінен ғайып болғаны, қазак әдебиеті жөніндегі түсінігімізді әжептәуір әлсіретті. Абайдың мұрасының тұңғызық, терең тұстары айтарлықтай қомескіленді. Соның салдарынан Абай поэзиясы туралы сыңаржақ пікірлер аракідік айтылып қалып жүрді.

Үйдірыс Мұстамбайұлы «Абай» [125] атты сын-айтыс макаласында: «Әдебиет айтыстарымыздагы негізгі мәселенің бірі – ескіні тексеру» екендейгіне мән бере отырып, «тарих, ғылым, өнер, салт-сана, әдебиет

мәселелерін тексергендегі бізге даңғыл жол – марксизм» дейді. «Жаңа әдебиет» журналының (1928) үшінші, төртінші сандарындағы «ескілік» деген бөліміндегі

С. Мұқановтың ескі мұраларды қалай тексеру керектігін айтканына тоқталады.

«Қаншама мені түйремекші болып орынсыз әуре болса да, Сәбиттің дұрыс пікіріне еш карсылығымыз жоқ. Ескінің пайдасыздарынан безу керек; ескі мұраның құр әдемілігіне қызықпай, мағынасын да тексеру керек; ескінің ішінен пайдалысын ғана теріп алып, жаманын, зияндыларын тастау керек деген Сәбиттің сөздерінің бәрі дұрыс... Бұған карсы еш дауым жоқ» дей келе, Үйдырыс Мұстамбайұлы «бірақ, сол ескі мұраның ішінде не бар, не жоғын білу үшін жақсылап оны тексеру керек. Таласымыз, ұғыспай жүргеніміз осы арада» [125] деп түсіністік туралы айтады.

Үйдырыс ескі мұраны алдымен орыс ақын-жазушыларынан бастайды: «Гогольге тиіспейік – орыстың ескі ақын-жазушыларының ішінде салт-сана жолында бізге жакындау тұрғаны осы нағызшыл Гоголь, Пушкиннің ертегілерін «Борис Годунов», «Онегин», тағы басқаларын былай коя тұрайық, ал Лермонтовқа келсек талай қызық нәрселерді табасың. Лермонтовтың «Герой нашего времени» деген романын алсаң, осы күнге керектісі аз шығар. Печориннің пішінін қазіргі біздің айттыс тәртібімен тексере бастасақ «әптиекпен» катар мұны да өртеп жіберуге болады.

Бірақ Лермонтовтың сол романы осы күні біздің раффактарда, басқа орта дәрежелі барлық оқу орындарында әдебиет сабактарының ішінде тексеріліп жүр. Жастарға мұны да оқытып, үйретіп жүр» дей келе, Горькийдің және басқалардың да сибектеріне тоқталып өтеді: ««На дне» керек болса толық марксизм сынның бұл да көтере алмайды. Горькийдің ертерек жазғандарының ішінде нағыз еңбекшілер идеологиясында жазылған кітaby «Мать», бірақ бұл кітaby өзгелерінен анағұрлым нашар шыққан. Ал не себепті Горький бізге аса қадірлі. Не себепті кеше құшақ жайып, қадірлеп, құрметтеп, қарсы алдық. ...Толстойдың басын ауыртпайық, ...Островскийдің кітаптарынан біздің көзқарасымызша талай сорақылықтар шығады..., Успенский мен Чеховты тағы былай коя тұрайық. Атакты Салтыковты алып марксизм жолымен сынғанда талай кемшіліктер ол көсемнен де шығады: ал, Достоевскийді мұлде көміп тастауға тура келеді» [125].

Бұлардың барлығына талдау жүргізген Үйдырыстың ойынша

бұлардың қай-қайсысында да өзіне біткен артықшылығы, я, кемшілігі бар. Бірақ заманына қарай бұлардың бәрі де кеменгер, бәрі де көсем болған, заманында бұлардың сінірген сәбесі келешекке салған жолы аз емес. Қазір де бұлар тағы пайдасыз емес. Бұларсыз жаңадан еш нәрсе құрастыра алмайсын. Сондыктан «бұлар құрғақ тарих болып, ескіріп далада калып отырған жоқ» дейді.

Ескілерді білу деген қалай болатынын, бізде қалған ескі мұранын бірі – Абай екенін айта келіп, Үдьрыс: «Бірақ сол Абайдың құлағын қаншама шулатсақ та оның кім екенін, артық-кем жері қайсы, пайдалысы қандай, керектісі не екенін білмейміз. Бұл мәселелерде әлі күнге шейін негіzsіз таластардан әрі аса алмай жүрміз... Айтысымыздың түрі осындай дұрыс пікірінді теріске айналдыру, орынсыз қағысу, соғысу болып, көбінесе дәлелсіз, негіzsіз болады. Абайды болсын, басқаны болсын, құдайды болсын, құранды болсын Николайды болсын, Петр патшаны болсын ауызға ала отырып-ақ марксизм жолында калуға болады» [125] деп сыйнаі келе, бір ауыз сөз айткан кісінің ар жағынан сұмдық іздеудің ешбір орны жоқ екендігін айтады.

Ж. Аймауитов көркем әдебиеттегі Абай шығармашылығының ерекшелігіне былайша тоқталады: «...Сезім, көңіл суретін тілмен үйлестіріп келтіру ақынның ғана қолынан келетін жұмыс. Бұл туралы Абайдың суретшілігіне жеткен әлі ақын жоқ. Аңшылыкты, жылдың төрт уақытын суреттеген өлеңдеріндей суретті сөздер қай ақында бар? Және сол төрт уақытты суреттегендегі Абайдың қиялы мен сезімінің күштілігі соңғы ақындарда кем» деп бертіндегі ақындардың шығармашылығындағы кемшіліктерді атап өтеді: «Кейінгі ақындардың тағы бір міні – сыршыл сместігі... тілдерінің шебер, кестелі еместігі. Сөздерінің сырты тақылдаپ, үйлесіп келсе де нәзік сипаттарды жеткі суреттей алмай, жадағай, үстірт кетіп, айтпак сөздерін көңілгे берік қондыра алмайды» [52, 128].

Абай шығармашылығына тағылған орынсыз пікірлерге қарсы шыға отырып, Үдьрыс Абай туралы өз пікірін толығырақ жазуды міндет көреді. «Абай туралы «ер көкірек», «ұрдым-жық» мінез көбінесе Сабит жолдаста болады. Бұған қарсы жауапқа алдымен сөзді өлген ақынның өзіне берейік» деп, Үдьрыс Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» өлеңінен үзінді келтіреді.

«Абай жуан және де өзі байшыл сондыктан бізгс керегі жоқ. Абай консерватор, яғни ескішіл, не Абайдың өлеңдерінің сұлулығы шамалы, не болмаса онда аса үлкен ақындық та, ия терең ой да жоқ» дейтін

сыншыларға Үйдірыс, оларға алдымен Абайдың өмірін, ортасын тексеруді ұсынады. Абайдың «Соқтықпалы, сокпақсыз жерде өстім» деген сөзін, орынызың сөздердің көбіне берілетін жауап екендігін, «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым» деген сөзі Абайдың сыншыларының есінде болу керектігін айтады. «Абай кім еді, заманы қандай еді?» деген риторикалық сұрап бере отырып, Үйдірыс өған өзі: «Ол уақытта әлі келген қазактың балалары сәлдесін казандай молданың алдында шарта жүгініп әптиекті ежелеп, жамыраған қозыдай шуылдаш отыратын заман емес пе еді? Ел ішіндегі мактанды жұмыс партияда жеңу, қажыға бару емес пе еді? Бұл ортадан Абай өзіне азық болар не тапты?» [125] деп жауап қайырады.

Үйдірыс Абайдың 1889 жылы жазылған «Сегіз аяқ» өлеңін мысалға алып: «Ал онан бері не заман өтті? Сол өлең жазылатын замандағы орыс елінің жүртшылығының басшы адамдары Чернышевскийлер, Салтыковтар, Михайловскийлер еді. Пушкинде қояйық, осылардың идеологиясын тексерші, бұл күнгі Сәбит жырлап жүрген еңбекшілдер жүртшылығының жырын солардан да таба алмайсын... Бірак сол Чернышевскийлер бар, Салтыков, Михайловскийлер бар, артынан іздерін басып, Плеханов, Лениндер шығатынын байқамай қалса Абай сорлыға не кінә» [125] дейді. Үйдірыстың айтқан бұл пікірінің жаны бар. Өйткені орыс халқының бетке ұстар оқымыстылары мен Абай өмір сүрген ортадың айырмашылығы жер мен көктей болатын.

Академик Қажым Жұмалиев Абайдың «Сегіз аяқ» атты өлеңі туралы пікірінде: «Сегіз аяқ» – Абайдың өз заманына көзқарасының қорытындысы тәрізді өлең. Ақын шадандықты, жігерсіздікті, сөзінде тұрмайтын алдампаз адамдарды, ұятсыз, арсыз, өсек, өтірік, мактан тәрізді елді аздыратын мінез құлықты, тағы осы сияқты жаман әдептердің бетін ашады» [140, 27] деп сол кездегі өмір шындығының күңгірт жақтарын әйгілеп, жүртшылықты олардан сақтандырмақ болған ақынға өз бағасын береді.

Жалпы, ақынның бұл өлеңіндегі мақсаты өмір шындығының бетін ашып қана қоймай, мақсатты орындау үшін не керек екендігін де ашық көрсету болатын. Адамгершілікті ту етіп ұстаган Абайдың даналығының бірі – сол дәүірде өз ортасында озық шығып, халықты мәдениеттендіру мәселелерін жыр етуінде еді. Бұл тек Абайдың ғана емес еңбек, ғылым, адамгершілікті жырлау жер жүзіндегі ұлы, данышпан адамдардың бәрінің де қоңыл бөлгөн мәселелері болды.

Сынышы, галым, педагог, профессор Темірғали Нұртазин де ақындық

рухка, поэтикалық шабытқа орыс, Еуропа жазушыларымсн дәрежелес баға беріп, қазақ өлеңінс бірінші рет ендірген Абай екендігін айта келіп: «Абайдың «Сен мені не етесің?», «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, қаламқас» деген өлеңдері – қазақ поэзиясында тың жаңалық, аскар биік. «Сегіз аяқта» Абай өзінің өмір корытындысын сипаттайтыды. Көп құбылалы, толғаулы ойды шолған, қын қияға шарықтаған өмірді бейнелеуге сай өлең «Сегіз аяқ» еді» [140, 32-33] деп әділ бағалайды.

Ұлы жазушылар, ұлы ақындар халықпен халықты жақындастырады, ұл пен ұлтты бауырластырады. Абайдың бір өзі қазақ халқын қанша елге танытты. Дүние жүзінде оны білмейтін прогрессіл ел жоқ десе де болады.

Ақынды болсын, кімді болсын тексергенде тек жұмысын еске алғып оның сіңірген енбегін, істеген қызметін соған қарап бағалауға болмайтынын; екінші: атакты ақындардың, не ғылымға таңдау енбегін сіңірген данышпандардың ішінде талайының талай кемшіліктері, не мұлде жиренішті істері, не өмір жүзінде істеген қателері болғандығын, қайта Абайда олардың көбіндес болған соракылығы жоқтығын, ал партияшылдығы – ортаның жемісі екендігін айтқан Ыдырыс: «Абайды партияшыл дейтіндердің біреуі сол заманда туса Абайға карсы партия ашып, таласып Абайдан не женіліп қалып, не женсе, барымта ашып, отыратын жуандардың бірсүі болар ма еді, кім білсін. Мұны заман дегенді, орта дегенді ұмытып кетіп, женіл сейлейтін жолдастарға амалсыз мысал үшін айтып отырмыз, әйтпесе, жуандықты, не Абайдың жуандығын актағанымыз емес» [125] деп нағызыдық көзқарас тұрғысынан келеді.

Қытай ғалымы, ақын, аудармашы, Гоморо: ««Абай» романын мен орысша аудармасынан оқыдым. Мұхтар Әуезов ұлы жазушы екендігін содан білдім» [141, 25] деп әділ бағасын берсе отырып, бірақ Мұхтарға саяси қысым да жасалғаны байқалып тұратындығын, өйткені Абайдай ұл өсірген еке ондай қатігез болуға тиісті еместігін айтады.

«Абайдың деңгейіне жетіп білетін аудармашы болмагандығынан емес, оның ортасын жете зерттеп білмегендіктен, біз аударған ақындарымыздың аудармасын өткізбей келеміз» деген, Гоморо ең алдымен Абайдың шыққан ортасын зерттеудің қажеттігіне назар аударады. «Ең бірінші, Абайды аудару үшін, қазақ деген халық қандай ел, ең алдымен осыны зерттеп білу керек. Мен архивтен қазақ халқының қарапайым халық өлеңінің бір шумағын оқып, қазақ еліне таң қалдым. Ол өлеңі мыйна:

«Жапалак жалпылдайды жар басында,  
Немене жоқтың күні бар қасында.  
Дос болып қас болғаннан сакта құдай,  
Қасқыр да қас қылмайды жолдасына.

Қараши, байлық пен кедейлік, опалық пен опасыздық – соның бәрін бір шумаққа сыйдырган. Ал жай халқы осыны айтқанда, сол ортадан шыққан Абай қандай екенін пайымдауға болады» деп Абайдың таланттына табынған Гоморо:

«Екінші, тәртіппен бапталған әскері жоқ, сөйте тұра осынша жерді ұстауының сыры неде? Демек, Қазақ елі өнерді, өнерліні сыйлаپ, сөзге тұрган халық екендігі анық көрініп тұр. Осындай ерекшелігін негізге алып, біздің бұрынғы ғұламаларымыз қазақ елін «Сахараның сарбаздары» деген мағынадағы үлкен әріппен жазған. Осының бәрін ой елегінен өткізіп, зерттеп барып аударуға кіріскең ақын ғана Абайды аударады» [141, 25] деп Абай арқылы бүкіл қазақ еліне деген ыстық лебізін білдіреді.

Абайдың ақындығын зерттеген Үйдірыс Абайдың өлеңдеріне талдау жасай отырып, өзінің сыншылық шеберлігін де байқатады. Абайдың «Құлактан кіріп бойды алар», «Өзгеге көнілім тоярысын», «Қабыл көрсе сөзімді» деген өлеңдерін мысалға ала отырып, Үйдірыс: «Орыстың тұңғыш Державин, Майков, Козловтар секілді ақындарын былай қойып, Пушкиндерді алсаңыз да өлең ақындық туралы айтқан сөздерінің көркемдігі, мағынасы осындай-ақ. Кайта өлеңге, ақынға бұлардан гөрі Абайдың көзкарасы дұрыс» [125] деп, өзінің сынни әділ бағасын береді. Өзінің ақындық туралы сынни пікірін Үйдірыс, былай жалғастырады: «Өзіміз Абайға таң қаламызы, ұстазы Пушкин, Лермонтовтар болса да әдебиет жүзінде түк тәлім-тәрбие көрмесе де Абайда ақындық, өлең қақында сандалбай теріс пікір таба алмайсың. Абай пеге Мағжанша «Мен пайғамбармын», мен «перімін» демейді. Орыс әдебиетінің атасы жоғарғы екі атақты ақынның да «Пророк», «Поэт» деген өлеңдерінде не болмаса «Муза», «Читатель» и «Писатель» дейтін өлеңдерінде ақындық туралы пікірлері тым сұрапыл қиялшылдық. Мен құдайдың елшісімін, менің сезім жер сөзі емес, менің туысым дүниемен байланысты емес, дүниені менсінбей кететін мінездерім бар дейтін лепіру жоғарғы екі ақында да бар» дей келе, Абайдың негізіне біткен нағызшылдықтың бар екенін айтады.

Абайдың шығармашылық жаңа жолына үлгі болған орыстың классик жазушылары – Пушкин, Лермонтов, Крылов. т.б. Абайды өзі шыққан ортадан бөлініп, басқа ортаға, өркенді өнерпаздар қауымына қосылуына ықпалын тигізді. Олардың озық ойлы, реалистік еңбектері Абайға жаңа серпін беріп, шығармашылығының жаңа қарқынмен дамуына әсерін тигізді. Абай өз слінің өнер қазынасын менгеріп қана қоймай, оны жаңа табыстарымен ұштастыра білді.

Сондай-ак, Үйдірыс «Абайдың жалпы өлеңдерінің көркемдігін алғанда, әрине бәрі бірдей емес екендігін, кейбіреулері нашарлау, бостау келетіндігін, айтайын деген пікірі кейде бұлдырлау болып шығатынын» айта келіп, алайда «Мұндай кемшіліктер тек жалғыз Абайда еместігін, қандай ақын болса жазарлық сөздерінің ажары, мағынасы бірдей бола бермейтінін, ақынның өсіп барып тоқталатын жері бола беретінін» талдай отырып, ондай нашарлау шыққан өлеңдерінің катарына «Интернатта оқып жүр» және «Замандастар туралы» [125] деген өлеңдерін қосады.

Академик З. Ахметов «Сіздерге еркін тиер, байқап қара» [142, 21-23] атты зерттеуінде ақынның жеке өлеңдерінің дұрыс талданып, бағалануына, оның шығармашылығына кеңестік жүйенің ықпалы болғандығын атап өтеді. 20-жылдарда әдебиетті таптық тұрғыдан қарап бағалау мықтап орын алған кезде, Абайды жоғарғы таптың ақыны, байшыл ақын деген пікірлер аз айтылмаған болатын. Абайды жаңағынкка, өнерге ұмтылған жаңашыл байлардың тілегінен туған ақын деп бағалаудың бел алғанына тоқтала келіп, академик З. Ахметов «Абай творчествосының зор қофамдық, танымдық мәні әлі жете, толық ашылып көрсетілмегендіктен ол кездегі мақалалар мен зерттеулер де ақын өлеңдерінің мазмұн-мақаласының байлығын көркемдік қуаттылығын, суреттеу, бейнелеу айту шеберлігін ұғып түсіну жағы да жетімсіз болып жататыны байқалады» [142, 21-23] деп мысал ретінде Үйдірыс Мұстамбайұлының өзінің мақаласында Абайды жақтап, мақтай отырып, өлеңдерінің «кейбіреулері нашарлау, бостау келеді» деп сынайтынын келтіреді.

Абайдың сатирик өлеңдері туралы айта келс, Үйдірыстың «бірақ бұлардың көбі өткір, аңы болсада, көркемдік жағынан өзгे өлеңдеріндей емес», «төмен» деген пікіріне З. Ахметов: «...Оның үстінде поэзиядағы ақынның сөзі, лирикалық тұлға атынан айтылған сөз астарлы, терен мағыналы келетіні, оны түп-тұра жадағай түсінуге болмайтыны тағы да бар ғой. Өзі туралы айтқанда өзін-өзі көтермелеп, асырып айтатын

ақынға Абай мүлде ұқсамайтын болса, ол оның осалдығы демесек керек» [142, 21-23] деп жауап қайырады.

Сонымен қатар, З. Ахметов: «Абай творчествосы төңірегіндегі 20-жылдардағы, кейінгі кездердегі талас, кейбір сыңаржақ, солақай пікірлер түрғысынан қарасақ, Ахмет Байтұрсыновтың «Қазактың бас ақыны» атты 1913 жылы жарияланған мақаласындағы Абайға берген бағасы, ұлы ақынның казак әдебиеті тарихындағы алатын орнын анықтауы, өнерпаздық өзгешелігін, асқан шеберлігін тануы шынайы ғұлама ғалымға тән айрықша көрегендіктің, білгірліктің, өлең сөздің қадірін терең бағалай алатын ақындық сезімталдықтың, талғампаздықтың үлгісі екендігін әсіресе айқын байқар едік» [142, 301] деп әділ бағасын береді.

Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуга не керектігін білетіні де көрініп тұргандығын айта келіп А. Байтұрсынулы ақынға мынадай баға береді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Абайдың казак баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» [140, 9].

А. Байтұрсынұлының құнды пікірін Ыдырыс: «Қазақтың кебі-ақ өлең жазады. ... бірақ дәл Абайдай ақын таба алмайсын.., Абайдың ақындық беті тым құшті болған» деп толықтыра келे, оған кімдердің әсері болғандығын атап өтеді: «Орыстың ақындарынан Абайға әсіресе үлкен әсер берген Салтыков пен Лермонтов; азырақ Пушкин мен Крыловтың да белгісі бар. Ой жағынан Абайға үлкен әсер берген Толстой Абайдың өлеңіндегі көп кездесетін елдің кемшіліктерін, жаман әдет мінездерін сықақ, мыскыл ету, мазактау, надандықтарын сөгіп кулу – барлығы Абайдың Салтыков пен Крыловтай алған сабагы. Сырласу сезім күйін тартуы (лиризм) Лермонтовтың әсері. Өлеңдерінің жалпы ырғағы Пушкин мен Лермонтовтай алған үлгісі. Абайдың өзінше согатын пәлсапасы Толстойдың сабагы» [125].

Абай өлеңдерінің көркемдік жағына Ыдырыс: «Таза көркемдік жағынан қарағанда Абайдың «Сұлу ұрғашы», «Жылдың төрт мезгілі», «Аттың сынны», «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңдері көңілге әбден толымды: Абайдың әйелдер туралы айттылған өлеңдерінің барлығы да Абайдың өте шеберлігін көрсетеді» деп бағаласа, Абайдың сатиравы шығармаларына да: «...Абайдың негізгі төсегі Гоголь, Салтыков шыққан нағызышылдық, Абайдың ақындығының беті Гейнеге, Салтыковке біткен улы, зәрлі өткір тіл, ашы сөз, біздің

байкауымызша, Абайдың ақындық пішіні міне қандай» [125] деп он бағасын береді.

С. Кирабаев «Сын туралы сөз» атты мақаласында [38, 200] Чернышевский үшін Пушкин мен Гоголь – орыс әдебиетінің екі дәуірі болғандығын, Гогольді Пушкин дәстүрін жалғастыруши, дамытуши есебінде бағалағандығын, оның дәуірі – Пушкин дәуірінен кейінгі, орыс әдебиеті дамуының ен биік кезеңі болғандығын, Чернышевский Гогольді, ен алдымен өзі өмір сүрген дәуірдің ұнамсыз жактарын аяусыз сынап шенегені үшін, сол арқылы халықтың үлттых санаасының жетілуіне әсер еткені үшін жақсы көрсетіндігін, сондықтан да Гоголь реализмін орыс реализмі дамуындағы жана сөз деп бағалайтынын айтады.

Абайдың лирика туралы шығармашылығына Үйдірыс: «Ақынның өзімен-өзі сырласатын, не елге шағынып, мұндасатын уақыты болады (лиризм). Бұл бірінші ақынның, не өзінің шаршағандығынан болады, не төнірегіне тоймағандығынан, яки тұрмыста кездескен кемшіліктерден шыққан ызадан болады. Онда ақын өз қиялын жырлайды, мұның шағады» [125] деп сипаттама бере келіп, мұндай жырлар атакты ескі ақындардың бәрінде де болғандығын айта келіп, Үйдірыс, Абайдың тіл шеберлігін де жоғары бағалайды: «... Ал, тіл жағына келсек Абай өте шебер. Өлеңдерінің көбі жабайы тілмен келіп женелік оқылады. Тағы сол жабайы тілмен отырып, орайтын мағынасы тым үлкен, қозғайтын сезімдері аса нәзік болады. Өлеңдерінің ішінде хат танымайтын қара қазактар түсінбейтін сөздер, орамдар жок. Тек анда санда бірер жерлерде орысша, не бір бөтен басқа тілдер кездеседі. Міне ақынның бір қадірі осы...» деп тіл жағына келгенде Абайдың істеген еңбегінің қадірі одан бір де кем болмағандығын атап өтеді.

Үйдірыс Пушкиннің Абайдан артықшылығын оның алдында азды-көпті сокпағы болғандығымен, орыс слінің білім, өнер жузіндес өршіп келе жатқан заманымен, өзімен катаrlас Пушкиннің Гоголь, Грибоедов, Крылов секілді замандастары болғандығымен байланыстырады. «Пушкин өзіне жетерлік азық алды ғой, Европа әдебиетін түгел тексерерлік Пушкинде білім де, тіл де болды ғой... Ал Абай сорлы не көрді? Дәл бұл күнде тіл жағынан Абайдан озып кеткен шығармыз, онымен Абайдың қадірі азая ма? Олай дессеніз бұл күнде Пушкиндердің де тілі картайып қалды» [125] деп нақты көзқарасын білдіреді.

Үйдірыс Абай аудармаларына да срекше тоқталып өтеді: «Абай өлеңдерінің әдемі жерлерінің бірі – Абайдың жасаған переводтары

(аудармалары) Пушкин, Лермонтов секілді үлгілермен отырып жазған өлеңдерінің әдемілігі Абайдың әдемілігін тағы да дәлелдейді. Абай, көбінесе, Лермонтов пен Крыловтан аударған... Пушкиннен перевод етілген «Онегин мен Татьяна» ғана. Абайдың басылған кітабындағы Лермонтовтаң жасалған переводтарының бір-екеуінен басқа барлығының аттары жоқ... Тек перевод көзімен ғана қарағанда құбылжытпай өте дұрыс жасалған переводтар мысалар: 1. Қоңілім менің қаранды бол-бол акын («Еврейская мелодия») – из Байрона\* (Бұл перевод Лермонтовтың Байроннан алған өлеңінің басы ғана) 2. Тұтқындағы батыр – («Пленный рыцарь») 3. Қанжар – «Кинжал», 4. Рахат мені тастап қоймадың тыныш – «Ходь давно мие изменила радость». 5. Жолға шықтым бір жымжырт – «Выхожу один я на дорогу». 6. Парус – «Парус». 7. Асау той, тентек жиын – «Казот». 8. Дұға – «молитва». Орысша білеттің жігіттер осы переводтарды Лермонтовтың өз өлеңдерімен салыстырып қараса, Абайдың шеберлігіне өздерінің де көздері жетеді» [125].

Аударма – ең киын да құрделі өнердің бірі. Абай – аудармашылықты жетік мемгерген, аударманың керемет шебері. Ыдырыс айтқандай, оның шеберлігі мынадан білінеді: «кейбір орыс өлеңдерін қазақ тіліне аударғандары өзінің тол өлеңінен артық деуге болады. Орыстың әдебі болған толғаулы, ырғакты, нақсыты бай тілімен жазылған сөздерін казақтың кедей, дөкір тілімен ұғымды, мағыналы, терен, тілге жеңіл келтіріп переводтауы мейілінше ұсталығы. Кейбір өлеңдерді, мысалы: «Қаранды туңде тау қалғып», «Тұтқындағы батыр», «Кинжал», «Жолға шықтым бір жым-жырт» қалыбынан, мағынасынан һеш аудармай перевод еткен. Кей жерлерде сөздің мағынасынан ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткен. Абайдың ақындығының еркіндігі сол: кейбір переводты өз өлеңінен асырып, түрлеп жіберген. Мысалы. «Теректің сыйы», «Онегиннің хатын», Пушкиннің геройынан өзгертіп, тілін сұлулат перевод қылған» [125].

Ыдырыстың бұл талдауына ешбір дау келтіруге болмас. Жалпы, Абай Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» деген романын толық аудармаған, одан үзінділер тәржімәлаған. Олардың өзін қазакы ұғымдармен сөйletip қойған, ол «Татьяна сөзін» «Тәңірі қосқан жар едің сен», – деп бастайды. Абайдың «Алла қосқан» немесе «Құдай қосқан» деп алмай, «Тәңірі қосқан» деп алу себебі, тағдырлас, тамырлас болған орыс пен түркі, нақты айтсақ қыпшаққа сонау замандарда ортақ түсініктегі болған, соның бірі – Тәңір ұғымы. Абайдың қазақи түсінікті бұзбастан әр сөзді өз орнына қоя білуі оның даналығын білдіреді.

Мысалы. Абай «Пленный рыцарь» деген М. Лермонтовтың өлеңін «Тұтқындағы батыр» деп аударған. Түп иұсқа да, аударма да бес шумактан тұрады. Өлеңнің мағынасы толық берілген. Абай аудармаларынан оның орыс тілін жетік менгергендігі байқалады. Мысалы, «Молча сижу под окошкам темницы», – дегенді «Қаранғы үй терезесі – тұтқын орны», – деп тамаша аударған. Мұнда жолма жол, сөзбе-сөз аудару жок, аударма ой мәнісіне негізделген. Тағы бір ескеретін мәссле, Абай аудармасы аудармасы, арнайы көрсетілмесе, оның төл шығармасынан еш айырмасы жок. Барлық сөздер, ұғымдар қазақша түсінікті.

Аудармашы Г. Бельгер Абайдың ұлылығына әділ бағасын былай береді: «...Әрбір ұлттың талғам мен баға өлшемдері әртүрлі. Мәсселен, Абайдың кейбір қазақы сөз орамдарын орыска түсіндіру мүмкін емес. Өйткені Абай атамыздың стилистикасы ұлттық ерекшеліктің жиынтығы іспетті... Талғам мен баға бұтіндей халықтың ой-өріс деңгейін. болмыс бітімін көрсететін тұстар десе де болғандай. Қазақ халқы көптеген кеменгерлерінің арасынан ірікten алып Абайды ғана Ұлы атады» [143, 12]. Аударманың қыр-сырын терен білетін Г. Бельгердің бұл пікіріне де толық косыламыз.

Абайдың әдебиетімізге енгізген жаңалығына келсек, атап айтқанда тілінің ұғымдылығы, қыскалығы, аз сөзге көп мағына сыйғызы, өрнектілігі, дәлдігі, тазалығы, аныктылығы, терен мағыналығы жағынан айтарлықтай зор болды. «Көкірегі сезімді, тіл орамды, жаздым өлең жастарға бермек үшін» деген сөзінен, «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұгар» деген сөзінен Абайдың жалпы үшін өлең жазбағандығын көрсstedі. Жүсіпбек Аймауытов ақынның әдебиетімізге снгізген жаңалығы туралы: «Абайдан бергі қазак әдебиетінің бесті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыннан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақылдардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір; ақындығы күшті болды – екі; өлеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен Абай ешкімнен үлгі алмай, қазак әдебиетінің бестін бұрып, мүйіс шығарды. Өлеңшілдікке өзгеше түр кіргізді. Осы күнгі қазақ әдебиетінін түрі Абайдың көрсеткен бетімен келеді» [52, 125] деп әділ әділ бағасын білдіре келс, кейінгі жазушылардың бәрі Абайға шәкірт болғанын, тіпті олардың Абайдың көп түрінс түр коспақ түгілі, елі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алмағандығын атап өтеді.

«Көптің бетін бұрып алғандығы – ақындық екпінінің күштілігі» екендігін айта келіп, «Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша

осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталады» дейді. Жүсілбектің «Казак әдебиеті ілгері басып, өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге иегіз болып, келешектегі көтерілуіне тұрғы болмак. Абай «өзіне мәнгілік ескерткіш орнатып кетті» [52, 125] дегені осы күні раска айналды.

Шындығында да, көрген нәрседен көнілде өзгеше артық бір әсер қалып, аудармай, бұлжытпай тілмен суреттеп беруде, Абайдың суретшілігіне жеткен елі ақын жок. Әсіресе, жыл мезгілдерін суреттегендегі Абайдың киялы мен сезімінің күштілігі соңғы ақындарда некен-саяқ.

Сондай-ақ, Жүсілбек кейінгі ақындардың кездесетін кемшіліктерге де тоқталып өтеді: «Соңғы ақындардың міні – сыршыл еместігі, әркімнің жүргегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, әрбір пернесін тап басу. Ондай өлеңді оқығанда окушының шері қозғалып, ой-көзі жүргіп үңілетіп бір әсер пайда болады» деп, олардың тілдерінің шебер, кесетелі еместігін, сөздерінің сырты тақылдан, үйлесіп келсе де нәзік сипаттарды жеткіп суреттей алмай, жадағай, үстірт кетіп, айтпақ сөздерін көңілге берік қондыра алмайтындықтарын айтады. Алайда, жас ақындардың ішінде Мағжанның сезіміне сөзі жакын келетін суретшілігі бар екендігін, оның тілі де кестелі, өлеңінің әсері көңілге қонашына тоқтала келіп, оның «Жолда» деген өлеңін мысалға келтіреді [52, 128].

Белгілі жазушы Г. Бельгер «Талғам мен баға» айдарымен берілген сұхбатында: «Әрбір ұлттың талғам мен бағам өлшемдері әртүрлі. Мәселен Абайдың кейбір казақы сөз орамдарын орысқа түсіндіру мүмкін емес. Өйткені Абай атамыздың стилистикасы ұлттық ерекшеліктің жиынтығы іспетті» [144] деген пікірі көңілге қонарлық. Өйткені «Пушкиннің «Как гений чистой красоты» дегенін француздар мәселен қарабайыр орақшолақ тіркес деп ұгады. Ал қазақ пен орыс оған мәз болып тамсанады. Гетеңін біркелкі, жұпның, әбден жауыр болған үйқастарына қарап, қазақ ағайындар оның ұлылығына сенімсіздікпен карауы әбден мүмкін» [144] дейді.

Ы. Мұстамбайұлы Абайдың аудармаларына жан-жақты тоқталады. Ақынның аудармалары Лермонтовтың өз өлеңдерінен не мағына жағынан, не сурет жағынан, не тіл жағынан бірде кем еместігін, жалпы аударма деген нәрсенің қыны болатыннын, бір тілде бір сөзben айтатын мағынаны кей уақытта екінше тілде аудара алмайтыныңды, аударсан да

дәл болмайтының, не болмаса бір халықтын тілінің сөз орамы, екінші халықтың тілінің сөз орамына үйлеспейтінін, әсіресе бұлар ақын сөздеріне жататынын айта келіп: «Ал мұны Абай қалай киылыстырыды? Орыстың Лермонтов секілді тілге шебер ақынының сөздерін, қазактың ол кездегі көсеу тілімен орап әкелу оңай емес» [125] деп аудармашы шеберлігін жоғары бағалайды.

Шынында да, Абай аудармасы халық түсінігіне сай жасалған, мазмұнды аударма. Бұл жерде бір ескерстін жәйт, Абай ешқашан тек аудармашы болып кала алмайды, ол аудармала да ақын Абай болып тұр. Ол аудармашы болып бой тасалап кала алмақ емес.

Ыдырыс Абайдың «Нәрсенің мағынасын, көркемдігін ғана жеткізіп қана коймай, кейбір жерлерінде өзінше пікір қыстырып қоятынын айтып мысал келтіреді: «Мәселен Лермонтовтың белгілі «Дума» деген өлеңінің аяғын: «Әкесі аштан өлген кісідей-ак, неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын» – яки Лермонтовтың «Жартас» – деген өлеңінің аяғын бұзып «Бәрі осы-ау деп қыз деген томсарып тұрып жылайды» дегендегі сиякты. Мұндай өзгерістен ана аударылған екі өлеңнің Лермонтов көзделген мағынасы азырақ бұзылып кетсе де, бұл екі косымша арқылы аударылған екі өлең казактың миына жатымды бола қалады».

Ыдырыс Абайдың Пушкиннен жалғыз «Онегинді» алып аудару мәнісін: «Біз Абайдың бұл переводын Пушкиннің Онегинің жинастырып шығарған қысқаша жастарға үлгі ретінде жазылған өлең деп есептейміз. Абайдың Онегинді перевод етуінің мұндан басқа мәнісі жок. Абай Онегиннің барлық әңгімесін жат-тұрмыстың түрінен шыққанын сезген. Сондыктан Абай переводында Пушкиннің романының ішінен алдымен Онегиннің пішінін алады. Оның сонында Татьянаның хатын жазады. Артынан Онегин мен Татьянаның жолықкандағы сөздерін тағы хаттасу түрінде аударып жазады. Әнгіменің ең акырын Онегиннің өлердегі айткан сөзі деп тоқтады. Бұл переводтың басталуы да әдемі, акыры да көркем және сол замандағы салт-санага қарай мағынасы да зор. Азырақ сөздерін бұзғанына Пушкин Абайды кешірер» [125] деп түсіндіреді.

Абайдың екінші бір көркем аударылған тәржімесі «Теректің сыйы» екендігін, «көркемдік жағынан, тіл жағынан бұл перевод тағы Лермонтовтың өлеңінен бір кем емес» екендігін айта келіп Ыдырыс «Осы «Теректің сыйы» деген және тағы бір-екі өлеңдері үшін атақты Белинскийдің Лермонтовты ең алғаш шыққан бетінде-ак Пушкинмен, Гетелермен қатар қойғандығын» [125] айтады. Ыдырыс «орыстың атақты екі ақыны Пушкин мен Лермонтов Кавказда болғанын айта

келіп, «Абай «Желсіз тұнде жарық ай» деп тамылжытып қырдын тұнінің суретін салып беріп отырса, бәрімізге түсінікті. «Асая терек дoldанып, буырқанып, тауды бұзып жол салған, тасты жарып» деп, Кавказ суретін Кавказды естімеген, көрмеген Абай қалайша жеткізіп отыр? Мұны сөзге ұста, көркемшіл, суретшіл бір ақын, екінші бір ақынның сөзінен танып отыр деп білу керек» [125] деп Абайдың үлкен ақындығын бағалайды.

Ақынның «Желсіз тұнде жарық ай» өлеңдеріндегі:

Желсіз тұнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.  
Ауылдың жаны терсң сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп,

– деп келетін бейнелі сурет – оның қаламына ғана тән жетістік. Ақын қаламына тән осындаи көркемдік компоненттерді Мұстамбайұлы бірнеше шығармаларынан атап көрсетеді. Сонымен берге ол: «Қаранғы тұнде тау қалғып», «Қоркытпа мені дауылдан», «Теректің сыйы», «Парус», – деген аудармалар Абайдың үлкен суретшілдігін көрсететінін, бұл аудармалардан біздің жас ақындарға сөз жағынан, сурет жағынан әлі де үлгі алуға болатынын айтады [125].

Сондай-ақ Үйдірыс Абайдың Крыловтан аударған мысалдарына тоқталып, «тіл жағынан, орам жағынан сұлұлығына, елдің ұғымды, жатымдылығына» баға бере келіп, «Крыловтың мысалдарының казактың құлқына, мінезіне жатымды екені басқа, ал Абайдың тілі оларды жандандырып жібереді десе де болады» деп, мысалдармен дәлелдейді. «Абайдың «Шырылдауық шегіртке...», «Басы айналды карғаның, сүмның айтқан сөзінсе» деген өлеңдерін мысалға ала отырып, Үйдірыс «Міне бұл секілді тіл Крыловтан артық болмаса несі кем? Орыс тілін білетін жігіттер біздін пікіріміздің дұрысын, бұрысын Крыловтың өз өлеңдерімен салыстырып, сынасын» [125] деп тілді женіл көретін, үйрсну деген нәрсені оңай ғана санайтындардың есіне тағы салады.

«Абайдың сізше кім аудару керек?» деген сауалға, Гоморо: «Аударма – әдебиеттің мықты бір жанры. Аудармашы бір халық пен екінші халықты жалғастыратын алтын көпір... Адам деген есім – өте ұлы. Оны қалай болса солай қолдануға болмайды. Міне, Абай – ұлы Адам. Оны қытайшаға бір емес, бірнеше мәрте аудару арқылы ғана қытай оқырманының сүйіп оқитын туындысына жеткізе аласын. Соған тәубә деуіңе болады... Он алтыншы ғасырдан қазіргі күнге дейін тараған

Шекспир туындысы әр елде бар. Мұхтар Әуезовтың «Абай» эпопеясы да – сондай дүниежүзілік шығармалардың қатарындағы туынды. Менің осы айтқанымға негіздел, Абайдың өлеңдерін аударатынды атакты емес, жай адамдар арасынан іздел табындар!» [141, 22-25]. деген екен.

Үйдірыс Абай өлеңдеріндегі «адал бол, бай тап» яки «Жаныңа жақса жалқауланба, соңынан еруге» деген сөздеріне кейбір жолдастардың «қараши Абай сүмның», «байга жүр, соңынан еруге жалқауланба, есек көтіп жусаң да мал тауып кел» деп «кедейді арбал отырғаны» деп шошып қайдағы сөздерді сөйлейтінін аита келіп, мұндай теріс сөздерге: «Бірінші «теріні сатпай, телміріп көзін сатып» я, болмаса «бір аяқ қымыз, бір жілік» үшін тентіреп өнерсіз бос жүрген жалқау кедейді сөгіп еңбек қылып, жалаңдамай қарның тойғызы, сен еңбек сіцирерлік жан-жағында толып жатқан кәсіп бар, мейлі егін сал, мейлі парадақа, я тері илейтін заводқа жұмысшы болып түсіп тамағынды еңбегіңмен асыра десін, заманына қарай бұл да дұрыс пікір.

Екінші, Абайдан еңбекшіл елдің тап сезімінің, тап тілегінің жырын қуту кате. Абайды сен еңбекшіл елдің жырын жырлай алмадың деп сөгу қате. Болмаса, Абайдың жоғарғы сөзінде біздің тап тілегімізге қарсы сөз бар деп, Абайды керексіз қылу орасан қате. Кедей, еңбекшіл ел өзі тап болып құралмай, өзіне тап сезімі кіріп, өз қатарын өзі құрамай, өз музыны өзі жырламай оны біреу есіркеп, оның жоғын жоқтамайды. Абай да оны жоқтай алмағын.

Үшінші, біздің байқауымызша Абай тарихтың жүрісінің шалапұла салынып кеткен бір сокпағы. Абай заманын ескі «аталық ру» жүршылығының ыдырап тозып, күйзеліп, сауда капиталының қазак ішінде орын теуіп келе жатқан заманы деп тану керек. Абайдың сөздерінде ескінің күйзелгендегі бір жаңалықтың келе жатқанын көресің. Әсіресе бұл белгі Абайдың «бөтөн елде бар болса, әжеттесін, сыйласын» деп бастайтын өлеңінде ап-айқын көрініп тұр. Міне, Абай тарихтың қандай белінде кездескен ақын. Абайды шала сокпак дейтініміз – Абайда ескілік те кездеседі» [125] деп жауап қайырады.

Ж. Үсмағұлов «Абай: ақындық тағлымы» [145, 22-23] атты еңбегінде Абайдың біздің әдебиетімізде ең көп зерттелген ақын болғанымен, қазір абайтанудың жаңа бір кезеңі, мәселенің шындығына жетіп, байыбына барудың ең колайлы кезеңі туып отырғандығына тоқталады: «Кешегі идеологиялық өктемедік пен цензуралық бақылаудың аса қатаң кезінде ұлы ақын туралы айттылмай қалған немесе жаңсақ айттылған жәйттер аз емес. Ол – бір.

Екіншіден, Абай жөнінде қаншама көп айтылып, көп жазылса да, оның бүкіл шығармашылық мұрасын тұтас қалпында жеткізерліктей кен алымды зерттеулер әлі де жеткіліксіз» [145, 22-23] деп атап етеді. Сол кездегі саяси ахуалдың киындығына, бақылаудың қаталдығына байланысты, тіпті Мұхтар Әуезовтің өзінде де Абайға орынсыз сын айтып, артық кінә таққан жерлер әрдік болса да кездесіп қалатындығын, Абай жөнінде бұдан өзге де кейбір әділетсіздіктер заман түзелді дейтін көзенің өзінде де тіпті бертінгे дейін орын алғаны бекер еместігін ескере келіп, мысал келтіреді: «Айталық, дәл жаңағы саясат ықпалының салдарынан, Абай жөніндегі кейбір зерттеулерде ертедегі Шығыс жұлдыздары, сонсон Байрон, Гете сияқты Батыс ақындары, оларға жалғас орыс қаламгерлері – сонау Крыловтан бастап, Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Салтыков-Щедрин, Белинский, Чернышевский, Добролюбовтарға дейін – түгел тізбектеліп келеді де, қазактың жалғыз классигі солардың барлығына шәкірт болып шығады» [145, 22-23] деп, соңғы кездері осы үшқарылышты түземек болған кейбір әдебиетшілердің Абайды енді Батыс пен Шығыстан бөліп алып, өзінен бұрынғы казак жыршыларына шәкірт етіп көрсетпек болатынына келіспеушілігін білдіреді.

Ыдырыс Абайдың жалпы сөздерін алғанда беті – жаңағалықта болғандықтан мұндай адамдарды жаңашыл (новатор) дейтінін, олардың сөздері – тарихтың бір белінің жаңа салып көткен соқпағы болатынын, корытып айтқанда Абай казак ішіне жаңа орнап келе жаткан сауда капиталы дәуірінін шала сокпағы деп танитынын айтады.

Абай ақын болса, тобықтының ғана ақыны, жалпы қазаққа ортақ ақын бола алмайды, Абайды ақын деп көтеріп жүруші адамдар тобықтылар дейтүғын жолдастардың бар екендігін айта келіп, Ыдырыс бұған быттайша жауап кайырады: «Бұл жолдастар не Абайды білмейді, не әдебиеттің не екенін білмейді. Абайды мактасақ та өзіміз тобықты емесспіз. Және де тобықты деген тентек елмен аталарамыз жауласып, қан төгісіп өткен. Алдымен осыны айтып қоймасақ, біреу мені де тобықты болған сон Абайды жақтайтын шығар деп жүрер» [125] деп қазақты руға бөліп іштен ірітушілерге карсы тұрады. Абайдың өлеңдері тобықтыдағы әңгімелері болсын, мейлі басқа бір елден алынған әңгімелері болсын, ол кездегі ата-руға бөлінген қазақтың салт-санасы, қай жерде болсын бірдей болғандығын, сондықтан тобықтыға ариған сөздер жалпы қазак еліне бірдей айтылған ортақ сөз болып қалатындығын айтады.

Абай тұлғасы қазақ халқының дамуында көпгасырлық рухани байланыстарды жалғастырды.

Абайтанушы А. Ісімақова «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль» атты зерттеуінде: «В казахской литературе классический стиль сложился в конце прошлого века, когда в ней появился Абай Кунанбаев, творчество которого остается мерой дальнейшего ее развития. По художественной ценности творчество Абая стоит в одном ряду с поэзией Пушкина, Гете, Петrarки. Но почему для широкого зарубежного читателя Абай еще не стал тем, кем является он для нас – то есть казахским поэтом «номер один»? Только ли в силу его якобы непереводимости? Так ли он непереводим? Так ли плохи существующие переводы? В конце концов, воспринимали же сам Абай и его современники Пушкина, Байрона, Шекспира, Гете, испытывали их влияние, хотя знакомились с ними в далеко не совершенных переводах? Нет, тут дело в другом. И это сегодня стало очевидным: для каждого поэта предопределен свой час, свой срок вхождения в иные культуры. В русской литературе, например, сложилось так, что осознание миром русской литературы, как великой, было связано прежде всего с русским романом: Толстого и Достоевского. И только после них растет интерес к Пушкину – началу русской классической литературы» [146, 56] деп Ұлы ақынға орынды баға бере келіп, ары карай ойын: «Стиль Абая, войдя в культурную жизнь своей эпохи, словно создала там мощную корневую систему, из которой появились побеги. Разумеется, новые стадии, из развитии национального стиля обогащали и углубляли заложенные в стиле Абая эстетические возможности.

Сохраняя классическую цельность абаевского стиля, казахская литература не могла бы сделать вперед ни шагу. На наш взгляд, произошло раздробления этого стиля, которое со всей ясностью выразилось в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтурсынова, М. Дулатова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Ауэзова, Б. Майлина. Шакарим, говоря упрощенно, берет себе то, что породило в свое время «Фақлия» – философское осмысление вечных истин; М. Жумабаев развивает интимную, любовную лирику; Ж. Аймауытов продолжил пластичность художественного освоения реальной действительности, умение видеть красоту и совершенство вокруг; М. Ауэзов углубил аналитичность и психологизм в показе духовной сущности человека; Б. Майлин берет себе «материальное», обыкновенное, часто комическое в раскрытии психологии простого человека; А. Байтурсынов и М. Дулатов развили высокую гражданственность и чувство социальной вины казахской интеллигенции за все происходящее. Все это представляется стилевыми

контрастами единого классического стиля, выход из нее в ту или иную сторону обусловлен конкретной художественной целью» [146, 92] деп сабактайды.

Абай дүниетанымы – түбірінен жана дүниетаным. Ол қазақтардың рухани құндылықтарын сыйндарлы ой елегінен өткізіп, олардың көбі уақыт талабына сай келмейтінін байқады. Ауылдың мешеу тіршілігі жанын жай таптырмады, елді надандық, дау-жанжал, қызғаныш, өсек, парыксыздық дергі жайлаган еді. Тіпті ол өзінің туған ауылы жайлы былай ой толғайды: «Ел бүлігі Тобыкты (Көп пысыққа молықты). Малдының малын көрс алмай. (Борышын түгел бере алмай, Көрінгенге обықты» [147, 87]. Ол масылдық пен надандықты, еріншектік пен жалқаулыкты жойып, халқын сибекті сүюге шақырды.

Ыдырыс, «Енді тексеретініміз ескі тілдегі «ғашықтық» деген мәселе және де Абайдың әйелге көзқарасы» деп «жастардың қылышына, сркск пен әйелдің катынасынан шығатын мәселеге Абайдың калай қарайтынын» өлеңдерінен үзінді келтіріп талдайды. Ыдырыс, «Абайдың ғашықтық өлеңдерінін артық-кем жері баршылығын, бірақ, осы тексеріп отырған «Ғашықтық» деген мәселеге Абайдың көзқарасы, Абайдың өз түсінігі бұрынғы ескі ақындардың көбінен дұрыс» [121] екендігін айтады.

Ары қарай Ыдырыс былайша талдайды: «Әйел мен ерек арасының катынасы туралы жазылған өлеңдерінің ішінде Абайдың осы күнгі салт-санамызға өрескел, екі ауыз сөзі бар:

«Тағдыр етсе ал да  
Не көрмейді пәнда».  
Және де: «Сұлуды сүймектік  
Пайғамбар сұннеті».

Мұндай сарын бұрынғы ескі ақындардың бәрінде де болған. Бұл екі кисынсыз тұрған сөздерді қоя тұрып Абайдың бұл мәселе жайында жазған өлеңдерін түгел алғып қарасаңыз, барлығы дұрыс жолда. Осы күнгі салт-сананың көзқарасына жақындау. Екінші Абай бұл мәсселеге келгенде керемет шебер. Абайдың бұл өлеңдерінде аян бергсін періште болмайды», «Көнілге тұйық миға жағымсыз қиялмен жасаған «ғашықтық» табылмайды». Абайдың бұл өлеңдеріндегі айтылатын «Ғашықтық» яки, жастардың жұмысы не ерек пен әйел арасының барлығы – табиғат заңынан, тұрмыс салтынан шыққан нәзік сезім, көніл

сыры – өмір ісі. Сондықтан, Абайдың бұл өлеңдеріндегі көп сөздері әлі талай заманға жетеді. Оған ақынның мына өлең жолдары мысал:

«Тау жанғырып, ән қосып,  
Үрген ит пен айтакқа...  
...Төмендеп көздері.  
Үндемей сүйіспін,  
Мас болып өздері.

Талай ақындар, талай философтар сүрініп, жығылып шыққан жерде, шатасып талай сандалбайға ұшырайтын жерде, Абай жүректің тілегін жырлай білген, көңілінің сырын аша білген. Табиғаттың заңы туғызған еркек пен әйел арасының қатынастарының түрін, өмірдің бір қызығы – жастықтың – мастықтың ісін – Абай жеткізе білген» [125] деп тұжырымдайды.

Абай үшін дүниедегі ең бағалы деп санайтыны – адам, оның ішінде аяулы ана, сүйген жар. Махаббатты терең түйсіне білген ақын ғашықтықты жай сезіммен сүйгендік ғана емес, адамгершілік пен шын ниеттің тоғысқандығы деп пайымдайды. Ол нағыз адап махаббатты ғана өлеңдеріне арқау етіп, шебер бейнеледі. Ол жайында X. Сүйіншалиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» [148] еңбегінде былай дейді: «Біріне-бірі шынайы ынтық екі ғашықтың кездесу суреттері, жүректерімен алышқан сырлары, үнсіз ұғыну, құмарлық-құштарлық лебіздері, сезімге берілген адамға тән жағдай, айтар сөзін аузынан шығара алмай демі құрып алас ұрулары шебер бейнеленіп, құрделі психологиялық көрініс, келісті сәттері терең ашылады, абзал жаңға тән адап махаббат суреттеледі. Сүйіскең жастардың алар ләззаты, жап ракаты түгел айнаға түскендей бейнелі» [148, 174].

Сондай-ақ Үйдырыс «Абайды пәлсапашыл деп журген жолдастар бар» екендігін айта келіп былай дейді: «Біз Абайдың бастырылмаған сөздерінің жинағын оқып көргеніміз жоқ: сондықтан, мүмкін Абайдың пәлсапашыл болғандығы. Ал, біз білетін Абайда ақындық мол, бірақ философтықтан дәнене жоқ десе де болады. Пәлсапа ретінде Абай ешбір мәселе жайында бір белгілі тұтас пікір жазып кете алмаған. Тек Абай ойшил, өлеңдерінің көбінде үлкен ой, әртүрлі пікірлер кездеседі. Ал, Абайдың кей жерлердегі пәлсапашыл деп кететін сөздері – ойы терең адамның әр нәрсенің басын бір шалғанын көрсетеді. Алдымен дін, құдай жағына келсек, Абай аса діншіл болмаған, қожа мен

молдаларды да көбінесе теріс көрген. Абай намаздарын жинап жүріп, бір-ақ оқитын болған. Мұның барлығын нағызышыл негізде шықкан таза ақылдың барлығына дәлел шығар. Бірақ, күр мінезден ғана үлкен даналық, пәлсапашылдық шыкпайды» [125] дей келе, «Абайдың әсіресе пәлсапалайтын жері мынау» деп өлеңдеріне тоқталады:

«Ақыл мен жан – мен өзім,  
Тән менікі,...  
Мені мен менікінің айрылғанын,  
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес».

Бұл жоғардағы келтірілген өлеңдердегі сөздер, ел ішіндегі бұрынғы «Шал, молдалардан» сүм-арамза, сопы-қожалардан шықпасын, бірақ анығында Абайдың бұл сөзінде ешбір жаңа пікір жоқ екенін бұрынғы мұсылманшылық заманында шыққан, талай сопылардың сөздерінде осылай болатынын, ескі тәртіп пен «нафу» оқылған адамдар мұндай дін пәлсапасының талайын білетінін» айта келіп Үйдірыс:

«Адамды сүй. алланың хикметін сүй,  
Не қызық бар өмірден онан басқа»

– деген секілді сөздерден Толстойдың Абайға берген әсері анық екендігін» сөз қылады.

«Абайдың пәлсапалық сөздерінің ішінде ең мағыналысы мынау өлең:

«Өзгені ақыл-ойға кондырады,  
Біле алмай бір тәніріні болдырады...»

деп Үйдірыс «Абайдың кітабындағы барлық пәлсапасының керекті жері осы, заманына қарай бұл сөздерде терең ой бар» [125] екендігін айтады.

Абай өте жас кезінен бастап-ақ көрнекті қоғам қайраткері болып калыптасқандығы туралы Әлихан Бекейханов «Құнанбаев Абай» атты мақаласында [149] былай деп жазды: «Жиырма жасқа келгенде Абай бірінші шешен, халық өмірінің, зан дәстүрінің білгірі деген атакқа ие болды. Ол көптеген қазақ даласының атақты билерінің әртүрлі дауларға билік сөздерін жақсы білді. Өзінің білуғе деген ынтасы мен ғаламат ескес сақтау қабілетінің арқасында қырғыз даласының даналары дүниеге

әкелгеп халық аңыздары, мақал-мәтеддері, афоризмдері мен ертегілерін аса көп білді» [149].

Абай қазак этносының қоғамдық топтарының, жіктерінің сіңірі шыққан кедейлерінен бастап байлары мен билерге, төрелерге дейін барлығының ұлттық психологиясын, өмірін терен зерттеді.

Ыдырыс, Абайдың пәлсапалап жазған «Сағаттың шырылдағы...» деген секілді өлеңдерін сынға алғып, пәлсапаны өлең деп жазғаннан ештеңе шықпайтынын, баяғыда орыстың Державин деген ақыны «О дай бог» деп пәлсапалатқанын, ақындық өзіне бөлек, пәлсапа тағы бір басқа іс екендігін сөз қылады. «Біздің бұл мақаламызда көтерген Абай мәселесі әдебиет жүзінен де үлкен мағыналы мәселе» деп Ыдырыс мынадай тұжырым жасайды: «Біз Абайды өзінің саяси жолына жалау қылатындарға да қарсымыз. Бір «Абай» деп бос «байбала» салып, Абайдың орынды-орынсыз желеушілерге де қарсымыз. Біз екі ортада ептік, бұқпантайлық жасап, Абайды реті келсе мақтап болмаса боқтап жүргендеге де қарсымыз. Абай мәселесі мәдениет көзінен де, әдебиет көзінен де тексерілтіп, еңбекшілер жүртшылығының алдында бұл мәселенің айқындалуын қажет деп табамыз. Абайдың сөздері, өлеңдері зор мағыналы тарихи окиға. Ескіліктен біздің еншімізге калған артық-кем болса да, жаман-жақсы болса да бір ескерілетін мұра. ...Абай заманына қарай сөзсіз ірі ақын. ...Абайды өзіне лайыкты орнымен қадірлеу керек» [125].

Академик С. Кирабаев «Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы» [150, 17] атты еңбегінде Абайдың әлеуметтік-саяси көзқарасын зерттей келе өз ойын былайша таратады: «Бұл салада бұрыш жүргізілген зерттеулер бүгін тұтастай қаралуы керек. Олардың көбінде Абайды совет идеологиясына жақыннатуға, ақын көзқарасының қайшылықты деген жактарын жұмсартып айтуда, бүркемелеп кетуге ұмтылуышылық байқалатын. Оны панисламизм, пантуркизм идеясына қарсы құресуші етіп көрсететін еңбектер де болды. Абай ислам докторына қарсы күрескенімен, жалпы мұсылман діліне, мұсылман, түркі халықтары ынтымағына қарсы болмаған. Оның дінге, құдайға сенуі – соқыр сезім емес, шындықты, құдай жолын оймен тануға («оймен білген нарсепің бәрі даһрі»), шаригат қағидаларынан адалдық, имандылық іздеуге құрылған» [150] деп абайтанудың да оңай ғылым еместігін, тағдыры курделі ақынды тану үшін опың өмір сүрген заманының қайшылықтарын терен түсініп алу керектігін, ол үшін оның мұрасын зерттеу ісіне тарих, тіл білімі, өнер тану, заң ғылымдарының, тағы

басқа ғылым салаларының өкілдері де қатысуын орынды санайды. Абайдың философиялық көзкарасының көбі адамгершілік мәсслесіне келіп тірелетіндіктен, ақын жеке адамдарды жаманшылықтарынан арылтып, сол арқылы заманындағы қауым-қоғамын және бар халқын түзетіп, өзгертпек болады. Сонда оның бұл адамы мейірім, ар-ұят ұялаған жылы жүректі жан және нұрлы ақыл мен ыстық қайраттың иесі. Ал осы адам... «адамзатты маҳаббатпен жаратқан алланы суюі адамзаттың бәрін бауырым деп суюі хақтың жолы әділетті суюі тиіс» сонда ғана бұл адам толық адам болмақ.

Академик С. Қирабаев «нұрлы ақыл, ыстық қайрат және оларға әмірі жүретін жылы жүрек бір кісіде табылса, онда ол табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам» деген тұжырымға келген Абайдың ойларын Әл-Фарабидің: «жүрек басты мүше, мұны тәннің шашқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші смес, екінші. Өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса оның өзін жүрек билейді» деген ойымен үндестіріп, байланыстырады [150, 62].

Абай қажеттіліктерді физикалық және ой, рухани әрекет деп екіге бөлген. Аталған қажеттіліктер адамға физикалық және рухани ләzzat береді. Ақын адам «жесем, ішсем, ұйықтасам» деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға мұқтаж скендігі, рухани ләzzat тек материалдық қажеттіліктерін қанағаттандырган адамға онай болып табылатынын баса айтады. «Дүниенің мағмурлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратын нәрсс. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Бәлки дүниенің ғылымын білмей қалмақтық – бір заарарлы надандық, ол құранда сөгілген» [151, 204] дейді.

Көрнекті абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов Кенес үкімстінің арғы жиырмасыншы, отызыншы жылдар түгіл, бергі елуінші жылдарға дейін Абайға, оның асыл мұрасына көзкарасын соншалықты түзу болмағандығын, тіпті одан бергі кеңестік дәуірде де Абайды мектеп оқулықтарында ағартушы ақын дәрежесінен асыра алмағандымызды айтады.

«Ана заманда Абайды қолдан атеист жасап баксак, енді келіп бүгінде оны тым діндар жан етіп көрсеткісі келетіндер де аз смес» дей келіп, Қайым Мұхамедханов Ұлы Абайды былайша бағалайды: «Иә, бір сәт сөздің дертімен ауырған Абайдың жанына үңіліп көрслік. Оған дейін қазақта сөз құдіретін дәл ондай түсінген жан болған жок десек артық айтқандық болмас. Рас, сөздің қадірін білгендіктен

сөзге тоқтаған ҳалықтың деп өзімізді өзіміз көтермелеп жатамыз гой. Солай дей тұрсақ та, «сөз патшасы, сөз сарасы» өлеңнің құдіретін көтеріп кеткен адам Абайдай-ак болар. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жок-барды ертегіні термек үшін. Қекірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»-дейді және Абай. Ал енді «әзірет әлі, айдаһарсыз», «алтын иек сары ала қазсыз» жазылған сол ақын мұрасын, есиең-ғибратын кейінгі ұрпаққа қалай жеткізудеміз деген сұрақ алдыға тартылғанда әлі күнгедейін көзімізben жер шұқитынымыз қалай?» [152] деп, бұғынгі күні де Абайды корғап, қолдан отырмаса болмайтынын, өйткені кайсы біреулердің мерзімдік баспасөз арқылы әлін білмей әлек болып Абайға, оның шыгармалары мен көзқарасына шүйілігуге тырысатынын, «Дүниенің кілті – орыста» деді, орысшыл болды дейді әлгілердің бірі ақынды орынсыз құстаналайтынын, біреулері Абай өлеңдерінің үйкасы нашар дейді өзінше білгішсітінін, үшінші біреулер Абайды алдыға ұстана отырып, өз ұлтының жер-жебіріне жетіп тиісіп жататынын атап өтеді.

Әсіресе, Қайым Мұхамедханұлының: «Кезінде рухы түсіп кеткен тұтас бір ұлтты тізерлеп қалған жерінен тік тұрғызыған Ататүрік олардың намысын: «Түрік болып туғаныңа мактан» деп қамшылаған екен. Ал, біз Абайдай данышпандардың ұрпағы екендігімізге неге мактандаймыз?» [152] дегені көңілге қонарлық пікір.

1920-жылдары Абай шығармашылығына теріс көзқарас білдірушілердің бірі ретінде және ең қауіптісі ретінде Ілияс Қабыловты атап өтуге тұра келеді.

Үйдірыс өзінің «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы» [153] атты мақаласында, Ілияс Қабыловтың мақаласынан үзінді келтіріп [154] бағтайды.

«Қабылұлы Ілияс жолдас Абай туралы жазған мақаласының ақырын былайша бітіріпті: «сондықтан Қазақстандағы партия үйымының салт-санға майданындағы міндеттінің бірі – абышылдықты жою болу керек. Ол үшін партия, кеңес жүртшылығының мәдениет майданындағы күшінің бәрін жинап алып, Абайдың пәлсапасына, Абайдың жолын қуып жүргендеге қарсы құрес ашу, оны тездету керек»». Мұндай пікірдің жалпы қазақ ұлтының рухани дүниесіне қашшалықты қауіпті екенін айтпаса да түсінікті.

Үйдірыс, бұл мақаласын бірнеше тарауларға бөліп талдайды: « 1. Абайды қалай тану керек?» деген тарауда Үйдірыс, I. Қабыловтың «Адам балаларының бәрі бірдей сондықтан Абайдың да басқадан артық

туған дәненесі жоқ деген сөзіңс» таласымыз жоқ дей келе, былайша жауап қайтарады «Осы күнгі мәдениетке, салт-санага жеткенше адам баласы талай топалаң қырғыншылықты, талай сандыракты басынан өткізген. Бұл жолда адам баласының тарихында бірінен-бірі қалған тәжірибе бар (сотрудничество поколение). Бұл жолда әркімнің сінірген әртүрлі еңбегі бар. Мен бұл күнде диалектиканы білемін деп, бұлардың кез-келгенін істікке шашып ала жүгіруге болмайды. Әсірсесе, бұл айтылған сөздер, өнер (искусство), әдебиет мәссеелерін тексергенде мыкты есте болуы керек. Әйтпесе, заманың пішінін, қоғам тұрмысының жайын дұрыс түсіне алмайсың» деген Үйдырыс Абайды былайша корғайды: «Абайды біз не әүлие, не елден артықша тұған жан демейміз. Сонда да мәдениеті кедей қазақ елінің ескі тарихының бір белгісі, кеше ғана басынан өткізген бір дәуірдің айнасы деп білеміз. Ал сөзімізде марксизмге қарсы, ленинизм алдында кінәлі пікір бар деп ешбір ойламаймыз. Абаймен құресу керек, капитал кеткен абайшылдықты жою керек деп, күн ашық ел тыныш уақытында аттан салып бос ерсіленуден марксшілдік, лениншілдік табыла коймайды» [153].

Ілияс Қабыловтың макаласындағы: «...Сондықтан Абайдын дүниес тану әдісінен үлгі алудың керегі жоқ. Әйткені, Абайдың дүниес тану әдісі біздің әдісімізге үйлеспейді. Оның дүние тану әдісі – ұлтшылдық, қиялшылдық, біздің дүниес тану әдісіміз затшылдық диалектика. Қазакстанның жас жүртшылығы соны үйренуге, бұл жөнінде Абайдан үлгі алмай Маркс, Плеханов, Лениндерден үлгі алу керек» [154] деген пікіріне Үйдырыс былай жауап береді: «Өзінше Илияс жолдас мұны әбден тауып айттым деп отырған шығар. Абайды марксшіл, диалектикашыл емес деп сөгу балалық емес пе? Ал, дүниес тану әдісін, пәлсапа жәйін Абайдан іздемей Ленин, Маркстен үйрену керектігін біздің жас жүртшылығымыз Илияс жолдастың шалағай пәлсапасынсыз да, байбаламынсыз да білестін шығар» деп батыл пікірін айта келіп, ары қарай былай жалғастырады: «Қасқыр сазайын қомағайлыктан тартады ғой. Әйтпесе биыл Октябрь төңкерісіне 11 жыл болғанда жаңа жүртшылығымыз жетіліп өсіп қалғанда диалектиканы Абайдан үйренбей Маркстен үйрен деп шұбытылған пәлсапа соғу орынсыз» [153]. Расында да, Абайдың пәлсапасы марксизмге үйлеспейді, Абайдың дүниеге көзқарасы теріс деп, Абайдан марксизм ілімін іздеу ақылға мұлдем сыйымсыз екендігі айдан анық. Бұл тұрғыдан келгенде Үйдырыстың пікірімен толық келісеміз.

Абай дүниетанымы туралы да кезінде саясаттың кесірінен көптеген солақай пікірлер болды. Ақынға қасақана жала жабылып ол «байшыл, феодализмді көксеген ақын», ол «нағыз діншіл ақын» т.б. толып жатқан кінә тағылды. Кейінірек Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы тиісті бағасын алған кезде, Абайға жала жабу тоқталғанымен, оның дүниетанымын «зерттеудегі» тұрпайылық сакталып кала берді. Материализм мен идеализмің «күресі» пәлсапалық мәнінен айрылып, саяси мазмұнға ие болып тұрған заманда Абайды зерттеген ғалымдар оны ие материалист ете алмай, не идеалист ете алмай, не атеист ете алмай әуре-сарсаңға түсті.

Өйткені, Абай нені оқыса да, қандай философиялық жүйелерге қызыға ден қойса да ешқашан солардың шылауында кетпеген, өзіндік қорытынды жасап отырған. Абай нені, кімді оқыса да зерттеп, үçіле оқиды. Олардан жаңа үлгі алады, үйренеді. Абайдың абылдық негізгі ерекшелігі де осында. Осы ерекшелік оның дүниетанымының дұрыс қалыптасуына көмектесті.

Данышпан ойшыл, өз заманынан озық туған ғұлама Абай XIX ғасырдың өзінде жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні жайлы терең ой түйіп, казақ ұлтының біртұтастығы жайлы толғанды. Абай үшін адам мәселесі негізгі фактор болып табылады. Ол өз халқын адамгершілік қасиеті жоғары, еңбеккор, білімді, игі жүректі болуға шақырды, жалпы адамзаттық ізгілікке үндеді. Адамдар арасындағы достық пен сүйіспеншілік – пенде үшін ең басты қасиет. Ол діннің маңызын, әсіресе шаригатты мойыннады, әйтсе де оның құдайы өз жүргегінде ұялады, түйсік тереңінде болды. Соңдықтан да ол діннің мәнін түсінумен шектелмей, тереңдеп жүйелі оқуға ұмтылууды үағыздады.

Абай каламынан шыққан барша қазынаны, оның рухани мұрасын жүйелі зерттеп тануда айрықша еңбек сіцирғен адам Мұхтар Омарханұлы Әуезов болды. Ол әлемге әйгілі эпопеяны дүниеге келтіре отырып, Абай өткен жолдың бүкіл адамзаттық маңызын жанжакты аша білді. Ұлағатты ғалым, абайтанудың негізін салушы, өзінің «Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер» [155, 171] атты ғылыми еңбегінде казақтың ұлы ойшыл ақынының рухани мұрасын өмір бойы жүйелі түрде зерттеу үстінде болғанын көрсетеді. М.О. Әуезов еңбегінде айтқандай: «...жақын заманда Қазақстандық әлеуметтік, философиялық ойдың есу тарихын зерттейтін... жаңа философтарымыз Абайдың жаңағыдай мұраларын түгелдей теріп,

терендең талдаң тексеруге мейлінше баратып болады» деуге толық негіз бар.

Абайдың шығармашылық бетін, дүниеге деген көзқарасын айқындаған үш қайнар көз туралы сонау отызының жылдардың өзінде-ақ М.О. Әуезов «Абай Құнанбаев – қазак халқының ұлы ақыны» [156] атты еңбегінде белгілі бір жүйелі пікір қалыптастырыған. М. Әуезов бұл еңбегінде: «Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі мол арнасы данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды. Абайдың бүкіл ой қиялына әлеуметтік ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі – халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазактың бағзы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы ... ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна – шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы, – дей келіп ол, – үшінші арна – орыс мәдениеті» [156, 159-160] деп жазғанды.

Әйтсе де, Мұхтар Омарханұлы сол кездегі әкімшіл-әміршіл коғамдық жүйенің салдарынан Абайға катынасты айтқысы келген терең ойларын толық айта алмағаны белгілі. Оған бұрын абайтану бойынша жарияланбай келген, тек 1988 жылы гана баспадан мүмкіндік алған еңбектері күә.

Ж. Аймауытұлы «Журнал туралы» [157] еңбегінде Абайға «данашың көрегендігі, ізгілікке құштарлық, әділдік, шыншылдық» тән деп тұжырымдап, ол өмір бойы « жаңылыс басқандарды дұрыс жолға бағыттауға үмтүлды» деп ой түйеді.

Абай адамгершілік идеясын жоғары көтеріп өткен. Ол азаматты шыққан тегі, аткарып жүрген қызметіне қарай емес, халқына көрсетер қызметіне қарай құрметтеуге үндейді.

Абай философия жайында Әл-Фараби секілді іргелі трактат жазбаған, дегенмен, оның каламынан терең философиялық мазмұнды поэзиясынан басқа төлтума философиялық толғаныстардан тұратын «Ғаклия» немесе «Қара сөздер» атты еңбек жарық көрді. 1918 жылы жарық көрген «Абай» журналында Ж. Аймауытұлы «Журнал туралы» [157] деген мақаласында Абайдың философиялық дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп дәл атап көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазактан шыққан философ (данышпан). Бұған қарағанда Абайдың адамшылық мәні, оның этикалық һәм эстетикалық келбеті, өмірінің

мәні мен мағынасы, зерде мен сезім дұниссі, ойшылды тебіренте толғантқаны байқалады». Ж. Аймауытұлының бұл құнды пікірін кеменгөр М. Эуезов та қуаттайды.

«Абайға келгенде... адам мен адамгершілік, ұждан, мораль философиясына тікелей қатысы бар, тоғып жатқан бөлек-бөлек бір көлемді, ері сапалы терең ойлы пікірлері бар екені даусыз, біздің білуімізше Абайдары философиялық қозқарастың көзі адамгершілік мәселесіне тіреледі» [158, 171] деп жазды М.О. Эуезов.

Бұл пікірді құптамау қын, ейткені адам мәселесі және оның қоршаған дүниеге қатынасы, өлім мен өмірінің мәні философияның жалпы өзегін құрайтыны, оның басты зерттеу нысанасы болып табылатыны бүркіннан белгілі. Біртұтас дүние туралы Абай: «Дүние бір қалыпты тұрмайды, адам қуаты, ғұмыры бір қалыпты тұрмайды» [158, 219] дейді.

Илияс Қабылұлының «Кейбіреулер Абай өте күшті ақын, Абай қазақтың жазба әдебиетінің атасы дейді. Бұл мүмкін рас шығар. Оған біздің таласымыз жоқ. Біз мұнда тек Абайдың пәлсапасынғана тексеріп, соған қыскаша жауап бермекшіміз» [154] деген пікіріне Үйдірыс былайша жауап қайырады: «...Міне, жолдас Илиястың пәлсапасының басы. Сөйтіп, пәлсапашыл Илияс жолдас осы күнгі ең талас болып жүрген мәселені бүркеп өтіп кетіп, әңгімені Абай марксіл емес деп оп-онай тындырады. Ал, Илиястың мамандығы пәлсапа болсын, бірақ Абай ақын ба, жок па, казак әдебиетінде Абайдың орыны қандай, осы күнгеше бұларды білмей тексермей жүрген Илиясты үлкен пәлсапашыл деп айта салмадық» дей келе Үйдірыс «пәлсапа, өнер, әдебиет, сыншылдық дегендердің бәрі қоныстас, аралас отырған ғылымдар, бірімен-бірінің жалғасы мол екендігін философ дегендер, сыншы дегендер, ақын дегендер бірінің сырын бірі қайтсе де білу керек екендігін» [143] айтады.

Әдеби сында көркем шығарманы бағалаудың жолдары, тәсілдері бар. Мұны білу, игеру де оңай емес. Белгілі ғалым, академик З. Қабдолов сыншы туралы: «...Әдебиет туралы ғылымның жоғарыда аталған негізгі үш саласы (теориясы, тарихы, сынны) өзара тығыз бірлікте болатыны, әдебиеттің теориясын нәзік түсінбей тұрып, тарихы жайлы әңгіме қозғау; тарихын білмей тұрып, сыннын өрбіту мүмкін емес екені екінің бірінсі аян. Шын мәніндегі әдебиет сыншысы немесе әдебиет зерттеушісі әдебиеттанудың үш саласына да жетік, білімдар әдебиетші болуы шарт» [159, 40-41] екендігін түйіндей келе,

мұндай әдебиетшіліктің озық үлгісіне орыстың ұлы революционер-демократ ойшылдары В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбовтардың әдебиеттің даныштан сыншылары ғана емес, тамаша тарихшылары және терен теоретиктері ретінде де мысал бола алғатындығын айтады.

Іідырыс Ілиястың пәлсапасындағы «Абайдың пәлсапасын бөліп алып, Абайдың кім екенін танимын» деген пікіріне қарсы шыға отырып, «бұл күнде тарихи мәселе болған Абайды әркім өзінше бөлшектесе, Абайды бос мылжалаганы» [153] деп өте орынды пікір айтады. Сондай-ақ Іідырыс, орыс мәдениетінен де мысал келтіреді: «Атақты Пушкинді алсаң, бұл ақынның да талай сорақы пікірлерін табасың, Пушкиннің «Клеветникам России» деген бір өлеңі бар. Пушкин бұл өлеңді Николай патшаның табанының астында қан жұтып, езіліп жатқан поляк халқының бұқарасының көтерлісіне, сол көтерлісті колдаушыларға қарсы жазған. Пушкиннің бұл өлеңі билеп-тестеп қалған, барымта-зорлыққа сүйенген аксүйек аталарының тап тілегінің жыры. Аксүйек аталарының тап тілегі көтеріліп, отаршылдық мінезі қызып, ұран шақырғанда, сол таптан шықкан намысты, ұлтшыл Пушкин қозбай отырсын ба? Пушкин сынды шебер мұндай әнге басқанда, оңай шаруа болмайтындығы анық шығар. Жалғыз бұл ма? Белгілі Пушкин заманында болған орыс елінің қара бұқарасының көтерлісін Пушкин өңшен ұры-карылардың мейіріміне канішер қаракшылардың шаруасы деп кеткен; бұларды боктағандағы сөздерін жазып болмайды. Тагы да Пушкиннің «Бородинская годовщина» деген секілді отаршылдық аксүйектік, төрешілдік пікірінде жазылған, осы күнгі көзқарасқа өте сорақы өлеңдері толып жатыр» [153] деп, өзге елдің мәдениетімен салыстырады.

«Мәдениеттің басқа жайында орыс ағайынымыз құнбатыстан көп төмен болғанымен, әдебиет жүзінде орыс әдебиеті ең бір жоғары саналатынын, Пушкин, Лермонтов, Достоевский, Тургеневтер дүние әдебиетіне белгілі жазушылар» екендігін айта келіп, Іідырыс: «Бұлардың барлығында да бұл күнгі салт-санага үлеспейтін жерлері көп» екендігін айтады.

Әсіресе Іідырыс Толстойға ерекше тоқталады: «Бұлардың ішінде әсіресе даңқы жер жарған адам Толстой. Сол Толстойдың былыхасы тым көп; Оның пәлсапасын тексерсек талай «қожанасырлық» табылады, жай «қожанасырлығы» былай тұрсын, дәл осы күнгі идеологияға қарсы. Өзгеріс мақсатына талас (контрреволюциялық)

пікірлері де көп шығады, сөйтсе де, Толстойдың сол пәлсапасының бір заманда өзгеріс мақсатына пайдалы да жері болған. Толстойдың идеологиясының бәрі бұл күнде еңбекші елдің жаңа жұршылығына керек болмаса да, Толстойдың залалды жерлері әлі де көп болса да, жақында еңбекші елдің жаңа жұршылығы, оның туғандығына 100 жылдық тойын жасап отті», дей келе «Абай мен Толстой бір емес шығар. Абай Пушкиндей де бола алмас. Бірақ сабағына қарай піспегі. Абай жаңа жұршылықтың еншісіне тиғен азды-көпті мәдениет жұрнағы, біздің асқақтап таситын да дәнсеміз жок. Көп жолдастардың есіне салатын сезіміз: мәдениет мәселелерінде, әсіресе әдебиет жолында, партияның ұстаган жолы ескіден қалған мұралардың барлық пайдалы жерін, жақсы жерін, көркем жерін пайдалану, еңбекші елдің мәденистінің керегіне асыру» деп, оған дәлел ретінде Лениннен мысал келтіреді: «Еңбекшілер мәденисті (өнері) аяқ астынан табылмайды. Я, болмаса еңбекшілер мәденистінің маманданып жүрген адамдардың жоруымен шығатын нәрсе емес. Еңбекшілер мәдениеті барлық адам баласының капитал түрмесінің ерігінде, ақсүйектік, төрешілдік дәүірінің қорлығында жүріп жинаған білім-өнердің қордасынан жалғасып шығады (Ленин бұл сөздерді еңбекшілер мәдениетін пландан жаңадан жасаймын деп зуре болып жүрген Богдановка қарсы ескі әдебиетті кирату керсек деп киянқылық жасап жүрген путурестерге қарсы айтқан) Ленинің жоғарғы сөздерін ескерген жолдастарға мұнан былай «бос байбаламды» азайтса болады» [153].

Өткен ғасырдағы орыс эстетикасын сөз еткенде мәнгі жасайтын ғажайып әдеби шығармаларымен адамзат әдебиетінде айырықша адам бол қалған ұлы жазушы Лев Николаевич Толстойдың (1828-1910) өнер туралы ой-пікірлерінсөкпай өту мүмкін емес. Ол туралы академик З. Қабдолов «Сөз өнері» [159] еңбегінде: «Лев Толстой – өткен ғасырдың екінші жартысының біздің ғасырдың бас кезінде дүниес жүзінде тенденсі жоқ данышпан суреткер, кеменгер философ, озат ойшыл әлеуметтік әділдік пен ақықат жолындағы алып құрлеске барлық ғұмырын сарп еткен қоғам қайраткері; демек, ол өнер атаулының да асқан білімпазы және теоретигі еді» [159, 61] деп бағалай келс, оның кайталанбас көркем шығармаларын жаза тұра сол көркем творчествоның тарихы мен теориясын терең бойлап, өнердің не екенін, оның қоғамдық қызметін, тарихи ролі мен орнын, өзіне тән ерекшеліктерін табиғаты мен түрлерін толғана ойладап, тәлтіштеп түсіндірумен болғанын атап

өтеді. Мұндай тұжырымды көркем шығармашылықты дәл танып, жіті байқайтын шын мәніндегі сарабдал сыншы жасай алады.

Шәкәрім «орыс революциясының айнасы» атанған Лев Толстойды нағыз әділеттің, ардың иесі деп танып, оның даналығын, адамгершілік қасиетін ақ көңілімен ардақтап, өзін Толстойдың шәкірті санаған. Абай дүниеден озғаннан кейін Толстойды ұстаз тұтыхып, одан ақыл сұрап хат жазған.

Шәкәрім туралы белгілі абайтанушы Қайым Мұхамедханов «Абай мұрагерлері» [160] еңбегінде өзінің әділ бағасын береді: «Толстой айтқандай, «өзі істеген ісін, жазған сөзін ақ жүргегіне сыната білген» адам. Ертеде жазған, жарияланған еңбектерін қайта қарап, катесі болса мойындан, кемшілігін түзетуге батыл барған» [160, 141-143].

Ыдырыс, «Ілиястың пәлсапасы» [153] деген келесі тарауында Ілияс Қабыловтың мақаласындағы: «Абайша түсінгенде алла менін жүргегімде жүреді екен, олай болса ол менің нем болады. Эрине, менің субстансам болады... Олай болса мен затпын, алла сол субстансасы. Ендеше ол свойство, адам баласына қай уақытта пайда болады... Фейербах ми болмаса ой да болмайды деп тіпті жөн айтқан. Олай болса, ой адам баласының миының свойствосы...» [154] деген пікіріне, Ыдырыс былай деп талдау жасайды: «Мұнан ел не үғады? Біздің көвшілік қара бұқаралық марксшіл Ілиястың мұндай пәлсапасынан гөрі құдайшыл жуан Абайды тезірек үға ма деген қаупім зор.

Абайдың кейбір мыжынбайлары осы күнгі бұқараның миына бір жағынан қоібайды, Ілияс жолдастың пәлсапасы тағы миға қонбайды;

Ал, Абайдың артық – көп жерін аңғара білетін, саяси саңылауы бар адамдар да мына субстансаларды қалай пайдаға асыруды түсінді ме екен?». Шынымен де, І. Қабылұлының бұл мақаласынан сол жылдардағы қызыл идеологияның ықпалы зор болғандығын анық байқауға болады.

Ыдырыс, Ілиястың «шыныдығында дүние адамға, адам дүниеге үнемі әсер етіп тұрады. Осы екеуінің арқасында қымыл пайда болады. Бұл қымыл әр түрлі хайуандарда әр түрлі болады. Ал, адам баласының миының ойлау жолдарын көпітеді, ойын өсіреді. Бұл жөнінде – ми болмаса ой да болмайды – деп Фейербах тіпті дұрыс айтқан» деген пікірін мысалға ала отырып, оны философия тұрғысынан жан-жақты талдау жасайды: «Бірқатар жұрт осыны да таза марксизм деп түсінеді. Шынында «қымыл» деген нәрсе барлық жаратылыстың негізі.

Екіншісі – «дүние адам баласына, адам дүниеге үнемі әсер етіп

отырады. Осының аркасында кимыл туады» – деген сөздер мейлінше шалағай пікір. «Бұл кимыл әртүрлі хайуандарда да, әр түрлі болады. Адам баласының миын ойлау жолдарын ксейтеді» деген сөздер шалағайлау» дей келе, ары қарай Үйдірыс Маркстің пікіріне былайша баға береді: «Өмір сүру талабында адам баласының төнірекінде табиғатпен қатынастары құралады. Осы қатынастар жүзінде адам баласы мен табиғаттың бір-біріне әсері туады. Өндіріс қатынастары шығады. Өндіріс қатынастарының жеміс тәжірибесі деген болып соナン барып ой-сана туады. Әйтпесе, «дүние», «қимыл» деген сөздердің, яки, миы болмаса ой да болмайды, – деген сөздердің шатағы кеп» [153].

Енді, Фейербахтың пікіріне де Үйдірыс былайша жауап береді: «Әсіресе, жоғарғы айтылған екі ауыз Фейербахтың сөзінен андамаған кісіге туатын залал үлкен. Фейербах тілті дұрыс айтқан болса, мидан басқа дәнене жок екен ғой деп, біркетар жұрт күр материяға (затка) шоқынып қалуы мүмкін. Фейербах үлкен философ. Маркстен бұрынғы затшыл философ Фейербах болған. Маркс Фейербахты ұстазым деп кеткен. Сөйтсе де Фейербах «қимыл» дегенді сезбей көріністердің жалғасын болжай алмай, диалектиканы түсінбей кеткен; мидан басқа дәнене жоқ» деп мешел болып отырып қалған Фейербахтың бұл сөздерін тексермей алғанда әбден шатасасын. Маркс Фейербахтың затшылдығын диалектика тезіне салып, марксизм туғызған. Екінші жерде Ілияс жолдас Лениннің бір сөздерін мысалға алып отырып, оған тағы да Гегельдің пікірін қыстырмалап қояды» деп. Енді Үйдірыс Гегель туралы пікірін былайша білдіреді: «Гегельдік – жаратылыстың істерінің бәрі кисынды (дұрыс). Кисынды істердің бәрі жаратылыста бар болып шығады – деген пікірін Ленин ешуақытта түгелімен дұрыс деп айтпаған шығар. Гегельдің бұл пікірін Лениннің сөздерімен құдаластырудың кажеті аз, және де, Абайдың кем-кетіктерін тексеру үшін Гегельді актару киын жұмыс.

Ал дәлел үшін: Гегельді кез-келген жерге көлденең ұстай берсөн, марксизмнің қай жерден шықканынды білмей қалмайсын. Гегельдің жоғары пікірі диалектикасының кілті. Бірақ, дүниеге идеалшылдық көзқарасының пәлсапасына ата болған Гегельдің үлкен кем жерінің өзі осы арадан табылады. Жоғарғы пікір Гегельдің диалектикасының кілті болса да, мұның екі түрлі мәнісі бар.

Мұның ең үлкен мәнісі: дүниедегі нәрсениң негізінде акыл (сознание) жатыр деген пікір. Мұның марксизмге шатақ жері аса

үлкен. Ілияс жолдас Абайды Гегельмен ұрып жығамын деп жүр. Бұл мәністі аңдамай қалған ба? Ленин мен Маркс екеуінің Фейербах пен Гегельді ауыздарына ала беретін себебі марксизмге үлкен тәжірибе болған нәрсе.

Осы екі ғылымның пәлсапасы. Бірақ Маркс затшылдық жағын Фейербахтан алғып, диалектика сабағын Гегельден үйреніп, коммунизм негізіне ғылыми жол салған, оны марксизм деп атایмыз. Марксизм тұрғанда бұл екі ғалымның сөздерінің қажеті аз, тек жалпы адам баласының салт-сана тарихын тексеру үшін керегі болмаса жеке-жеке алғанда бұл екі ғалымның сөздері марксизмге үйлеспейтін жерлері тағы көп» [153].

Ж. Аймауытовтың пікіріне назар аударсақ былай дейді: «Ғылым жолы да әр түрлі. «Дүниені рух билейді; тарихты әлеумет емес, жеке адамдар, данышпандар туғызады, әуелі – рух, идея (пікір) жүру керек; дene зат (материя) – рух пен идеяның құлышы» дейтін идеализм жолы бар. Бұл – Гегельдің жолы. Гегельдің жолын қолдансақ, жеке адамды өлгеше дәріптейміз, әлеуметтен де басшыға артық мағына береміз; ақын, әлім, өнерпаз, тілесе не шығарсын, не жазсын, әлеуметті теріс жолға бастасын, олай жазбадың, бұлай жаздың деп мін таға алмайтын боламыз; ендеше ол жолды біз тұтына алмаймыз» [52] деп ақынды тексергенде ұстанатынымыз идеализм емес, материализм, марксизм мұнарасы болу керектігін, өмірге, тұрмысқа, шындыққа қабысатын тұра жол – Маркстің жолы екендігін, яғни Маркстің жолы аскар белдей алдымызда көлденең жатканда, Маркстің белін басып, Гегельдін етегінен ұстай алмайтынымызға тоқталады.

Үйдірыс өзінің I. Қабылұлының мақаласын жеке-жеке алғып талдау себебін: «Ілияс Фейербахты да, Гегельді де, Марксті де, Ленинді де барлығын бір төбеге үйіп қойған соң, мұның барлығын жас жұртшылығымыздың алдына әдейі толықтау жаздық» [153] деп Ілиястың бұлардың барлығын ретсіз бір төбеге үйгенде не өзі барлығын былдырып алғып жүргендігін, не мақаласын арнап жазып отырган жас жұртшылықтың әлі де бұғанасы қатып жетіліп болмағанын ұмытып кеткендігімен байланыстырады. «Біздің тілімізде әлі бұлардың жайында тиісті кітап-құралдары жок. Соңдықтан, Ілиястың пәлсапасын толығырақ айқындау қажет болды» [153] дейді. Үйдірыс Мұстамбайұлының бұл еңбегінен оның терең білімділігін байқаймыз. Оны Абай мұрасын сол кездегі солақай саясаттың ықпалынан арашалған Абай туралы: «Енді Абайға келсек,

Фейербах пен Гегельді қосақтастырып Абайдан марксизмді арашалап аламын деп Ілияс жолдас бос зур болған. Қоғам түрмисының күйін шаруашылық, өндіріс катынастарының негізінсіз байланысты десе, не яки, «салт-сананы тұрмыс билсійді» десе Абайға бұлар жеткілікті емес ис екен? Маркстің бұл корытынды пікірлері адам баласының келешек тарихына салып берген даңғыл жолы. Маркстің бұл сөздері Абай тұтғыл Фейербах пен Гегельдін өздеріне де жеткілікті» [153] деген тұжырымынан анық көреміз.

Белгілі абайтанушы-ғалым Ж. Үсмағұлов «Абай: ақындық тағлымы» [145] атты еңбегінде Абай туралы ызалы да зілді сын айтуышылардың бірі сол кездегі идеология майданында саяси ахуал туғызып жүрген жауапты лауазым исесі Ілияс Қабылов болғандығына тоқтала келіп, онын «Философия казахского поэта Абая и ее критика» дейтін, іші-сырты аңыз кекесін мен кесіп айткан қатал үкімге толы мақаласы «Советская степь» газетінің 1928 жылғы 2 шілдедегі санында басылғандығын айтып, өз пікірін былай білдіреді: «Абайдың азаматтық және ақындық қызметін зорлықпен екі дәүірге бөліп тастап, ол біріншісінде ақынды казактың ескі патриархалдық-рулық тәртіпперінің жокшысы етіп көрсітеді де, екіншісінде жанадан туындал келе жаткан ұлттық буржуазияның жаршысы етіп сипаттайды. Сөйтіп, скі кезеңдегі қызметін де бүгінгі қоғам тіршілігіне жарамсыз, зиянды нәрсе деп жариялады. Жариялап қана коймайды, Абайдың атына да, мұрасына да тіл тигізіп, оны неше түрлі саяси жүгенділік сөздермен балағаттайды» [145].

І. Қабыловтың сөзін сол кездегі идеологиялық үстемдіктің көзсіз қаруы деп, ал онын мына дауырқласын асылдың кадірін айыра алмаған білместік деп қабылдаған Ж. Үсмағұлов «Ақының көркемдік табиғатын біршама түсіне отырып, көрінеу бұрмалаған саяси аярлыққа не айтуға болады?» деген риторикалық сауал қоя отырып, бұған кезінде белгілі журналист, білгір әдебиетші, белсенді сыншы атанған Ғаббас Тоғжановтың 1935 жылы Алматы мен Қазанда латын әрпімен басылып шыққан «Abaј» атты әдеби-сын кітабын мысалға алады. Ондағы Абай мұрасының көркемдік қасиеттерін сөз қылғандағы автордың әдеби шығарма табиғатын жап-жақсы түсіністін әзірлігі барын айта келіп, ал, енді «Абайдың адам, азамат, қайраткер ретіндегі, тарихи тұлға ретіндегі рөлін бағалауға келгендері автордың мейілінше қыңыр, солакай, сыңаржақ пікірлеріне бүкіл жан-жүргегінмен қарсы тұрып, наразылық білдірмеуін тағы мүмкін емес» [145, 8] дейді.

Ж. Ысмағұлов сол жылдардағы ресми идеологияның әпербақан солшыл қанатының асыра сілтегіштері қашшама өзеуресе де, Абай аты тарихтан өшпегендігін және бұл орайда кезінде қажетті белсенділік танытып, ұлы ақын мұрасын қорғап қалуға үлес қосқан жұртшылық өкілдері, белгілі қоғам қайраткерлері, әдебиет пен өнердің өз адамдары болғандығын айта келіп, Үйдырыс Мұстамбайұлына өз тарапынан орынды бағасын береді: «Өткеннің мұрасына пакты-тарихи тұрғыдан келіп, Абай шығармашылығына әділ бағасын беруде айқын бағыт, берік тұғыр ұстанған беделді сөз иелерінің бірі – Үйдырыс Мұстамбайұлы. Және бір назар аударапты, үнемі партиялық, мемлекеттік іс басында жүрген қоғам қайраткері Абай жөніндегі өзінің әлеуметтік-саяси тұрғыдан жазылған мақалаларында Абай мұрасының әдеби-коркемдік ерекшеліктерін де білгірлікпен коргайды. Аталған мақаланың «Литературное наследство Абая» деген бөлімі – осыған айқын айғақ» [145, 13]. Ж. Ысмағұловтың бұл әділ бағасына біз де толықтай қосыламыз.

«Абайдың пәлсапасы» [153] деген тарауында Үйдырыс Абайдың философиясына теренірек тоқталады: «Абайдың пәлсапасына келсек Абай біртұтас пәлсапа пікірін қалдыра алмаған... Діншілдік жагына келгенде, құдай аузында болмасын көнілінде болсын, бұл дүние опасыз, атдында мәңгілік бар, –дейтін пәлсапаларды Абайдан бұрынырақ «мұсылманшылық» дәүірі өршіп тұрған заманда талай сопылар айтқан... Абайдың дін жөнінде айткан сөздерін өзінің істерінің көбінде тағы Толстойдың әсері бар» дей келе, Үйдырыс Илиястың «Абай ораза ұстал, намаз оқымағанымен алланың барлығына сенімі күшті болған. Абай өле-өлгеше аллаға сенімін жоймаған» – деген пікіріне, былай деп жауап қайырады: «Бірақ, Абай заманындағы қазаққа алла деген сөз оңай нәрсе емес.

«Өзгені ақыл ойға қандырады  
Білім алмай бір тәңірін болдырады...  
Құмарсыз құр мұлгуге, тоя алмаймын»

– деп Абай құдай туралы айтқан. Аллаға иненің ұшындаш шек келтірсең мәңгілік «тамұқ» азабына қаласың деген сенім көпілге пікір, сананың бойын басып тұрған заманда, Абай бұл сөзді қалайша айта алады? Мәдениетті елдің ақындары құні кеше «пайғамбар», «періште», «ібіліс» деген түсіністерді жыр қылып жүргенде Абайдың

Лермонтовтак алған бір аудармасы болмаса, мұндай түсіністерді Абай әдейілеп сөз қылған емес. Елдің аузында күдайдан соң Мұхаммед жүретін заманда Абай қалайша оны ешбір жерде азуына алмайды» деп айта келе, Үйдырыс Абайға былайша баға береді: «Абай біртұтас пәлсала пікірін қалдырып кетпесе де, заманына қарай зор адам болған. Бұны тану керек. Абай үлкен ойшыл адам болған. Қиялмен Абай дүниені шырқ айналып, әр нәрсені ойлап-ойлап «жаны жаралы бір жан» болған; Алды-артында тірегі болмағандықтан, білімі, тәжірибесі шамалы болғандықтан, шаршап-шатасқан жан. Мұндай жанның шығуы бір нәрсенің салкыны» [153]. Расында да, Абайды философ ретінде қарастырганнан гөрі, ойшыл деп атаған жөнге келетін тәрізді. Өйткені, философ атауына қарағанда, ойшылдық кен ауқымды қамтиды және өлдекайды мәндірек.

М.О. Әуезов айтқандай: «Шын мәніндес алғанда, Абай философ емес, ғылымдық кең мағынасында алғанда, Абайдың арнап жазған философиялық жекеше терең толғаулы әңбектері, трактаты жок» [161, 480]. Осы пікірді жолдаған жазушы сонымен бірге Абайдың философиялық дүниетанымын зерттеуді мақсат еткен: «Және осындай ойшылдық белгілерін жеке философиясы деп атамасақ та, ақынның даналық, философиялық көзқарастары деген түрғыда мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек» [161, 410]. Жазушының ой-пікіріне толық қосыла отырып, Абайдың философиясын терең зерттеуге мүмкіндіктін туғанын айтуға болады.

Абай дүниетанымын толық түсінс отырып, оның философиясы бойынша әдейі арнап әңбек жазбағандықтан, оның түсініксіз жерлері көп. Оның үстінен осы уақытка дейін маркстік-лениндік философия әдістері негізінде ұты ақын ойларының біраз жерлері теріс түсінілді. Ең алдымен оның дінге қатынасы бүрмаланды. Атеизм мемлекеттік идеология болғандықтан, Абайды зерттеушілердің бәрі оны дінге, исламға карсы қоюға мәжбүр болды да, ақынның шынайы ойлары дұрыс бағаланбады.

Көрнекті тілші ғалым Құдайберген Жұбанов Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толу қарсаңында, «Абай – қазақ әдебистінің классигі» [140] атты мақаласында: «Абайдың аударғаны құран емес, – Байрон мен Лермонтов, Пушкин мен Гете, Крылов. Өз жанынан жазғандары да дінге қатысты трактаттар емес, «өткірдің жүзі, кестенің бізі, өнегін сендей сала алмайтын» сұлу өлең, шешен сөз. Сонда да оған «діншілсін» деп ұрысып, «мен» менен «менікінің» айрылғанын,

«өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», – дедің, идеализмге түсіп кеттін деп өкпелемейміз-ау!

Бұл әрине «Тұзу кел, қисық, қыныр, қырын келмей. Сыртын танып, іс бітпес, ішін көрмей» – деп жалынып кеткен Абайдың арызын құлаққа ілмегеніміз гой. Әйтпесе: «Өлді деуге сия ма ойландаршы, өлмейтүғын артына сөз қалдырган»- деген сияқты даусыз ақиқатты да таныған болар едік, образды көркем сөз бер философиялық концепцияның қайсысы қай жерге жүргенін де аңғарған болар едік. «Асая жүрек аяғын шалыс басқан» жері болса бір сәрі, кейде дұрыс басқан жерін де «шалыс» деп шатаспаган болар едік...

Сейтіп, Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен, салыстырганда, ұлт тіліне, әдебиетіне сінірген еңбегін, ақындық күшін алғанда, Абай бәрінен де озып шығады. Әйткені ол кезде таза казақ тілімен жазып, ол жазғанын классикалық әдебиет деңгейінде шығарған адам болған жоқ.

Абайдың бірқатар сыншылар ескермей жүрген бір оқшаулығы – осы .

Абай – өз ортасының Данте сияқты адамы. Бірақ Данте – ескінің соны, жапаның алды еді. Орта дәүір мен ояну дәүірінің аралығындағы көпір еді. Ал Абайдың алды жоққа жуық та, артығана бар: ол – соны дәүірдің басы. Оның төңірегі – Эгей теңізі емес, Сарыарқаның шөлі де, өткені – классикалық Рим емес, үдіре көшкен қайшылық өмір гой.

Абайдың осы алды жоққа жуықтығы, салған жолының сонылығы – еленбекен ерекшелігінің бірі» [140] деп көрегендік танытады.

Алдымен, «философ» атауының төркініне көз жіберіп, оның не мағына беретініне токталып өтейік. «Философ» термині философия пәні бойынша маман, сондай-ақ дүниетаным мәселелерімен айналысадын ойшыл дегенді білдіреді еken. Яғни дүниетанымға катастырылған атауының мән-мағынасы бұдан гөрі теренірек, әлдекайда ауқымды тәрізді. Сондықтан да, ұлы Абайдан аясы тарлау «философ» болғанын, яки болмағанын қарастырганин гөрі, барлық пән атауларын қамтитын ойшыл атаған жөн. Мәселен, «философ» деген терминің өзі мыпадай ұғымды білдіреді еken: «Философ: Специалист по философии, а также вообще – мыслитель, занятой разработкой вопросов мировоззрения» [162].

Түбебегейлі зерттеліп, білікті ғалымдардан тиісті бағасын алып үлгермеген Абай әлемінің ашылмаған сырты әлі көп. Ақынның діни-әлеуметтік философиясына да біржакты баға беріліп, теріс пікірлер де

кездесіп жатты. Абайдың дүниетанымы жөніндегі ғылыми-көгамдық пікірталас әлі де жүріп жатыр. Белгілі әдебиетші-ғалым, профессор Ә. Қоныратбасев мынадай естелік айтады: «...Сөз кезегін алған Мұқаң мінбеке көтеріліп: – Абай философиясын зерттеу өрине, жақсы бастама. Бірақ оны журналистік шолу емес, теориялық түрғыдан зерттеген дұрыс болар еді. Абайдың әдеби мұрасына келгенде оның акындығын баса көрсеткеніміз жөн. Пушкиннің философиясын зерттеп олжа тапқандар орыс халқында көп емес. Олар Пушкинді ұлы акын деп дәріптейді. Біз де осы арнаға түссек қайтеді» [163, 169] деді.

Кеменгер жазушымыз Мұхтар Әуезовтың бұл пікірінің келешекте де маңызының зор болатыны даусыз.

Абайдың әлеуметтік және дүниетанымдық көзқарастарын терен зерттеген ғалымдарымыздың бірі – F. Есімовтің «Хакім Абай» [164] еңбегіндегі мына пікірі де көнілге токырлық жайды анғартса керек: «Өкінішке орай, Абайдың осытерен пікірлері әлі маман філософтардың назарына ілінбей-ак келеді. Оның ең басты себебі – біздің кенес дәуіріндегі філософтардың Абай оқыған ислам философиясына мән беріп зерттемегендігінде. Ислам философиясына үнілмей Абайдың көзқарастарын талдау өтс қын шаруа» [164]. Өйткені, кеменгер Толстойдың өзі ««Мен акынмын, мен саналымын деген адамның си сонғы табан тірер жері – Ислам» деген скен. Сондыктан да Абайдың мәнгілік «жұмбак адам» екендігіне ешкімнің де шүбәсі болmas.

Ары карай, Үйдірыс «Абайдың пәлсапасы» [153] атты тарауында: «Абайдың пәлсапасының бір тиімді жері: «сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», және «талайғы көрі дүниенің бір тестігін ұстап бак» деген сөздері. Барлық дүниенің тамыры бір скендігін, әр нэрсенің дүниеде өзіне лайық орыны бар скендігін болжаған. Бірақ, ортасының берген азығы осы-ак болған соң бұл пікір тамырланып өспей долбар күйінде қала берген» деп талдай келе, сайып келгенде Абайдың пәлсапасы жайында пікірін былайша тұжырымдайды: «Абайда аса үлкен пәлсапа да жок, барлы-жоқты Абайдың пәлсапа пікірлері қыымдау болып келеді. Ал, осы күнгі жас жұртшылығымызға Абайдың идеологиясы, Абайдың құдайын азық болады деп ешкім ойламайды бірақ Абайдың да өзінің орыны бар, марксшіл болмаганына Абайды сөгу әбден білместік.

«Ішін толған у мен өрт,  
Сыртым дүрдей  
Мен келмеске кетермін түк бітірмей»

— деп Абай көпшіліктің жаңа ғана санасына кіріп келе жатқан сауалдардың зарын тартып, зарлан жүргенде Ленин, Мартовтар осы күнгі біз секілді орыс елінің жаңа жұртшылығына Марксті алғаш таныстырып жүрген кездері болатын. Қанша әулие болса да ешкім оргадан асып ештеңе жасай алмайды. Сондықтан, Абайдың болымсыз пәлсапасының ішінде қанша шатағы болса да, Абайды орынсыз кез келген жерде істікке алмау керек. Абайдың пәлсапаларының бұл күнде керсігі болмағанымен Абайды білу, заманына қарай оның кім екенін тану әбден керек» (153). ІІ. Мұстамбайұлының бұл орынды айтылған пікіріне ешкім де дай айта коймасығына әбден сенімдіміз.

Үйдірыс Мұстамбайұлы «Абайдың жұртшылық беті» [153] деген тарауында Абайдың жалпы идеологиясы туралы айта келіп, оның ішінде «Ілияс жолдастың Абайдың заманының суретін дұрыс келтіргенін, бірақ Ілияс жолдас дүп-дұрыс пікірін ақырында апарып сұйықтатып жіберетінін» айтады. Ілияс Қабылов өзінің пәлсапасын Абайдың мына секілді өлеңдерінс қарастырады:

- 1) «Бай алады кезінде көп берем деп».
- 2) «Ғылым таптай мақтанба».
- 3) «Единица – жақсысы

Ерген елі бейне нөл»

Абайдың осындай өлеңдерін мысалға алып, І. Қабылов өзінің мақаласын: «Абайдың пәлсапасы, Абайдың қоғамға көзқарасы деп әлденешеге бөлгөнін» айта келіп, Үйдірыс олардың ішінде Гегельдер, Фейербахтардың үлкен пәлсапалары жүргендігін, бірақ Абайдың бұл өлеңдерінде Ілияс туғызған зор пәлсапасы, баланың ойыншығы секілді болып шыққанына назар аударады.

Ары қарай Үйдірыс, Абайдың бұл өлеңдері Абайдың жалпы идеологиясын тексеруге керектігін, Абайдың мұндай өлеңдерінің көбі заманының пішіні екендігін, ал, сұлулық жағынан бұл күнде бұлардың көбі ескірғен нәрсе екендігін, «единица жақсысы» деген өлең бұл күнгі көзқараска симайтын нәрсе екендігін атай келіп, «бірақ Абайдың заманындағы салтты ескермей тек осы олеңді ғана пайдаланып, Абайсыз да қазақ елі ел болған, Абайсыз да қазақ жасамақ» [153] деген секілді сыққақ сөз арзан демагогия деп аталатындығын баса айтады.

Белгілі абайтанушылардың бірі М. Мырзахметов «Билемес бір кемел» [140] атты мақаласында: ««Сәулец болса кеуденде» деген бір ғана өлеңіндегі Абай ойының астарлы тұстары мен ондағы кейбір терминдік сөздердің мән-мағынасын шагып, алдын-ала біліп барып оқығанда ғана Абай ойының төркініне каныға алады екенбіз» дейді [140, 46-47].

Жалпы алғанда, Үйдірыс Ілиястың «Абай жуан болыпты, артынан жаңа заманға душар болыпты, жаңа заманның билері, болыстары секілді жаңа жұртшылықтың бастықтары шығып Абаймен құресіпті. Жаңа заман кімнің бел омыртқасын үзбейді. Абай секілді жуанды да жаныштапты Абай ызаланып, жаңа заманды қарғап, жаңа заманың би, болыстарын балағаттап өлең жазыпты. Бірақ, аяғында Абай тәубаға келіпті, жаңа заманға қоюпті» деген пікірлерінің қате екендігін көрсете келіп былай дейді: «Ілиястың пікірінің жалпы қатесін қояйық. Бұл арада Ілиястың үлкен бір топастығын айтайық. Егер Илияс Абайдың идеологиясы ҳақында бүйректен сирак шығарып, Абайды екіге бөлмей, тек бастапқы пікіріндеға отыrsa, Ілиястың бірқатар сөздері дұрыс секілді көрінер еді, өйткені Абайдың көп өлеңдерінің сыртқы пішінін алып мұндай пікірге дәлел қылуға болады. Ал, Абай кейін түзелгендеге оған не себеп бар? Оған, түк себеп, түк дәлел жоқ; Тек Ілиястың патша қөңілі, өзінің жүруі ғана дәлел. Абайдың басында ескішіл болды деген пікірге Ілиястың бір келтірген дәлелі: Абайдың «бай алады кезінде көп берем деп» деген өлеңі. Бұл өлеңді әр жолдастар өздері оқып көрсін. Абайдың басқа өлеңдері болмаса біз бұл өлең Абайдың ескішілдігіне дәлел деп ойлай алмаймыз. Бұл өлеңде Абай бұрынғы ортасының қаймағының бұзылып келе жатқанын дұрыс зерттеген. Бұл өлең үлкен тарихи документ. Бірақ мұнда ескіні жоқтап жылан отырған Абай жоқ. Абай бір нәрсенің жақындауын сезіп, дағдарып бірқатар отырады» дей келе, Үйдірыс: «Ал, Абай боктаған билер, болыстар, старшындар жаңа жұртшылықтың басшылары еді. Абай оларға сотқарлығын жасай, жұртшылық шаруасын жөндейп істепеді деген Илияс жолдаска жол болсын!» дейді.

Ары қарай Үйдірыс Ілиястың пікірін былайша өрбітеді: «Абай ескішіл болды дегенде Ілияс жолдастың екінші дәлелі мына өлең:

«Көңілім қалды достан да, дұшианнан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда».

Абайдың бұл өлеңінің аяғы тым қызық, бұл өлең былай бітеді:

«Естілер де несіне қуанбай жүр  
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр,  
Ала жылан, аш жақ, күпілдектер  
Кісі екен деп ұлықтар ұялмай жүр».

Сырт пішініне қарағанда Ілиястың пікіріне Абайдың ақырғы сөздері дәлел болуға толығырақ еді. Бұл өлең Абайдың нашар шықкан өлсендерінің бірі. Бұл өлеңге қарасаң Абайдың көңліне бір үлкен кала кіргенін көресің. Ол не кала?» – деп өзіне риторикалық сауал тастайды да, Үйдырыс оған өзі жауап береді: «Осы араны дұрыс түсіну керек. Абайдың мұндай өлсендері әлденешеу. Бұларды заманынан айырылып, тұғырынан түсіп қалған, кәрі қасқырдың ұлып отырғаны деп түсінуге болмайды». Мұндай жел сезге беретін жауап ретінде «Қайратым мәлім, Келмейді әлім ...» деген өлеңін көлтіреді.

Ақын жаңа заманың басшысы болса, ондай ақынның жұртшылық беті қүшті болатынын, жаңа жұртшылықтың айғайшысы болған ақын талай жерде қапаланып, улы-зәрлі аңы сөздер айтып салатының, ақынның мұндай сөздерін ғана теріс сынап, басқа тоңірегін тексермесек Гоголь, Некрасов, Салтыков секілділерді де сарнаушыларға қосып қоюға болатынын, айта келе Үйдырыс: «Абайды әрине, Маркс жолымен сынау керектігін, бірақ Абайды марксшіл емес, енбекшіл жырын жырламаған деп кінәлау үлкен адасқандық екендігін, әрбір марксшіл азамат әдебиет мәселелерін тексергенде, заман, орта деген нәрселерді есінен еш шығармау керектігін, әдебиет мәселесін заманмен салыстырып сынау керектігін Абай түгіл орыс елінің Салтыков, Чернышевскийлер, Горькийлерден де марксизмге үйлеспейтін талай әнгіме табатыныңды, бірақ бұлардың өткенімен кадірі зор, керегі мол екендігінсе» токталып, Абайдың жұртшылық бетін, жалпы идеологиясын тексергенде айтатын қорытынды пікірін былай деп білдіреді: «Абай қазак арасына сауда капиталы орнап келе жатқанда туған жаңа жұртшылықтың басшы адамы болған, сондықтан, Абайдың жұртшылық бетінде жазған өлеңдерінің бұл күнде пішін жайынан артта қалса да, салт-сана жайынан қанша кемшіліктер болса да үлкен тарихи мағынасы бар Плеханов орыс елінің жұртшылық тарихи деген (история русской общественной мысли) кітабында орыс елінің, орыс жұртшылығының басшыларының ішінен Третьяков секілді адамдарды қандай бағалаған. Абайдың өз заманындағы жаңа жұртшылыққа жасаған еңбегі Третьяковтарынан еш кем емес» [153]. Кеңестік билік кезінде мұндай батыл пікірлерді айту ерлікпен парапар еді. Үйдырыс Абай мұрасын ғылыми тұрғыда жан-жақты асқан шеберлікпен қорғай білді.

Ж. Ұсмағұлов Абайдың ақындық мұрасын белгілі бір тақырып шенберлерінс топтастырып, ішкі мазмұн бірлігіне қарай былайша

жүйелестіре талдайды: «Біріншіден, қай ақын болса да өз халқының, өз қоғамының кәдімгі қарапайым тұрмысын, қүнделікті тіршілігін суреттейді. Екіншіден, Абай жөнінде нақтылап айтқанда, ол өз замандастарының бойындағы жаман мінездерді батыл сынай отырып, оларды жаксы адамгершілікке шакырыды. Үшіншіден, Абай – қазақ поэзиясына шын мәніндегі лириканың классикалық ұлтлерін енгізген ақын. Төртіншіден, ұлы Абай – ұлттық поэзияда реформа жасаған жаңашыл ақын. Бесіншіден, Абай – данышпан ақын» [145].

«Сәбит Мұқанов Абай жөніндегі зерттеуінде: «Данышпанның бәрі ақын емес, ақынның бәрі данышпан емес. Ал Абайда осының екеуде бар» [88] деген еken. Біз соғағ қосымша айттар едік: Абай – жайғана данышпан емес, түпсіз тереңнен толғайтын, талай замандардың ақыл-ойын бір басына сыйғызыған ғұлама ғалым, кеменгер данышпан. Ол даналықты өзінің туған табиғатынан үйренді, туған халқының сөз қазынасынан үйренді, дүние жүзінің ғылым-білімінен үйренді. Соның барлығын өз санасында, өз жүргеінде корытып әкеліп, туған халқына ұсынды» [145, 23-24]. Бұл да болса ақын шылдығының бір парасы еді. Алаштың ардактысы Әлихан Бекейханов та өз ойын былай білдіреді: «...өлеңдерінен көрініп тұрғандай Абай поэтикалық қуаттың иесі, казақ халқының мақтанышы болды. Абай сиякты халықтың рухани шығармашылығын осыншама жоғары көтергеп казақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атакты ақындарының катарына косар еді...» [140, 8].

Ідырыс Мұстамбайұлы «Абайдың әдебиеттегі орыны» [153] атты тарауында: «Біз Абайды қазақтың жазба әдебиетінің бастығы деп есептейміз. Бұл пікір туралы ел не десе өз еркі, бірақ біз мұнымыздан ленинизмге кінәлі боламыз деп еш ойламаймыз» деп бастайды да, мынадай корытынды шығарады: «Абайдың атын атаған кісіге не ұлттыл, не идеяшыл деген кінә тағыла койылатын әдет бар шығар. Абайды алашордашылар жаксы көретіп шығар; Ұлтшылдық дәүіріне Абайдың аты ұлтшылдық туымен қатар жүргеп шығар. Бірақ, алашордашыл түгіл, манахист болсын, біреу екі жерде екі төрт десе оны айтушы біздің саяси жауымыз болса да жоқ сен өтірік айтасың екі жерде екі тең бес болады деп айтуымызға бола ма?» дей келе: «Қазақтың жазба әдебиетінің бастығы Абай болды деген сөз, орыс елінің жазба әдебиетінің атасы Пушкин болды деген сөз секілді. Ал, Пушкин орыс әдебиетінің атасы болды деген пікірге коммунист те,

манархист те, капиталист те, аксүйек-помесчик те, қазақ та, орыс та бір-бірімен таласпайды. Сондықтан бұл араға орынсыз саясат кіргізбеу керек» [153] деген тұжырымға келеді. Орынды айтылған бұл даусыз пікірге біз де толыктай косыламыз.

Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы корытынды пікірім» [43] еңбегінде қазактың ұлтшыл жазушыларын оңшыл ұлтшылдар және шәре-шөрелер деп, екі түрге бөледі де, «...біз шере-шөрелермен біріге аламыз. Бірақ Мағандар, Кошкелер бірігер ме екен?» деген сауал қоя отырып, оған өзі: «Егер ұлтшылдар «казакшыл» болса, көпшілігін сүйер еді ғой. Тұрмыста олай емес. Соның үшін «біз оңшыл ұлтшылымыз» деп жүргендермен бірігс алмаймыз. Біріккенімізбен, істесе алмаймыз. Жүк тарткан акқу, шортан, шаянның кебін килеміз» [43, 193] деп жауап береді.

Ұйдырыс «Абайдың әдебиеттегі орыны» атты тарауында Абайдың лирикасына бытайша токталады: «Жә, біз Абайды қазактың жазба әдебиетінің бастығы дегенде Абайдың лирика секілді еңбегін білеміз. Ақындықтың негізі сезім. Көп ақындардың эсіресе ескі ақындардың күшті беті нәзік сезімнен туған лирика деген болады. Ақындық жағында Абайдың беті осы лирика болған. Көп ақындардың ең күшті жері де, ең осал жері де осы лирика болады. Кейбір ақындар топтан шығып кетіп, өзімен-өзі болып, болмаса өзі ұқсаған жарымжан азғана топқа ғана түсінікті болып қалады. Ал, Абайдың лирикасы – өрге шапкан лирика» [153] деп өзінің нақты бағасын береді. Шындығында, кай ақынның шығармашылығын алсақ та, лирика тақырыбына қалам тартпай өтпейтіні анық.

Лириканың мәні туралы ғалым З. Қабдолов: «Қандай суреткөр болсын, көркем шығарма жазудағы мақсат – адамды көрсетіп қана түру емес адам арқылы қоғамды мүмкіндігінше өмірдегі өзекті шындықты көрсету. Осы тұрғыдан алып қарасақ, лириканың өзге тектерге принциптік қайшылығы жоқ, олардан тек тәсіл жағынан айырмасы бар» [165, 126] дейді.

Ұйдырыс Абай заманындағы тұңғылық сана сезімі дөңгелектемесген бұкараға Абайдың лирикасы сәуле болған, жаңа оянып келе жаткан адамның есін жиып ойын, пікірін құрастыруға себепші болған Абай екендігін, Абайдың лирикасының мұншама қуатты болғандығы, Абайдың жалпы ақындығының жұртшылық беті күшті болғанынан екендігін айта келіп, Абайды Есенинмен салыстырады: «Жақында өліл кеткен жаңа жұртшылығымыздың бір атақты ақыны Есениннің де күшті беті лирика еді. «Дүниеде барлық нәрседен ада болсам да,

сүйкімді лирикамнан айырылмаймын» деп, өліп кеткен Есениниң Абайдың лирикасының жұршылық беті де күшті, мағынасы да зор» [153]. Үйдырыстың бұл пікірінен де оның өзге ақындардың шығармашылығын жетік білетіндігі корінеді.

Халық бұқаралық ішінде Абайдың атағы зор болғандығын, Абайдың сөздері мәтел болып әркім сөйлеген сөзінде Абайды мысалға аузына ала отыратындығын, Абай оқығанға да, оқымаған надан адамға да бірдей түсінікті болғандығын I. Қабыловтың өзі де мойындағанын айта келіп, мұның себебін Үйдырыс: «Мұның себебі Абай көпшіліктің көңіліне кірген, санаға аз да болса нұсқау болған. Жаңа заман туғызған жаңа жұртшылықтың алдындағы бұлдырланған сауалдарға азды-көпті жауап болған; Абай есін жиып келе жатқан жас жұртшылықтың азығы болған» деп түсіндіре келе, Үйдырыс Абайдың тағы бір ерекшелігіне былайша тоқталады: «Абайдың екінші бір үлкен еңбегі тіл жағында. Абай заманымен салыстырғанда біздің бұқарамыз мәдениет жүзінде бір көш жер ілгерілеп кетті. Бірак осы күнге шейін тіліміздің кемшілігі екі жердің бірінде білінеді. Сол кедей тілімізді байытамыз деп, тіл құрастыру үшін жасаған комиссиямыз да бар. Барды жокты құрастырып, ойдан тіл жасаймыз деп, комиссиямыз талайды былықтырып жатыр. Эрбір тілдің байып өсуі сол тілде сөйлесетін жалпы бұқаралық мәдениетінің жетілуімен болатын нәрсе. Абай тілге өте шебер болған. Халықтың бұрын көрмеген нәрселерін, бұқаралың бұрын санасында бұлдыр жүрген пікірлерді Абай казактың жалпақ қара тілімен отырып әдемі етіп әнгіме қылған:

«Асая терек долданып, буырканып,  
Тауды бұзып жол салған, тасты бұзып  
Арыстанның жолындағы бұйра толқын  
Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып»

— деген секілді тілді осы күні әрең табасың. Абайдың заманында ел ішінде әлтиек, құраннан бөтен дәнпене жок болатын. Ежелеп бес-алты жыл әуре болып араб-парсы кітаптарын мыжып, шала-пұла актың үстіне шимайлап қара салатын адамдардың саны 1-2% болатын» [153]. Үйдырыс Абайдан соңғы жазба әдебиет тіл жағынан өнегені Абайдан алғандығын, тілдің бұқараға ашық түсінікті болу жайын кейінгі ақындар Абайдан үйренгендердің, тіл жағынан көп ел әлі де болса Абайдан кем екендігін ерекше атап өтеді.

Ақын, жазушы, қоғам кайраткери Міржакып Дулатов «Абай» [166] атты мақаласында: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазак халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды... Қайда өрбігенін, қайда ескенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтималы қазактың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей...»

Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлки мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірак сің жоғарғы ардакты орын Абайдікі, қазақ халқына сәүле беріп, алғашкы атқан жарық жүлдіз – Абай...» [166] деген болатын.

Ыдырыс, ірі марксшіл Покровскийдің «Пушкинді біздің жақсы көретініміз, Пушкин орыстың ұлы тілін жолға салған» деген пікірін келтіре отырып: «Бұлай қарағанда Абайдың да тіл жағынан сіңірген еңбегін қадірлеу жөн» деп баса айтады. Сондай-ақ, Ыдырыс Абайдан бұрынғы өлеңдердің бәрі төрт аяқ (буын) болып келетінін тағы да бір жырдың бір түрі болатынын айта келіп, Абайдың жалғызы өзі әдебиетке (өлеңге) оншакты түр кіргізгенін, Абайдың бұл үлгілерінің бәрі осы күнге шейін әдебиетіміздің негізгі пішіні болып қалғандығын әлі күнге шейін техника жайында Абайдан өнерін арттырган жан көрген жоқтығын басты назарға алады [153]. Қазақ поэзиясының «құлагері» атанған, қоғам қайраткери Ілияс Жансүгіров Абай қалдырыған рухани мұра туралы пікірінде: «Тегінде Абай өлеңнің, жырдың үйқасына ете сактық қылатын адам. Өлең жырлардың иықтарында қыл симайтын киу бар. Басқалардай пікір үйлесетін жанамалау сөзді әкеле салмайды. Тізбегіне әдемі беретін, ұнасымды сөзді, пікірдің ішіндегі үйқасымды да қармайды. Абайдың өлеңін дұрыстағанда бұл сарын да ескерілуі керек...»

Сөйтіп, қазактың әдебиетіне бірсыныра жаңа өлең өлшемдері Абаймен келіп кіреді. Бізге өзге түркі елдерінің, батыс елдерінің өлсің үлгісін Абай тастап кетті. Абайдың кара сөздері – ақыл, нақыл, үгіт сөздері, сындар. Абай сырлы әдебиеттің құйсіз түріне, драма түріне еңбек еткен болса, Абайдың қалам қызметі будан да мол болатын еді» [167] деп жазады.

Дала данышпаны, қазак елінің ұлы ақыны Абайдың шоктығы биік асыл мұрасы қазақ әдебиеті тарихынан ғана емес, әлем әдебиеті тарихынан ойып орын алатыны даусыз. Белгілі ғалым, абайтанушы Б. Майтанов «Абай. Тарих, тұлға, уақыт» деген зерттеуінде: «Қазак елінің тәуелсіздік, еркіндік күніне асыл Абай жетпесе де, «жүргөті айна, көңілі – ояу» ұрпақтары қадам басты. Бүгінде осы тарихи мезетке ел-жұртың өмірлік өнегесімен, шығармашылығымен қайраттандырған, талай буын жастандарды рухани байлығымен асыраған Абай туындыларының туы жығылған жоқ. Халқының мұн-зарын жоқтап, шындық іздең, «мынмен жалғыз алысқан» Абай Құшанбайұлының өмірі ұрпағына үлгі болып қала бермек» [168, 90] деп ақын мұрасына орынды баға береді. Шындығында да, Абай тек қазак халқының ғана емес, «адамзаттың Абайы» болып қала бермек.

Бұл «Абайдың әдебиеттегі орыны» [153] атты тарауының сонын Үйдірыс былайша аяқтайды: «Ендігі айтатынымыз, Абайдың ақындығының жалпы бағыты. Біреулер Абайды сарындаушы дейді. Бұл бос сөз екенін жоғарыда айттық. Абайдың ақындығының бағыты нағызышылдық негізінен шыққан Гогольдің құлқи мазағына ұқсас, аңы сөзі Салтыковтың ақындығымен ағайында, кей жерлерде Лермонтовқа еліктеуінен Абайды сарындаушыларға косу Абайды түсінбегендік, тек надандығынан, әдебиеттің заңын білмегендіктен Абай Гоголь мен Салтыковтердің кейіпкерлерін жасай алмаған» [153] деп оған басты себеп ретінде Абайдың өмір сүрген ортасын алады. Ал, Абайдың ортасы дара Зубаев, Сабакеевич, Хлестаков секілді шығуға дәл берерлік орта емес болатын. «Оның орнына Абайдың лирикасының күші Пушкин, Шевченко, Есенин секілді ақындардан қалыспайды. Елдің көбі Абайдың тұқымы жуан, өзі болыс болыпты, партияшыл болған деп үркеді. Ғылымға, өнерге, әдебиетке таудай еңбегі сіңген данышпандардың көбі-ақ жұмысшы, яки қойшы болмаған. Салтыков казеиний палатаның бір уақытта бастығы болмап па? Пушкин, Толстой басқалары да кедей балалары емес болатын» деп атاي келе Үйдірыс, «Абайдың партияшылдығы ортасының жемісі» дейді. Абай мұрасын дәлелді түрде қорғай келе ІІ. Мұстамбайұлы: «Абай түгіл Гейне секілділердің де талай қызықтары болған. Абай ескірді, бұл күнде Абайдан артық ақындарымыз бар деп таласатын жолдастар көп. Бұған таласу әзір орынсыз. Абайдан артық та, кем де бар шығар. Бұл күнде Пушкин де артта қалды. Толстой мен Пушкинің иеше көш жер, бірак Пушкиннің де Абайдың да тарихи мағынасы еш уақытта

төмендемесейді» [153] түйінді пікірін білдіреді. ІІ. Мұстамбайұлының айтқан бұл дәлелді де, құнды пікірі бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтқан жок.

Қорыта келе, XX – ғасырдың 20-жылдарында кеңестік идеологияға сай келмейтін туындылар қатты сынға ұшырағандыктан, Абай дәстүрінің дамуы, жалпы адамзаттық ортақ мәселелер әдебиет тарихында өз шешімін таба алмады. Әдеби туындылар, жеке каламгерлердің көзқарасы әдебиеттің партиялығы туралы В.И. Лениннің теориясы шенберіндегі өлшеммен өлшенгендейдіктен, казак әдебиеті өзінің табиғатынан, даму заңдылықтарынан айырылып, жаппай науқаншылдық өріс алды. Десек те, кеңестік дәүірде казак әдебиетінің тарихы құрделі де, қайшылықты жағдайларға толы болғанымен, сонымен бірге бұл дәүір қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің өсу, өркендеу жолында айтартылғатай жаңалықтар экелген кезең болғаны да даусыз.

Сонын ішінде, жиырмасыншы жылдары екі дүркін айтыс болған абыттану ғылымында да әдебиеттанушылардың, көфам қайраткерлерінің айтартылғатай қосқан табыстары болды. Абай мұрасын корғап қалуда үлкен қажыр-кайрат таныткан көрнекті көфам қайраткері, әдебиеттанушы, сыншы Ыдырыс Мұстамбайұлының да абыттанушылардың қатарында өз орнын алары сөзсіз. Оның әсіресе, Абай мұрасына қарсы шыққан I. Қабылұлының мақаласына екі тілде бірдей жауап жазған мақаласының әдебиеттану ғылымындағы орны ерекше. Сондықтан да онын Абай шығармаларын зерттеу тарихындағы өзіндік орнын ерекше атап өткен жөн. Қаламгер шығармаларының Абай мұрасына қатысты қағидаларын ғылыми тұжырымдау мақсатында оның мақалаларына сүйенуді жөн санағандықтан, түпнұсқадан үзінділер көптеп келтірілді. Нәтижесінде, Ыдырыс Мұстамбайұлының абыттануға қосқан үлесі ғылыми түрде сараланып сарапталды.



## ҚОРЫТЫНДЫ

**А**ктаңдактар – қазак әдебиетінің бүкіл даму жолын түгел камтыған күрделі мәселе. Социалистік қогамға дейін жасалған сол кездегі халықтың дүниетанымын танытатын әдеби туындылар социалистік, коммунистік қозкараспен сұрыпталып, көптеген шығармалар ескілікті уағыздайды деген сұлтаумен қолданыстан шығып калды. Елдін тәуелсіздігін, сыртқы отаршылдыққа қарсы курес идеясын жырлаған әдебиет «ұлтшыл» атанды. Әдебиет жасаушы ірі қаламгерлер «ұлтшыл», «халық жауы» деген атактарға ілінініп, жазага тартылды. Ұлттық тәуелсіздігін алған, казіргі кездегі казак халқына ұзак ғасырлар бойы жасаған мәдени мұрасын түгендеу, оны осы күнгі заманың итілігіне жарату жалғасын тауып келелі.

1920-жылдар қазактың әдеби-көркемдік даму процесіндегі бір күрделі кезең болды. Көркемдік өркендеу барысында әрқылы ағымдардың тууына сол кездегі марксизм, ленинизм іліміне сүйенген тапшылдық қозкарас себепкер болды. Қоңырау мәселеде азамзаттық түсінік деңгейінен өзгеше саясат тұрғысынан карастырылған қозкарас ықпал етті.

Қазак әдебиеті өзінің идеялық-шығармашылық мақсат, тілегінс қарай екіге бөлінді. Сол кездегі жаңа саяси жағдай халықты тапқа, жіккे бөлмей, арман-тілегін тұтастай жырлауға ииеттенген алашшыл ақын-жазушыларды шеттетті. Кедейдің жоғын жоктаган төңкерісшіл ақын қаламгерлер де олармен тіл табыса алмады. Қазак әдебиетінде сын өнері кәсіби жанр ретінде қалыптаса бастады.

20-жылдары қазактың жоғары деңгейдегі сыншылары айқындалып, шығармашылық қырларын таныта бастады. А.Байтұрсынов, Ф.Төржанов, Ә.Байділдин, Қ.Кеменгеров, Х.Жүсіпбеков, Даниял Ысқақов, Б.Кенжебаев, Ә.Мәметова, Е.Бекенов сияқты қаламгерлердің әдебиет жайындағы батыл ойлары сын саласынан айқын көрінс, оларға өздерінің эстетикалық таным білім жағынан біршама биқтен көрінген көптеген қогам қайраткерлері де косылды. С. Сәдуақасов, Ү.Мұстамбаев, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, Ш. Токжігітов сынды қайраткерлер көбінесе партия-мемлекет жұмысында болғандықтан сынға үнемі араласуға мүмкіндіктері бола бермелі, олардың қай-қайсысы болын өз ой-пікірлерін терең талдан, ерелі түрде жазып беріп отырды. Әсіресс,

сол жылдары өз еңбектерімен қазактың әдеби сынын биікке көтеріп, жанрлық жағынан қалыптасу барысын анықтаған дарындар, коркем шығармаларымен толымды сүни ой-пікірмен жарқырап көрінген, өздерінің көзқарасын ашық айтып жазған Жұсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов екенін айырықша атап қажет.

Қазақ әдеби сыны тек айтыс-тартыспен ғана дамыған жоқ. Әдебиет тарихы саласындағы төңкөріске дейін басталған ізденістер күшіне түсіп, әдеби мұраны жинау, жариялау, әртүрлі сипаттағы жинақтар шығару ісі қолға алынды. Алайда әр қадамнан саяси астар іздеғен қаламгерлер де табылып жатты. Көркем әдебиетті өркендешту жайы әңгіме болғанда сол кезде әдебиетте наше бағыт бар, көркемдік шеберлік неге байланысты, ұлтшылдармен біріге аламыз ба, кімнен үлгі аламыз, қандай тақырыптар жазамыз деген мәселелерге басты назар аударылды. Айтыс барысында талай ой-пікірлер айтылды.

20-жылдардың бірінші жартысында қазақ әдеби сыны өзінің идеялық-эстетикалық деңгейін анықтау үшін талай талпыныс жасады. Қазақ әдеби сынының жанрлық жағынан қалыптасуына, көркем туындылардың деңгейі қандай орде екендігіне баса назар аударылып, сол кездегі қаламгерлердің жалпы бағдарын айқындан алуға жағдай жасалды. Қазақ әдебиетінің болашағы кімдердікі, ол қандай көркемдік әдісті негізге алуға тиіс деген мәселені шешу қазақ әдеби сынының жүктеліп, оның келешек деңгейін анықтаудың бір саласы болды.

Сын жанрының дамуына сол кездегі пікірталастардың септігі тигендігін атап өту қажет. Себебі эстетикалық дайындығы барлар өз ойларын әдеби көркемдік түргыдан баяндай білсе, ал білімі саяздар мәселенің мәнін түсіну үшін ізденуге, танымын кенейтуге ұмтылды. Сондықтан қазақ әдебиетінің сол кездегі өркендеу барысы, қажырлы ізденіс теориялық түргыдағы ой-пікір жайын, әр синшының деңгейін байқатады.

30-жылдардағы қазақ әдеби сыны коммунистік партияның тікелей басшылығына сүйенгенін атап өту орынды. Сол жылдардағы биліктің араласуымен баспасөз бетінде «жікшілдіктің» сырын ашу максатымен айтыс ашылды. Алайда, әдебиеттегі жағдайды одан сайын ушықтыра түскен бұл пікірталаста, әдеби сын көркем шығарманы сайнау үшін емес, жазушының озін сайнауға пайдаланылды. Сынды сынампаздыққа айналдырып жіберді. Әдеби сындағы жағдайдың барған сайын шисленіскені сонша, қаламгерлер бір-бірінің шығармаларының ішінен ілік іздел, бір-бірін халықта, партияға жау етіп көрсетуге тырысып бакты. Әдебиет «серкелерінің» барлығы дерлік құғынға ұшырады.

Көркем туындының тағдыры «пролетариат», «партия», «кеңес», «кедей» деген сияқты сөздердің бар-жоғына қарай шешіліп, сынның басты міндеті саяси бағытты ашу деп ұғындырылды. Көркем шығармаларды бағалағанда, ол ақын-жазушылардың таптық шығу тегімен байланысты қаралып, тек «таза» пролетар жазушыларғана пролетариат әдебиетін жасай алады деп түсіндірліді. ҚазАПП сынның өктемдігі соншалық – сыналған қаламгерлерден жіберілген қателіктерін мойындауын талап етті. Оның басшылары шығармашылық жұмысты әкімгершілікке бағындырып, әрбір қаламгерден жоспар бойынша орындау талап етілді. Мұндай өрескел жағдайлардың орын алуына солакай саясаттың ықпалы болды.

Оның үстіне әдебиет сынны мамандарының аздығы өз алдына, білімді әдебиетшілердің барлығы дерлік әдебиет ортасынан шеттетілген болатын. Сын мақалаларда әдеби мәселелермен бірге сол кездегі саяси өмірге байланысты туған әдебиеттегі саяси қырағылықтың кесірінен өрескел қателіктеге де жол берілді.

Кеңестік билік тұсында сөзі мен ісі биіктен табылған Ұ.Мұстағбайұлы қогам қайраткері, зангер, әдебиеттанушы, сыншы ретінде елге кеңінен танылды. 1920-жылдары баспасөз бетінде біраз пікір бостандығы болып, қазак зияттылары ұлттық әдебиет пен мәдениетке, көркемөнер туралы өз ой-топшыларын көпшілік талқысына салып отырғанымен, бірте-бірте әдебиетке құрсау бола бастаған таптық қисын, партиялық идеологияға телінген қағидалар, 30-жылдар басында билік құра бастаған социалистік реализм ұстанымдары лайда болды. Сол жылдардағы солакай саясаттың ыңғайына бейімделген, бүкіл адамзаттық ізгілік мән-мағынасынан айрылған қазак әдебиетіне, көркемонеріне тек бірыңғай сарында үн катуына бұйрық, жарлық берілді. Өйткені, әдебиеттің басқаша бағыт алуы төңкөріс идеясын әлсіретіп, оның түпкі, пролетарлық мақсатына зиян келтіреді деп ұғылды.

Жиырмасыншы жылдардағы қазак әдебиетіне саясат мәселесінің кірігу себебі ел басындағы қогам қайраткерлерінің көпшілігі әдебиетпен айналысқандығынан болса, бір жағы ұлт-азаттық қозғалысының басшыларының өзі әдебиетшілер еді. Сол себепті, саяси майданда да негізгі тақырыптардың бірі әдебиет мәселесі болды. Сол кездегі кейбір солакай саяси жағдайларға бейтарап қарай алмаған алаш азаматтарының бірі ретінде қогам қайраткері Үйдірыс Мұстағбайұлы да белсene араласты. Семей қаласында өткен атаман Анненковтың сотында қоғамдық айыптаушы ретінде катысқан

Ыдырыс шешендігімен көзге түскендігі өз алдына, тіпті зұлматты жылдарда бірінші хатшы болған Голошекинге де қаймықпастан өз пікірін айта білген, қашанда болсын ұлт мұддесін бәрінен де жоғары қойған.

Әсіресе, 1920-жылдары көркем әдебиет жайлы болған пікірталаста озінің құнды пікірлерімен көзге түсіп, әділ көзкарасымен танылды. Айттар болсақ, қаламгер «Біздің таластарымыз» атты мақаласында көркем айтыс жайындағы өзіне баға беруден бастап, пікірталасқа қатысушилардың ойлау жүйесі мен ойын жеткізу қабілетінін қай денгейде болғандығын, олардың айтыс кезіндегі мінез-құлыктарына да баға береді. Бұл жердегі басты себеп кейбір әдебиетшілеріміздің сол кездегі қызыл идеологияның жетегінде кетуінде еді. Олар өздерінің қарсыластарына тойтарыс беру үшін, сол жылдардағы ресми идеологияның барлық қаруларын түгелдей жұмсал бакты. Олар өздеріне сын айтқан адамдарға «ұлтшыл-байшыл» деген саяси айып таға салуға дайын тұрды. Ал, ол кездері халық баспасөз бетіне жарияланған мақалаларға катты сенестін. Дегенмен, жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихындағы әдеби пікірталастар тек әдебиеттің ғана емес, қазақ қоғамының барлық саласына да өз әсерін тигізді.

Сондай-ақ, Ыдырыс Мұстамбайұлы өзінің «Көркем әдебиет туралы» атты мақаласында «қазақ елінің көркем әдебиеті қашаннан басталатындығы» туралы пікірталасқа қатыса отырып, нағыз ұлт әдебиетінің тууын Абайдан бастайды да, орыс әдебиеті Пушкиннен басталса, қазақ әдебиеті Абайдан басталуға тиіс деген дұрыс шешімге келеді. Сол кездегі әдеби ағымдар жайлы пікірлерінен де өзгелдерден озгеше өзіндік көзқарасты анық байқаймыз.

Ы. Мұстамбайұлының көркем әдебиет, өнер туралы, жалпы мәдениет жайында жазған мақаларынан оның жан-жақты терен білімді, аса парасатты, кең ақылды, алғыр ойлы, әділдік, шындық жолынан таймайтын қажырлы, қайсар қайраткер екенін көреміз.

Әсіресе оның, абайтану мәселеісіне сінірген, мол еңбегін ешқашан маңызын жоймайтын баға жетпес құнды мұра деп білеміз. Ы. Мұстамбайұлы өзі де түрлі лауазымды қызметтер атқарғанымен, Абай мұрасын үнемі назарда ұстап, сол кездің солақай саясатынан жанын сала корғады, ұлы ақынның асыл қазынасын халық санасынан өшіріп, шығармаларын жоққа шығаруға тырыскан, шолақ белсенділер мен қасаң саясат жетегінде кеткен кейбір қаламгерлер әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, дәлелді түрде қарсылық білдірді, ескілік атаулы мен

көне мұрага тыйым салған Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе қаһарынан еш сескенбестен, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы ерекшес орны мен мән-маңызын жете ашып берді. Үйдірыс Мұстамбайұлы ақын шығармаларын жан-жақты талдай келіп, Абайдың ұлылығын танып қана қоймай, батыл түрде тұңғыш рет қазақ поэзиясының биік шыңы деп бағалады.

1920-жылдары халық санасынан Абай мұрасын өшіріп тастауға бағытталған саяси теріс жолға түсіп кеткен кейбір қаламгерлеріміз ақынның шығармашылығына айтартықтай қауіп төндіріп, ақынның әрбір елеңдерінен қызыл идеологияға жат пігыл ізделп қана қоймай, өз басына тиіс келс, бүкіл шығармашылығын мансұқ стуге тырыскан кезде, озық ойлы алаш азаматы ретінде Үйдірыс Мұстамбайұлы да бұған немікүрайлы қарап қалмай Абай мұрасын корғауда ерекше атсалысып, белсенділік танытты. Өзінің дәлелді туралы пікірлерімен терең білімпаздықтың, асқан парасаттылықтың, кеменгерліктің биігінен көрінді. Ешқашан мән-мағынасын, маңызын жоймайтын құнды еңбектерін қалдырыды.

Сондай-ақ, ҮІ. Мұстамбайұлы поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың басына қауіп төнген жылдарда да басын байгеге тігіп, ақынды зұлматтан арашалап қалуға араласып, мақала жазуы да ерлікпен пара-пар еді.

Корыта айтқанда, Үйдірыс Мұстамбайұлы біріншіден синиши ретінде 1920-жылдардағы көркем әдебиет туралы пікірталасқа белсене арасып қана қоймай, сол жылдардағы солақай саясаттың ықпалына түспестен, ұлттық мұддені жоғары қоятын берік ұстанымынан таймай, өзіндік батыл пікірлерімен көзге ерекше түссе, екіншіден ұлттымыздың рухани байлығы, әдебиетіміздің темірқазығы Абай шығармашылығын жокқа шығаруға тырыскан кейбір қаламгерлердің теріс пигылды макалаларына батыл түрде тойтарыс беріп қана қоймай, абаитануға косқан өзіндік салиқалы да, салмақты ойлары мен зерттеу мақалаларының үлесі зор. Үшіншіден, Үйдірыс Мұстамбайұлының зұлматты жылдарда алаштың санлақ ақыны М. Жұмабаевты кеңестік идеологияның айыптауынан арашалап алып қалуға тырысып жазған мақаласының да мағжантануда алар орны бар деп есептейміз.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Большевик деген кімдер? //Сарыарқа, 1918. – №45, 4-иуль.
- 2 Ленин В.И. Шығармалар жинағы, 24-т. – Алматы: Қазмембасп, 1953. – 635 б.
- 3 Кекішев Т. Сападағы жарагалар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 160 б.
- 4 Аймауытов Ж. Әдебиет мәселесі, Қөркем әдебиетті саралау //Ақ жол, 1925, 1, 17-апрель.
- 5 Сөрсенбіұлы Ж. Әдебиет мәселесі туралы //Ақ жол, 1925, 10-апрель.
- 6 Қазақстан Кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік қөркем әдебиет баспасы, 1934. – 161 б.
- 7 Под редакцией проф. Выходцева П. С. История русской Советской литературы. – Москва: Высшая школа, 1970. – 690 с.
- 8 Нұрғали Р. Әуезов және алаш. Әдебиеттегі ұлттық рух. – Алматы: Санат, 1997. – 432 б.
- 9 Әуезов М. Сыннан ие тілер см? //Қазақ әдебиеті, 1934, 10-январь.
- 10 Тоғжанов Ф. Әдебиет және сын мәселелері. – Қызылорда: 1929. – 192 б.
- 11 Қаратаев М. Мұхтардың тартысы және кейір мәселелер //Әдебиет майданы, 1934. – №6.
- 12 Қаратаев М. Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері //Қазақ әдебиеті, 1937, – №23. 24, 16-23-май; 28, 29. 30-июнь.
- 13 Ленин В.И. Шығармалары, 10-т. – Алматы: Қазмембасп, 1950. – 575 б.
- 14 Мұқапов С. // Халық мұғалімі, 1941, – №6.
- 15 Мұсағұлы Ә. Жікшілдік түбі жолбикелік //Жаңа әдебиет, 1930. – №7.
- 16 Қабылов І. Маркс-Ленин әдеби сынның сабакты мәселелері //Әдебиет майданы, 1934, – №7-8.
- 17 Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 199 б.
- 18 Қайыпназаров М. Қазақ пролетариат әдебиетінің жай күйі алдағы міндеттері туралы. – Алматы: Қазмембас, 1932. – 36 б. //Әдебиет майданы, 1932, – №1.
- 19 Сәдуақасұлы С. Әдебиет әңгімелері //Еңбекші казак, 1927, 15-16-февраль.

20 Жолдыбайұлы М., Әуезұлы М., Коныратбайұлы Ә. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазак әдебиеті. – Қызылорда: 1933.

21 Төгжанұлы Ғ. Против национализма, обывательщины и комчванства в казахской литературе и критике //Советская степь, 1928, 11-12-апрель.

22 Бекенұлы Е. Қөркем әдебиет туралы кім не үшін күреседі //Жана әдебиет, 1929, – №2.

23 Мұсағұлы Ә. Қөркем әдебиет мәселесіндегі айтыс туралы //Еңбекші қазак, 1929, 17-апрель.

24 Мұсірепұлы Ғ. Әдебиет айтысында //Еңбекші қазак, 1929, 4-август.

25 Тәжібайұлы Ә. Әдебиеттегі смағұлшылдық //Еңбекші қазак, 1929, 2-октябрь.

26 Мұқанов С. Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер! // Еңбекші қазак, 1923, 1-март.

27 Мұқанов С. Блокшылдыктан демьяншылдыққа //Жана әдебиет, 1931, – №2.

28 Ломидзе Г. Ленинизм и судьбы национальных литератур. – Москва: Современник, 1972. – 285 б.

29 Елеуkenов Ш. Мағжан мен Мұхтар: ұлт тақырыбын дамытудағы ізденістер. Мұхтар мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.

30 Құрамысұлы І. Партия тазалауында //Еңбекші қазак, 1929, – №180.

31 Қекішұлы Т. Ахмет Садыккызы К. «Тар жол, тайғақ кешудін» тағдыры: Қемекші оку құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

32 Шәкев Н. Мұстамбаевты тергеу стенограммасы, КР ПА 811-кор, 20-тізбе, 568-іс, Қызылорда, 1928, 27-наурыз, Шәкев Н. //Егemen Қазақстан, 1997, 2-қыркүйек.

33 Нурпейіс К. Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз ағайын? // Заман Қазақстан, 1998, 2-қазан.

34 Тұрғанбай М. Ұлтшылдық //Абай, 1992, – №2. //Абай, 1918, – №2.

35 Құдайбердіұлы Ш. Ұлтшылдық туралы //Абай, 1992, – №2. //Абай, 1918, – №3.

36 Токжігітов Ш. Әдебиет мәселелері //Қызыл Қазақстан, 1927, – №3-4.

37 Мұстамбайұлы Үл. Қөркем әдебиет туралы //Қызыл Қазақстан, 1927, – №2.

38 Қирабаев С. Шығармалар, 2-т, Сын мақалалар мән зерттеулер, – Алматы: Жазушы, 1992. – 544 б.

39 Тимофеев Л.И. История советской многонациональной литературы. 1-т. – Москва: Наука, 1970. – 262 б.

- 40 Сейфуллин С. Казактың көркем әдебиеті туралы //Жұлдыз, 2004, – №1. Жыл құсы, 1927, – №1.
- 41 Седуақасов С. Бейімбет өлеңдері //Еңбекші қазак, 1925, 23-ноябрь.
- 42 Седуақасұлы С. Әдебиеттерді қалай синау керек //Еңбекші қазак, 1926, 8-февраль.
- 43 Мұқанов С. Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім //Жұлдыз, 2004, – №2. Қызылорда: 1927, 5-январь. //Қызыл Қазақстан, 1927, – №1.
- 44 Кеменгерұлы Қ. Көркем әдебиет туралы //Еңбекші қазак, 1926, 1-декабрь.
- 45 Сәтбаева Ш. Достық дастандары. – Алматы: Жазушы, 1983. – 246 б.
- 46 Садуақасұлы С. Құнбатыс һәм Құншығыстың бостандық жолында күрестерінің тарихы //Жас қайрат, 1923, 5-наурыз, 2, 28-июнь.
- 47 Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 256 б.
- 50 Белинский В.Г. Уш томдық шығармасы, 1-т. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы, 1948. – 215 б.
- 49 Қенжебаев Б. Қазак әдебиеті тарихының мәселелері, Макалалар жинағы, Абай Құнанбайұлы. – Алматы: Ғылым баспасы, 1973. – 169 б.
- 50 Белинский В.Г. //Таңдамалы шығармалары. – Москва: 1947.
- 51 Мырзахметов М. Билемесе бір кемел //Абай, 1992, – №2.
- 52 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы, 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 302 б.
- 53 Кирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана: Фолиант, 2002. – 501 б.
- 54 Төрекұлұлы Н. Асау тұлпар //Темірқазық, 1923, – №1.
- 55 Мұқанов С. Сынға сын //Қызыл Қазақстан, 1923, – №16.
- 56 Төрекұлов Н. «Тар жол тайғақ кешу» туралы бірер сөз //Еңбекші қазак, 1928, 28-желтоқсан.
- 57 Тәжібайұлы Ә. «Тар жол, тайғақ кешу» мен Нәзірдің сыны туралы //Еңбекші қазак, 1929, 2-октябрь.
- 58 Кирабаев С. Жүсіпбек туралы сөз, Әдебиетіміздің актаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.
- 59 Байділдин Ә. Жазушылар мен көркем әдебиет //Жыл құсы, 1927, – №1. //Жұлдыз, 2003, – №12.
- 60 Тоғжанов Ғ. Марксшілдер не дейді? Жүсіпбек не дейді? //Еңбекші қазак, 1925, 22-октябрь.
- 61 Тоғжанов Ғ. Мағжан Совет түсында //Еңбекші қазак, 1925, 19-ноябрь.

- 62 Майлыұлы Б. Екі оқушыға жауабым //Социалды Қазақстан, 1934, 12-маусым.
- 63 Үсқакұлы Д. Қазақ елі бір ауыз сөзім саган. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004. – 148 б.
- 64 Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауитов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
- 65 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
- 66 Бекейхан Ә. Роман не нэрсс? //Қазақ, 1914, 31-қантар.
- 67 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.
- 68 Қаратаев К. Социалистік реализмнің казақ прозасындағы қалыптасуы. – Алматы: 1965. – 406 б.
- 69 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы: Жазушы, 1976. – 300 б.
- 70 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 377 б.
- 71 Аймауитов Ж., Әуезов М. Көркем әдебиет туралы //Еңбекші қазақ, 1927, 8-9-август.
- 72 Мұқанов С. Байдын толғағы //Еңбекші қазақ, 1927. – № 223-224.
- 73 Мұқанов С. Әркім «өзінше» ойлайды, Шәймерден мен Үйдырыска жауап ретінде //Қызыл Қазақстан, 1928. – №3-4.
- 74 Байтұрсынұлы А. //Еңбекші қазақ, 1921, 8-июль.
- 75 Мұстағамбайұлы І. Біздін таластарымыз //Жаңа әдебиет, 1925, – №5-6.
- 76 Төрекұлов Н. Әдебиетке көз салу //Қазақ, 1916.
- 77 Базарбаев М. Тендік, Бақыт, Әділдік орнататылым //Өркен, 1989, 23-желтоқсан.
- 78 Үсқаков Д. Әдеби мақаланың сыр-сипаты //Жұлдыз, 1994, – №7.
- 79 РКПБ Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» қаулысы, 1925, 18-июнь.
- 80 Мәметова Ә. Көркем әдебиет туралы //Абай, 1993, – №5.
- 81 Мұқанұлы С. Көркем әдебиет туралы //Еңбекші қазақ, 1926, 14-15 қазан.
- 82 Кекілбайұлы Ә. Келешекке керегі – кемелділік //Қазақ әдебиеті, 2000, 26-мамыр.
- 83 Мұқанов С. Ессю жылдары. – Алматы: Қазқөркемәдеббас, 1964. – 508 б.
- 84 Мұқанов С. Жолбикелік //Еңбекші қазақ, 1928, 11-апрель.
- 85 Аймауитов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар //Абай, 1918, – №5.
- 86 Сәдуақасов С. //Трудовая Сибирь, 1919, – №1.

- 87 Эуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. I-т. Мақалалар, пьесалар (1917-1920). – Алматы: Ғылым, 1997. – 467 б.
- 88 Эуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі жайы //Шолпан, 1923, – №4-5.
- 89 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы //Лениншіл жас, 1923, – №5.
- 90 Әбділдин Э. // Жаңа әдебиет, 1928, – №9.
- 91 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Ташкент: 1926. – 286 б.
- 92 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары, 11-т. – Алматы: Жазушы, 1977. – 476 б.
- 93 Елеуkenов Ш. Фасырмен сырласу. – Астана: Елорда, 2004. – 479 б.
- 94 Мұқанов С. Терен карауды тілейді //Еңбекші қазақ, 1925, 4-апрель.
- 95 Жұмабаев М. Тоқсанның тобы //Еңбекші қазақ, 1927, 19-август.
- 96 Тоқжігітов Ш. Тоқсаншылдық //Қызыл Қазақстан, 1927, – №8-9.
- 97 Байділдин Э. Жазушылар мен көркем әдебиет //Жыл құсы, 1927, 4-ноябрь.
- 98 Тоқжігітов Ш. Тағы да «Тоқсан тобы» туралы //Жаңа әдебиет, 1928, – №4-5.
- 99 Сейфуллин С. Әдебиетті бағалау және құлдық сананы тексеру //Жыл құсы, 1928, – №2.
- 100 Исмакова А. С. Возвращение плeяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауезова. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2002. –
- 101 Тогжанов F. Мағжан Жұмабаев, шығармалары, алғысөз, – Алматы: 1989.–448б.
- 102 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары, 11-т. – Алматы: 1977. – 473 б.
- 103 Мұстамбайұлы Ы. Джумабаев и «Девяносто» (В порядке постановки вопроса) //Советская степь, 1929, 24-мая.
- 104 Эуезов М. //Қазақ әдебиеті, 1988, 23 декабрь
- 105 Литературная энциклопедия, 4-т. – Москва: 1930.
- 106 //Қызыл Қазақстан, Тарихи суреттер, 1923, қараша.
- 107 С.Брайинин мен Ш.Шафиро. //Большевик Қазақстана, 1933, – №4-6.
- 108 Кекішев Т. Ақыл парасатқа азаттық //Лениншіл жас, 1989, 13-желтоқсан.
- 109 Досжанов Д. Абақты. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 288 б.
- 110 Құлеев Б. Мағжан //Ақ жол, 1923, 23-ақпан.
- 111 Мұқанов С. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда: Қазақстан, 1932. – 458 б.

- 112 Мұстамбайұлы Ы. Сын мен баспасөз туралы //Еңбекші қазақ, 1928, 12-шілде.
- 113 Байділдин Ә. Баспасөз туралы //Еңбекші қазақ, 1926, 9-ноябрь.
- 114 Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1997. – 504 б.
- 115 Жұмаханов Ж. Үйдырыс Мұстамбаев //Қазақ әдебиеті, 1967, 11-тамыз.
- 116 Мұстамбаев Ы. Речь общественного обвинителя И. Мустамбаева (на судебном процессе по делу Анненкова) //Абай, 1993. – №7.
- 117 Сансызбайұлы Н. Тұманды жылғы тұлғалар //Түркістан, 1999, 26-мамыр – 1-маусым.
- 118 Мұстамбайұлы Ы. Түркістан – Сібір жолы //Еңбекші қазақ, 1929, 26-апрель.
- 119 Мұстамбайұлы Ы. Н.Г.Чернышевский (1828-1889), (Атакты төңкерісшіл Чернышевскийдің туғанына жүз жыл толды) //Еңбекші қазақ, 1928, 26-ноябрь.
- 120 Мұстамбайұлы Ы. Жандосұлы Ораз жолдастың мақаласына жауап //Қызыл Қазақстан, 1928. – №11-12.
- 121 Жандосұлы Ж. Ауылдағы таптар //Еңбекші қазақ, 1928, 14-июнь.
- 122 Қирабаев С. Кенес дәүіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2003.-224 б.
- 123 Ахметов З. //Абай және Өуезов, Мұхтар мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.
- 124 Мұстамбайұлы Ы. Ұлы акын – Абай //Қазақ тілі, 1924, 1-қаңтар.
- 125 Мұстамбайұлы Ы. Абай //Жаңа әдебиет, 1928, – №7-8.
- 126 Кенжебайұлы Б. Абай //Еңбекші қазақ, 1925, 28-29 август. Абай //Лениншіл жас, 1925. – №6.
- 127 Літературная энциклопедия, 1-т. – Москва: 1930. – 768 б.
- 128 «Абай Құнанбайұлы» толық жинақ. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 402 б.
- 129 //Социалды Қазақстан, 1934, 30-декабрь.
- 130 Мұқанов С. Абайтану жолындағы пікірлер //Қазақ әдебиеті, 1934, 29-ноябрь.
- 131 Өтепұлы Қ. Абай шығармаларының әлеуметтік негіздері // Социалды Қазақстан, 1934, 20-ноябрь.
- 132 Жансүгірұлы І. Абайдың сөз өрнегі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
- 133 Лекерұлы Ә. Абай жәнс оның дәүірі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.

- 134 Төгжанулы Ф. Абайды әлі толық білгеніміз жоқ //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
- 135 Әуезов М. Абай ақындығының айналасы //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
- 136 Жұбанов Қ. Абай казак әдебиетінің классигі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
- 137 Мәметова Ә. Абай кезеңінің дана ақыны //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
- 138 Сильченко М. Абайдың реализмі //Әдебиет майданы, 1934, – №11-12.
- 139 Елеуkenов Ш. Абай мен Магжан, Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994.
- 140 Мырзахметов М. Жүргегінің түбіне терең бойла. – Алматы: Рауан, 1995. – 64 б.
- 141 Түгелбаев А. Қытай ғалымдары, Әл-Фараби, Абай және Кенестер Одағы туралы //Жалын, 2004, – №4.
- 142 Ахметов З. Сіздерге еркін тиер, байқап қара, Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994. – 336 б.
- 143 Бельгер Г. //Заман–Қазақстан, 2001, 22-наурыз.
- 144 Бельгер Г. Талғам мен баға //Заман – Қазақстан, 2001, 22-наурыз.
- 145 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағлымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.
- 146 Исмакова А. С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.
- 147 Құнанбаев Абай. I-т. – Алматы: Жазушы, 1954. – 322 б.
- 148 Сүйіншалиев Х. Абай Құнанбаев, Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 904 б.
- 149 Букейханов А.Н. Құнанбаев Абай. Некролог //Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского Императорского Русского Географического общества. Выпуск III. 1907. с.8
- 150 Қирабаев С. Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы, Абай және қазіргі заман. – Алматы: Ғылым, 1994. – 366 б.
- 151 Құнанбаев Абай. Шығармалар толық жинағы, 2-т. – Алматы: Жазушы, 1977. – 240 б.
- 152 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың аманатын ақтадық па? //Егемен Қазақстан, 2003, 6-кантар.
- 153 Мұстамбайұлы І. Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы //Еңбекші қазақ, 1929, 10,11-қантар.

- 154 Қабылұлы І. Философия казахского поэта Абая и ее критика // Еңбекші қазақ, 10-сентябрь.
- 155 Әуезов М.О. Абай Құнанбаев: макалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 391 б.
- 156 Әуезов М. Жыырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
- 157 Аймауытұлы Ж. Журнал туралы //Абай, №1. 1918.
- 158 Құнанбаев А. Шығармалар толық жинағы, 2-т. – Алматы: Жазушы, 1977. – 240 б.
- 159 Қабдолов З. Сөз өнері. Қазақ университеті. 1992. – 352 б.
- 160 Мұхамедханұлы Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.
- 161 Әуезов М. Шығармалар. XII т. – Алматы: Жазушы, 1969. – 536 б.
- 162 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – Москва: 1989. – 922 б.
- 163 Қоңыратбаев Ә. Керуен: Деректі әңгімелер мен естеліктер. – Алматы: Жалын, 1989. – 216 б.
- 164 Есімов F. Хакім Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 200 б.
- 165 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 273 б.
- 166 Дулатов М. Абай //Қазақ, 1914.
- 167 Жансүгіров І. Тілші, 1920.
- 168 Майтанов Б. Абай. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2004.– 92 б.



## **МАЗМҰНЫ**

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
КІРІСПЕ .....	7

### **I ТАРАУ**

1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ СЫН ЖӘНЕ ҮДҮРҮС МҰСТАМБАЙҰЛЫ.....	12
--	----

### **II ТАРАУ**

АБАЙ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ АЙТЫС ЖӘНЕ ҮДҮРҮС МҰСТАМБАЙҰЛЫ .....	104
ҚОРЫТЫНДЫ .....	154
ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....	159

**Талғат Құрмашұлы ТӘЛЕГЕНОВ**

**ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЙҰЛЫ –  
ӘДЕБІЕТ СЫҢШЫСЫ**

*(монография)*

**Редакторы Сейсенгали Құрмашұлы  
Корректорлары Мәдина Талғатқызы, Сабыржан Талғатұлы  
Көркемдеуші редактор Нұргелді Сергожаұлы**

---

Басуға 29.09.2015 қол қойылды.

Пішімі 60x84<sup>1/16</sup> Қаріп түрі «Таймс».

Баспа табагы 11. Таралымы 500 дана.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан "Palitra Press" баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, Л.Хамиди көшесі, 4 а үй.





**Талғат Құрмашұлы ТӨЛЕГЕНОВ –**  
әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының  
кандидаты.

1962 жылы 7 мамырда Шығыс Қазақстан облысының, Аяғөз ауданындағы, Шолпан ауылында дүниеге келген. 1979 жылы Жұзағаш орта мектебін тәмамдаганнан кейін Алматы сәулет-құрылым институтынына түсіп, 1984 жылы оқып бітірді. Одан кейін Семей облысының Таскескен аудандық комсомол комитетінде, Семей облыстық «Білім» қоғамында қызмет етті, Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді.

1988-94 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша бітірді. 1994 жылдан бері жоғары оқу орындарында ұстаздық қызметін атқарып келеді. Қазір Тұран университетінің доценті.

2007 жылы ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында «1920-жылдардағы қазақ әдеби сынны және Ұйдырыс Мұстағбаев» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Әдебиет және қоғам дамуы туралы көптеген ғылыми-танымдық мақалалар авторы.

